



**У.Х. Шәлекенов -
Баласағұни**

ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІ

**ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ
БАСПАСЫ**




63.3(2423)
Ш 34

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Ә.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

У. Х. Шәлекенов-Баласағұни

ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІ



Алматы
«Қазақ университеті»
2009

ББК 63. 3(2)
Ш 34

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
тарих факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі ұсынған*

Пікір жазғандар:

ҚР ҰҒА академигі, Болония (Италия) Ғылым
Академиясының корреспондент-мүшесі **О. Смағұлов;**
тарих ғылымының докторы, профессор **М.Е. Елеуов**



*Жарты ғасырдан астам құдайдың бұйрығымен
бірге қосылған жарым, балаларымның анасы,
немере, шөберелерімнің әжесі, ғалым,
ұстаз Мария (Мадис) Құсанқызы Шәлекеноваға
осы еңбегімді естелік ретінде арнаймын!*

Автор

Шәлекенов У.Х.

Ш 34 Қазақ өркениеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. –
316 б.

ISBN 9965-30-889-6

Бұл кітапта ежелден қазақ халқының отырықшы өркениеті болғаны және оның эволюциялық дамуы тарихи деректер негізінде сәуленген. Монографияда қазақ этнонимі мен этимологиясы, оның жүздерге бөлінуі, ежелгі қазақ мемлекетінің келіп шығуы мен кешенді шаруашылығы, заттай және рухани мәдениеттері туралы мәселелер тарих ғылымының кейінгі жылдардағы жетістіктері деңгейінде жаңа көзқараспен жазылған.

Кітап орта және жоғары оқу орындарының студенттері мен жалпы оқырман қауымға арналған.

Ш 0503000000 - 243 067-09
460(05) - 09

ББК 63. 3(2)

ISBN 9965-30-889-6

© Шәлекенов У.Х., 2009
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2009



*Батыс европалық ғалымдар арасында
көшпелілер «адамзаттың арамтамағы»
(Виолле Ле-Дюк) деген пікір пайда болған.
Қазіргі таңда Оңтүстік Сібірде, Монғолия мен
Орта Азияда жүргізіліп жатқан
археологиялық жұмыстар бұл пікірді
жылма-жыл жоққа шығарып келеді,
енді көп ұзамай-ақ көне түріктердің көркем өнері
жөнінде өңгіме қозғайтын да күн туады өлі.*

Лев Гумилев

Оқырмандарға ұсынылған «Қазақ өркениеті» монографиясының авторы – белгілі, кең профильді тарих маманы Уахит Хамзаұлы Шәлекенов (Баласағұни). Соңғы ғасырларда жиналған өте бай жазба, археологиялық және этнологиялық деректерді ой елегінен өткізіп, тарихқа жаңа көзқараспен, өзінің ұзақ жылдар бойы айналысқан тәжірибесін, ұлттық ділін пайдаланып, қазақ тарихының өзекті мәселелеріне арнап осы туындыны жазған. Ол Орталық Азия түріктерінің, соның ішінде қазақ халқының тарихы, археологиясы мен этнологиясы бойынша ұзақ жылдар бойына жемісті еңбек етіп келе жатқан ғалым. Әсіресе, Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін өзінің бұрынғы туындыларына жаңа тұрғыдан қарап, бұрынғы жарық көрген ғылыми әдебиеттерге, мұрағат деректеріне айрықша сын көзбен қарап, жаңа туындыларды ана тілінде жарияланды. Атап айтсақ: «Әлем халықтарының этнологиясы» (2002); «Түріктердің отырықшы өркениеті» (2003); «История и этнология народов Амударья и Сырдарья в XVIII-XX вв.» (2003); «Альбом. Орта ғасырдағы Ақтөбе» (Анкара, 2006); «V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы» (2007); орыс тілінде «Тараз Баласағұн Ү-ХІІІ вв.» (2009) және т.б.

Осы туындылардың несі «Қазақ өркениеті» кітабын егеменді еліміздің оқырмандарының назарына ұсынып отыр. Бұл туынды қазақ халқының өзекті мәселелеріне арналған. Баршаға белгілі ерте заманнан бері, Кеңес үкіметі жылдарында, түріктердің, соның ішінде қазақтардың көне тарихының көлеңкелі тұстары мол көрсетіліп, сәулелі беттері төмендетіліп жазылып келді. Енді, егемендікке қол жеткізген жағдайда, тарихи деректерге шын көзбен қарап, ой елегінен өткеріп, шынайы «Қазақ тарихын» жазатын уақыт келді. Міне, осындай тарихи туындыларды жарыққа шығару үшін қазақ тарихшылары қажырлы еңбек етіп, бұл сала бойынша көптеген сапалы еңбектерді дүниеге келтірді.

Пікір білдіріп отырған «Қазақ өркениеті» еңбек, біздің жарым ғасырға жақын айналысып келе жатқан тақырыбымызбен үндес. Түріктердің, соның ішінде қазақ халқының ертедегі өркениетінің орталығы болған антикалық және орта ғасырлардағы үлкенді-кішілі қалаларды археологиялық тұрғыдан зерттеп, біршама монографияларды жариялады. Солардың бірі - қазақ және орыс тілдеріндегі «Ежелгі Қазақстандағы қалалар» (2005). Ертедегі археологиялық ескерткіштерге

айналған қалаларды зерттегенде, Орталық Азияны отанына айналдырған түріктердің өркениетті ел құрғанын дәлелдейтін деректер көптеп жиналды.

Кешенді деректерге негізделіп жазылған «Қазақ өркениеті» монографиясында қазақ тарихындағы кейбір шиеленіскен, өздерінің шешуін әлде де таба алмай келе жатқан мәселелер қайта қаралған. Өркениеттің ірі орталықтары болған Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағындағы ортағасырлық кейбір қалаларға тоқталған. Одан басқада өзекті мәселелерге тоқталған. Мәселен, «қазақ» этнониміне, оның этимологиясына; Орталық Азия түріктерінің басынан адамзатқа ортақ барлық тарихи формацияларды өткізгеніне; олардың мемлекеттері мен империяларының антикалық дәуірде болғанын деректерге негіздеп қараған. Монографияда «Моңғол – түрік империясы» деген арнайы бөлім бар. Әлем халықтарының тарихында Шыңғысхан «Моңғол империясын» құрды деп жазып келеді. Автор қалыптасып қалған бұл пікірге өзгеріс енгізіп, оны «Моңғол – түрік империясы» деп жазғанымыз шындыққа келеді деген көзқарас шындыққа келеді. Өйткені Шыңғысханның империя құруында, оны ұзақ жылдар ұстап тұруына, түріктердің атқарған үлесі айрықша болғанын деректермен дәлелдеген.

Ұлы Жібек жолында өркениеттің орталықтары болған Испиджаб, Сайрам, Отырар, Тараз, Баласағұн сияқты кешенді ескерткіштеріне арнайы тоқталған. Отырардың (Фарабың) ерте заманнан бері ірі мәдениет және ғылым орталығы болғанын, ірі ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің дүниеге келген орны екенін баяндаған. Кейінгі зерттеулерге қарағанда бұл жерден 20-ға жуық әл-Фарабилер шыққан. Осының бәрін еске алып «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Фараб қаласының орнын қайта жаңғыртып, республикадағы ірі «Археологиялық орталық» болып, оған шартараптан туристердің келуіне жағдай жасалуда. Ұзақ жылдық зерттеудің нәтижелерінде бұл шаһар туралы ғылыми мақалалар мен монографиялық туындылар кең көлемде жарияланды.

Осындай көне шаһарлардың бірі - Баласағұн. Бұл қаланың орнын 1974 жылдан бері археологтар зерттеп, оның көп ғасырлық тарихының сырын ашты. Қазба кезіндегі қолға түскен бай жәдігерлерге, көне жазба деректерге және этнологиялық мәліметтерге негізделіп, жақынға дейін «Ақтөбе» деген атпен келген естелік, ғылыми тұрғыдан тарихи «Баласағұн» қаласы екені айқындалды. Ескерткішті зерттеу кезіндегі табылған бай археологиялық деректер мақалалар мен жеке кітаптарда жарық көрді. Қазіргі кезде «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Әбу Насыр әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің және

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының археологтары зерттеу жұмысын жалғастырып келеді. 2009 жылдан бастап «Қазқайта жаңғырту» РМК мекемесі Баласағұн ескерткішін қайта жаңғырту жұмысымен айналысады.

У.Х. Шәлекеновтің «Қазақ өркениеті» атты монографиясында қазақ халқының кейбір өзекті мәселелері терең қаралып, ғылыми пікірлер мен тұжырымдар жасалған. Бұл еңбек шынайы «Қазақ тарихын» жазушыларға, оқырмандарға еліміздің ертедегі тарихын тереңірек үйренуге жәрдем береді деген ойдамыз. Туындының авторына алдағы уақыттарда жаңа ғылыми еңбектермен көріне беруіне тілектеспіз.

Тарих ғылымдарының докторы,
профессор, ҚРҰҒА академигі
К.М. Байпақов



КІРІСПЕ

Қазақ халқы ғасырлар бойы армандап күрескен егемендігіне 1991 жылы қол жеткізіп, тәуелсіз Қазақстан Республикасын құрды. Қазақ халқы еркіндіктің қадірін ерте білген. Оны өзінің этнонимімен растайды. Қазақтар Ресей империализміне қарсы ұлт-азаттық күресін ұзақ жылдар бойы жүргізіп, нәтижесінде егемендікке ие болды. Халқымыздың бодандыққа қарсы күресі еш уақытта тоқталмаған. Бірақ Ресей империясына тәуелді болған жылдардағы және Кеңес үкіметі кезіндегі халқымыздың жүргізген ұлт-азаттық күресінің тарихы әлі өз деңгейінде жазылған жоқ. Өйткені тоталитарлық тәртіпке қарсы сөз айтуға, жазуға тыйым салынғанын көпшілік мойындайды. Кеңес үкіметі жылдарында жарық көрген «Қазақ ССР тарихында», «Қазақстан тарихында» қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің тарихына жалпы шолу жасалып, оның басшыларын мейлінше бұрмалап, социалистік идеологияға икемделіп жазылып келді. Кеңес Одағы құрамындағы орыс емес халықтар тек сөз жүзінде «өзара тең» деп айтылып, іс жүзінде теңсіздік өмір сүріп жатты. Нәтижеде, Кеңес үкіметі құлап, оның қарамағындағы он бес республика егеменді елге айналды. Оның себептерін Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты монографиясында ашық, айқын баяндаған: «Бұл көбіне-көп ұлттың дербессіздігі үшін, бірлігі болмағандығы үшін және соның салдары ретінде, алдыңғы кезеңдердегі даму қарқынын жоғалтқаны үшін тартқан жазасы еді. Адамзат тарихында бұрын болып көрмеген идеологиялық машина 70 жыл бойы ұлттың рухани тіректерін құл-талқан қылып қиратты, оның руханиятын кесіп-пішіп шұнтитты да, ортақ бір қалыпқа салып шегендеді» (Алматы, 2003. 284 б.).

Қазақстан Республикасының алғашқы Президенті Н.Ә. Назарбаев 70 жылдай дәуірлеген Кеңес Одағының тарих сахнасынан қалай түскенінің себептерін ғылыми тұрғыдан тұжырымдаған. Осындай жағдайда, орыс емес халықтар тарихының шынайы ғылыми тұрғыда жазылуы мүмкін емес екендігі өзінен-өзі белгілі. Кеңес үкіметі жылдарында қазақ халқының тарихы

жеке кітап және бес том болып жарық көрді. Мұндай арнайы басылымдардың баспаханалардан шығуы қуанышты жағдай. Себебі, арнайы ұлттық тарихымыздың негізі салынды. Бірақ тоталитарлық тәртіп кезінде жарық көрген тарихымыз ақтандақтарға белшесінен батқан еді. Оны шын мәніндегі Қазақ тарихы деп қабылдау қиын.

Енді тереземіз тең, дербес Қазақстан Республикасы болып алға өрлеген жағдайда, «Қазақ тарихын» жиналған бай деректерге сүйеніп, ғылыми тұрғыдан жазып шығаруымыз күн тәртібіндегі мәселе. Ендігі, төл тарихымыздың аты «Қазақ тарихы» болуы тиіс. Себебі, Қазақстанның автохтонды халқы – қазақ халқы. Қазақтың басқа жақта отаны жоқ, оның бір ғана отаны - Қазақстан. Міне, өз халықымыздың тарихын ғана жазамыз. Қазіргі кезде Қазақстанда әр жылдарда түрлі тарих тәлкегімен осында келген 130-дан астам ұлт өкілдері тіршілік етеді. Олардың әрқайсысының отаны бар. Қажетті жағдайда олар өзінің тарихи отандарына қайта оралуы мүмкін. Бірақ ол қазақ мамандары басқа ұлттардың тарихын жаза алмайды. Қазақ халқы өз елінде көптеген ұлттардың өкілдерімен тату-тәтті жүріп жатқан бауырмал, мейірман халық. Еліміздегі басқа ұлттардың өкілдерімен туысқандық негізінде қарым-қатынас жасайды. Міне, осы интернационалды қарым-қатынастар туралы да тарихымызда жазуымыз қажет. Қазақстанды мекендеген басқа ұлттардың өкілдері біздің республиканың азаматтары болып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып тату өмір сүруде. Олар өндіріс орындарында, ауыл шаруашылығында және мәдени мекемелерде тең құқылы еңбек етеді. Барлық халықтардың қажырлы еңбегі арқылы егеменді Қазақстан Республикасы алға үлкен сеніммен өрлеуде.

Қазіргі кезде «Қазақ тарихын» оқуда, үйренуде, тануда қазақтардың өздері де қыруар қиыншылықтарға ұшырауда. Өйткені Кеңес үкіметі кезінде, шынын айтсақ, жалпы білім беретін орта мектептерде, арнайы мамандар дайындайтын орта арнаулы және жоғары оқу орындарында «Қазақ тарихы» жөнді оқытылмады. Оның үстіне, мектеп оқушыларына арналған тарих оқулықтарының сапасы сын көтермесе, осы пән бойынша жоғары оқу орындарына арналған оқулық әлі күнге дейін жазылмай келеді. Осындай оқулық жазудың қажеттілігі анда-

мекендеген халықтардың тарихына тиісті кешенді деректер жиналды. Оның ішінде Орталық Азияның автохтондық тұрғындары – Түрік әлемінің тарихына тиісті мәліметтер аз емес. Олардың арасында тамаша жазба археологиялық деректер жиналып, тарихымызға жаңалықтар енді. Жиналған жәдігерлер Орталық Азиядан табылған тас, қола, темір дәуірлерінің ескерткіштерін қазған кезде табылған мұралар.

Сол тарихи кезендердің ескерткіштері Орталық Азияның барлық өңірлерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аймақтарынан табылып, мүмкіншілігіне қарай археологиялық жақтан зерттеліп жиналған жәдігерлер төл тарихымызды көне замандардан, соңғы орта ғасыр дәуірлеріне дейінгі тарихымызды жазуға жәрдемдеседі. Жиналған археологиялық, этнологиялық, антропологиялық деректермен бір қатарда бай жазба мұралар, әсіресе «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жиналды. Қолымыздағы осы кешенді мұраларға қарағанда, Орталық Азияның автохтонды – түрік халықтары, антикалық және орта ғасырда әлемдегі алғашқы мәдени өркениеттің ірге тасын қалап, оны эволюциялық жолмен үздіксіз дамытып келгенін ғылыми тұрғыдан сәулелендіреді. Жиналған кешенді деректерге негізделіп, әлем тарихында көп ғасырлар бойы айтылып та, жазылып та келе жатқан адам баласының алғашқы өркениетінің пайда болған жерлері туралы тұжырымдамаларды қайта қарайтын уақыт келді. Осы қалыптасып қалған тарихи пікір бойынша алғашқы өркениетті болған жерлер Жерорта теңізінің төңірегі, Мысыр елі, Алдыңғы Азия, Үнді және Қытай елдері деп жазылып келе жатыр. Осы өркениетті елдердің ортасындағы Ұлы Жібек жолы бойындағы Орталық Азия халықтарын өркениетті елдер қатарына жатқызбау былай тұрсын, оларды «көшпелі», «жабайы» және өздерінің дамуы бойынша артта қалған деген еуропацентристік пікірлері осы күнге дейін үстемдік етуде. Мұндай ақылға сыймайтын әпсаналарды елімізден табылған және табылып жатқан археологиялық деректер әшкерелеп отыр.

Орталық Азия әлем – түріктерінің ежелгі отаны. Осы географиялық кеңістікте туып, өсіп, алғашқы өркениеттің негізін салған және оны үздіксіз жалғастырып келе жатыр. Ол барлық, алғашқы, құлшылық, феодалдық және капиталистік

тарихи қоғамдарды басынан өткерген. Олар кешенді шаруашылықты пайда етіп, дамытқан. Антикалық дәуірдің өзінде, әсіресе Ұлы Жібек жолдарының бойында ірі-ірі қалалар бой көтеріп, саяси, экономикалық жән мәдени орталықтарға айналған. Бұл мәселелерге осы еңбегімізде көңіл аудардық. Себебі – бұлар түрік-қазақ өркениетінің орталықтары. Көшпелі халықтар тұрақты мекендер мен қалалар салмайды. Адам баласының тарихында көшпелі халықтар өркениетке жетпеген. Қазақстанның барлық аймақтарынан қола, темір және орта ғасырлық мекендер мен қалалар ашылып, оларда кешенді зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Олардан табылған жәдігерлер жергілікті халықтардың мәдениеті жоғары деңгейде болғанын паш етуде. Қолымыздағы кешенді деректерге қарағанда, алғашқы шығыс өркениетінің белгілі бір орталығы Орталық Азия болғанын ғылыми тұрғыдан айтуға болады.

Сөзіміздің соңында «Ариялық» мәселенің жағдайын еске түсірейік. Орталық Азияның археологиялық ескерткіштерін зерттеуші қазіргі мамандар қола және темір дәуіріне жататын жәдігерлерге түсірілген (салынған) свастика таңбасын және зороастризмнің жазулары мен суреттері көп көлемде табылып жатыр. Мұндай таңбалар мен жазулар туралы «Авеста» - зороастризмнің қасиетті кітабында жазылған. Қазіргі ғалымдардың көпшілігі «Авестаны» б.з.б. I мыңжылдықтың бірінші жартысында Орталық Азияда не Солтүстік-батыс Ауғанстан мен Солтүстік-шығыс Иранға көрші аймақтардың бірінде пайда болды деп есептеп келген. Қазіргі археологтар бұл пікірді анықтап, ариялықтардың өмірін сәулелендіретін «Авеста» Орталық Азияда, нақтырақ, Хорезм жерінде жазылған деген пікірді С.П. Толстов өткен ғасырдың 40 жылдарында жазған болатын. Ғұламаның осы пікірін қуаттайтын археологиялық жәдігерлер кең көлемде Қазақстаннан табылып жатыр. Осы деректерге қарағанда, арийлердің пайда болған орталығы Алдыңғы Азия емес, Орталық Азия болуы тиіс. Жаңа деректерге негізделіп, ариялық тұжырымнаманы қайта қарау қажеттігі күн тәртібіндегі мәселе болуы тиіс. Осы сияқты қайта қарауын күтіп жатқан өзекті мәселелер әлем халықтарының тарихында аз болмаса керек. Мұндай өзекті мәселелерді әлем халықтарының тарихшылары бас қосып шешулері тиіс. Ал

осындай өзекті мәселелерді шешуде біздің тарихшыларымыз жаңа туындыларды жарыққа шығаруға өз үлестерін қосуы керек. Орталық Азия жерінен әлі бізге белгісіз тамаша жаңалықтар ашылады.

Кейінгі ғасырлардағы жиналған кешенді бай деректерге негізделіп, Орталық Азияның автохтонды – түріктердің «көшпелі», «жабайы» халықтар емес екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеуіміз қажет. Антикалық дәуірден бастап өркениеттің негізін салған түріктер екенін айқындайтын деректер жеткілікті. Осы түрік әлемінің бір үлкен этникалық бөлігі қазақ халқы да ежелден өркениетке жеткен және оны үздіксіз дамытып келе жатқанын мойындауға тиістіміз. Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасындағы гуманитарлық ғылым мамандары, соның ішінде тарихшылар қазақ халқының ежелден өркениетті этнос екенін ғылыми тұрғыдан баяндап, оның шынайы тарихын жазып, оны «Қазақ тарихы» деген атпен жарыққа шығаруымыз қажет.



1-бөлім



ҚАЗАҚТЫҢ КЕШЕНДІ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Орталық Азияны мекендеген түріктердің бір үлкен бөлігі – қазақ халқы. Түріктер өзара енші алысқанда осы құрлықтың қас ортасынан орын алып, Түрік әлемінің «Қара шаңырағына» ие болып қалған. Қазіргі кезде өз алдына дербес – Қазақстан Республикасы. Оның территориясы – 27 173 мың шаршы шақырым, жалпы халқының саны – 1505 млн. астам¹. 2009 жылғы Қазақстан Республикасында жүргізілген халық санағы бойынша, елімізде жалпы халық саны 17 млн. асқан. Қазақстан Республикасының табиғаты алуан түрлі. Жерінің басым көпшілігі ойпат, тегіс сынды болып келеді. Оның шығыс, оңтүстік-шығысында Алтай, Тарбағатай, Жонғар Алатаулары, солтүстігін Тянь-Шань таулары қоршаған. Қазақстанның жалпы жері шаруашылықты жүргізуге қолайлы. Қазақ жерінің асты да, үсті де тұнып тұрған байлық. Жердің үстінде егіншілік, мал шаруашылығы ертеден дамыса, оның астында кен байлық шоғырланған: қола, қорғасын, темір, хром, көмір, мұнай, фосфорит және т.б. Қысқаша айтқанда, баршаға белгілі Менделеевтің кестесіне енген кен байлықтардың барлығы бар, кей жағдайда одан да асып кеткен. Олардың көпшілігі жердің бетіне жақын жайласқандықтан, бұл байлықты тұрмысқа қолдануға жеңілдік жасайды. Қазақстанның климаты континенталдық болғанмен, жалпы алғанда барлық өсімдіктердің, сондай-ақ дәнді дақылдардың вегетационарлық маусымда өсуіне қолайлы жағдай туылған. Еліміздің оңтүстігінде суармалы егіншілік ең жайса, басқа аймақтарда жаңбырдың ылғалымен егіншілік шаруашылығы

¹ Атлас Казахской ССР. - М., 1982. – 5-б.

және малға керекті өсімдіктер өсіріледі. «Жері байдың, елі бай» деген қазақтың қанатты сөзі тегін айтылмаған. Міне, Қазақстанның бай жері – қазақ халқының сүйікті Отаны. Осындай табиғатына икемделіп, қазақ халқы өзінің кешенді шаруашылығын дамытып отырған. Оның бұдан басқа баратын жері, басатын тауы жоқ. Өзінің кір жуып, кіндік кескен мекенін ертедегі ата-бабаларымыз ұрпақтарына мұра етіп қалдырып отырған.

Азия құрлығының бестен бір бөлігі, Орталық Азия Еуропа мен Азияның жалғасқан жерінде орналасқан өте бай өлке. Оның осындай қасиетті қоныс екенін түріктер ертеден біліп, ол туралы әртүрлі аңыздар пайда болған. Солардың бірін XI-ғасырда өмір сүрген М. Қашқари өзінің «Түрік сөздігі» еңбегінде мына аңызды келтіреді: «Түрк: түрік: Тәңірі жарылқаушы Нұқтың ұлының есімі. Бұл Тәңірдің Нұқтың ұлы Түрк балаларына берген есімі. Оның әулеті де «түрк» деп аталады... Ұлы Тәңірі: «Менің бір тайпа қосыным бар, оларды «түрк» деп атадым, оларды күншығысқа орналастырдым. Бір ұлысқа ашуланып, назалансам түріктерді соларға қарсы саламын – депті»¹.

Бұл жай олардың (түріктердің) басқа жұртқа қарағанда үстем екендігін көрсетеді. Сондықтан да Тәңірдің өзі оларға ат берген, жер жүзінің ең биік, ыңғайлы, ең әуесі таза шұрайлы өлкелеріне орналастырған да, оларды «Өз қосыным» деп санаған. Оның үстіне түріктер көркемдік, сүйкімділік, жарқын жүзділік, әдептілік, жүрек-тілік, үлкендерді, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік, тағы сондай сансыз көп мақтаулы қасиеттерге ие».

Ғұламаның еңбегінен келтірілген үзіндіде, түрік этнонимінің шығуын айтумен бірқатарда, Орталық Азияның тамаша табиғи-географиялық өлке екенін баяндап, оны мекендеген түріктердің жақсы қасиеттерін айтып, тауыса алмаған. Міне, осындай географиялық аймақтың қақ ортасы қазақ халқының еншісіне тиген. Өйткені қазақтар қоныс аудармай өздерінің мекенінде жасап, басқа тілдегі этникалық топтармен, халықтармен терең араласпай, ежелгі түріктердің заттай және рухани мұраларын сақтап қалған. Осындай тамаша аймақты Отанына айналдырған түріктер, оның үлкен бөлігінің бірі қазақтар көшпелі өмір сүрді,

¹ Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-т. - Алматы, 1997. – 408-б.

классикалық «номад» деген ғылыми көзқарасқа тура келмейді. Мұндай тұжырымдаманың жалған екенін кейінгі жылдардағы жиналған ғылыми деректер, соның ішінде археологиялық мәліметтер әшкерелеуде.

Отанымызда адам баласының басынан өткерген тарихи дәуірлерді сәулелендіретін археологиялық, этнографиялық және жазба деректер едәуір жиналды. Жетпіс жылға жақын өмір сүрген Кеңес үкіметінің кезіндегі тарихымыздың жарық және көлеңке жақтары да болғанын айтпауға болмайды. Осы кезде тарихи ғылым алға басып, Қазақстанда археологиялық зерттеу жұмысы бұрын болмаған дәрежеде дамыды. Көптеген ғалымдардың ұйымдастырған экспедициялары ғасырлар бойы өзінің зерттеуін күтіп жатқан алғашқы және орта ғасырлар ескерткіштерінің сыры ашыла бастады. Соның нәтижесінде Қазақстанда көптеген археологиялық деректер жиналды. Олардың кейбір бөліктері жарық көргенмен, әлі ғылымға толық еніп үлгермегендері де жетерлік. Міне, біз өз тарихымызды қазақ халқының осы нақты деректеріне сүйеніп жазуымыз керек.

Енді осы деректердің негізінде қазақ халқының кешенді шаруашылығы жөнінде көне замандағы бабаларымыздың тарихына көз жіберейік. Адам баласының жазу-сызуы болмаған алғашқы қоғамдық дәуір кезіндегі тарихымызды жазғанда, тек археологиялық, антропологиялық деректерге сүйенеміз. Қазақстан археологтары тас (палеолит), қола, темір және орта ғасыр дәуірлерінде өмір сүрген тайпалардың мәдениеттерін ашты. Осы деректерге қарағанда, б.з.б. II мыңыншы жылдарда біздің бабаларымыз көп салалы шаруашылықпен айналысқан. Олар егін еккен, мал өсірген, тұрмысқа керекті өз замандарының құралдарын жасаған. Мұндай деректер Атасу, Степняк, Айдабол, Тастыбұлақ, Ақсу-Аюлы, Алексеевка және басқа көптеген ескерткіштерден белгілі болды¹.

¹ Кривцова-Гракова О. А. Древнерусское население и могильник // Труды ГИМ. 1948. - XVII т. - 101-б.



1. 1. Қола дәуірі

Қола мәдениеті Орталық Азияда ерте замандарда пайда болды. Ол үш кезеңге бөлінеді: алғашқы кезеңі - б.з.б. XVIII-XVI ғасырларды өз ішіне алса, орта кезеңі - б.з.б. XV-XII ғғ; төменгі кезең - XI-VII ғғ. Бұл дәуірдің ескерткіштері қазіргі Қазақстан Республикасының барлық жерінен табылды. XX ғасырда олар археологиялық жақтан жақсы зерттеді және зерттелуде. Олардың нәтижелері ғылыми жұмыстарда пайдалануда. «Қола дәуірінің әуелгі кезіндегі қоныстарда жиналған сүйек материал бұл уақытта Қазақстан территориясындағы адамның негізгі кәсібі үй маңында мал өсіру болды деуге мүмкіндік береді. Малдың көбі ірі қара болды; оны жаю үшін жайылымдағы шалғын пайдаланылды. Қой мен жылқы аз болды... Дамыған қола дәуірінде жылқы жегімге ғана емес, міну үшін де пайдаланылды... Қазақстан территориясында мал шаруашылығымен қатар неолит дәуірінен бастап егіншілік дами бастады».¹

Осы айтылған деректерге қарағанда, біздің ертедегі бабаларымыздың мал және диқаншылық шаруашылығымен айналысқандары ғылыми тұрғыдан дәлелденді. Егіншілердің құралдары тастан, мүйізден, сүйектен, қоладан жасалған. Осы құралдардың көмегімен бидай, тары және басқа дәнді дақылдар өсірген. Олар қыш құмыралар, қыш қазандар, құмандар және үй тұрмысына керекті бұйымдар жасай білген. Сөйтіп, қола мәдениеті Орталық және Шығыс Қазақстанда әжептәуір зерттелді. Бұдан кейінгі антикалық дәуірде Қазақстанның көп жерлерін мекендеген сақ тайпаларының шаруашылығы да көп салалы болғанын дәлелдейтін археологиялық деректер де мол көлемде жиналды. Сақтар дәнді дақылдар ғана емес, май шығаратын өсімдіктер мен бау-бақша өсірген. Жемістерден: өрік, алмұрт және жүзім ағаштарын отырғызған. Одан шарап дайындаған.

Бізге белгілі скифтер мен сақтар түріктердің антикалық дәуірдегі балалары болғаны тарихи дәрежеде шешілгені әлемге әйгілі. Олардың тарихы мен тұрмыстары туралы антикалық Грекия және Рим ғұламалары азды-көпті мәліметтерді жазып қалдырған. Енді солардан кейбір деректерді келтірейік.

¹ Қазақ ССР тарихы. 1-т. - Алматы, 1980. - 111, 113, 115 бб.

Антикалық Грекия (Грецияда): «Эллиндер «варварлар» деп (яғни «түініксіз сөйлейтіндер») олардың айналасындағы грек емес этностарды, бөтен тайпаларды, египеттіктерді немесе фракиялықтарды, парсылар мен скифтерді атаған. Басында «варвар» сөзінің кемсіту реңкі болмаған, бірақ грек-парсы соғысынан кейін жағдай өзгерді. Шығыс халықтарын біріктіруші күш болып табылатын орасан зор Парсы державасын жеңіп, грек полистерінің азаматтары мақтанш сезіміне беріліп, варварларды «екінші сападағы» еркіндігі мен мәдениеті жоқ, туылғаннан құлдық маңдайына жазылған адамдар деп қарай бастады».¹

Грекияның антикалық дәуіріндегі ғалымдардың еңбектерінде, өздерін басқа халықтарды «варварлар» деп жазған. Бұл сөзді Геродотта және басқаларда өздерінің еңбектерінде кең пайдаланған. Бірақ, олардың арасында Геродот «варварларды» кемсітуге қарсы болып, барлық халықтарға құрметпен қарауды жөн көрген. Оларды «жоғарғы» және «төменгі» деп қарауға қарсы болғаны, ғұламаның демократиялық сезімінің басымдығын көрсетеді. Ол египеттіктердің ғасырлық даналығы, парсылардың айбынды әскері және адамгершілігі, скифтердің еркін сүйгіштігі және т.б. асыл қасиеттерін Геродот шын мәнінде баяндауға тырысқаны, оның «Тарих» атты еңбегінен байқалады. Оның мұндай жағымды пікірлері басқа антикалық ғалымдардың көпшілігіне ұнамаған. «Варвар» терминін кейін еуропалық центристер өздерінің құрамы ретінде әлі пайдаланып келе жатыр.

Геродоттың «Тарих» атты еңбегінде скифтер мен массагеттер туралы құнды деректерді жазып қалдырған: «Массагеттер скифтікіндей киім киеді және өмір салтын ұстайды. Олар ат үстінде де, жаяу да соғыса береді. Оларда садақ, найза және соғыс айбалталары бар... Темір мен күміс олардың қолданысында мүлдем жоқ, себебі бұл металдарды олардың жерінен кездестірмейсің. Есесіне алтын мен мыс жетерлік».²

Ғұламаның жазғанына қарағанда, б.з.б. V ғасырда Орталық Азияны мекендеген скифтер, сақтар, массагеттер және басқа

¹ Тарихи адамзат ақыл-ойының қазнасы. Антикалық Грекия және Рим тарихы ойы. 2-т. - Астана, 2005. - 38-б.

² Тарихи адамзат ақыл-ойының қазнасы. Антикалық Грекия және Рим тарихы ойы. 2-т. - Астана, 2005. - 43-б.

түріктердің бабалары темір сияқты қатты металдарды әлі иелей қоймағаны байқалады. Ал, алтын мен мысты тұрмыста кең пайдаланған. Грекия жерінде скифтердің егіншілікпен айналысатын аймағына тоқталып: «Бұл егінші скифтер Пантикана өзеніне дейін үш күндік жерді, ал солтүстігінде Борисфенмен жоғарыға он бір күндік жүзу жолын алып жатыр»¹. Келтірілген мәліметтерге қарағанда, Геродоттың дәуірінде скифтердің арасында отырықшылық та болып, олардың егін еккенін байқаймыз.

Гректің географы Страбон (б.з.б. 64/63 - б.з. 23/24 жылдары арасында жасаған ғалым) скифтер, сақтар туралы күрделі мәліметтерді жазып қалдырған: «Сақтар ағындарды (агицев) бағушылар, туғанынан-скифтер;

Егіндігі мол Азияда өмір сүреді,

Көшпелілердің ұрпағы болса да,

Бірақ та бұзылмаған адамдар...

Сарматтар (бұлар да скифтер), аростар және сирактар, оңтүстікке қарай Кавказ тауларына дейінгі созылған жерлерде, олар жартылай көшпенді, жартысы шатырларда тұрады және егіншілікпен айналысады... Скифтердің көшпелілігі Каспий теңізінен бастап даий деп аталады. Соңғыларынан шығысқа таман орналасқан тайпалар массагеттер және сақтар делінеді, қалғандарын скифтер деген жалпы атпен атайды»².

Сүйтіп, антикалық Грекия мен Рим ғалымдарының еңбектерінде Орталық Азия түріктерінің ертедегі бабалары болған Скифтер, Сақтар, Массагеттер сияқты тайпалардың тарихы мен өмірлері туралы құнды деректерді қалдырған. Олардың жазғандарына қарағанда, Орталық Азияны мекендеген тайпалардың шаруашылығы кешенді болғанын байқау қиын емес. Бұл мәліметтердің дұрыс екенін кейінгі ғасырларда жүргізілген археологиялық зерттеулер дәлелдеп отыр.

Б.з.б. I мыңыншы жылдарда егіншілік шаруашылық өсімдіктері осы жерде өсірілген және олардың дәндері археологиялық қазба кезінде табылды. Қытай деректеріне қарағанда, олар Орталық

¹ Сонда. 49-б.

² Сонда. 224, 229, 236-237 бб.

Азиядан жоңышқаның тұқымын алғашқы рет алып, осы өсімдікті өз елдеріне таратқан¹.

Сақтардан кейінгі үйсіндердің шаруашылықтары да көп салалы болғаны жөнінде археологиялық және жазба деректер жеткілікті. Б.з.д. II ғасырда Жетісу бойына келген Хань империясының елшісі Чжень Цянь: «Үйсін еліндегі жоғарғы билік гуньмо деген атағы бар билеушінің қолында болады. Үйсін гуньмосының ордасы Чичу-чэн (Қызыл Аңғар) қаласы екенін, оның төңірегі бекініспен қоршалғанын айтқан. Жаңа заман басталар кезде, Чичу-чэн елеулі саяси орталық әрі «Ұлы Жібек» жолындағы маңызды сауда орны екені баяндалады. Антикалық дәуірде осы күнгі Қазақстан жерінде бұрынғы отырықшылық жалғаса түсіп, үлкен саяси-экономикалық, мәдени орталыққа айналған қалалар болса, олардың саны, сапасы алға басқанын көреміз». «Археологическая карта Казахстана» (1960) дейтін кітапта 5 мыңнан астам әр дәуірге жататын ескерткіштер кірген. Солардың басым көпшілігі ертедегі орта ғасырда өмір сүрген үлкенді-кішілі қалалардың, бекіністердің орындары.

Қазақстан Республикасы құрылып, егеменді елге айналғаннан кейін де облыстар бойынша тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы жеке-жеке кітап болып шығып жатыр. Ол туындыларға алуан санды ескерткіштер кіріп, ертедегі тарихымыздан хабар береді.

Қазақ тарихында: «Қола дәуірінде адам қоғамының өндіргіш күштерінің дамуында мал өсірумен және егін егумен қатар әртүрлі рудаларды өндіру, тас пен сүйекті ұқсату аса маңызды рөл атқарды»².

Бұл пікірдің дұрыс екендігіне XX ғасырда Қазақстанда жүргізілген археологиялық зерттеулер куәгер. Қола дәуірінің ескерткіштері еліміздің барлық аймақтарынан табылып, олар бірқанша жақсы зерттелді. Әсіресе, Қазақстанның батыс, орталық және шығыс аймақтары. Сол дәуірдің ескерткіштері оба (қорған) және тұрақты мекендердің, қоныстардың орындары.

¹ Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. - М., 1962. - 315-б.

² Қазақ ССР тарихы. I-т. - Алматы, 1980. - 116-б.

Бұл ескерткіштердің ішінде обалар (қорғандар) айрықша кең көлемде зерттеліп, олардың сырлары ғылыми тұрғыдан ашылды. Қазіргі кезде обалар қола дәуірінде дүние салған адамдардың қабірі (моласы) екенін көпшілік біледі. Сол кездегі тұрғындардың діни сенімдері бойынша, «ол дүние, бұл дүние» деген ұғымға негізделіп, қайтыс болған адамдар ол дүниеде де өмір сүреді деген түсінікпен, бұл дүниедегі тұтынған бұйымдарын оның денесімен бірге жерлеген. Ол әлеуметтік жақтан әртүрлі дәрежеде болған: ел билеген патшалар, олардың туған-туыстары мен жақындары және қатардағы қарапайым адамдар. Осындай әлеуметтік теңсіздік олардың жерленген жерінен табылған жәдігерлерден байқалады. Мысалы, Есік өзенінің жағасындағы обадан табылған «Алтын адам», Аралтөбеден табылған екінші сондай адам және Шілікті обасынан табылған өте бай алтын бұйымдар және т.б. Кейбір обаларды қазғанда, сол адамның денесінің қасында сақина, жүзік, қару-жарақтар шығып жатады. Ал қола кезеңіне жататын қоныстарды тауып, оларды археологтар кең көлемде зерттемей келе жатыр. Оның себебі біздіңше, «көшпелілік тұжырымдамасының» кері әсері шығар. Өйткені Қазақстандағы қола мәдениетін зерттеген алғашқы ғалымдар Москвадан, Ленинградтан келген археологтар болатын. Олар қазақтарды ежелден көшпелі ел деп қараған. Ондай өмір сүрген халықтардың тұрақты баспана салмайтыны баршаға мәлім. Осындай пікірде болған ғалымдар қола дәуірінің отырықшы мекендерін іздеуді, зерттеуді естеріне алмаған. Сондықтан жердің бетінде төмпешік болып сақталған обаларды қазумен шектелген. Ол ескерткіштерді көшпелілердің еншісіне жатқызған. Зерттеген обалардан табылған металдан жасалған жәдігерлерді көшпелілердің қалай жасағанына көңіл аудармай, оларға өздерінің көзқарастары бойынша тұжырымдар жасаған. Сөйтіп, Қазақстандағы қола мәдениетін археологиялық жақтан зерттеу көпшілік жағдайда біржақты болып келе жатқанын айтуымыз қажет. Солай болса да, «Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы» (Ә.Х. Марғұлан); «Хорезм археологиялық экспедициясы» (С.П. Толстов) қола мәдениетіне кешенді мәнде зерттеу жүргізіп, сол кездің қоныстарын бірқанша ашты. Мұндай қоныстар Әмудария, Сырдария

алқаптарынан, Орталық, Солтүстік Қазақстан аймақтарынан ашылды¹.

Сондықтан ежелден пайда болған кен орындарында тұрғындардың тұрақты мекендері болған. Мұндай көне кен орындары Қазақстанда кең көлемде ашылды: мыс (Жезказған, Зырянск, Қаршаған, Ащылы, Ұратөбе, Күшікбай), қалайы (Атасу тауы, Қолба және Нарын жоталары), алтын (Степняк, Қазаншұңқыр, Балажал, Ақжал, Дайбай, Майқапшығап, Ақабек) кен орындары бұл территорияның ежелгі замандағы металлургия орталықтарының бірі болғанын көрсетеді².

Міне, осы аттары аталған кен орындарының төңіректерінен қола дәуірінің қоныстарын кең көлемде зерттеп, олардан табылған жәдігерлер сол кездегі тұрғындардың өмірлерін толық сәулелендіреді. Обалардан табылған деректер мұндай мәнге ие емес, тек сол кездегі діни сезімге байланысты мәліметтерді береді. Сөйтіп, біздіңше қола қоныстарына айрықша көңіл бөрудің ғылыми мәні зор екенін естен шығармауымыз қажет.

Жоғарыдағы аттары аталған түсті металл кендерінің төңіректерінен олардың тұрақты қоныс орындарын кең көлемде тауып зерттеу – күн тәртібіндегі мәселе. Өйткені осы кен орталықтарының төңірегіне жергілікті тұрғындардың бөліктері қоныстанып, сол жердің кен байлығын иеленіп, одан өндіретін кен байлықтан тұрмысқа қажетті бұйымдар жасайтын қолөнер орталықтарын ашқан. Қола дәуірін зерттеген геолог ғалымдардың айтуына қарағанда, «Ең жұпыны hhhh өзі Жезказған өңірінде қортылған мыстың көлемі шамамен 100 мың тонна болғанын көрсетеді. Успенск мыс руднигінен 200 мың тонна руда шығарылған, ол Имантау кен орнынан ежелгі заманда 48 мың тонна мыс рудасы қазылып алынған»³.

Мұндай көлемде түсті металлдарды шығарған жұмысшылардың саны аз болмаған болуы тиіс. Себебі, барлық ауыр

¹ Толстов С.П. Древний Хорезм. - М., 1948; По древним дельтам Окса и Яксарта. - М., 1962; Марғұлан А.Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Соч. Т.1. - Алматы, 1998.

² Қазақ ССР тарихы. 1-т. - Алматы, 1980. - 117-б.

³ Сонда.

жұмыстар білектің күшімен іске асқан. Олардың пайдаланған құралдары да онша өнімді болмаған. Көп физикалық күш жұмсап, аз өнім алған болуы тиіс. Өйткені олар қара металдарды жақсы иеленбегендіктен, өздерінің өндіріп жатқан түсті металдардан құралдарды және тұрмысқа қажетті бұйымдарды жасаған. Мысалы, еңбек құралдарынан: балшықты күйдіріп істеген ұршықбас, шарық, сүйек ұршықбас, қалыптар, қоладан жасалған пышақ, біз, ине, қайла, шеге, қармақ және т.б. Осындай қиындықты белсенді қарсы алып, түсті металдардан бұйым шығаратын қолөнер кәсібінің негізін салған. Қола дәуірінің кеншілері өздерінің қолөнер кәсібінде тұрмысқа қажетті бұйымдарды өте шеберлікпен жасағандықтары қазіргі заманның адамдарын таң қалдырады. Олар – алтыннан, күмістен, қалайыдан соғылған ою-өрнекті жәдігерлер. Мұндай құнды деректерді біздің археологтарымыз еліміздегі көп санды обалардан тауып жатыр. Соған қарағанда, түсті металдардан бұйым соғатын қолөнер кәсіптері ертедегі бабаларының өмір сүрген қола дәуірінде анағұрлым алға кеткенін байқаймыз. Сол кезде түсті металдардан істелген заттар жақын, алыс көршілеріне, соның ішінде Қытайға алғашқы рет тарағанын жоғарыда айтқанбыз.

Б.з.б. I мыңжылдықтың бас кезінен-ақ сақтар қызыл және қоңыр магнитті темір рудасын пайдалана білді. Б.з.б. VII ғасырда Орталық Қазақстаннан, Жетісудан және Арал маңынан темірден істелген көптеген бұйымдар (қанжар, пышақ, жүгеннің темір бөлшектері) табылған. Сондай-ақ ертедегі кен орындары, металлургиялық өндірістің қалдықтары (шлактар, қорытпа қалдықтары) белгілі. Қола құю ісі және түсті металдарды өңдеу жоғары дәрежеде болған. Археологиялық және жазба деректерге сүйенсек, сақтардың негізгі шаруашылығы тек мал ғана болмай, олардың тұрмысында егіншілік те, қолөнер кәсібі де елеулі орынға ие болғанын байқаймыз.

1. 2. Темір мәдениеті

Темір дәуірі – еңбек құралдары темірден жасалып, металлургияның таралуымен сипатталатын адамзат тарихындағы

алғашқы қауым және ертедегі таптық дәуір. Ол хронологиялық жақтан б.з.б. IX-VII ғасырларды өз ішіне алады. Археологиялық деректерге қарағанда, темір дәуірі әр аймақтарда әртүрлі болғаны байқалады. Темір қорыту б.з.б. 2-мыңжылдықта белгілі болып, б.з.б. II ғасырында Алдыңғы Азия мен Закавказьяда, Үндістанда кеңінен таралғанын Әлем тарихында жазылып келеді. Кейінгі жылдардағы Орталық Азияда жүргізілген деректер бойынша: «Рубеж II-I и начало I тысячелетия до н.э. на просторах евразийской аридной зоны ознаменовались важным событием – становлением кочевых форм скотоводческого хозяйства и распространением металлургии железа»¹.

Келтірілген деректер Еуразияда, соның бір бөлігі Орталық Азияда темір дәуірі б.з.б. 2 мыңыншы жылдарда пайда болғанын тілге тиек еткен. Бұл бірқанша алға кетушілік пікір деуге болады. Себебі, бұдан бұрынғы жарық көрген тарихи еңбектерде Орталық Азияда темір дәуірінің келіп шығуын б.з.б. I-мыңжылдығына жатқызып келген болатын. Қолдағы археологиялық осы дәуірдің жәдігерлерінің ішінде алғашқы кезеңге жататын темір металдар табылды. Солай болса, Орталық Азия - темір дәуірінің алғашқы пайда болған аймақтарының бірі. Бірақ осы темір дәуірінде Орталық Азияда (Қазақ жерінде) көшпелі шаруашылық қалыптасты деудің қисыны келмейді. Бұрынғы қола дәуірінен адам баласының тарихи темір кезеңіне өтуі, олардың дамуының қызғынды пәтпен алға ілгерілегенін көреміз. Бұрынғы дәуірлерге қарағанда темір дәуірі қысқа уақыт ішінде орта ғасырға өткен. Бұл темірден жасалған құралдар тұрмыста кең қолданылып, өндіріс күші мен өндіріс қатынасының дамуын тездеткенін көрсетеді. Сол кезде темір кендерінде еңбек еткен адамдардың санын есептеп шығару оңай іс емес. Солай болса да, осы тарихи кезеңде Қазақстан жерінде көптеген кен орындардың болғанын геология және археология ғылымдары дәлелдеп отыр. Мұндай кен орындары Орталық, Солтүстік және Шығыс Қазақстаннан ашылды. Мысалы: Қарқаралы, Жетісу, Жезқазған, Қарағанды, Қолба, Нарым және т.б. Осы кен

¹ Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана. - Алматы, 2006. – 29-б.

орындарында жұмыс істеген бабаларымызды көшпелі өмір сүріп, кеншілік қыруар жұмыстарды атқарды деу ақылға сыймайтын пікір. Олар біздің халқымыздың алғашқы жұмысшылары (кеншілері). Қазіргі кезде қазақ халқын көшпелі деп ешкім айта алмайды. Солай болса, еліміздегі өндіріс орындарында жұмысшылар, ауыл шаруашылығында диқаншылар мен малшылар және интеллигенттер жұмыс істеп жатыр ғой. Бірақ бұл мамандардың еңбегін алғашқы қоғамда еңбек еткендермен салыстыруға болмайтынын барша біледі. Әр тарихи кезеңнің өз ерекшеліктері болып келген және бола береді. Міне, темір дәуірінде жасаған қазақ жеріндегі бабаларымыздың темір кендерін ерте заманнан иеленіп, темірден бұйымдар істеген шебер-мамандар шыққан және олардың өздеріне лайықты қолөнер кәсіпорындары болып, олар да тұрақты мекендерде тұратын көпсанды жұмысшылар жасаған.

1. 3. Орта ғасыр

Ортағасырлық ескерткіштер Қазақстанда кейінгі 50-60 жылдардың ішінде зерттеле бастады. Бұл археология ғылымы үшін көп уақыт емес. Солай болса да, республиканың оңтүстігінде Исбиджаб, Отырар, Сауран, Сығанақ, Түркістан, Баба-Ата, Тараз (Талас), Мерке, Құлан, Ақтөбе (Баласағұн); оларға қосымша Жетісу өңірінде: Алматы, Талғар, Қойлық ескерткіштері зерттелуде. Оларға қосымша, кейінгі жылдарда Орталық, Батыс, Солтүстік және Шығыс Қазақстаннан ортағасырлық тұрақты қоныстар мен қалалар ашылып жатыр. Олардан алуан-алуан деректер табылып, ертедегі орта ғасырда жергілікті тұрғындардың отырықшы мәдениеті зор екенін дәлелдеп, ертедегі отырықшылықтың болғанын көрсетеді.

Рухани мәдениеттің тамаша жоғарылағаны сонша, ертедегі орта ғасырда Қазақстан жерінен, қазіргі бізге белгілісі 350-ден астам ғұлама ғалымдар шыққан. Олардың аттары әлемге белгілі болған¹. Біздіңше, ғылымның дамуымен бірге, бұл жерлес ғұламалардың қатарының көбейе беретініне күмәнданбаймыз. Өйткені ертедегі орта ғасырда олардың саны көп болған. Орта

¹ Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. - Алматы, 1995. - 45-б.

ғасырдағы ғұламалар түріктердің отырықшы болғанын бекерлемеген: «Қарлұқтардың, оғыздардың және қимақтардың арасында жартылай отырықшы және отырықшы халық шоғырлана қоныстанған топтар болған. Түрік тайпаларын сипаттай келіп, әл-Идриси: «Алайда олар жер өндейді, тұқым сеуіп, егін жинайды» деп жазады. «Худуд әл-алам» авторының мәліметтері бойынша, қарлұқтар тұрған аймақтар түркілердің қарауындағы жерлердің ішіндегі халық неғұрлым жиі қоныстанған және ең бай жерлер болды, оларда қалалар мен отырықшы мекендер көп болған. Сол деректеме бойынша қарлұқтар елінде 25 қала мен қоныс болған¹. Оның біреуі - астанасы Қойлық қаласы. IX ғасырдың бірінші жартысында жазылған араб географы әл-Истахридің «Китаб массалик әл-мамалик» деген еңбегінде Исбиджаб (Шымкенттің қасындағы Сайрам) қаласының үлкен шаһар екеніне тоқтала келіп, оның рабады бау-бақшаға бөленген, суы мол, үйлері қам кірпіштен соғылған, базарында адамдары өте көп, әр түрлі жемістерге толып және оның төңіректерінде қалалар өте көп екенін баяндаған. Мауараннаһрдағы қалалардың барлығы, тек Исбиджабтан басқалары, салық төлейді. Автор бір қала мен екінші қаланың арасы неше күндік екенін де көрсеткен².

Жоғарыда аттары аталған ортағасырдағы ғұламалар да жергілікті халықтардың шаруашылығы көп салалы болғанын жазып кеткен. Олай болса, қазақтар ойпаттарда, үлкенді-кішілі өзендердің алқаптарында отырықшылық мәдениетті дамытса, шөл, шөлейт аймақтарда жартылай отырықшылардың және көшпелілердің шаруашылығы өркендеген. Каспий, Арал теңіздерінің жағаларында, Балқаш және т.б. көлдерден балық аулаушылар болған. «Балық жесең Сырға бар, қымыз ішсең қырға бар» деген қанатты сөз тегін айтылмаған. Олардың ортасында біз де талай рет зерттеу жұмысымен болдық. Жалпы, қазақ халқын ежелден көшпелі болды деген тұжырымның ғылыми негізі жоқ. Олай болса, бұл көшпенді деген атау халқымызға қашан жабысты? Енді осыған қысқаша тоқталайық.

Қазақ халқына «көшпелі» деген айдар атты таңып, евроцентристер, олардың бір бөлігі Ресей отаршылары оны

¹ Қазақ ССР тарихы. 1-т. - Алматы. 1980. - 391-б.

² Володин, 1960. - 78-б.

саяси құрал ретінде пайдаланды. Ресей үкіметі қазақ жерін өзінің отарына айналдырып, оны билеп-төстеген. Орыс бекіністерінің төңірегіне казактарды, орыстарды орналастырып, казактарды құнарлы жерлерден ығыстырып, шөл, шөлейт жерлерге шығарып, оларды мал шаруашылығымен шұғылдандыру; казактардан босаған жерлерге Ресейден келген мұжықтар мен казактарды орналастыру. Нәтижесінде казактардың отырықшылығын бұзып, оларды көшпелілерге айналдыру саясатын іс жүзіне асырып, отырықшылыққа қолайлы жерлерді Ресейден келген мұжықтарға, казактарға берген. Сондықтан бұрынғы отырықшы казактарды жартылай, кейбір аймақтарды бүтіндей көшпелілерге айналдырған. Сөйтіп, шөл жерді мекендеген казактардың саны көбейген. Оның үстіне, Ресей үкіметі казактарға «Сіздер көшпелісіздер» деп айдар тағып, үнемі құлақтарына құя берген. Бұл айдардан осы күнге дейін құтыла алмай келеміз.

Енді Ресей үкіметі қазақтың жеріне елді қалай күшпен орналастырғаны жөнінде мысалдар келтірейік. Ресей орыс емес көршілерін орналастыруда орыс-казактарға сүйенген. Олардың арасынан өзін қолдайтын әскери: дондық, кубандық, теректік, астрахандық, оралдық, орынборлық, жетісулық, сібірлік, забайкалдық, амурлық және уссуриялық күштер ұйымдастырған¹. Кіндік Азияда елді орналастыруға тікелей Астрахань, Орал, Орынбор, Жетісу, Сібір казак әскері қатысқан. XVI-XVII ғасырлардан бастап-ақ орыс-казактардың тұрмыстары соғыстан түскен олжалар мен патша үкіметінің арнайы бөлген қаражаттары арқылы қаржыланған. Казак әскері орналасқан жерінен және басқа да жерден меншік жер алған әрі одан үкіметке салық төлемеген. «Екатерина II канцлер Безборовкаға, кейін оның ағасы граф Безборовкаға Еділ өзенінің төменгі бойынан Жайық өзеніне дейінгі 305 шақырым (верст) жерді меншікке «мәңгілікке» берген. Бұл жерді кейін помещик Юсупов сатып алған. Орал бойындағы тұратын жерлері бірте-бірте Жайық казактарының меншігіне айналған².

Патшаның 1782 жылғы арнайы жарлығы бойынша жергілікті казактардың Жайық өзенінен батысқа қарай өтуіне рұқсат

¹ СИЭ. Т.6. М., 1965. - 965, 815, 822 бб.

² История СССР. - М., 1967. - 691-692 бб.

етілмеген. Бұл бұйрықты бұзғандарды казактар қатты жазалаған. Мұндай зорлыққа көнбейтін, бостандықтың туын әр уақытта жоғары ұстаған қазақ халқының наразылығы жыл сайын күшейіп, Ресей отаршылдарымен күрес өрши түскен. Махамбет Өтемісұлы былай деп толғайды:

«Жайықтың бойы көк шалғын,
Күзерміз де жайлармыз...
Еділ үшін егестік,
Тентек үшін тебістік,
Жайық үшін жандастық.
Қиғаш үшін қырылды,
Теңдікті, малды бермедік.
Теңдіксіз малға көнбедік...¹

Келтірілген өлең үзіндісінен Жайық бойының тамаша қоныс екенін, ол елдің жазғы жайлауы, күзгі күздеуі болғанын айтады және бұл екі өзеннің арасын орыстарға бермеу үшін талай тартыстардың, қан төгістердің орын алғанын баяндайды. Казактар Ресейдің отаршылдығына түскеннен кейінгі уақытына зер салсаңыз, олардың өмірі осы күнгі шешен халқындай болғанын түсіну қиын емес. Ресей үкіметі бас көтерген жергілікті адамдарды «банды», «ұры», «қанішер», «ел бұзар», т.б. жаман сөздерге іліктірді. Жеріне қол салған Ресей отаршылдарына қарсы Сырым Датов, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісұлы, Кенесары Қасымов, Амангелді Иманов тағы басқа қазақтың адал ұлдары бастаған ұлт-азаттық қозғалыс елдің батысынан басталып Қазақстанды түгел қамтығанын жұртшылық жақсы біледі. Кенесары Қасымовтың, Жанқожа Нұрмұхаметовтің, Есет Көтібаровтың және т.б. наразылық көтерілістері осыған мысал бола алады. 1995 жылы қайта басылып шыққан Телжан Шонанұлының «Жер тағдыры – ел тағдыры» (баспаға дайындаған Ә.С. Тәженов) атты кітабында Қазақстан жері қалай отарланғаны егжей-тегжей жазылған. Осы еңбекте: «Қазақ орыстың қол астына 1732 жылдан бері қарай

¹ Ай, заман-ай. - Алматы. 1991. - 186-187 бб.

кіре бастаған. Сол жылдардан бастап-ақ патша үкіметі қазақ жеріне қол сала бастаған. Қазақ жерін отарға айналдыру, қазақ даласын талау тарихын екі дәуірге бөлуге тура келеді: «1) Орысқа бағынудан ХІХ ғасырдың 80-жылдарының басына дейін. Бұл атты казактардың пайдасына, әскери кісілердің пайдасына деп жер алу дәуірі. 2) 80-жылдардың аяғынан, 90-жылдардан бері қарай Николай құлағанға дейін қара шекпенділер үшін жер алу дәуірі»¹.

Алдымен Ресей үкіметі жоғарыдағы қазақ жеріне салынған бекіністерге жақсы, құнарлы жерлерді бөліп берген. Салынған әскери бекіністерге казак-орыстан құралған Ресейдің қарулы күштері орналасып, жергілікті тұрғындарды құнарлы жерлерінен ығыстырып шығарған. Бекіністің төңірегіне қазақ ауылдары 20-40 шақырымнан жақын орналасуға рұқсат етілмеген. Әскердің орналасқан жерінің төңірегіне казак-орыс шаруалары, саудагерлер жайғасқан. Екінші кезеңде - ХІХ ғасырдың 80-жылдарынан бастап Ресей үкіметі қазақ жерлерін еркін билеп-төстеп, тұрмысқа қолайлы жерлерді Ресейден лек-лек болып келіп жатқан мұжықтарға бөліп берді. 1894 жылғы «Дала уалаяты» газетіндегі «Қазақ халқының арасында егін егіп, тәрбие етпек мәслихаты» атты мақалада былай деп жазылған: «Жыл сайын Дала уалаятының ішінде тұрған болыстарға Ресейдің ішкі жағынан мұжықтар көп көшіп келіп жатыр. Бұл себептен оларды орнықтырмаққа, бұларға патшалық бос жерден хәм үшбу уақытта қазақтар тұрған жерден жер бөліп беруге керек болады-дүр. Жаңадан көшіп келіп мұжықтарды орнатпақ үшін бұлардың шаруасына тиесілі жақсы, сұлу, ағашты, шөбі көп, өсімтал жерді хәм ыңғайлы жүретұғын жолы бар орындарды оларға сайлап бөліп берерге қажет-дүр»².

Бұл келтірілген мақала атының өзі астарлы, отаршылық саясаттың ықпалында аталған. Қазақтарға егін егуді үйрету үшін мұжықтарды әкеліп отырмыз деген мағынаны білдіреді. Қазақтар егіншілікті білмейді дегенді аңғартып тұр. Мақалада келуші мұжықтарға патша үкіметі қандай қамқоршылық

¹ Шонанұлы Т. Жер тағдыры-ел тағдыры. - Алматы, 1995. - 13-б.

² Дала уалаятының газеті. - Алматы, 1994. - 310-б.

көрсеткені ашық айтылған. Қазақстанды отарлап, қолдары жеткен жақсы жерлерге Ресейден келгендерді орналастырып, ол жерді ежелден мекендеп келген қазақтарды ығыстырып, шөл-шөлейт, құнарсыз жерлерге қоныс аудартты.

Патша үкіметінің қолдауына сүйенген Ресейден келген орыстардың саны жылдан-жылға көбейе берді. Оларды қоныстандыратын Басқарма ұйымдасып (Переселенческое управление), барлық қоныстандыру мәселелерімен айналысқан. Тек 1885-1893 жылдары Ақмола облысынан 251 779 десятина жерді келген орыстарға беріп, ол жерде 10 940 ер азаматы бар 24 село құрылған болса, Семей облысы бойынша, осы жылдары 33 064 десятина егістік жер қазақтардан тартып алынған¹. 1881 жылы Қостанай уезіне 1200 отбасы келіп орналасқан. 1884-1891 жылдары Орал облысына 2299 семья көшіп келген. Олар осы облыстың уездеріне бөлініп орналасқан. 1895 жылы Жетісу облысындағы 63 шаруа селосында 35 569 адам болған. 1891-1892 жылдары Сырдария облысына 37 орыс поселкесі келіп қоныстанған².

Сібір темір жолының ерекше Комитеті құрылғаннан кейін (1892 ж.) орыстардың қоныс аудару қозғалысының жаңа кезеңі басталды. 1893-1896 жылдары Ақтөбе уезіне келгендердің саны - 2500, ал Қостанай уезіне келгендер 9173 адамға жеткен. Ақмола облысына келгендер 75 мыңға толған. Егер 1891 жылы Сырдария облысына келіп қоныстанушылардың 27 селосы болып, онда 7702 адамы бар 1607 қожалық жасаған. Ал 1894 жылы осы облыста 48 село болып, онда 15 461 адам болған³. Құнарлы қоныстарынан айырылған қазақтардың көпшілігі бұрынғы мекендердің маңындағы шөл-шөлейт, таулы, адырлы жерлерге ығысып, кішігірім бұлақтар мен өзендердің төңірегін мекен еткен. Ал ағын суы болмаған аймақтарда жер асты суларын (құдық, кәрез - құдықтың бір түрі) пайдаланған. Осындай жағдайда 1917 жылғы Қазан төңкерісіне келіп жетті. Бұл кезде қазақ халқының басым көпшілігі көшпелі және жартылай көшпелі болып үлгерген еді.

¹ Қазақ ССР тарихы. 3-т. - Алматы, 1982. - 267-б.

² Сонда. 267-269 бб.

³ Сонда. 269-б.

1. 4. Қызыл саясат

1929-1937 жылдары Қазақстандағы жаппай колхоздастыру кезінде қазақтардың 97%-ы отаршылыққа айналған¹. Егер дерекке сенсек, қазақтардың тек 2,5%-ы ғана отырықшы болған. Бұл көрсеткіш шындықтан алшақ. Бұл жылдарда қазақтар жаппай отырықшы және жартылай отырықшылық өмір сүрген. Жердің шұрайлы аймақтарын отаршылар тартып алғаннан кейін ежелгі қоныстарының шет жақтарындағы құнарсыз жерлерге орналасқан. Ол жерде де бұрынғы салт бойынша қыстауы, күздеуі, жайлаулары болған. Жерінің жағдайларына қарай, олардың тұрақты қыстаулары шашыраңқы орналасқан. Қыстауларын, қораларын жазда түзеп, шөп жинап, қыстың дайындығымен айналысқан. Міне, осындай өмір сүріп жатқан кезде, 1929 жылы жаппай колхоздастыру науқаны жүріп, бұрынғы дара қожалықтары бір жерге күшпен айдап әкеліп орналастырылған. Осы жылдарда колхоздасуға қарсы қазақтардың ұлт-азаттық күресі етек алып, елімізде 300-ден астам көтеріліс болды. Бұған орыс селоларының шаруалары өте аз қатысты. Олар, сірә, қазақтардың қасына келіп отырықшы болғанын ұнатпаса керек.

Қазіргі жастар мектептен бастап «қазақтар көшпелі болған» деп оқып үйренді. Оның себебін ешкім ашып айтпайды. Оны дұрыс түсіндіруге рұқсат та болған жоқ. Сондықтан көпшілік қазақ жастары ғана емес, тарихшы ғалымдардың кейбіреулері де әлі күнге дейін осы пікірде қалып келеді. Олардың кейбіреуі қазақтардың ата-бабалары антикалық дәуірден көшпелі болған, өйткені сол кездерде табиғат күрт өзгерген деген пікірді айтумен келеді². Мұндай «ғылыми» тұжырымға сену қиын. Антикалық дәуірде жаратылыс, ауа райы күрт өзгеріп кетті деп жаратылыстану ғылымы еш жерде дәлелдеген емес. Бұл кейбір тарихшылардың «Қазақтардың ежелден көшпелі» екенін дәлелдемекші болған қияли пікірлері.

Қазақ халқы ертедегі бабаларынан бастап көп салалы шаруашылықты жүргізген және оны үздіксіз дамытып келгеніне жоғарда тоқталғанбыз. Олардың жаппай көшпенділігі Ресейге

бодан болғаннан кейін орын алған. Ресейге бодан болған қазақ халқының басынан өткерген қайғы-қасіретін Еуропа отаршылары үстемдік еткен Азия, Америка, Африка және Австралия елдерінің аборигендері де көрді. Егер 1828 жылы Австралияға барған ағылшындардың саны 40 мың болса, қазіргі кезде олардың саны 14 млн-нан асты. Жергілікті австриялықтардың саны 1%-дан аспайды. Енді бұл құрлық ағылшындардың жері болып отыр. Оның жанындағы Тасмандияның тұқымы мүлде құрып кетті¹. Осындай тағдырға Америка мен Африканың бірқанша елдері душар болып отыр. Міне Ресей империясында қазақтарға осындай саясат жүргізді.

Қазақ халқы Ресейдің қол астында 300 жылға жақын отар ел болса да, өзінің тәуелсіздігі үшін үздіксіз күресіп, өзінің ұлттық қасиетін жоймай, оны көзінің қарашығындай сақтай білді. «Мың өліп, мың тірілсе» де, қазақ халқы қазір ғасырлар бойы аңсаған арманына жетіп, дербес республика болды. Әлі-ақ алдыңғы қатарлы елдермен тереземіз тенеледі деген үміттеміз.

Қазақ халқының ауыл шаруашылығының тарихы Кеңес үкіметі кезінде кең көлемде жазылды. Қазақ ССР тарихының 5 томдығында, кейінгі «Қазақстан тарихы» атымен жарық көрген 1-3 томдарда және 1980 жылы «Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков» монографияларында. Бұларға қосымша жеке-жеке арнайы жарық көрген зерттеу жұмыстары. Олардың бәріне тоқталып, қайтадан төңкеріп жатқымыз келмейді. Тек, ауыл шаруашылығының тарихына арналған ғылыми жұмыстардағы кейбір ақаулықтарға қысқаша тоқталуды жөн көрдік. Бұл пікірлеріміз қазақ халқының шынайы тарихын түсінуге жәрдемін тигізеді деген үміттеміз.

Бұрын-сонды ауыл шаруашылығының тарихы туралы жарық көрген ғылыми еңбектердің басым көпшілігі көшпелілік тұжырымдамасына негізделіп жазылған. Жоғарыдағы аттары аталған тарихымызда, әдеттегідей, алдымен мал шаруашылығын, одан кейін үстүртін егіншіліктің, қолөнер кәсібінің және тағы басқа кәсіптердің тарихын жазған. Осындай принципте (негізде, айнымас көзқараста)² жазудың өзі ғылымға қайшы

¹ ҚСЭ. 6-т. - Алматы, 1975. - 267-б.

² История Казахстана. Т.1. - Алматы, 1996. - 216-221 бб.

¹ Этнография. - М., 1987. - 39, 44-б.

² Русско-казахский словарь. - Алматы, 2005. - 748-б.

келеді. Өйткені алғашқы заманда адам баласы шаруашылықты терімшіліктен, кейін өсімдіктерді өсіруден бастап, жабайы хайуанаттарды қолға үйреткен ғой. Солай болса, біз тарихымызды жазғанда бұл **историзмді** бұрмалаймыз. Әлем халықтары сияқты, біздің бабаларымызда алғашқы шаруашылықты өсімдіктерді жинау мен өсіруден бастағанын, Қазақстандағы өсімдіктерді алуан санды табылған тас құралдарды біздің археологтарымыз тауып та, жазып та жатыр ғой. Олардың арасында палеолит кезеңінде тұрмыста қолданған тас құралдар: кетпен, күрек, орақ, тырма және т.б. бар. Мұндай құралдар қола, темір және орта ғасырларда өздерінің дәуірлеріне лайықты құралдардың болғанын археологтар жыл сайын тауып келеді. Ауыл шаруашылығының тарихын жазғанда **историзмнен** шығып кетпеуіміз қажет.

Ерте кездегі Қазақстан жеріндегі егіншілікті зерттегенде көптеген ақаулықтардың жіберілгені енді байқалады. Егемендікке қолымыз жеткен кезде, 1998 жылы жарық көрген «Қазақстан тарихының» 2-томында 0,5 бетте егіншілікке тоқталған: «Деректемелердің кейбір хабарларынан қазақтардың *егіншілікпен шұғылданғаны байқалады*. Бірақ, Қазақ хандығы аумағының түрлі аудандарында егіншіліктің дамуы мейлінше әрқелкі болды, *аудандардың басым көпшілігінде егін шаруашылығы төменгі дәрежеде болды немесе мүлде болмады*. Алайда, кейбір аудандарда егіншілік зор шаруашылық маңызға ие болды, бұл ең алдымен қазақ билеушілері жерінің ежелден егіншілікпен айналысқан ошақтары, атап айтқанда, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанға қатысты еді. Қазақтар негізінен тары өсірді... Көшпелілер егіншілікке барлық жерде *экономикалық қажеттіліктің қысымымен көшіп отырды және отырықшылыққа ең алдымен көшуге мүмкіндігі жоқ кедейлер көшкен...*»¹.

Енді осы келтірілген үзіндіге тоқталайық. Жалпы келтірілген пікір сын көтермейді. Нашар оқылады. Орталық Азияның түріктері ежелден егіншілікпен айналысқанына қазір көпшілік күмәнданбайтын шығар. Қазақтың бабалары да солардың ішінде болған. Хорезм археологиялық экспедициясының жинаған деректері бойынша, антикалық дәуірде Әмудария мен Сырдарияның

¹ Қазақстан тарихы. 2-т. - Алматы, 1998. - 463-б.

алқаптарында қолдан суару арқылы егіншіліктің көлемі 3,5-3,8 млн гектар болғанын жоғарыда айтқанбыз. Мұндай қолдан суарумен егілетін егістіктер Орталық Азияның оңтүстігі мен батысында басым болған, бұл аймақта өсімдіктердің өсетін кезінде жаңбыр жаумайды. Табиғаттың осындай ерекшелігінің негізінде үлкенді-кішілі өзендерден су жүйелерін қазып, егістік жерлерін қолмен суарған. Қазақ хандығы кезінде еліміздің оңтүстігінде елді басқарушылардың күшімен қолдан суару егістігі ең жайды деудің қисыны келмейді. Экономикалық қиыншылықтың әсерімен жарлылар отырықшы болып, егін шаруашылығымен айналысты деудің өзінде қолайсыз. Біздіңше, біздің бабаларымыз, кейін қазақтар үлкенді-кішілі өзендердің, бұлақтардың, көлдердің жағаларында егіншілікпен ертеден айналысқан. Олар өсімдіктерді қолдан суару арқылы және қардың, жаңбырдың ылғалымен өсірген. Қазіргі кезде Қазақстанда 85 мыңға жуық өзен бар¹. Осы өзендердің үлкенді-кішілі ойпаттары бар. Сол жерде тұрақты мекендер салып, жергілікті табиғаттың ерекшелігіне икемделіп егін еккен және мал шаруашылығымен айналысқан, қалалар мен тұрақты мекендерде қолөнер кәсібін дамытқан.

Бұл шаруашылықтың өнімдерінен байларда, орта шаруаларда және жарлы-жақыбайларда пайдаланған. Байлар мен қуатты тұрғындардың тұрақты мекендері болып, малдарын бақташыларға бақтырған: қойшылар, сиыршылар, жылқышылар, түйешілер. Әлбетте, олар кедейлерден жиналған. Олар жылдың төрт мезгіліне лайықты: қыстау, көктеу, жайлау, күздеу. Осы жылдың кезеңдерінде шөптері жетік өсетін жайылымдарға төрт түлікті баққан, яғни жердің бетіндегі байлықты мейлінше үнемдеп пайдаланған.

Біздің тарихшылар мал шаруашылығын жазғанда, жалпы төрт түліктің санын айтумен шектеледі. Бірақ төрт түлік мал Қазақстан жеріне біркелкі таралмағанын оқырмандарға түсіндіру қажет. Біздіңше, ол еліміздің табиғи-географиялық жағдайынан келіп шыққан ерекшелік. Қой мен ешкі және түйе шөлдік,

¹ ҚСЭ. 6-т. - Алматы, 1975. - 252-б.

жартылай шөлейттік аймақтарда жақсы өседі. Мысалы, Қызылқұмда, Қарақұмда, Мойынқұмда, Арал, Каспий теңіздерінің маңында, Маңғыстауда. Малдың бұл түрлері шөлге мықты, күшті шөпті керек ететін жануарлар. Мұндай жерлерге сиыр мен жылқы малын өсіру қолайсыз. Тек, сондай климатқа бейімделген азын-аулақтары болмаса. Ал сиыр малы (ірі қара малдар) – сулы жердің жануарлары. Оларды отырықшылар көбірек өсірген. Жылқы малының Отаны - Сарыарқа, атап айтқанда: Орталық, Батыс, Солтүстік және Шығыс Қазақстан аймақтары. Аттары аталған аймақтардың сол жануарларға лайықты шөптері мен ауа райы бар. Олардың жеген шөптерінің қуаттылығына байланысты сүттері де, еттері де ерекше дәмді келеді. «Қымыз ішсең қырға бар, балық жесең Сырға бар» деген қазақтың қанатты сөзі текке айтылмаған. Бұл жерде қыр дегеніміз - Сарыарқа, Сырдың сол атты өзен екені белгілі. Бұл өзенде әртүрлі асыл балықтар ертеден өскен: сазан, сүген (усач), қызыл балық және т.б. Қазақтың халық мақалында мынандай қанатты сөз бар: «Бал татыған балық сорпасын ішпейтін қарағым, қоңырсыған қой сорпасына қор боласың-ау», - деп қызын ұзатып жатып бір ана жылаған екен. Келтірілген мақалға қарағанда, Сырдарияның маңында өскен балықшының қызы Сарыарқада тұратын жігітке тұрмысқа шығып бара жатқанда қызы мен анасы осылай қоштасқан.

Жалпы, қазақ халқының ауыл шаруашылығының тарихы ақтаңдақтарға толған. Себебі, бұл өзекті мәселе бұрын көшпелілік концепциясының негізінде бір жақты қаралып келген. Орын алған кемшіліктерді бастан-аяқ қарап шығу оңай шаруа емес. Егемендікке жеткен Қазақстан Республикасының жағдайында ауыл шаруашылық тарихын қайта қарау - күн тәртібіндегі мәселе.

Ежелден Орталық Азияны мекендеген түріктер кешенді шаруашылықтың негізін салып, оны мейлінше дамытып келген. Азия құрлығының бұл бөлігіне қарайтын жердің үсті де, оның қойнауы да тұнып тұрған бай екенін қазіргі кезде әлем білетін болды. Оның қақ ортасынан мекен тепкен қазақ халқының жері өте бай. Халық аузында «Жері байдың, елі бай» деген мақал бар. Қазақстан жер асты кендеріне өте бай болғандықтан, оның элементтері Менделеевтің кестесіне де сыймайтынын жоғарыда

айтқан болатынбыз. Жерінің беті егіншілікке және мал өсіруге қолайлы. Кең-байтақ жайылым жерлер Қазақстанда жеткілікті. Мұндай жайылым жерлер жақын және алыс көршілерімізде жоқ. Ежелден қазақтар асыл тұқымды малдарды осы жерде көп өсірген. Олардың етін, сүтін, жүнін тұрмыста кең пайдаланған және күш-көлік ретінде ел қорғауға қолдана білген. Төрт түлік малды отырықшыларда, жартылай отырықшылар мен көшпелілерде өсірген. Малдарды отырықшыларда көп өсіруге тырысқан. Жері тар болған соң отырықшылар оларды көп өсіре алмаған. Мысалы, Кеңес үкіметі жылдарында, қазір де қазақтар көшпелі өмір сүрмейді ғой. Өткен ғасырдың 70-80 жылдарында Қазақстанда қойдың саны 35-40 млн басқа жеткізіліп, оның санын 50 млн-ға апару үшін көптеген қызметтер атқарылды. Осынша санды қойды өсіру жоспары Өзбекстанда, Қырғызстанда, Түрікменстанда және тағы басқа республикалардың күн тәртібінде қойылмағанын көпшілік біледі. Себебі, ол елдерде осынша көп мал өсіру үшін табиғи-географиялық жағдай жоқ. «Қазақтар малды көп өсіреді, сондықтан олар көшпелі» деп айтып жүргендер қателеседі. Отырықшы және жартылай отырықшы болыпта, Қазақстанның кең байтақ жерінде төрт түлік малдарды көп етіп өсіруге болады. Қазір егемендік ел болып кешенді мәнде дамып келе жатқанда, Қазақстанда мал шаруашылығыда қарқынды дамуда. Оған еліміздің жер шарияты тура келеді.





2-бөлім

ҚАЗАҚ ЭТНОНИМИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ

2. 1. Қазақ атауының шығу тегі

Қазақ атауының шығу тегі - «Қазақ тарихында» әлі де шешуін таба алмай келе жатқан мәселелердің бірі. Бұл туралы мынадай тұжырымдама айтылған: «Зерттеушілер екі жүз жылға жуық уақыт бойы «қазақ» терминінің шығуын түсіндіруге және оның семантикасын ашуға әрекет жасап келді. Айтылған көзқарастар ауқымы өте кең, мейлінше иланымды ғылыми болжамдардан қиыннан қиыстырылып шығарылған этимологияларға дейін бар. Алайда, қазақ сөзін түсіндіретін түпкілікті пікірді, тегінде, әзірше ешкім айта алған жоқ»¹.

Келтірілген үзіндіде «қазақ» терминінің зерттеле бастағанына екі жүз жылдай болғанын ХІХ ғасырдан бастап санаған сияқты. Өйткені біз сілтемеге алған тарих ХХ ғасырдың аяғында жарық көрген. Дегенмен, ғалымдардың бұл мәселемен айналысқанына оданда көбірек жылдарды қамтитын сияқты. Олардың ішінде тілшілер, әдебиетшілер, тарихшылар және басқа да сала-лардағы зерттеушілер алуан түрлі пікірлерді айтумен шектелгені ақиқаттық. Солай болса да, жазылып қалған болжаулардың ішінде қисынсыз және қисынды айтылған пікірлерді ойдың елегінен өткеріп, олардың шындыққа жақын айтылғандарына сүйеніп, «қазақ» сөзінің түпкілікті бірегейлі анықтамасына тоқталуымыз қажет.

«Қазақ» атауының осынша ұзақ жылдар зерттелсе де, өзінің шешуін таба алмауына, Ресей империясының Қазақстанға

¹ Қазақстан тарихы. 2-т. - Алматы, 1998. - 303-б.

жүргізген отаршылдық саясаты кері әсерін тигізді. Ресей Қазақ жерін, оның жер астындағы, үстіндегі байлығын отарластырып қана қойған жоқ, бодан болған қазақ халқының мәдениетіне де, санасына да өзгерту әрекетін жан-жақты жүргізді. Мұндай жағдайда, «қазақ» этнонимі мен этимологиясы туралы шынайы зерттеу жүргізбей, оған атүсті қалай болса солай жазылған мәліметтер жеткілікті. Бұндай кемшіліктер 1917 жылғы Ұлы Қазан төңкерісінен кейін Кеңес үкіметі үстемдік етіп тұрған кезде де бүркемелі түрде жүріп жатты. Бұл жылдарда халқымыздың төл тарихын үйренуге және зерттеп жазуға айтарлықтай кедергілердің болғаны рас. Одақ құрамындағы халықтар тек Кеңес үкіметі тұсындағы тарихты оқуға мәжбүр болды. Қазақ халқының көне тарихын жазу, оны құраған рулар мен тайпаларды зерттеу былай тұрсын, олардың аттарын атауға тыйым салынды. Бұл кезде кейінгі ұрпақтарға төл тарихымызды ұмыттыру саясаты жүріп жатты. Соның салдарынан Кеңес Одағы кезінде оқыған бірқатар қазақтың жас ұрпақтары өзінің төл тарихынан үстүртін хабардар болып, Ресей империясының тарихын терең оқыды. Оның үстіне, көпшілік қазақ балалары мен қыздары орыс мектептерінде оқып, қазақтың тілін, тарихын мүлдем білмейтін ұрпақтар өсіп шықты. Осы қиыншылықтар әлі күнге дейін халқымыздың арасында орын алып келе жатыр. Қазақ халқының ежелгі тарихын зерттейтін мамандардың көпшілігі сырттан келген, қазақтың тілін, ділін білмейтін ғалымдар болатын. Осы жағдайда «қазақ» атауының зерттелуі атүсті қаралып, ол тек жалпы пікірлер мен болжамдар күйінде айтылып, жазылып келді.

Кеңестік идеология құрсауында жасаған кезеңдегі «қазақ» атауы туралы жазылған пікірлер мен болжамдар сол күйінде қалып, оларды жұмбақтап бір қорығынды шығарылмады. Енді «қазақ» атамасы тарихи деректерде қашан және қалай аталғаны туралы жазба мәліметтердің айрықша қажетті дегендеріне қысқаша шолу жасайық.

Орталық Азияны Отанына айналдырған түріктер көне замандардан бері шартараптағы жақын және алыс көрші елдермен тығыз байланыс жасаған. Сондықтан түріктердің тарихы туралы сол көршілері азды-көпті жазба деректер сақтаған. Түріктердің ежелгі көршілері болған Шығыс және Батыс Еуропа

халықтарының тарихында ертедегі орта ғасырға тура келетін «қазақ» атауы бойынша жазба деректер ұшырасады. 905-956 жылдардағы жазбаларында Византияның императоры Константин Порфирордни Кубаннан шығысқа қарай «Қазақия елінің» орналасқанын жазған. Бұл жерлерде ертеден «Дешті қыпшақтардың» жайлаған жері екені тарихтан белгілі. «Дешті қыпшақ даласы» XI-XVI ғасырларда қолданылған географиялық ұғым. Ол алғаш парсы ақыны Насир-и Хусраудың дастанында (1030 ж.) аталады. Одан бұрын Дешті-Хазар, Оғыз даласы, оғыздардан тараған Қыпшақ ұлысының көп заман (VI-XV ғғ. аралығында) саяси-әлеуметтік қауым құрып, байтақ мәдени із қалдырған өлкесі¹.

Бұл өлкеге кіретін географиялық аймақтар «Қазақ Совет энциклопедиясында» былай көрсетілген: «Дешт-и-Кипчак, Кипчакская степь, - название в арабском и персидском источниках XI-XV вв. степей, простиравшихся от верховий Сыр-Дарьи и западных отрогов Тянь-Шаня до устья Дуная»².

Келтірілген үзіндіде «Дешті қыпшақ» атауының араб және парсы жазбаларында алғашқы айтылғандарымен қатар, оған кіретін ұлан-ғайыр аймақтарды қамтитыны айтылған. Оған осы күнгі Орталық Азиядағы Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Солтүстік Кавказ жерлері, Еділ бойындағы түркі тілдес халықтардың және Оңтүстік Дон бойындағы орыс жерлерін қамтиды. Осынша ұлан-ғайыр жерді «Қазақия» мен «қыпшақтар» ежелден мекендеп, саяси-әлеуметтік қауым құрып, өздерінің этникалық, мәдени тарихын қалдырған. Белгілі шығыстанушы Нығмет Мыңжан былай дейді: «Ол кезде (X ғасырда) Кубанның шығыс жағында қазақ халқының құрамындағы ең зор, саны мол тайпаларының бірі - қыпшақ елі тұрғандығы тарихқа әйгілі. Егер қыпшақтар өздерін «қазақ» деп атамаған болса, Константин Порфирордни оны қалай ойлап тапсын. Ал сол кезде орыс пен украин казачествосының аты да, заты да жоқ еді»³.

Келтірілген пікірдің шындыққа жақын келетіні байқалады. Дон өзенінің алқабы Кубаннан Шығысқа созылып, Тянь-Шань

¹ ҚСЭ. 3-т. - Алматы, 1973. - 547-б.

² СТЭ. 5-т. - М., 1964. - 143-б.

³ Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. - Алматы, 1994. - 20-б.

(Тәзір тауы) тауына дейін созылып жатқан кеңістікті қазақтар (қыпшақтар) мекендеп, басқа үлкенді-кішілі түрік тілдес тайпаларды өз іштеріне қамтып, жоғарыдағы аттары аталған аймақтарда қазақ халқының қалыптасқан отанына айналдырған. Сонша үлкен көлемдегі жерді иеленген этникалық топтардың ең ірілері - қазақтар, қыпшақтар, үйсіндер және қаңлылар болған. Кейін түріктер өзара енші алысқанда, туыстық, қандас этникалық топтар «Қазақ» деген жалпы этнониммен байырғы жерлерінде «Қара шаңырақтың» иесі болып, өз мекендерінде қалған деген тұжырымға келуге болады¹.

Біздің тоқталып отырған X ғасырда орыс пен украин жерлерінде казачество атты этникалық топтар болмаған. Мурат Абдиров «Завоевание Казахстана царской Россией и борьба казахского народа за независимость» атты монографиясында әскери-казачествоның тарихына тоқталған. Өйткені Ресей империясының жерін Шығыс көршілерінің есебінен кеңейтуде орыс казактары әскери үлкен күш болған. Монографияның бірінші тарауында казактардың келіп шығуы мен олардың Ресейдің әскери күшіне айналғанына тоқталған: «Ныне бесспорно, что в основе славянского казачества лежал древнетюркский субстрат ... об этом говорят многочисленные источники и исследования самих российских ученых... Кочевники появились в степях Причерноморья в эпоху Великого переселения народов. В IV в. это были гунны, с VI в. - авары и болгары, с VII в. - хазары, с IX в. - угры (мадьяры, венгры), а в 915 г. впервые появились здесь печенеги (кангары-канглы)»².

Келтірілген үзіндіде орыс казактарының ата-тегі ертедегі түрік тілдес халықтар екені тарих ғылымында шешімін тапқан. Бірақ Қара теңіздің даласына түріктер алғаш рет IV ғасырдан бастап шығыстағы Ұлы даладан келген деген пікірмен келісу қиын. Тарихта гүндар (хундар) скифтердің ұрпағы екені жазба және археологиялық деректермен дәлелденген. Антикалық дәуірдің жазбаларында б.з.б. VII-I ғғ. скифтер Дунай мен Дон далаларын, Қырымды және Қара теңіздің солтүстігін мекендеген. Геродоттың еңбектерінде скифтер туралы құнды

¹ Жұмабаев М. Түркістан // Шығармалары. - Алматы, 1989. - 173-176 бб.

² Абдиров М. Завоевание Казахстана царской Россией. - Астана, 2000. - 27-б.

деректердің бар екені баршаға мәлім¹. Скиф дәуірлерінің ескерткіштерін археологтар зерттеп, олардан табылған жәдігерлер, Орталық Азиядағы қола және темір дәуірлерінің ескерткіштерінен шыққан заттар бір-бірімен дәлме-дәл ұқсас. Мұндай сәйкестіктерге қарағанда, жоғарыдағы аттары аталған аймақтар ежелден скифтердің (гүндардың), қыпшақтардың, хазарлардың, қазақтардың жайлаған мекені болып, ол аймақтардың этникалық автохтондық тұрғындары түрік нәсілді халық болып шығады. Бұл пікірдің шындыққа келетінін Л.Н. Толстойдың «Кавказ. Кавказская повесть» еңбегінде қазақтардың тұрмысына тоқтала келіп: «На этой-то плодородной, лесистой и богатой растительностью полосе живет с **незапамятных** времен воинственное, красивое и богатое староверческое русское население, называемое **гребенскими** казаками».²

Бұл келтірілген үзіндіде Л.Н. Толстой қазақтардың ерте кезден қоныстанған тамаша Дон өңірі екендігінен хабар береді. Сол кездің өзінде қазақтар орыстардан оқшауланып, өздерін жоғары дәрежедегі халық деп санап, ертедегі өздерінің салтын сақтағанын, сақтап келе жатқанын жазған. М.Ю. Лермонтовта «Герой нашего времени» шығармасында, осы қазақтар туралы мағлұмат бергендігін көпшілік біледі.

Біздіңше, скифтердің жеріне батыстан шығысқа қарай таралған шығыс славяндар тайпалары келіп, жергілікті түрік тілдес тайпалармен араласып, Қара теңіздің солтүстігін, Кавказдың далаларын орыстар, украиндар иеленіп, жергілікті түрік тайпаларымен бірге мекендеген. Кейін олар күшейіп, автохтонды түріктерді Солтүстік Кавказға, Еділ, Жайық өзендеріне қарай ығыстырған. Олардың бұрынғы мекенінде қалып қойғандары орыс, украин халықтарымен ассимиляцияланып, уақыттың өтуімен өз алдына «казачество» деген атпен этникалық топқа айналған.

Солдай болса да, олар өздерінің ата-тегін сақтап, «казак» деген атаудан айырылмай келе жатыр. Олар бұл этнонимнің мәнін біледі және оны мақтаныш тұтады. Қара теңіздің

¹ Геродот. История // Великая степь в античных и Византийских источниках. - Алматы, 2005. - 34-39 бб.

² Толстой Л.Н. Собр. соч. Т. 3. - М., 1952. - 159-б.

солтүстігіндегі скиф (гүнн) обаларын қазғанда табылған еңбек құралдары, қару-жарақтары, алтыннан соғылған бұғының бейнесімен пантера сияқты жәдігерлер Орталық Азиядан табылған. Сак дәуірінің заттарынан еш айырмашылығы жоқ. Мұндай ұқсастықтар орыс қазақтарының тұрмысынан байқалатын этнологиялық заттарды жиі кездестіруге болады¹.

Солтүстік Батыс Еуропадан Шығысқа қарай таралған орыстар Қара теңіздің солтүстік өңірін, Солтүстік Кавказды мекендеген қазақ (түрік) тайпаларының жерлерін отарластырып, жергілікті түрік тілдес халықтардың бір бөлігін өздерінің ішіне сіңіріп жіберген бөлігін қазақтар (орыс қазақтары) деген атпен, өз алдына бөлініп жасаған. Өздерінің жерін отарластырған славяндарға (орыстарға) қарсы болған наразылықтары Л.Н. Толстойдың кезінде де олардың тұрмысында бар екенін жазған: «Собственно русский мужик для казака есть какое-то чуждое, дикое и презренное существо, которого образчик он видел в заходящих торгашах и переселенцах малороссиянах, которых казаки презрительно называют шаповалами»². Ғұламаның бұл жазғанынан, сол кезде де қазақтардың орыстарды әлде болса бөтенсініп, жек көретінін байқаймыз. Оларға арнайы «шаповал» деген ат қойған. Оның орыс сөздігіндегі мәні: «мастер, изготавливающий из шерсти шляпы, а также другие валяные изделия»³. Қазақтар орыстардың жүннен бас киім, пима (валник), текемет (войлик) және т.б. жылы киімдерді, бұйымдарды көбірек тұрмыста қолданатынын көріп, осындай ат қойғанын байқаймыз. Себебі, орыстар суық жақтан Шығысқа тараған. Олар өздерінің жайласқан жерінің табиғи-географиялық жағдайына байланысты тұрмыста жылы киімдерді кең пайдаланған. Олардың мұндай тұрмыс ерекшеліктері қазақтарға ерсі болып көрінген. Өйткені олардың тұрған жері қоңыржай, жылы болып келгендіктен, жүннен (киізден) жасаған киімдерді тұрмыста өте сирек қолданған.

¹ Абдиров М. Сонда. 35-39 бб; СИЭ. Т.12. - М., 1969. - 954-955 бб; История Казахстана. Т.1.- Алматы, 1996. - 160-б; Акишев К. Древнее золото Казахстана. Алматы, - 1983; Байпаков К. Қазақстанның ежелгі калалары. - Алматы, 2005. - 19-б; Самашев З.С., Фаизов К.Ш., Базарбаева Г.А. Археологические памятники и палеопочвы Казахского Алтая. - Алматы, 2001.

² Толстой Л.Н. Казаки. Собр.соч.Т. 3. - 16-б.

³ Ожегов С.И. Казахи. Собр.соч. Т. 3. - 160-б.

Осындай ғылыми шындықты көре тұра бұрмалап, Қара теңіздің солтүстік далалары, Солтүстік Кавказ жерлері ертедегі шығыс славяндардың ата-бабалары болған скифтердің мекені деп орыс тарихшылары үздіксіз жазып келе жатыр. Солардың бірі белгілі тарихшы, археолог Б.А. Рыбаков: «Скифы - пахари, вероятные предки славян, проникали сюда (по Плинию) еще в III в. до н.э., уходя от сарматов»¹. Бұл ғалым, өзінің басым көпшілік зерттеу жұмысын ертедегі Киев Русі туралы жазғанымен, скифтерді өзіне тартып, шығыс славяндардың мекені ежелден Қаратеңіздің солтүстігі мен Кавказ жерлері және олардың ата-тегі скифтер деп тарихты көре тұра бұрмалауға барған. Скифтер түріктердің (гүнн мен хұндардың) бабалары екенін тарихи деректер дәлелдейді.

Скифтердің (гүндардың) Орталық Азиялық сактары мен сарматтардың тұрмыстарымен тығыз байланыста болуын кездейсоқтық көрініс деп қарауға болмайды. Түріктердің ертедегі бабаларының батыс шекарасы Қара теңіздің солтүстік далаларына дейін созылып жатқан. Сол түріктердің нәсілдерінің бірі - «орыс казактары» деп аталып келе жатқан этникалық бөлім. Батыс Еуропа және шығыс славян тарихшыларының еңбектерінде, гүндерді скифтердің ұрпағы екенін мойындайды. Бірақ гүндерді Шығыстан Солтүстік Кавказ бен Қара теңіздің далаларына б.з. IV ғасырларында келген дейді. Бұдан бір-біріне қарсы келетін пікір туындайды. Егер гүндер скифтердің ұрпағы болса, оның ежелгі тарихи мекені Қара теңіздің далалары мен Солтүстік Кавказ жерлері болғаны тарихи шындық. Солай болса, бұл географиялық аймақтар автохтонды түріктердің жерлері болып шығады. Орыстар мен украиндықтар кейін келіп қоныстанып, енді өздерінің жерлеріне айналдырған. Мұндай тарихи шындықты олардың тарихшылары бұрмалап, баяғыдан жалықпай айтып, жазып келе жатырған «түріктер көшпелі халықтар» деген жалған пікірлерді қағаз бетіне толтырып, ежелгі скифтердің (гүндердің) мекендеген жерлерін украиндар мен орыстардың ежелгі жері деп уағыздайды. Тарих мұндай бұрмалауға көнбейді және оны көндіру мүмкін емес.

¹ Рыбаков Б.А. Язычество древней Руси. - М., 1988. - 356-б.

Бұл аймақтарды шығыс славяндар IX-X ғасырларда отарластыру әрекетін жүргізген. Оны X ғасырдан бастап орыс жылнамаларында «казак» этнонимі туралы деректер кездеседі. Осы кезде Ұлы Киев князы Святослав Игоревич (945-972) барлық саналы өмірін шығыс славяндардың жерін кеңейту үшін жұмсады. 964-966 жылдары ол хазарларды бағындырды. 968 жылы Святослав Игоревич Кубан өзенінің оңтүстігіндегі қасақтарға (қазақтарға) жорық жасап, оларды өзіне қаратты. 971 жылы печенектерге шабуыл жасап, оларды шығысқа қарай ығыстырды¹. Бұл княздың тұсында қасақтар (қазақ) этникалық халықтың Кубан өзенінің бойында жайласқанын байқаймыз. Бірақ бұл кездерде қасақтар (қазақтар) Киев князына бағынғанмен, өздерінің халық болып өмір сүруін тоқтатпаған. Жергілікті түрік тілдес халықтар славяндардың отарластыру әрекетіне қарсылығын көрсеткендіктен, Святославтан кейін де, Ольга кезінде қасақтар мен печенектермен күрес жүргізген². 1022 жылы Тмутаракан князы Митлов қасақтарға шабуыл жасаған. X-XII ғғ. Тмутаракан княздығы Солтүстік Қаратеңіз жағалауына орыс-славян тайпаларының қоныстануына байланысты пайда болған. «Тмутараканды 988-1036 жылы Владимир Святославичтің ұлы Метислав (кішісі) биледі. Оның тұсында көршілес тайпалардың жерін басып алу себебінен Тмутаракан княздығының территориясы ұлғайды, шіркеу салынып, ол кейін Тмутаракан епископтығының негізін салды»³. Бұл княздықты Святославтың ұлдары Глеб пен Олег басқарып тұрғанда, «Олег хазарларға тұтқынға түседі. 1094 жылы ол Византиядан тұтқыннан қайтқан соң, Тмутаракан князының билігін қайтып алады»⁴.

Солай болса да, жергілікті түріктер өздерінің азаттығы үшін күресуін тоқтатпағанын аңғартады. Ертедегі орта ғасырлардағы Шығыс славяндардың жазба деректерінде қасақтар, хазарлар, печенектер туралы мәліметтер жиі кездесіп отырады. Оның ішінде хазарлар VII ғасырдың ортасында өз алдына Хазар

¹ СИЭ. Т. 12. - М., 1964. - 614-б.

² Рыбаков Б.А. Язычество древней Руси. - М., 1988. - 362-363 бб.

³ ҚСЭ. Т. II. - Алматы, 1977. - 70-б.

⁴ Сонда.

қағанаты бой көтеріп, оның астанасы Семендер (Дағыстанда), Итиль (Еділдің төменінде) болып, Солтүстік Кавказ, Азов маңын, Қырымның көпшілік бөлігін, Шығыс Еуропадан Днепрге дейінгі жерлерде өзінің үстемдігін жүргізген. Орыс княздары алдымен хазарларды отарластыру әрекетін жүргізді. «964-965 жылдары Святослав Игоревич Волгаға жорық жасап, Хазар қағанатын талқандады... Хазар қағанаты Х ғасырдың соңында өмір сүруден қалды»¹. Араб географтары мен тарихшылары және филологтары Хазар тіліне жалпы сипаттама беріп, оның бұғар тіліне жақын екенін жазған². Ал орыс ғалымдары, хазарлар моңғолдардың ұрпақтары екенін айтады³.

Біздіңше, араб ғалымдарының мәліметтері шындыққа келеді. Себебі, хазарлардың ежелгі отаны Қара теңіздің солтүстігі мен Кавказ далалары болғаны тарихи шындық. Сондықтан бұл аймақтарды мекендеген қасақтар, печенектер, балғарлар (бұлғарлар) сияқты түрік нәсілді халықтардың қандастары болған соң, олардың тілдеріне хазарлардың тілінің ұқсастығы - тарихи заңдылық. Жоғарыдағы тоқталған тарихи оқиғалардың нәтижесінде, хазарлар Алдыңғы Азияға қоныс аударып, 1 млн хазарлар Ауғанстанның орталығында Кабул мен Гераттың аралығында Хазараджат деген жерді мекендейді⁴.

Сөйтіп, Хазар халқы тарихи сахнадан түсті деудің реті жоқ. Олар басқа аймақты мекендеп келеді. Олар ертедегі территориясын славяндар қорғаған хазарлардың сақталып қалған бір бөлігі екеніне күмән келтіруге болмайды. Олармен ежелден бірге жасаған қасақтар (қазақтар) XIII ғасырдың бірінші жартысында Солтүстік Кавказда, Қара теңіз далалығында қазақ деген атпен жасаған халықтармен Шыңғыс ханның әскерлерінің кездескенін орыс шежірешісі Никонның мәлімдемесінде: «Кавказға келіп, оңтүстік Ресейге шабуыл жасаған Шыңғыстың әскерлері бұдан бұрын да қазақтарды бұланталаған», - деп жазады⁵.

¹ ҚСЭ. Т. II. - Алматы, 1977. - 558-б.

² Сонда.

³ Народы Передней Азии // Народы мира. Этнографияческие очерки. - М., 1957. - 108-б.

⁴ Сонда. - 107-б.

⁵ Мынжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. - Алматы, 1994. - 20-21 бб.

Бұл жерде, Шыңғыстың әскері Ресейдің оңтүстігіне жеткенше, 1218 жылдан бастап Орталық Азияның шығысынан батысына дейінгі кең-байтақ жерлерді иеленіп жатқан түріктілдес халықтарын, мемлекеттерін бағындырып, одан кейін келіп отырғанын дұрыс баяндаған. Бұл жерде Шыңғысқа бағынған түріктердің көпшілігі батыс елдерге «қазақ» деген атпен белгілі болғаны байқалады. Осы этникалық атақпен аталған шығыс көршілерінің батыс бөлігі қазақ елі болып отыр. Соған қарағанда, XIII ғасырда «қазақ» атты этникалық халыққа ұлан-байтақ жерді иелеген түріктердің жалпы атамасына айналған.

Бұндай пікірді қуаттайтын «Моңғолдардың құпия шежіресінен» мынандай мәліметті Нығмет Мынжан келтірген: «Солтүстік жақтағы қаңлыларға, қыпшақтарға, байжігіттерге, орыстарға, мажарларға, асаларға, сасаларға, шеркештерге, бұлғаларға жорыққа аттанып, Еділ мен Жайық өзенінен өтіп, Киев қаласына шабуыл жасау жөнінде Сүбітай батырға бұйрық берілді делінген. Орыс шежірешісі Никон «қазақтар» деп осы жолғы шабуылға тап болған қаңлы, қыпшақ, байжігіт, аса т.б. ұлыстарды айтып отырған көрінеді»¹.

Келтірілген үзіндіден бірнеше жағдайларды байқауға болады. Моңғолдар Орталық Азияның шығысы мен оңтүстігін, батысын жаулап алып, оның батысына қарай шабуыл жасап, Жайық және Еділ өзеніне жақындаған шақта Шыңғыс ханның осы бұйрығы жазылған көрінеді. Бұл деректе Сүбітай батырдың батысқа қарай шабуылының негізгі мақсаттары қойылған. Ол алдындағы екі үлкен өзеннен өтіп, көрсетілген этникалық топтарды бағындыру туралы тапсырмалар берілген. Міне, осы тапсырмаларды орындауға кірісердің алдында, моңғолдар, оның ірі қолбасшыларының бірі Сүбітай баһадүр Жайық және Еділ өзеніне дейінгі қазақтарды бағындырғанын орыс шежірешісі Никон баяндаған. Енді, осы қазақтардың батыс бөлігіне Сүбітай жорық жасайтыны айтылады. Солай болса, XIII ғасырдың бірінші жартысында, Орталық Азияны мекендеген түріктердің басым көпшілігі «қазақ» этнонимімен аталған көрінеді.

¹ Мынжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. - Алматы, 1994. - 20-21 бб.

Бұйрықта аттары аталған түрік тілдес этникалық топтар жалпы қазақ атамасы бойынша баяндалуда. Олардың ішінде қаңлылар, қыпшақтар, шеркештер сияқты түріктердің ірі тайпалары да осы жалпы «қазақ» этнониміне қосылып айтылған.

Түрік тарихында атағы кең жайылған қаңлыларға тоқталсақ, Антикалық дәуірде Мауереннахрда алғашқы құлиеленушілік Қаңлы мемлекетін құрған тайпа. Махмұт Қашқари: «Қаңлы қыпшақтардың ұлы адамдарының бірінің есімі»¹. Ғұламаның жазғанына қарағанда, қаңлылар мен қыпшақтар ежелден аралас-құралас жасап, үлкен этникалық тайпалар болған деген ұғымға келуге болады.

Қаңлының тарихын ұзақ жылдар зерттеп, күрделі еңбек жазған белгілі ғалым Әбдуәли Қайдар: «Қаңлы тарихы - 25 ғасырлық көне тарих ... Қаңлы атауы және оның көптеген (40-тан астам) түбірлес, туынды варианттары»,² - бар екенін жазған. Шартараптағы түріктердің ішінде қаңлының уәкілдері бар. Яғни, қаңлысыз түрік жоқ. Ол туралы ел ішінде мынандай қанатты сөз қалған: «Кәделі елде қаңлы бар, қаңлыдан хан сайла», «Қаңлы тұрғанда басқа хан болмайды»³.

Келтірілген сөздің мәніне қарағанда, қаңлылар антикалық заманда мемлекет ұйымдастырып, оның тәсілдерін жете иеленген соң, кейін пайда болған үлкенді-кішілі құлшылық және феодалдық түріктердің мемлекеттері басшыларына қаңлыдан хан сайлау дәстүрге айналған. Бұл салт түріктердің арасында ұзақ сақталып, XIII ғасырдың басында келген Шыңғыс ханның үстемдігіне дейін іске асырылып келген. Шыңғыс хан бұл әдетті бекерлеп, үкіметтің басына сайланатын хандар, тек Шыңғыстың әулетінен болу шарт болған. Бұл тәртіп Ресей империясының Орталық Азия түріктерін отарластырумен хан атағын бекерлеп, Ресей басқару жүйелерін ендірі. Осынша кең жайылған қаңлылардың, қыпшақтардың және т.б. тайпалардың басым көпшілігі «қазақ» деген атамамен аталып келгенін орыс шежірешісі Никон жазған болу керек. X ғасырдағы Византия

¹ Қашқари М. Түрік сөздігі. 3-т. - Алматы, 1998. - 506-б.

² Қайдар Ә. Қаңлы. - Алматы, 2004. - 6-12 бб.

³ ҚСЭ. 6-т. - Алматы, 1975. - 457-б.

императоры Константин Богрянородныйдың айтқанын негізге алып, Н.К. Карамзин Кавказдың солтүстік-батысында «Қазақ елі» деп аталатын этникалық халық болғанын жазған. Бұл атама кең мәнді білдіріп, аталған аймақта қазақ елінің (страна казахов) жайлағанын білдіреді.

Ертедегі орта ғасырдағы араб ғалымдарының еңбектерінде қазақ этнонимі туралы мәліметтер кездеседі. X ғасырда жасаған араб ғалымы әл-Масуди өзінің «Китаб ат-танбиһ ва-ль-ишраф» атты еңбегінде, Кубань өзенінің алқабында кавказдықтардың арасында «кашақ-әл-касакия» этникалық қауымдарының мекендейтінін жазған¹. Нығмет Мыңжан мынандай пікірді келтіреді: «Араб саяхатшысы және жазушысы Мухаммед әл-Ауфи 1228 жылы Үндістанда «Таңдаулы әңгімелері мен аңыздар жинағы» («Жәмхәлхикаят о Доам Әлроят») атты кітап жазған. Осы кітапта: «Алтайды мекендеген қарлықтар... тоғыз ұлысқа бөлінген, бұлардың ішінде үш тайпа шығыл, үш ұлыс қазақ бар», - дейді. Қарлықтардың Жетісудағы өкімет билігін қолына алып, Қарлық қағандығын құруы 766 жылдағы оқиға болатын...

Шығыс әдебиетінің әйгілі классиктерінің бірі - Әбілқасым Фердоуси (940-1020) өзінің «Шахнама» атты эпопеясында: «Қазақ», «Қазақ хандығы» деген ел көк теңіздің (Арал теңізі) солтүстігін мекен етіп тұрған күшті және көп санды ел», - деп, Тұранның жауы Иранды «қорқытпақ» болған»².

Жоғарыдағы келтірілген араб, парсы ғұламаларының деректері өте құнды. Өйткені Орталық Азияның автохтондық түріктері шығыста Қытаймен, батыста Алдыңғы Азиямен ежелден мидай араласып жасап келе жатқандықтан, олар бір-бірін жақсы білгенін естен шығаруға болмайды. Олардың қалдырған мәліметтерінің көпшілігі шындықтан алшақ кетпейді. Олардың еңбектерінен келтіріп отырған деректерімізге қарағанда, «қазақ» атауына ие болған халықтар Жетісудан Солтүстік Кавказбен Қара теңіздің далаларын мекендеген түріктердің басым көпшілігі екенінен хабар беріп тұр. Ә. Фердоуси Арал теңізінің солтүстігін мекендеген «Қазақ хандығы күшті және

¹ Kitab at-tanbih wa-l-ischraf auctore al-Masudi, ed. M.J.de Goeje. Lugduni Batavorum, 1894 // Қазақстан тарихы. 2-т.- Алматы, 1998. - 304-б.

² Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. - Алматы, 1994. - 19-20 бб.

көп ел» деп тегін айтпаған. Ол ғұламаның кезінде түріктердің басым көпшілігі «қазақ» этнониміне ие болғанын байқаймыз.

Осы аталған араб, орыс және басқа да жазбаларда ертедегі орта ғасырда Қара теңіздің солтүстік жағалауында, солтүстік Кавказ өңірлерінде «қазақ» этнониміне жақын келетін «касах» «касахия», «кашак», «касог» сияқты атамалармен аталған рулардың, тайпалардың өмір сүргендігі туралы жазылады. Осы бір-біріне жақын атамалар бойынша аталатын топонимиялық орындардың Кавказда сақталғаны байқалады: «... Үлкен Кавказдың таулы ауданында, Әзірбайжанның батысында орналасқан Касак деп аталатын жер бар көрінеді»¹. Аталған жер атауларының тегін қойылмайтыны баршаға мәлім. Ол біздің ертедегі бабаларымыздың сол жерді мекендегені туралы сақталған тарихи дерек. Қазақ туралы топонимикалардың Кавказдың солтүстігінде бар екенін IX ғасырдың аяғы мен X ғасырдың басында араб тарихшысы Ибн Асам әл-Куфи өзінің «Китаб әл-футух» тарихи шығармасында араб қолбасшысы Марван Солтүстік Кавказдағы хазарларға шабуыл жасағаны айтылады. «736 жылы Марван Касак деп аталатын жерде қыстап шықты, Кура өзенінен өтіп, Шаки қаласына беттеді»² деген. Бұдан ертедегі орта ғасырда аттары аталған аймақтарда қазақтардың жер атамалары мен қалалары (тұрақты мекендері) болғанын, олардың осы аймақты ежелден иеленіп, бұл жерлерде қазақтардың ел болып, тұрақты мекендер салып, өркениетті халықтардың мекендегенін дәлелдейтін деректер.

Ежелден Қытайдың батыс көршілері түріктер болып, олар өзара саяси, экономикалық және мәдени байланыста үздіксіз жасаған. Сондықтан қытайлықтар батыс көршілері жөнінде мәліметтерді көне замандардан бері жинағандықтан, Қытайдың жазба деректерінде түрік тарихына байланысты деректер мол сақталған. Бұл бұлақтарда қазақ атамаларына тиісті деректер «Таң патшалығы тарихында» (VII-VIII ғғ.) «каса», «хаса» этникалық атамалар кездеседі. «Жұнгоның VII ғасырдағы «Таң патшалығының жаңа тарихы» атты кітабының «Парсы тарауында»: парсылар шығыс жақта тохар, қанлылармен

¹ Қазақстан тарихы. 2-т. - Алматы, 1998. - 304-б.

² Сонда.

шекаралас, олардың солтүстік жағында түріктердің «каса» ұлысы тұрады деп жазылған. «Цуан патшалығы тарихындағы аудармаларға қосымша» атты кітапта: «Түріктер мейлінше күшейген кезде ... олардың батыс бөлігін касаяки хаса ұлыстары қоныстанады. Батыс елдердің ежелгі деректерінде бұл ұлыс - қазақ деп аталған. Касаяки хаса деген атау осы қазақ атауының дыбыстық баламасы», - дейді¹.

Келтірілген деректердің мазмұнына қарағанда, VII ғасырда Орталық Азияның солтүстігінде қазақ атымен белгілі түрік ұлысы (аймағы) болған. Түріктердің солтүстік-батыс аймақтарында қазақтар үлкен күш екені батыс деректерінде де жазылып қалғанын жоғарыда көрдік. Бұл мәліметті Қытай жазбаларынан кездестіріп отырмыз. VII-VIII ғасырлардағы Қытай деректеріндегі «каса», «хаса», «аса», «кіса», «хса», «касо» этникалық атамалардың мазмұны «қазақ» атамасының баламасы болып, түріктердің солтүстігі мен батысын мекендеген түріктердің атамалары болғанын байқаймыз. Моңғол ғалымы Іслам Қабьшұлы: «Моңғолдардың «Батырлар жыры» мен «Бабалар шежіресінде» «хасаг» (қазақ) деген сөздің кездесіп отыратынын атап көрсетеді»². Осы ғалым «хасаг» (қазақ) деген сөзді моңғолдар ерте замандардан бері қолданып келе жатқанына арнайы тоқталған.

Жоғарыдағы келтірілген орта ғасырлық деректерде, Орталық Азияның солтүстігі мен батысындағы Қара теңіздің солтүстік далаларын мекендеген жалпы көптеген түрік тілдес Дешті Қыпшақтар «қазақ» деген атамамен аталған. Олар ұлыстарға бөлінген, тұрақты мекендері мен қалалары болған. Соңғы орта ғасырларда бұл атамамен аталған халықтардың жайлаған аймақтарыда, олардың құрамыда көбейіп, үлкен күшке айналғаны туралы: «Мауереннахрдың билеушісі Әмір-Темірдің жылнамасында: «хижраның 737 жылы (жаңа эранның 1356 жылы) қазақтардың Мауереннахрға шабуыл жасағандығы жазылған. Зерттеуші П. Путков өзінің «Қазақ атауы туралы» деген мақаласында: Грузия аймағында 1480 жылдары көшіп жүрген түрік тілдес халықтар бізге қазақ деген атпен белгілі», - дейді³.

¹ Мынжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. - Алматы, 1994. - 22-б.

² Сонда. 21-б.

³ Сонда.

Тарихтың жаңа дәуірінде де «қазақ» атамасының келіп шығуына тоқталған шығыстанушылар аз болмаған. Олардың басым көпшілігі орыс тілдес ғалымдар және саяхатшылар болған. Бірақ олардың басым көпшілігі түріктердің тілдерін, салтын, мәдениетін, жалпы менталитетін жетік білмеген. Сондықтан бұрын жазылып қалған деректердің, соның ішінде «қазақ» терминінің мәніне терең түсіне бермеген. Нәтижесінде, бұрын өзінен-өзі әлі шешілмеген «қазақ» атамаларын керісінше шиеленістіріп жіберген. XVIII-ғасырдан, яғни Петр I-дің кезінен бастап, Ресей империясы шығыс көршілерін отарластыру науқаны кезінде Қазақстанға да келіп, қазақтарды отарластырумен, сол халықтың тарихын зерттеуге айтарлықтай көңіл бөле бастады. Олардың ішінде чиновниктер, әскери адамдар, ғалымдар және саясаткерлер болған. Олардың басым көпшілігі түрік, соның ішінде қазақ тілін білетіндер некен-саяк болатын. Сондықтан келушілер өздерінің көргендерін, естігендерін мәніне терең түсінбеседе қағаз жүзіне түсіре берген және орыс тілін шала білетін тілмаштардың айтқандарын сол күйінде жазып алған. Осындай кемшілікке толы мақалалар, кітаптар және қолжазбалар жинала берген. Жиналған деректердің ішінде отарластырып жатқан қазақ халқының атамаларына тиісті орыс ғалымдарының еңбектерінде ұшырасады. Енді сол мәліметтерге қысқаша шолу жасайық.

XIX-XX ғасырлардағы орыс шығыстанушыларының ішінен «қазақ» атамасының шығуы туралы пікір білдірушілер де аз болмаған. Енисейден табылған VIII ғасырдағы ертедегі түрік ескерткішінен В.В. Радлов «қазғақым оғлым» (менің асырап алған ұлдарым) деген тіркесті оқыған. Ол «қазақ» терминіне кейіннен этникалық мағынаға ие болған «қазақ» сөзі ретінде қараған. Сыртқы ұқсастығы жағынан ғана емес, сонымен қатар «қазғақ» және «қазақ» терминдері мағынасының жақындығы негізінде В.П. Юдин бұл сөздерді салыстыруға болады деген. Зерттеушілердің пікірінше, «қазғақым» ұғымындағы «ғ» дыбысының VII-VIII ғасырларда түріктердің ауызекі сөзінде қолданылуы әбден мүмкін, ал кейіннен этникалық мағынаға ие болған мәнінде қараған.

Бұл көзқарас түрік тілдерінің тарихи фонетикасының заңдылықтарына қайшы келетіндіктен, мамандар тарапынан

қолдау таппады¹. Г.И. Рамстед «қазақ» терминін монғолдың «хосагтерген» деген сөзінен шығарса, А. Левшин «қазақ» этнонимі туралы ақпарат жоқ деген тұжырымға келген. Бұндай ғалымның үзілді-кесілді тұжырымына қайран қалуға болмайды, өйткені А. Левшин түрік тілі түгілі, парсы және араб тілдерін білмеген. «Қазақ» этнонимі туралы осындай пікір айтқан орыс шығыстанушылары болған. Сонымен бірге нарративтік деректемелердің басқа материалдары негізінде Қазақстан аумағы шегінде шоғырланған бірнеше салыстырулар жасалды. Олардың бірі үш қарлық тайпасының «хасақтар» (хаски) деп оқылуы жөнінде И. Маркварт айтқан пікір болып табылады, зерттеушілер соңғыларын қазақтармен салыстырады. Бірқатар авторлар қазіргі кезде де осы көзқарасты ұстанғанымен, оны дәлелденген деп санауға болмайды. Тоғыз қарлық тайпасының атауларын XIII ғасырдағы парсы тілдес әдебиетші Ауфидің «Джавами әл-хикаят ва лавами ар-риваят» антологиясының көрінеу бұрмаланған мәтіні бойынша Маркварт ұсынғандай оқу алдын ала, сындарлы емес сипатта болды². Араб географы әл-Марвазидің жазған «хасақтар» деп жазғанына В. Минорский текстологиялық өзгерістер жасап, оның «баскиль» деп өзгерткен. «Түркі тайпаларына арналған «Рисалада» баяндаған саяхат туралы естеліктерін орыс тіліне Н.Н. Пантусов аударды. Аударма мәтінінде «хазлақ» деген этникалық атау айталған, ол исламдық «қазлақ» үшін прототипке айналып, содан соң бейнебір «қазақ» түрін алған. Сонымен бірге Н.Н. Пантусовтың «харлұқ» деудің орнына «хазлақ» сөзін дұрыс оқымағанын көрсете кету қажет, қарлық атауының жазылуы орта ғасырлардағы араб әдебиетінде солай берілген. Сол арқылы қарлықтар мен қазақтар арасына теңдік белгісі қойылған, бұл біліктілік емес³.

Келтірілген шолуға қарағанда, Қазан төңкерісіне дейін орыс ғалымдары «қазақ» атауы туралы айтарлықтай пікір айтылмағаны былай тұрсын, өздеріне дейінгі қазақ атамалары туралы жазылғандарды бұрмалап, олардың мағыналарын

¹ Қазақстан тарихы. 2-т. - Алматы, 1998. - 305-б.

² Сонда.

³ Сонда.

өзгертуге дейін алып келген. Керек десеңіз, бұл атама жазба деректерде жоқ деп, ертедегі орта ғасырда араб, парсы, қытай және Еуропа халықтарының жазбаларында бар екеніне көздерін жеткізбеген. Кеңес үкіметі жылдарында да «қазақ» этнонимінің келіп шығу тарихына айтарлықтай көңіл бөлінбеді. Оған Коммунистік ұлттық саясат кедергілік әсерін тигізіп, қазақ ғалымдары бұл мәселемен терең айналысудан тартынды. Орыс тілдес шығыстанушылар да «қазақ» терминінің кейіне терең түсіп, зерттеу жұмыстарын айтарлықтай жүргізе алмады. Міне, осындай жағдайда бұл проблема ретінде қалып келді.

Осы келтірілген деректерге қарағанда, Орталық Азияның батыс бөлігін мекендеген түріктерді көне замандардан-ақ «аса», «каса», «хаса», «хасақ» десе, кейіннен «қазақтар» деп жалпы атаумен атаған. Қазақ халқының шығу тегімен айналысқан тарихшы М. Ақынжанов Алан ұлысы Кіші жүз қазақтарының арғы тегі деген тұжырымға келген. Осы «қазақ» атаулы тайпалар ұлыс деңгейінде бірлесіп, шығыстан батысқа қарай таралып, осы күнгі Ресейдің оңтүстік аймақтарымен Қара теңіздің солтүстік жағалауына дейінгі жерді мекендеген. Яғни, оларды алғашқы дәуірдегі скифтердің (батыс сактардың) мұрагерлері деп атауға болады. Геродот (485-425) «Тарих» атты еңбегінде, Қара теңіз жағалауларындағы скифтер туралы айтқан мәлімдемесінде олардың Византияға, Арабияға және Мысырға дейін жаугершілікпен барғанын айта келіп: «28 лет владычествовали скифы в Азии и своей наглостью и бесчинством привели все там в полное расстройство. Ведь, помимо того что они собирали с каждого народа установленную дань, скифы еще разъезжали по стране и грабили все, что попадалось»,¹ - деген мәліметтер бар. Сөйтіп, б.з.б. V ғасырда түріктердің бабалары болған скифтердің әлем тарихында атқарған жұмыстары зор болып, көрші елдерге де ықпал еткен, олардың сол кезде дамыған, алдыңғы қатардағы этникалық қауымдар болғандығынан хабар береді.

Жоғарда тоқталғанымыздай қазақ этнонимінің төркіні қай кезде, қалай пайда болғаны жайында Ресей және Еуропа

¹ Великая степь в античных и византийских источниках. - Алматы, 2005. - 35-б.

ғалымдары «қазақ» этнонимі туралы алуан түрлі болжауларды алға тартып, мынадай атауларды тілге тиек еткен: «Страна Казахия» (X ғ.); «Қазақ»; «Косоги»; «хасаг-терген»; «хасаки»; «хазлак»¹ және т.б. Парсы және араб тілдеріндегі дерекнамаларда қазақ рулары туралы: «қашақ и аль-касакия» (X ғ.); «касаг»² және т.б.

«Қазақ» этнонимінің әртүрлі атауларына қарасақ, олардың арасында үндестік жағынан бір-біріне жақын келеді. Алғашқы кезде түріктердің өз арасында, әсіресе, жақын және алыстағы көршілердің тілінде Дешті Қыпшақтың ұлан-байтақ жерін мекендеген ру мен тайпаларды кейін жалпы «қазақ» деген этнониммен атаған деген қорытындыға келеміз. Жоғарыда аталған жазба деректерден «қазақ» атауының ертеден-ақ шыққандығын байқадық. Тайпалар басында әртүрлі бір-біріне ұқсас атаулармен аталып, кейін мекендеген жер, экономикалық-мәдени және туысқандық бірлестігі бар түріктер бірлесіп, біртұтас халыққа айналған шақта өздерінің ертеден атап келе жатқан «қазақ» этнонимін қабылдаған деген тұжырымға келеміз.

Қазақ ғалымдарының еңбектері мен шежірелерінде аздап болса да «қазақ» этнонимі туралы айтылғандары осы пікірге жақын келеді. Нығмет Мыңжанның жазуынша, XV ғ. Әбілқайыр ханнан Жәнібек пен Керей бөлініп шығып, қазақ хандығын құрған. Бұл «Өз ұлысынан бөлініп шыққан «қашақтар» деген мағынаны береді. Кейін келе ол қазақтардың атына айналған»,³ - деген деректер келтірілген. Қазақ Совет энциклопедиясында: «XV ғасырдан XVI ғасырдың бас кезіне дейін бұлар бірде өзбек, бірде қазақ аталып жүргенімен, XV ғасырдың 50-жылдарынан былай қарай «қазақ» деген этникалық атау түпкілікті айқындала бастады»,⁴ - деген сөздер осы пікірді жалғастырады.

Бұл келтірілген мәліметтерді болжам ретінде қабылдауға болады. Бірақ оны «қазақ» сөзінің келіп шығуын дәлелдейтін дерек деп айту қиын. Алтын Орда ыдырағаннан кейін, бұрынғы

¹ Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. - Алматы, 1994. - 19-б.

² КСЭ. 6-т. - Алматы, 1975. - 220-б.

³ Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. - Алматы, 1994. - 19-б.

⁴ КСЭ. 6-т. - Алматы, 1975. - 220-б.

Моңғол империясының орнында бірнеше түрік тілдес мемлекет пайда болды. Сол кездің өзінде бірден «қазақ» деген этноним пайда бола қоймаған. Бұл этникалық термин ұзақ жылдардың жемісі. Моңғол-түрік империясы ыдырағаннан кейін, оның қарамағындағы түріктер бірнеше халықтарға бөлініп шыға келгенде, бұрыннан қандас, бауырлас «қазақ» атын алып жүрген этникалық топтар қазақ халқы атанып, өз алдына шаңырақ көтеріп, өздерінің ежелгі жайлаған жері Орталық Азияның ортасында қара шаңырақтың иесі қазақ болып қала берген.

«Қазақ» этнонимі халқымыздың өте бай шежіресінен кең орын алып, бұл халықтың этникалық генетикалық бірлестігі бастан-аяқ баяндалады. Қазақ халқының шежіресі ерте заманнан келе жатқан мұра. Осы деректерге негізделген қазақтар өзінің тегін білген және оны тіршілігінде берік сақтаған. Барша қазақ өзінің ата-тегін білулері шарт болған. Оны «Жеті атасын білмеген қазақ емес», «Жеті атасын білмеген жетесі жоқ желікбас» деген сөздерден аңғарамыз. Әрбір қазақ азаматы осы қағиданы қатаң сақтап, өзара туыскандықтарын ажыратқан, отбасын құру салтында (жеті атадан асып үйлену) ұстанған. Қазақтар жеті атаға дейін туыскандық қанның тазармайтындығын ертеден-ақ білген. Қанның сегізінші атадан кейін ғана тазарып, екі жаңа қан қосылғанда асыл «тұқым» дүниеге келетінін негізге алған. Тұжырымдарын таза етіп сақтауға, сұрыптауға қазақтардың осы күнге дейін мән беретіні баршаға мәлім.

Жоғарыдағы біз тоқталып отырған «қазақ» этнонимінің зерттелу дәрежесі туралы «Қазақстан тарихында» былай делінген: «Зерттеушілер екі жүз жылға жуық уақыт бойы «қазақ» терминінің шығуын түсіндіруге және оның семантикасын ашуға әрекет жасап келді. Айтылған көзқарастар ауқымы өте кең, мейлінше иланымды ғылыми болжамдардан қиыннан қиыстырылып шығарылған этимологияларға дейін бар. Алайда қазақ сөзін түсіндіретін түпкілікті пікірді, тегінде, әзірше ешкім айта алған жоқ».

Төл тарихымыз деп аталып жүрген ғылыми еңбектен келтірілген сілтемеге тоқталуға тура келеді. «Қазақ» терминін шығыстанушы ғалымдар ұзақ жылдар зерттеп келе жатқандығын бекер деуге болмайды. Бұл мәселе бойынша

тарихнамашылар, тілшілер, әдебиетшілер және т.б. ғалымдардың зерттеулер жүргізіп, өздерінің болжауларын, пікірлерін айтып та, жазып та қалдырған. Олардың біразы шындыққа жақын келеді және «қазақ» сөзінің баламасы бола алатын пікірлерге тоқталған. Бірақ олардың ішінде «қазақ сөзін түсіндіретін түпкілікті пікірді ешкім айтпады» деген тұжырымның ғылыми мәні жоқ. Осыншама еңбек еткен шығыстанушылардың шындыққа жататын мәліметтер келтіріп, бұл терминнің баламаларын ғылыми тұрғыдан айтылғандарын қолдауымыз керек.

Олардың қатарына VII-VIII ғасырлардағы «Таң патшалығы тарихында» жазылған «қаса», «хаса»; араб, парсы, Византия, орыс, моңғол және түрік тілдеріндегі жазбаларда: аса, қаса, хаса, хайсақ, қасақ, көсек, гасуг, гасаг, хасық және т.б. болып, бұл елдердің тіл өзгешелігі мен жазу-сызудағы дағды дәстүрлеріне сай әртүрлі аталып келгенмен, көпшілігінің этимологиясы бір-біріне ұқсас келіп, қазақ деген мәнге келді. Ежелден аралас-құралас тіршілік еткен моңғолдар мен жоңғарлар (олардың бөлігі қалмақтар) қазақтарды бүгінге дейін «қасақ» деп атап келеді. Қытай халықтары да батыстағы көршілерін осылай атаған. Бұл сөздің этимологиясын қазақ халқының шежіресінде «өз алдына ел болып, еркін жүрген халық деген сөз» деп Шәкәрім Құдайбердіұлы тегін айтаған. Бұл сөздің мағынасы қазақ халқының жаны мен қанына сіңген. Осы пікірімізді айқындай түсу үшін «қазақ» сөзінің этимологиясына тоқталайық.

2. 2. Қазақ атауының этимологиясы

«Қазақ» этнонимінің пайда болуы туралы айтылған пікірлермен қатар, оның этимологиясы туралы аңыздар мен ғалымдардың жазған және айтқан пікірлері аз емес. Аңыздар мен шежірелерде бұл сөздің мәнін қаз, ақсу сияқты құстардың аттарымен байланыстырады. «Ақсу, қаздың кейпіне қарап, аспаннан ұшып келіп, айдын көлге шомылған перизат аруларға ғашық болып үйлену» қазақ ертегілерінде көптеп кездесетін оқиғалар. Қазақтар ақ қазды, аққуды киелі құс деп санап, оны атауға тыйым салған. Осы құстарды дәріптеу, құрметтеу - қазақ

Моңғол империясының орнында бірнеше түрік тілдес мемлекет пайда болды. Сол кездің өзінде бірден «қазақ» деген этноним пайда бола қоймаған. Бұл этникалық термин ұзақ жылдардың жемісі. Моңғол-түрік империясы ыдырағаннан кейін, оның қарамағындағы түріктер бірнеше халықтарға бөлініп шыға келгенде, бұрыннан қандас, бауырлас «қазақ» атын алып жүрген этникалық топтар қазақ халқы атанып, өз алдына шаңырақ көтеріп, өздерінің ежелгі жайлаған жері Орталық Азияның ортасында қара шаңырақтың иесі қазақ болып қала берген.

«Қазақ» этнонимі халқымыздың өте бай шежіресінен кең орын алып, бұл халықтың этникалық генетикалық бірлестігі бастан-аяқ баяндалады. Қазақ халқының шежіресі ерте заманнан келе жатқан мұра. Осы деректерге негізделген қазақтар өзінің тегін білген және оны тіршілігінде берік сақтаған. Барша қазақ өзінің ата-тегін білулері шарт болған. Оны «Жеті атасын білмеген қазақ емес», «Жеті атасын білмеген жетесі жоқ желікбас» деген сөздерден аңғарамыз. Әрбір қазақ азаматы осы қағиданы қатаң сақтап, өзара туысқандықтарын ажыратқан, отбасын құру салтында (жеті атадан асып үйлену) ұстанған. Қазақтар жеті атаға дейін туысқандық қанның тазармайтындығын ертеден-ақ білген. Қанның сегізінші атадан кейін ғана тазарып, екі жаңа қан қосылғанда асыл «тұқым» дүниеге келетінін негізге алған. Тұжырымдарын таза етіп сақтауға, сұрыптауға қазақтардың осы күнге дейін мән беретіні баршаға мәлім.

Жоғарыдағы біз тоқталып отырған «қазақ» этнонимінің зерттелу дәрежесі туралы «Қазақстан тарихында» былай делінген: «Зерттеушілер екі жүз жылға жуық уақыт бойы «қазақ» терминінің шығуын түсіндіруге және оның семантикасын ашуға әрекет жасап келді. Айтылған көзқарастар ауқымы өте кең, мейлінше иланымды ғылыми болжамдардан қиыннан қиыстырылып шығарылған этимологияларға дейін бар. Алайда қазақ сөзін түсіндіретін түпкілікті пікірді, тегінде, әзірше ешкім айта алған жоқ».

Төл тарихымыз деп аталып жүрген ғылыми еңбектен келтірілген сілтемеге тоқталуға тура келеді. «Қазақ» терминін шығыстанушы ғалымдар ұзақ жылдар зерттеп келе жатқандығын бекер деуге болмайды. Бұл мәселе бойынша

тарихнамашылар, тілшілер, әдебиетшілер және т.б. ғалымдардың зерттеулер жүргізіп, өздерінің болжауларын, пікірлерін айтып та, жазып та қалдырған. Олардың біразы шындыққа жақын келеді және «қазақ» сөзінің баламасы бола алатын пікірлерге тоқталған. Бірақ олардың ішінде «қазақ сөзін түсіндіретін түпкілікті пікірді ешкім айтпады» деген тұжырымның ғылыми мәні жоқ. Осыншама еңбек еткен шығыстанушылардың шындыққа жататын мәліметтер келтіріп, бұл терминнің баламаларын ғылыми тұрғыдан айтылғандарын қолдауымыз керек.

Олардың қатарына VII-VIII ғасырлардағы «Таң патшалығы тарихында» жазылған «қаса», «хаса»; араб, парсы, Византия, орыс, моңғол және түрік тілдеріндегі жазбаларда: аса, қаса, хаса, хайсақ, қасақ, көсек, гәсуг, гасаг, хасық және т.б. болып, бұл елдердің тіл өзгешелігі мен жазу-сызудағы дағды дәстүрлеріне сай әртүрлі аталып келгенмен, көпшілігінің этимологиясы бір-біріне ұқсас келіп, қазақ деген мәнге келді. Ежелден аралас-құралас тіршілік еткен моңғолдар мен жоңғарлар (олардың бөлігі қалмақтар) қазақтарды бүгінге дейін «қасақ» деп атап келеді. Қытай халықтары да батыстағы көршілерін осылай атаған. Бұл сөздің этимологиясын қазақ халқының шежіресінде «өз алдына ел болып, еркін жүрген халық деген сөз» деп Шәкәрім Құдайбердіұлы тегін айтпаған. Бұл сөздің мағынасы қазақ халқының жаны мен қанына сіңген. Осы пікірімізді айқындай түсу үшін «қазақ» сөзінің этимологиясына тоқталайық.

2. 2. Қазақ атауының этимологиясы

«Қазақ» этнонимінің пайда болуы туралы айтылған пікірлермен қатар, оның этимологиясы туралы аңыздар мен ғалымдардың жазған және айтқан пікірлері аз емес. Аңыздар мен шежірелерде бұл сөздің мәнін қаз, аққу сияқты құстардың аттарымен байланыстырады. «Аққу, қаздың кейпіне қарап, аспаннан ұшып келіп, айдын көлге шомылған перизат аруларға ғашық болып үйлену» қазақ ертегілерінде көптеп кездесетін оқиғалар. Қазақтар ақ қазды, аққуды киелі құс деп санап, оны атуға тыйым салған. Осы құстарды дәріптеу, құрметтеу - қазақ

халқының болмысында сақталып келе жатқан қасиет. Солай болса да, қазақ терминінің мазмұнын осы құстармен байланыстыру тек аңыздарға ғана тән екенін естен шығаруға болмайды.

«Қазақ» сөзінің мәнін осы құстарға байланысты деушілер ертедегі Тұран жұртының патшасы Афрасиабтың қызы Қаздың есімін тілге тиек етіп, осы атауды қыздың атымен жалғастырғылары келеді¹. М. Қашқаридің «Түрік сөздігі» атты еңбегінде осындай қаланың болғандығы туралы айтылған. «Қаз: Қаз: Афрасиабтың қызының аты. «Қазын» қаласын сол жасатқан. Бұл сөздің әуелгі мәні: қаз ойыны болады. Өйткені, қызы сол жерде тұратын, сол жерде ойнайтын. Сол үшін де кейбір түріктер «Қазын» шаһарын түрік елі шекараларының бірі деп санайды»². Сол кездегі деректерге қарағанда бұл қала Іле өзенінің орта ағысында, осы күнгі қолдан салынған Қапшағай су қоймасының астында қалды. Оны тек су астынан жүргізілетін археологиялық зерттеулер ғана табуы мүмкін. Бірақ «қазақ» сөзінің мәнін Қазханымының атымен байланыстырудың реті келмейді.

Халқымыздың арасына кең тараған тарихи аңыздар: «қазақ», «алаш» және «үш жүз». Бұл әпсаналардың төркіні ертеде Сырдарияны жайлаған, 32 рулы елді билеген Қызыларыстан атты ханмен байланысты. Ханнан «ала» бала туған соң, оны Сырдарияның суына ағызып жіберген екен. Бір балықшы баланы құтқарып, өзіне бала етіп асырап алады. Бала ер жетеді. Ол әрі ақылды, әрі батыр азамат болған соң, оны «Алаш» деп атайды. Содан кейін қазақ ауыз әдебиетінде айтылатын Қотанбай мен Майқы билер Алаштың қасына жүз жігіт қосып, оны өз еркіне жібереді. Оған Қотанбайдың үш баласы: Үйсін, Болат және Алшын да барып қосылған. Бәрі біріккеннен кейін жігітті ақ киізге отырғызып, хан етіп көтеріп, оны Алаша хан деп атаған деген аңыз бар. Бұл жерде Алаша хан үш жүзді құрайтын Қотанбайдың балаларын біріктірген, осыдан қазақ деп аталатын халық пайда болды деп баяндалған³. Бұндай әпсаналар баршылық. Біз бұл жерде тек біреуінен мысал келтірдік.

¹ Қашқари М. Түрік сөздігі. 3-т. - Алматы, 1998. - 208-209 бб.

² Сонда. 208 б.

³ Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. - Алматы, 1994. - 26-б.

Әлбетте, Қызыларыстан ханның болғанын, одан «алапес» баланың дүниеге келгенін және оның Алаш болғанын ғылыми тұрғыдан дәлелдеу қиын. Сондықтан осы айтылған әңгімені нағыз аңыз деп түсінеміз. Тек бұл әпсананың ішінде «алаш» этнонимінің мәніне қатысты сыр жатқаны аңғарылады. Себебі, «Алаш» сөзі түрік тілдес халықтардың арасында «Атамыз Алаш, атымыз қазақ, үш жүздің ұрпағымыз; Алты алаш; Алаш ұран, түріктер алаштың балалары» деген сияқты тіркес сөздері жиі кездеседі. Мысал ретінде келесі жолдарды келтірейік:

«Алаш алаш болғанда,
Ала тай ат болғанда,
Таңбасыз тай,
Енсіз қой болғанда
Алаша хан болғанда...»¹ -

дейтін сөздер Алаш жайындағы аңыздың меншікті мүлкі қалыптаспаған (тайға таңба басылмаған, қойға ен салынбаған) заманнан келе жатқанынан хабар береді². Соған қарағанда, «алаш» сөзі ертеректе, яғни антикалық дәуірде пайда болып, барлық түрік тілдес тайпалардың басын қосатын «алаш» деген этникалық ұғымның болғанын меңзейді. «Алты алаш», яғни «алты алаштың ұлымыз», «алты алаштан тараймыз» деген сөздер бүгінгі күндері де жиі кездесетін ұғымдар. Алайда «алаш» сөзінің мәні көпшілік қауымға беймәлім болып келген. Тек, түріктанушы ғалым Қ.Сартқожа Орхон мұраларын зерттеп, Білге қаған мәтінін оқығанда «Алаш» атамасы туралы өте құнды деректерді кездестірген: «Б. з. V-VIII ғғ. аралығында тарих сахнасында көрініп бізге жеткен түрік текті тайпалық үлкен бірлестіктер: қыпшақ, тоғыз-оғуз, басмыл, қарлұқ, түргеш, отыз-оғуз. Осы алтауы ғана. Осы алтауы Түрік төрінің (өкіметінің) алтын бағанасы. Бұл алтауы бірлік ынтымақта болса қағанат айбарлы, қаһарлы. Алтауы араз болса қағанат әлсіз. Олар Түрік қағанатының көк туының астына жиналғанға дейін өз-өзінің қағанаты болған.

¹ Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. - Алматы, 1994. - 27-б.

² Сонда.

Сондықтан да, «алты тақ иегерлері» деп Білге қаған ерекше атап отыр. Осы алты кіші хандықтың ордасын не деп атағанын іздестірдік. Таңқаларлығы соншалық, кіші ордаларды М. Қашқари «алачу» (alaču) деп атапты. XI ғасырға дейін халық санасында қалыптасып, XI ғасырдың басында жазылып хатқа түскен атау. Alaču - кіші орда. Бұл тарихи дерек. Аты үлкен тайпалар одағы алты кіші хандық құрып тұрған. Түріктер қағанат орталығын Орда атаса, хандықтардың орталығын «алачу» деп атағаны бізге осылайша белгілі болды¹.

Орхон мұраларынан келтірген жазба деректер баршаның санасындағы «Алаш» сөзінің шығу тегі мен мағынасын айқындайтын құнды мәлімет. Жоғарыда аттары аталған «Алты алашты» құрайтын мемлекеттің орталығын «Алаш» (алачу) деген атамалардан шыққандығын байқаймыз. «Алты алаштың» бірлескен орталығын «Алаш» астанасы деп атаған. Осы бірлестікті құраған алты тайпаның орталығы болған «Алаш» деген сөз барлық түріктердің бірлестігін көрсететін этникалық ұғымға айналып, Орталық Азия түріктерін «Алты алаш», «Алты алаштың ұлдары» болып бірігуін айғақтайды. Бұл пікірдің қай жағынан қарағанда да шындыққа сай екені байқалады. Түріктер бірлесіп «алты алашты» құрайтын аттары аталған тайпалардың бір орталық астанасын белгілеп, оған «Алаш» деген ат қойып, ол түріктердің саяси, экономикалық және мәдени орталығына айналған – деген ұғымға келуге блатын сияқты.

«Алты алаш» бірлесіп империя құрған дәуірлерде түріктер «Алаш» астанасының төңірегіне шоғырланып, оның даңқын асқақтатып, «Алаш» сөзін түріктердің мемлекеттік символына айналдырған. Түріктің аспан бейнелі көк байрағын «Алаштың көк туы» деген түсінік қазірге дейін айтылып жүр. Егеменді Қазақстан Республикасының биік тұтатын туы да осыған негізделіп алынған. Үлкен-кішілі жиындарға, немесе соғысқа жиналғанда «Алаш» деп жар салса, ертедегі түрік дәуірлерінде, қазірде де Астананың атқаратын, оның басқарушы қызметінің үлкен екендігіне айрықша мән берген.

Осы келтірілген мәліметтерге қарағанда, «Алаш» атауы Орда (астана) мәніне ие болып, ертедегі түріктердің бөлінбеген

¹ Сарткожа Қ. Орхон мұралары. - Астана, 2003. - 269-270 бб.

(енші алыспаған) кезінде пайда болып, Орталық Азияны шығыс және батыс көршілерінен қорғауда алаштың көк туының астына біріктіруде үлкен саяси күшке айналған. Сол бірлестік күшті ұйымдастыруда орданың атқарған қызметі айтарлықтай қасиетке ие болған. Түріктер енші алысқаннан кейін, оларды біріктіріп, түрік империясын құруда осы алаш атамасын пайдаланып отырған.

«Қазақ» сөзінің этимологиясы туралы түрік ғалымдары жазған. Солардың бірі Түркия тарихшысы Зәки Уәлиди Тоған: «Қазақ деген ат алғашында сұлтандарға ғана тән еді, кейін оларға қарасты тайпалардың және олар құрған мемлекеттің атына айналды»¹. Бұндай жайттың түрік халықтарының тарихында орын алғаны ертеден белгілі. Солай болса да, бұл пікірді аксиома ретінде қабылдау қиын.

Келтірілген үзіндінің мәні орасан зор. Осы кез біздің «қазақ атанғандық» деп, Моңғол-түрік империясы ыдырағаннан кейін, 1450 жылы Әбілқайыр басқарған хандықтың құрамында «қазақ» деген осы атпен біздің халықтың өз алдына бөлініп шықты деудің қисыны келіп тұр. Бұл тарихи кезеңде түріктер өз алдарына бөлініп, енші алысқаны тарихи оқиға. Қазақ халқы ежелден бір-бірімен араласып, қандас (анда) болған бірнеше рулардан құрылғанын бекер деуге болмайды. Енді «қазақ» этнонимінің мәні туралы айтылған ұғымды, ғұлама барлық өзінің қолы жеткен деректерге сүйеніп, шынайы, әділ тұжырымға келгенін байқау қиын емес. Сондықтан келтірілген З.У. Тоғанның жазғанына қарағанда, «қазақ» атамы алғашқы уақытта түрік сұлтандарына берілген құрметті атау болып, кейін кейбір тайпалардың және мемлекеттердің атамаларына айналдырды деген пікірдің қисыны келіңкіремейді. Жоғарыдағы біз келтірген деректерге қарағанда, Орталық Азияның шығысы Қытайдан, батысы Қара теңіздің солтүстік далаларын мекендеген «Дешті қыпшақ» деп аталған көп санды тайпалардың үлкен бір бөліктері тарихта «қазақ» атамасымен аталған. Олай болса, бұл термин ежелден этникалық мәнді білдіргеніне күмәндануға негіз жоқ.

¹ Тоған З.У. Түгінгі Түркістанның таяудағы тарихы. - Стамбул, 1998. – 37-б.

«Қазақ» сөзінің этимологиясын нақты, оның шынайы мазмұнын ашып қараған Ш. Уәлиханов. Ол «қазақ» сөзін әскери термин ретінде қолданып, «ержүрек, батыл» деген мәнді білдіретінін жазған. Осы мағынаны кеңейте келе В.В. Радлов «қазақ» деген атауды «тәуелсіз, еркін, ерікті адам» десе, А.Н. Самойлович бұл сөздің әлеуметтік мәніне қарап, «... батыл, ержүрек, еркін адам» деген мәнді беретінін жазған. «Қазақ» сөзінің осы этимологиясын ертедегі және орта ғасырдағы жазба деректерде жазылғанын жаңа заманның шығыстанушылары босқа шығара алмаған. Солай болса, «қазақ» атауы еркіндіктің қасиетін ерте иеленген, өздерінің жерін (отанын) көздерінің қарашығындай қорғай білген батыл, ержүрек түрік тайпаларын «қазақ» деп атаған. Олардың айрықша жауынгер болуының негізгі себептерінің бірі кең-байтақ Отанын қорғаудың нәтижесінде батыл ұлдары мен қыздарын тәрбиелеген. Қазірге дейін қазақтар ұрпақтарын патриотизмге тәрбиелеуде, мынандай қанатты сөзді қолданады: «Жалаңаш барда жауға шап, ажал жетпей өлмейсің» деумен бірқатарда, батырлар жырларында бұл мақсатта кең пайдаланған. Қазақтардың осы ерекшеліктері «қазақ» атамасына сай келеді.

Солай болса да, кейбір орыс зерттеушілері «Қазақ» атамасын зерттеп, оны мейлінше бұрмалап жазып қалдығандары баршылық. Шығыстанушы А.Н. Самойлович «қазақ» терминінің келіп шығуын ХІ ғасырға жатқызып, оған «еркін, кезбе» деген мән берген. В.П. Юдин «қазақ» түріндегі «қазақ» терминін кейіннен этникалық мағынаға ие болған саяси мәні жағынан алып қараған. Бұл көзқарас түрік тілдерінің тарихи фонетикасының заңдылықтарымен үйлеспейтіндігі себепті ол бұдан кейін мамандар тобынан қолдау таппады¹. Патшалық Ресей империясының Орталық Азияны отарластыруда белсенді қатысқан әскери қолбасшыларының бірі Н.И. Гродековтің «Қазақ қайдан шықты: Н.И. Гродековтің топшалауы» атты мақала таяудағы «Алаш» тарихи-этнологиялық журналда басылып шықты. Сонда: «Негізінен отарлық мақсатта болса да, ұлтымыздың тарихы мен этнографиясы туралы маңызды деректер жинаған Н.И. Гродеков еңбегінің деректік құндылығын

¹ Қазақстан тарихы. 2-т. - Алматы, 1998. - 305-б.

бағаламасқа болмайды»¹. Осы аталған мақалада: «Слово «қазақ», по словарю Будагова, значить: вольный, бродяга, разбойник, так же холостой»².

Келтірілген үзіндінің айтарлықтай ғылымға қажетті құндылығы шамалы екені байқалады. Отарлаушы әскери қолбасшының жүргізіп отырған саясатына сәйкес келетін қазақ халқы туралы айтылған жағымсыз мәндегі сөз. Оған қосымша, бұл терминнің мәнін түсіну үшін сол халықтың тілін жетік білмек түгілі, ол тілде сөйлей алмайтын болуы керек. Оның келтірген сөзінен ерікті (вольный) деген мағына беретін сөздің шындыққа бірқанша жақын екені дұрыс. Бірақ, түріктер, соның ішінде қазақтар босып, қаңырап, жыртқыштық істеп жүрген халықтар болмаған. Олар ежелден өркениеттің негізін қалаған этникалық тайпалар, халықтар болған. Отаршылық жылдардағы Ресей деректеріне шынайы сын көзбен қарап, олардың ең қажетті, шындықты дәлелдейтін жақтарын пайдалануымыз қажет.

Өткен ғасырда қазақ халқының ішінен шыққан көздері ашық зиялылар да, қазіргі ғалымдар да өз халқының этнонимі мен этимологиясына байланысты пікірлерін айтып та, жазып та келе жатыр. Белгілі шығыстанушы Әбдуәли Қайдар «Қазақ қандай халық?» атты монографиясы жарық көрді. Ғалым ұзақ жылдар бойына бұрынғы, бүгінгі зиялы азамттардың, ұстаз, ақын, жазушы, мемлекет, мәдениет, қоғам қайраткерлерінің, басқа да жұртшылықтың өз аттарынан берген әр түрлі көптекке және жағдайға байланысты айтқан, не жазған жалпы саны 500-ден астам ой-пікірлері, тұжырымдары келтірілген.³ Туындыға кірген пікірлердің басым көпшілігі қазақ халқы туралы жағымды айтқан болса, қалғандары өз халқына күйені молынан жаққан. Жарық көрген бұл еңбекке өз пікірімізді білдірдік.⁴

2000 жылы «Қазақ шежіресі хақында» атты көлемді кітап жарық көрді. Оның кіріспе сөзінде: «Қазақ, Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қуғыншы халық. Ол өмір бойы өзін іздейді, ата-

¹ Ғабжалилов Х., Арпова А. //Алаш. - № 3(3). - 2005. - 44-б.

² Сонда.

³ Қайдар Ә. Қазақ қандай халық? - Алматы, 2009.

⁴ Шәлекенов У.Х. Шынында да ... біз кіміз, Қазақ қандай халық? //Айқын, 17 маусым 2009.

бабасын іздейді, кешегі күнін, болашағын іздейді. Шежіре әр адамның жоғын тауып береді, ата-бабасының өрлігін, ерлігін, тектігін өз мүддесін ұлт мүддесіне қабыстырған жандар екенін көрсетеді¹ - деген. Бұл үзіндіден ғұлама Ахмет Байтұрсынов «қазақ» этнонимі «қуғыншы халық» дегенді білдіреді дейтін пікірін қолдаудың қисыны келмейді. Бірақ қазақ халқының ділінде ата-бабасының тегін шынайы білуге тырысқан, рулар мен тайпалардың таралуын, алуан санды салтын және жалпы тарихымыздың телегей тарихын зерттеуде құнды деректердің бұлағы екенін көрсеткен. Алайда еліміздің ғылыми және ұлттық кітапханаларында жинақталған қазақ халқының шежірелері алуан санды. Оларды нақты зерттеп, ғылыми тұрғыдан талдау әлі қолға алынбай келе жатыр. Бұл мәселемен айналысуға бұрын-соңды шектеу қойылып келсе, енді Егеменді елімізде оған есік айқара ашылды. Сондықтан кейінгі ұрпақтар бұл мәселені қолға белсенді алатынына сенеміз.

Бұдан басқа да шығыстанушы ғалымдардың еңбектерінде «қазақ» сөзінің этимологиясы туралы өздерінің пікірлерін білдірген.

«Қазақ» сөзінің төркіні «еркін адамдар», «көтеріліс жасап, өз еркімен кетушілер», «ержүрек еріктілер» сияқты қорытындыға келушілер бар болса, кейбір ғалымдар «қазақ» атауының арғы тегі ежелгі заманда Орталық Азияны мекендеп, қазақ халқының құрамына енген: сақ, каспий, қазар, аз сияқты тайпалардың атамаларымен байланысты.

Бұл пікірлердің біріне де қосылуға болмайды. Олардың ішінде «көтеріліс жасап, өз еркімен кетушілер» деген қисыны келмейтін болжамдар. Солардың тағы бір тобы «қазақ» сөзінің мағынасын ертедегі ру, тайпалардың атымен байланыстырғысы келетіндерін мойындамаймыз. Біздің пікірімізше, қазақ халқының діліне, болмысына, тіршілік табиғатына тура келетіні сияқты ұғымдар. Осы пікірлердің барлығын сана, ой елегінен өткізіп: «өз алдына ел болып, еркін жүрген халық» деген «қазақ» сөзінің этимологиясына сай келеді. Алдағы уақытта да осы мәнде «қазақ» айтылуы керек.

¹ Аргынбаев К., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. - Алматы, 2000. - 7-6.

Өткен ғасырда өмір сүрген, қазақтың көрнекті, білімді ақыны, ғұламаларының бірі Шәкәрім Құдайбердіұлы түрік, қазақ халықтарының шығу тегіне айрықша көңіл бөліп, сол кездегі өзінің қолы жеткен жазба деректерді жинап, ел арасынан шежірелер бойынша мәліметтерді топтастырып, өзінің «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» атты кітабын 1911 жылы Орынбор қаласында басып шығарған. Бұл құнды еңбекті Ш. Құдайбердіұлының қалай жазғанын, 1991 жылғы басылымның кіріспе бөлімінде жан-жақты дәлелмен баяндаған: «Шәкәрім шежіресін жазудан бұрын осы салада айтарлықтай дәрежеде көп ізденген. Осы мақсатпен қажылыққа екі рет барып, араб, парсы, түрік тілдеріндегі еңбектермен танысады. Ондағы қазаққа қатысы бар шежіре деректермен айналысып, осыған қоса әр ғылым туралы да дерек-мағлұматтар жинастырған. Қолы жеткен деректер көзіне орыс, Еуропа тілдеріндегі кітаптардан да ұзақ жылдар бойы іздестіреді, оларды шежіре жайлы айтылған қазақтың арғы-бергі аңыз-әңгімелерімен салыстырады. Міне, сол аталмыш үш түрлі рухани қазына көздерінен жиған-тергендерін ой көзімен талдап, жүйелеп келіп, қазақ шежіресін өлең түрімен «Қазақтың түп атасы – батыр Түрік» деп атады».

Ғұлама өзінің осы шежіресінде қазақ этнонимінің мәнін былай баяндаған:

«Осы кез біздің «қазақ» атанғандық,
Түрікте бір әдет бар ескі заңдық.
Тамызып, қанын сүтке қосып ішіп,
Анда деп жасайды екен туыскандық.
Туысқа ыда болған қарамайды,
Жақын деп қан қосылмай санамайды.
Ішсе де қай румен қанын қосып,
Бір туған жақыным деп бағалайды.
Құралған әр рудан қазақ басы,
Анда боп қан қосылған қарындасы,
Ел болып, өз еркімен еркін жүрген,
Деген сөз қазақтықтың мағынасы»².

¹ Мырзахметов М. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі туралы // Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. - Алматы, 1991. - 4-6.

² Сонда. 73-б.

«Қазақ» сөзінің этимологиясына қатысты айтылған алуан санды пікірлерді, жорамалдарды қорыта келіп, халқымыздың ұлы ғұламасы Шәкәрім Құдайбердіұлының айтқанына тоқталуымыз керек. Өйткені бұл пікір қазақ халқының жалпы табиғатына дәл келеді. Әлем халықтары өз отандарын қастерлейді, оны қорғайды. Қазақ халқының кең-байтақ үлкен жерге ие болуы сол халықтың ғасырлар бойы қалыптастырған айрықша ерлігін паш етеді. Сол мекенін көздерінің қарашығындай қорғап, оның байлығын емін-еркін пайдаланған. Сондықтан қазақ халқы жерінің қадірін ерте біліп, оны Отанына айналдырып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп қалдырып келген. Бұл тек қызыл тілді пікір емес, оны түсіну үшін неге осындай жерге ие болдық, оны қалай сақтай білдік деген сұрақты қойып, олардың мәнін түсіне білуіміз қажет. Ол біздің халқымыздың отанын қорғаудағы қаһармандығы, азаттық үшін күресі және жауынгерлігі паш етілген деректер өте көп. Олардың бәріне тоқталу мүмкін емес. Тек, бір мысал келтірейік.

Қазақ халқының тарихынан кең орын алған Ресей империясының отарлау саясатын іске асыруда қазақ халқының Ресей отаршыларына қарсы жүргізген ұлт-азаттық күресінен деректер келтірейік. Ұлы І Петр әскери күш-қуатын күшейтіп, 1700-1721 жылдары Солтүстік соғыстың барысында жеңіске жетті. Еуропалық ұлы державалар қатарына қосылды. Күшейген Ресей өз алдында жаңа мақсат қойды. Ол І Петрдің «Шығыс мәселесі» атты ұзақ уақытқа бағдарланған саясаты. Оның негізгі мақсаты - Ресей империясының жерін Шығыс елдердің есебінен кеңейту. Бұл мәселе императордың тірі кезінде басталды. Шығыс Азия елдерін отарластыру жоспарында қазақ жері «Шығыс қақпасы» деп аталды. Шығыстан Ресей жеріне дейін созылып жатқан кең-байтақ жерді мекендеген қазақ елін отарластырудың оңайға түспейтінін І Петр жақсы білген. Қазақ жерін отарластыру кезінде біздің жерімізге келген орыс ғалымдары мен саяхатшыларының еңбектерінде, «қазақтар жерін қызғанышпен қорғайды» деп жазғандарын жиі кездестіреміз. Еркіндіктің жалауын жоғары ұстаған қазақ халқы Ресей отаршыларымен айқаса күресті. Оны тікелей шабуылмен ала алмайтындарына көзі жеткен ресейліктер, қазақ жерінің солтүстік-шығысы мен батыс шекараларына форпостылар мен

бекіністер орнатып, солар арқылы қазақ жерін отарластырып алуды жүзеге асырды. 1731 жылы Әбілқайыр ханның Ресей мен екі ортадағы шартынан кейін, 1864 жылы Шымкентті жаулап алған уақыт арасында 133 жыл уақыт өткен. Қазақстан жерін Ресей түгел өз отарына айналдырды. Орталық Азиядағы Қоқан, Бұхара және Хиуа хандықтарын бекіністер құрмай-ақ соғыс арқылы қысқа мерзімде басып алды. Қоқан хандығын 1865 жылы, Бұхара әміршілігін 1868, Хиуа хандығын 1973 жылы. Бұл мемлекеттердің дайын әскерлері болуына қарамастан, Ресей империясының қарулы күштеріне айтарлықтай қарсылық көрсете алмады. Бұл оқиғаны да ақылдың таразысына салып қараған жөн.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсақ, біріншіден, қазақ этнонимінің б.з. VII ғасырымен есептелетін тарихи деректерде кездесетіндігіне қарағанда, бұл атау ертеректе тіршілік еткен тайпалар арасында да қолданылған. Деректерде келтірілген хронологиялық мерзім кейіннен жазылған болуы керек. Алғашында Орталық Азияның батысынан шығысына қарай созылған ұлан-ғайыр жерді мекендеген түрік тайпалары «қазақ» этнониміне үндес атаумен аталған көрінеді. Кейіннен түріктер өзара енші алысқанда, олар шоғырланған аймақтың ортасында мекендеген тайпалар «қазақ» атауымен аталып қалған. Ол түріктердің қара шаңырағының иесі – қазақ халқы. Бұл қасиетті тұжырымды қазақтың дарынды ақындарының бірі Мағжан Жұмабаев «Түркістан» поэмасында паш еткенін көпшілік біледі ғой. Солай болса да, тағы бір еске түсірейік:

...Тұранда түрік ойнаған ұқсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туыпа па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?
Арыстан елге Отан болған Тұран,
Тұранда қазағым да хандық құрған.
Қазақтың қасқа жолы Қасым ханы
Тұранның талай жерін билеп тұрған.¹

¹ Жұмабаев М. Шығармалары. - Алматы, 1989. - 175-б.

Өте терең мазмұнда «Түркістан» поэмасынан келтірілген жолдарда, Орталық Азияның перзенті түріктердің батыр, жігерлі азаматтар екенін айтып келіп, олардың басқа халықтардан артық болмаса, кем еместігін баяндаған. Олар өзара енші алып бөлініп шыққанда, қазақтар Орталық Азияның қақ ортасында, бұрынғы мекенінде қалып, түріктердің «қара шаңырағына» (яғни мұрагерлігіне) ие болып қалғанының тарихи мәнін айрықша көрсеткен. Қазақ халқының ерлігі оның Ұлы отанын қорғаудың негізінде дамып, бұл қасиет өзінің менталитетінің ажырамас бір бөлігіне айналған. Осындай қайратының арқасында қазақтар өзінің еркін ел болып жасауы үшін ұдайы күресіп келе жатыр. Бұл мақсатына 1991 жылы жетіп, Дербес (Егеменді) Қазақстан Республикасын құруға қол жеткізіп, оны қарқынды, қуатты елге айналдыруда қазақ халқы барлық күшін жұмсауда. Екіншіден, «қазақ» сөзі «өз алдына ел болып, еркін жүрген халық» деген мағынаны меңзейтіндігі жайлы пікірге шын ниетімізбен қосыламыз. Бұл қасиет қазақ халқына тән асыл қасиеттердің бірі екені «Қазақ тарихында» паш етілген. Осы асыл, ғылыми тұжырымға тоқтап, еріктікті айрықша бағалайтын, оның мәнін жан-тәнімен сезетін батыр халық екенімізді дәлелдейтін деректер жеткілікті.

Қазақтың этимологиясы біздіңше осындай!



3-бөлім



ҚАЗАҚТЫҢ ЖҮЗДЕРГЕ БӨЛІНУІ

3. 1. Әдебиеттерге шолу

Қазақтардың жүздерге бөлінуі – тарихи дәрежедегі (категория) мәселе. Ол әлі өзінің түбегейлі шешуін таба алмай келе жатыр. Бұл туралы бұрын-соңды әртүрлі пікір айтушылар, болжаушылар аз болмаған. Оларды үш тарихи кезеңге бөліп қарауды жөн көрдік: Қазан төңкерісіне дейінгі, Кеңес Үкіметі жылдарында және тәуелсіз Қазақстан кезінде.

Батыс Еуропа мен Ресей тарихи жазба әдебиеттерінде, орта ғасырда түріктердің жүздерге бөлініп орналасқаны туралы мәліметтер кездеспейді. Тек, Ресей империясының Қазақстанды отарластыра бастаған кезеңінен бастап орыс ғалымдарының, саяхатшыларының жазып қалдырған деректері бар. 1731 жылы Кіші жүзге келген орыс дипломаты М. Тевкелев қазақтардың үш жүзге бөлініп жайласқанын жазған¹. «1731 жылдың аяғында қазақтардың бодандығы туралы келіссөз жүргізу үшін Кіші жүзге келген тілмаш М. Тевкелев Бөкенбай батырдың айтуынан: «...Қырғыз-қайсақ ордасы үш бөліктен, атап айтқанда: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүзден (Үлкен орда, Орта орда, Кіші орда)» деп жазып алған². Келтірілген үзіндіде М. Тевкелевтің «тілмаш»

¹ Казахское-русские отношения в XVI-XVIII вв. (Сб. документов и материалов). – Алматы, 1961. – док. № 33. – 62-б.; Қазақстан тарихы. 2-т. – Алматы, 1998. – 311-б.

² Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. – Оренбург, 1762. – 7-б.; Татищев В.П. Избранные труды по географии России. – М., 1950; Георги И.Г. Описание всех в Российском государстве обитавших народов. Ч. III. – СПб.,

дегені ол Ресей империясының арнайы Қазақстанға жіберген дипломаты екенін ескеру қажет. Оның үш жүз туралы жазғанына қарағанда, Ресей Үкіметінің әлі де болса қазақтар туралы мәліметтері онша жетік болмағанға ұқсайды. 1731 жылы Кіші жүздың ханы Әбілқайыр Ресей империясына бодан болғаннан кейін, Ресей Үкіметі Қазақстанға әртүрлі мамандарды, солардың ішінде ғалымдарды жыл сайын жіберіп жатты. Олар жаңадан отарласып жатқан жерлердің табиғи-географиялық ерекшеліктерін, байлығын және тарихы мен мәдениетін кешенді көлемде зерттей бастады. Оның үстіне, Ресей үкіметінің чиновниктері мен әскери офицерлері қазақ халқының тарихы туралы өздерінің шамасы келгенше мағлұматтар жинады. Солардың ішінде шығыстану бойынша маманданулы ғалымдар да болды. Олардың жазып қалдырған еңбектерінде Қазақ халқының жүздерге бөлінуіне де көңіл бөлгені байқалады. Бұдан кейінгі И. Кириллов, П.И. Рычков, В.П. Татищев, Г. Волконский, И.Г. Георги, А. Левшин және т.б. Ресей ғалымдары көбінде қазақтардың үш жүзге бөлінгеніне үстіртін тоқталған¹. Мысалы, В.В. Вельяминов-Зернов қазақтың жүздері XVI ғасырдың екінші жартысында Хақ-Назар ханның тұсында бөлінген деген². XVIII-XIX ғғ. Ресей ғалымдарының ішінде қазақтардың жүздерге бөлінуіне көбірек көңіл аударған Орынбор генерал-губернаторы Г.С. Волконский «Қырғыз-қайсақ ордаларының жай-күйі туралы түсінігінде» жүздер туралы біршама мәліметтер берген. Ұлы жүздерге кіретін тек алты тайпаны жазған: дулат, сіргелі, сары үйсін, жалайыр, қаңлы, шанышқылы. Аталмай қалғандары: албан, шапырашты, суан, ысты, ошақты тайпалары туралы айтылмаған. Автор өзі атаған тайпалардың сандарын шаңырақ саны бойынша берген: дулаттар – 40 000 шаңырақ; сіргелі – 20 000; сары үйсін мен жалайырлар – 70 000; қаңлылар мен шанышқылар – 3000

1776. – 116-б.; Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч.1. - СПб., 1832. – 5-б.

¹ Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о касимовских царях и царевичах. Ч. II. - СПб., 1864. - 334, 382-383 бб.

² Қазақстан тарихы. 2-т. – Алматы, 1998. - 311-312 бб.

шаңырақтан тұратынын тілге тиек еткен. Ұлы жүзге кіретін тайпалардың саны 133 000 шаңырақ болғандығын көрсеткен¹.

Бұдан кейін Орта жүзге кіретін алты тайпаны атаған: арғындар, наймандар, қыпшақтар, керейлер, уақтар және қоңыраттар. Бұлардың жайлаған аймақтары мен сандарын көрсеткен. Наймандардың жалпы саны 38 400 шаңырақты құраған. Арғындардың жалпы саны 140 000 шаңырақтай; қыпшақтар – 13 500; керейлер мен уақтар – 130 000 шаңырақты құраған. Г. Волконский мәліметі бойынша барлығы 159 000 отбасы болған².

Г.С. Волконский Кіші жүзді үш тайпа бірлестігінде қараған: байұлы, әлімұлы және жетіру. Бұлар төмендегі рулардан құралған: 12 ата байұлы - адай, алаша, байбақты, беріш, жаппас, масқар, таз, тана, есентемір, қызылқұрт, шеркеш, шихлар; 6 ата әлімұлы: кете, қарасақал, қаракесек, төртқара, шөмекей, шекті (жақайым); жетіру: кердері, керейт, жағалбайлы, рамазан, табын, тама, тілеу. Сөйтіп, Кіші жүз 25 рудан құрылған³. Г. Волконскийдің берген деректерінде жалпы байұлы 62 400 шаңырақты құраса, әлімұлы – 53 700; жетіру – 27 600 шаңырақ болған. Жалпы, Кіші жүзде – 16 700, ал үш жүзде – 485 100 шаңырақты құраған⁴.

1803-1817 жж. Г.С. Волконский Орынбор генерал-губернаторы болып тұрған кезде, қазақтардың арасынан үш жүзге тиісті деректерді жинап, жоғарыдағы еңбегін жазған. Оның қолына түскен мәліметтер үстіртін, бұрмаланған, шамамен айтылған ауызекі деректермен шектелген. Сондықтан да, оның еңбегінде көрсетілген рулардың, тайпалардың, жалпы үш жүзді құрайтын қазақтардың саны жарым миллионға жетпейді. Кейінгі мәліметтерге қарағанда, XVIII-XIX ғғ. қазақтардың саны көп болған. 1998 жылы жарық көрген «Қазақстан тарихында» XVIII ғасырдың бірінші жартысына тура келетін қазақтың саны берілген: «Егер шаңырақта 3 адам

¹ Сонда. 313-б.

² Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Амурдарьи. - Ташкент: Фан, 1966. – 18-б.

³ Қазақстан тарихы. 2-т. - 313-314 бб.

⁴ Сонда. 314-б.

болды деген коэффициентті алсақ, Ұлы жүзде - 399 000 адам, Орта жүзде - 478 200, Кіші жүзде - 497 100, ал үш жүзде барлығы 1 млн 374 300 адам болып шығады».

Алайда Г. Волконскийдің мәліметтерін түпкілікті мәліметтер қатарына жатқызуға болмайтынын жазба деректерде жазылған. Бұл келтірілген пікірді қолдаймыз. Г.С. Волконскийдің мәліметінде қазақтардың санын өте азайтып көрсеткен. Автор жергілікті халықтың тұрмысымен, жалпы менталитетімен таныс емес, тек ел арасынан үстіртін айтылған деректерге негізделген. Ол кезде қазақ арасында адам санағы жүргізілмеген. Тарихымыздан алынған қазақтың үш жүзіне кірген қазақтың саны 1 млннан асқанмен, 1 шаңырақта 3 адамнан деген коэффициентте біздіңше өте аз. Орта есеппен қазақтың бір отбасында 4-5 адам болған.

Қазақтардың отбасылары ежелден көп балалы болғанын естен шығаруға болмайды. Бұл пікір қазақтың мақал-мәтелдерінде кең сәуеленген: «Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар»; «Алты ұл туған ананы - Ханым десе болады»; «Жаман да болса ұрпақ қалсын - өз орнында отың жансын»; «Ержігіт ел үшін туады, Ел үшін өледі»¹.

Халықтың қанатты сөзінен келтірілген үзінділерде қазақтың отбасылары көп балалы болуды қалағанын көрсетеді. Барлық халықтар сияқты қазақтар да ұрпақ қалдыруды мақсат еткен және елін қорғайтын ер азаматтарды айрықша көбейтуге тырысқан. Қазақтың ұлан-ғайыр жерін қорғайтын ержүрек, халқына шын берілген патриот перзенттерді өсірген. Сондықтан қазақтың отбасын 3 адамдық коэффициенттен гөрі, ең кемінде 5 адамнан санасада көп болмас. Тек, сонда ғана қазақтың жалпы санына жақындап қалар. В.В. Бартольд үш жүздің келіп шығуы қазақтардың көшпелі шаруашылығының негізінде пайда болғандығын жалпылама айтқан². Ш.Ш. Уәлиханов қазақтың жүзге бөлінуі XV-XVI ғғ. Моңғол ұлыстарының негізінде келіп шыққанын, бұл жүздердің этностары - қазақ халқы екенін жазған³.

¹ Қазақ мақал-мәтелдері. - Алматы, 1997. - 12, 55, 56, 58 бб.

² Бартольд В.В. История изучения Востока в Европе и России. - Л., 1925. - 217-б.

³ Қазақстан тарихы. 2-т. - Алматы, 1998. - 309-б.

Міне, Ресей империясы кезінде жазылған үлкенді-кішілі ғылыми еңбектерде, қазақ халқының жүздерге бөлінуіне байланысты пікірлер айтылған. Олардың көпшілігі халық арасынан жиналған деректерге сүйенген. Мұндай мағлұматтардың үстіртін болатыны белгілі. Жоғарыда келтірілген Г.С. Волконскийдың еңбегіндегі үш жүзді құрайтын қазақтардың санын шындыққа жатпайтынын айтқанбыз. Бірақ олардың ішінде В.В. Бартольд сияқты шынайы ғалымдарда болған. Олардың жазған еңбектерінде пайдаланған деректерге айрықша мән беріп, ойдың елегінен өткеріп, одан кейін өздерінің ғылыми ойын қағазға түсірген. Солай болса да, олардың көпшілігі қазақ халқының тілін, салтын жетік білмегендіктен, әртүрлі ақаулықтарға жол берген. Сондықтан барлық әдеби, мұрағат мәліметтеріне сын көзбен қарап, олардың ішіндегі өте қажетті жақтарын ғылымға пайдаланып бару қажет.

Кенес Үкіметі тұсындағы ғалымдар қазақ халқының жүздерге бөлінуін өздерінен бұрын жарық көрген ғылыми еңбектерге негіздеп, осы өзекті мәселеге біршама көңіл бөліп, өздерінің болжамдары мен пікірлерін білдірген. М. Вяткин В.В. Бартольдтың жүздерге берген тұжырымын қолдап, оған саяси сипат бере келіп, жүздердің келіп шығуын XVI ғасырға жатқызған¹. «История Казахской ССР»-дың авторлары үш жүздің XVI ғ. экономикалық-географиялық қарым-қатынастардың нәтижесінде пайда болғанын жазған². Х.М. Әділгереев араб деректеріне сүйеніп, қазақ жүздері XII ғ. келіп шықты дейді³. Басқа да әртүрлі пікірлерді жазған ғалымдар аз болмаған. Олардың бәріне тоқталмадық.

Ұлы қазан төңкерісінен кейін Кенес Үкіметі орнап, ол 70 жылдан астам өмір сүрді. Бұл жылдарда Кенес Одағына кірген халықтардың тарихында ұлы жеңістермен бірқатарда оның кемшіліктері де аз болған жоқ. Кенес Үкіметі жылдарын «Бозторғай қой үстіне жұмыртқалаған заман» деп айту қиын.

¹ Вяткин М. Очерки по истории Казахской ССР. - Алматы, 1941. - 99-б.

² История Казахской ССР. - Алматы, 1957. - 148-149 бб.

³ Әділгереев Х.М. К истории образования казахского народа //«Вестник АН КазССР». -1951. - №1. - 85-86 бб.

Одаққа кірген ұлттарды «өзара тең» деген ұран сөз жүзінде айтылып, іс жүзінде «Ұлы орыс халқы» билеп-төстеп келді. Ұлттық Республикаларды орыстасқан сол ұлттың азаматтары басқарып, оның қимылдағанын екінші дәрежедегі чиновниктер Кремльге жеткізіп отырды. Ел билеушілерді үлкенді-кішілі басқару орындарына дайындаған кезде, басқа ұлтқа үйленген азаматтарға кең жол ашылып, оларды «интернационалдық» отбасы деп дәріптеді. Осы жағдайда, чиновниктер қазақтың руга, тайпаға және жүзге бөлінуіне қарсы болып, «жеті атасын білмеген, қазақ емес» деген халық мақалы ұмытылып, жастар жеті атасын білмейтіндей болып шықты. Қазір 60-70-тен асқан қазақ азаматтарының көпшілігі жеті атасынан хабары жоқ. Бұл мәселеге көңіл бөлмейді. Ол біздің халықтың ғасырлар бойына тұқымды сұрыптап, физикалық қайратты, ақыл-ойы кең дарынды ұрпақтар өсіруге зиянын тигізіп келе жатыр. Ата-бабамыз жеті атадан кейін туысқандық қан тазарып отыратынын білген ұрпақтарын табиғи сұрыптап отырған. Осындай жағдайда Кеңес Үкіметі кезінде: «Жүзге бөлінгеннің жүзі құрсын!» деген жағымсыз сөзді талай естігенбіз.

Осындай жағдайда қазақ халқының ата-бабасынан бері руларға, тайпаларға және жүздерге бөлініп өмір сүргенін зерттеуге тыйым салынған. Сол тақырыппен айналысқан зерттеушілерге «ұлтшыл» айдарын таққан. Солай болса да, осы қиыншылықтарға қарамастан, қазақ халқының келіп шығуын, рулары мен тайпаларын зерттеуші ғалымдар болған. Олардың қатары онша көп емес: М.Б. Ақынжанов, С. Аманжолов және т.б.

М.Б. Ақынжанов қазақ халқының этногенезімен айналысқан ғалым. 1954 жылдың 30 қаңтар мен 6 ақпан күндері арасында Ташкент қаласында «Научная сессия, посвященной истории Средней Азии и Казахстана в дооктябрьский период» атты ғылыми жиналыс болды. Осы мәжілісте М.Б. Ақынжанов қазақ халқының этногенезі туралы сөз сөйлеп, өзінің ғылыми тұжырымына тоқтала келіп, оған қарсы шыққан В.Ф. Шахматов пен И. Толыбековтерді сынап келіп, олардың қазақтардың егіншілік және мал шаруашылық меншіктерінің бір-бірімен

байланысы жоқ дегенін бекерге шығарды¹. «Термины «қыстау» и «күзеу» появляются в арабских и китайских источниках VII-VIII вв. н.э. Если мы согласимся видеть в «қыстау» частную форму владения землей, то можем приблизительно определить время появления частной формы землевладения в VIII-IX вв., что совпадает со временем возникновения феодализма в Казахстане»².

Қазақ халқының тұрмысында «қыстау» мен «жаздау» (жайлау) және «күздеу» терминдері (атаулары) ерте замандарда болған. Олардың VII-VIII ғасырларда келіп шықты деудің қисыны келіңкіремейді. Орталық Азияны мекендеген түріктердің, солардың бір бөлігі қазақтардың жылдың төрт мезгіліне арналған қоныстары, ежелден осылай аталып келген. Отырықшылық қолайлы жерде егін еккен, мал ұстаған және мал өсіретін аймақтардағы қоныстарын: жаздау, жайлау, күздеу, қыстау деп, жылдың мерзімдерінің атымен атаған. Осы аймақтар антикалық дәуірде басталып, ол бүгінге дейін мәнін жоймаған. Себебі, өздерінің жайлаған жерінің шөбін үнемдеп пайдаланған.

М.Б. Ақынжанов қазақ халқының табиғи-географиялық, саяси, экономикалық және мәдени жақтарының негізінде «Қазақтың тегі атты» кітабын ана тілінде жариялады. Оның көлемі 162 бет болса да, Кеңес Үкіметі жылдарында өз халқының этногенезіне қалам тарту батырлықтың нышаны екенін мойындауымыз қажет. Өйткені қазақтың рулары мен тайпаларына және жүзге бөлінулеріне тоқталмайынша, бұл мәселені зерттеу мүмкін емес. Өйткені ежелден қазақтар ру, тайпа және жүздерге бөлініп қоныстанған. Міне, М.Б. Ақынжановтың қазақ халқының шығу тегі туралы жазылған еңбегіне коммунистік көзбен қарап, бірқанша гуманитарлық ғылымның уәкілдерінің сынына түсіп, авторға «ұлтшыл» айдарын таққан. Олардың ішінде өзімізден

¹ Ақынжанов М.Б. Выступление //Материалы объединенной научной сессии, посвященной истории Средней Азии и Казахстана в дореволюционный период. - Ташкент: Фан, 1955. - 112-114 бб.

² Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. - Алматы, 1959. - 106-б.

шыққан «қызыл» тарихшыларда болған. Сондықтан да, Кеңес Үкіметі жылдарында жарық көрген бес томдық «Қазақ ССР тарихында», кейінгі «Қазақстан тарихында» М.Б. Ақынжановтың жазған ғылыми еңбектері ескерілмей қалғаны кездейсоқ жағдай дей алмаймыз. Оның айыбы қазақ халқының ру, тайпа және жүздерге бөліну тарихын жазғандықтан болса және оның еңбектері ана тілінде жарияланған. Тарихымызды жазушылардың көпшілігі орыс тілінде жазатын әдетке айналып, қазақ тілінде жазылған еңбектерге немқұрайды қараған. Орыс тілінде шыққан деректерді әлі күнге дейін жалықпай, бірінен-бірі көшіріп жазып келе жатыр. Бұл әлі күнге жалғасуда. Қазіргі кезде бұл жағдай бара-бара түзелетін шығар деген үміттеміз. Өйткені «Қазақ тарихы» қазақ халқы үшін жазылады. Алдымен осы халықтың тарихына тиісті ғылыми еңбектер сол ұлттың тілінде жазылып, ел арасына кең таралуы тиіс. Содан кейін жарық көрген тарихи еңбектер қажеттігіне байланысты шет елдердің тіліне аударылуы керек. Қазіргі кезде үкіметіміз де, халқымыз да осы пікірді қолдай бастады.

Осындай жағдайда белгілі ғалым, шығыстанушы С. Аманжолов зерттелмей келе жатқан қазақ тілінің диалектологиясы мен тарихын зерттеп, 1948 жылы докторлық диссертация қорғап, филология ғылымдарының докторы дәрежесін алды. Бұл жұмысты жан-жақты бірнеше жыл зерттеп, 1959 жылы «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» атты құнды монографияны жарыққа шығарды. Көлемі - 451 бет. Кітаптың алдыңғы сөзінде автор: «В основу данной книги легла докторская диссертация автора, защищенная в 1948 году. После этого она автором несколько раз перерабатывалась и дополнялась (1949-1950 гг., 1951-1953 гг., 1954-1955 гг., наконец, в 1956-57 гг.)»¹.

Осындай еңбектің нәтижесінде өте құнды ғылыми еңбекті дүниеге әкелген. Бұл монография тек қазақ тілінің тарихына ғана емес, оның азаматтық тарихына және қазақ халқының келіп шығу тегіне байланысты деректерге бай. Еңбектің үшінші «К истории образования языка казахской народности» тарауында жүздердің тарихына шолу жасап, өзінің көзқарасын білдірген: «Теперь перед нами встали вопросы: что означает само слово

¹ Сонда. 6-б.

«жүз», когда и чем вызвано такое деление у казахов? Однако по этим вопросам наши историки опять-таки либо молчат, либо придерживаются взглядов старых востоковедов, хотя они и не выдерживают критики»¹.

Ғалымның бұл айтқанынан ашық-айқын байқалып тұрғандай, қазақ халқының тарихын зерттеушілер бұл өзекті мәселелер жөнінде айтарлықтай ешнәрсе істемей, тек Ұлы Қазан төңкерісіне дейінгі ғалымдардың айтқандарын қайталаумен шектелген. Біздің тарихшылардың бұл мәселеге немқұрайды қарауларының себептеріне жоғарыда тоқталғанбыз. Сондай жағдайға қарамастан С. Аманжолов өзінің зерттеу жұмысында «жүздер» мәселесіне тоқталмай кете алмаған. Себебі, қазақтардың алуан түрлі тұрмыстары ру, тайпалық және жүздерге бөлініп өмір сүруімен тығыз байланыста қарағанын былайша жазған: «Мне кажется, что выяснение вопроса происхождения или образования жузов в истории казахов является весьма важной, неотделимой частью вопроса этногенеза. Не уяснив себе эту проблему, невозможно решить вопрос об образовании казахской народности и ее единого языка. Эти вопросы тесно связаны с образованием местных территориальных диалектов, ибо такое деление надо рассматривать и как обособление более мощной единицы - союза племен, и как прочный союз родственных племен, весьма близких по языку»².

Ғұламаның осындай ғылыми тұжырымына бірнеше қазақ тілшілері мен тарихшылары қарсы шығып, коммунистік идеологияның бағдарламасына сүйеніп, С. Аманжоловқа «ұлтшыл, рушыл» деген айдар тағып, оның ғылыми-творчестволық еңбегіне айтарлықтай тосқауыл жасағанына тарих куә. Шынайы ғалым өзінің зерттеу жұмысын жалғастырып, қазақ тілін және тарихын зерттеуге үлкен үлесін қосып, қазақ жүздерінің келіп шығуын қолындағы деректерге сүйеніп, VII-XI ғасырлар еншісіне жатқызып, олардың осы аймақта тайпалық одақ құрып, өздерін-өздері қорғаған деген тұжырымға келген.

¹ Сонда. 106-б.

² Сонда.

Жоғарыдағы тоқталған пікірлер мен болжамдарға қарағанда, С. Аманжолов жүздердің келіп шығу төркінінің әріден басталатынына және олардың бөлінулеріне табиғи-географиялық жағдайдың үлкен әсер еткеніне дұрыс тоқталған. Біздіңше, ғалымның жүздер туралы пікірлері біршама ілгерілеудің нышаны деп білеміз. Дегенмен, жүздердің келіп шығуын VII-XI ғасырлардан ертерек пайда болғанын дәлелдейтін құжаттар кейін пайда болған.

Жоғарыдағы тоқталған М.Б. Ақынжанов, С. Аманжоловтардан басқа қазақ жүздерінің пайда болуы туралы ешкім қалам тартпады. Тек, жалпылама жүздерді атаумен шектеліп келді: 1941 жылы жарық көрген «Очерки по истории Казахской ССР», 1943 және 1949 жылдары басылған: «История Казахской ССР» кітаптарында жүздердің XVI-ғасырда келіп шыққанын қайталаумен шектелген¹. Бұл тарихи кітаптарда қазақ жүздерінің шығуын қазақ хандарының саяси бөлшектенуімен және феодалдық жер иеленушілердің келіп шығуынан деген тұжырымға келген. Бірақ бұл пікірлер ғылыми тұрғыдан дәлелденбеген, қисыны келіңкіремейтін пікірлер деп қараймыз. Сөйтіп, жүз мәселесі осылай шешуін таппай қала берді.

Өткен ғасырдың 70-жылдарында жарық көрген «Қазақ Совет энциклопедиясында» жүздер туралы: «Жүз XV-XVI ғасырларда Қазақстан жерінде қалыптасқан ру-тайпалық бірлестіктер... Қазақстанның табиғи ерекшеліктеріне, онда ежелгі заманнан бері мекендейтін көшпелі тайпалар мен рулардың шаруашылық және саяси жағдайларына байланысты «үш жүз» деп аталатын бірлестіктер пайда болды². Келтірілген үзіндіде жүздердің келіп шығу уақыты нақты айтылғанмен, оған этникалық мән беріп, қазақтың рулары мен тайпаларының саяси-шаруашылық табиғи ерекшеліктерінің бірлестігі нәтижесінде келіп шыққаны баяндалады. Нәтижесінде, қазақтың жүзге бөліну тарихын зерттеу дағдарысқа ұшырады. Тарихшы Т. Сұлтанов: «Бізге жүздердің қашан және қалай құрылғаны туралы нақты мәліметтер жоқ. Шығыстың азын-аулақ деректерінде қазақтар

туралы ешнәрсе айтылмайды¹. Ғалымның қазақтың жүздерге бөліну проблемасына шешілмейтіндей қарауы кездейсоқ емес. Өйткені автор мәселенің шынайы зерттелмей, тарихи бұлақтардың ізделмей жатқанын ескермеген. Оған қоса, автордың қазақ тілінде жарық көрген деректерді есепке алмағаны аңғарылады. Қазақтардың жүзге бөліну мәселесі осылай шешімін таппай қала берді.

Сөйтіп, Кеңес Үкіметі тұсында жарық көрген ғылыми еңбектерде де бұл мәселе «жол жөнекей» қаралып, ыждаһатты зерттелмегенін білеміз. Себебі, бұл мәселе бойынша айтарлықтай жаңа деректер жеткіліксіз болған. Оның үстіне, коммунистік идеология рулардың, тайпалар мен жүздердің шығу тарихын зерттеу ісіне «қырғи қабақ» танытқанын жоғарыда айтқанбыз. Сол кезеңдегі идеология мұндай этникалық бөлшектенуді зерттеу Кеңес Одағы халықтарының «бірлігіне кері әсер етеді» деген жалған пікірге сүйенген. Әсіресе, бұндай керітартпа пікірлерді елбасқарушы шенеуніктер құрал ретінде пайдаланды. Олардың «жүзге бөлінгеннің жүзі құрысын» сияқты сөздері қазақ халқының жүздерге бөліну тарихын, рулар мен тайпаларды ғылыми тұрғыдан зерттеу ісіне балта шапқанмен тең болды.

1990 жылы Кеңес Одағы ыдырап, оның құрамындағы Қазақ КСР-і өз алдына тәуелсіз Қазақстан Республикасы болып құрылғаннан кейін, коммунистік идеологиялық құрсау құлады. Қазақ халқының тарихында да жаңа көзқарастар пайда болды. Бұл егемендігіміздің арқасы. Егемендік дегеніміз - қызыл сөз емес, ол құны жоқ асыл ұғым. Ол қазақ халқының ғасырлар бойы жүргізген азаттық күресінің жемісі. Оны әрбір саналы қазақ түсініп, елін, халқын өркениетті күшті елге айналдыруға атсалысуы тиіс. Осындай жағдайда халқымыздың шынайы тарихын жазуға мүмкіндіктер туды. Кеңес үкіметі тұсында, соңғы уақытта жарық көрген еңбектерді сараптап, толықтырып, ой елегінен өткізіп, қазақтардың жүздерге бөлініп мекендеуін шынайы ғылыми деректерге сүйеніп жазуымыз керек.

¹ Вяткин М. Очерки по истории ССР. - Алматы, 1941. - 97-б.; История Казахской ССР. - Алматы, 1943. - 108-110 бб.; 1949. - 145-б.

² Қазақ Совет Энциклопедиясы (КСЭ). 4-т. - Алматы, 1977. - 520-521 бб.

¹ Сұлтанов Т.Т. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. - М., 1982. - 83-б.

Бұрын жарық көруі қиынға соғатын деректер жарыққа шыға бастады. Жүздер тарихы «Қазақ шежіресі хақында»¹ атты еңбек те және бес томдық «Қазақ ССР тарихы» 1996-2000 жылдардан бастап «Қазақстан тарихында» (бұрынғы Қазақ ССР тарихының 1, 3 - томдары) азын-аулақ өңделіп, жарық көрді. Оның II томында: «Қазақ жүздері. Этникалық аумақ» деген арнайы тақырып берілген. Мұнда жүздер тарихына біршама кең тоқталуға тырысқаны байқалып, оған мынандай анықтама берген: «Кез келген этноәлеуметтік организмнің (ЭӘО) өз аумағы шегінде экономикалық байланыстардың белгілі бір қауымдастығы болады. Қазақ халқы мен оның этникалық аумағының құрылу, қалыптасу дәуіріндегі белгілі бір шаруашылық-мәдени үлгі (ШМУ), этносаяси процестер негізінде қалыптасқан ірі этноаумақтық тайпалар бірлестіктері (немесе одақтары) - жүздер этноәлеуметтік организмнің жоғары санаттарының бірі болды. Қазақтар тарихындағы мұндай бірлестіктер - Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз»².

Келтірілген үзінді ауыр оқылады. Ондағы жүз туралы анықтаманы түсіну оңай емес. Біздің пайымдауымызша, бұл тұста қазақтың жүздерін «этникалық аумақтар» деп санаған, яғни жүздер қазақ халқының үшке бөлініп орналасуынан шыққанын меңзейді. Оған қысқаша «этноәлеуметтік организм» деп анықтама берген. Мұны мойындау қиын. Себебі, жүзге берілген «этноәлеуметтік организм» және «шаруашылық мәдени үлгі» сияқты анықтамалар ғылыми тұрғыдан дәлелденбеген. Жүздердің анықтамасы, оның келіп шығуы осы күнге дейін шешуін таба алмай келе жатырған проблемалардың бірі болып келе жатырғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Егемендікке жеткенімізге 18 жылдан астам уақыт болды. Тарихшылардың арасында жүздің тарихына көңіл бөлуде айтарлықтай өзгеріс жоқ. Сондықтан бұл өзекті мәселеге жаңа көзқараспен қарамақшымыз.

¹ Арғынбаев К., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. – Алматы, 2000.

² Қазақстан тарихы. 2-т. - Алматы, 1998. – 308-б.

«Мәдени мұра» бағдарламасы жарық көрген 2003 жылдан кейін, гуманитарлық ғылым өкілдері тарихқа қатысты деректерді жинауға қызғынды кірісті және кейбір құнды еңбектерді басқа тілден ана тілімізге аударды. Соның нәтижесінде, төл тарихымызға жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік туды. Жоғарыда айтылған пікірлер мен болжамдарды есепке алып, кейінгі жылдарда жарық көрген жаңа деректерге негізделіп, жүздер мәселесін қарастырайық.

Шиеленіскен жүздер мәселесіне жаңаша тұрғыдан қарауға «Мәдени мұра» бағдарламасын 2004-2009 жылдарда іске асыруда қыруар деректер жиналды. 2004-2006 жылдары осы бағдарлама бойынша шыққан кітаптар Мәскеу халықаралық кітап жәрмеңкесінде, сондай-ақ Франкфурттағы, Тегерандағы кітап жәрмеңкелерінде қойылып, әсіресе, «Бабалар сөзі» ұлттық фольклор жинағы мәдениет саласындағы теңсіз жоба деп бағаланып, оқырмандардың үлкен қызығушылығын тудырды. 2007 жылы республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында «Мәдени мұра» тақырыбында 2220 материал жарық көрді. 2004-2006 жылдары ұлттық және әлемдік ой-сана, әдебиет және мәдениет бойынша басылым дәстелерін әзірлеу сериясы бойынша 218 том жарық көрсе, 2007 жылы 74 атаулы кітап шығарылды¹.

2008 жылдың 6 маусымында «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық кеңестің кеңейтілген отырысында Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Мәдени мұраның» атқарған жұмысын қорытындылай келіп: «Бүгінге дейін шет елдерден қазақ тарихына қатысты 5000-ға жуық көшірмелер әкелінген екен. Шетел архивтерінде шаң басып жатқан мұрағаттарды қыруар қаржыға сатып алып, енді өз елімізде қайтадан шаңға көміп тастау ешбір қисынға келмейді»².

Міне, жарық көрген басылымдардан басқа, осынша құнды қолжазбалардың елімізге әкелінуі қазақ халқының тарихына жаңаша көзқараспен қарауға жағдай туғызады. Елбасының айтқанындай, оларды таяу арада ғылымға сапалы пайдалануымыз қажет. Сонда ғана жиналған деректер халқымыздың рухани

¹ Егемен Қазақстан. 14.06.2008.

² Сонда.

байлығын байытады және шынайы «Қазақ тарихын» жазуға мүмкіншілік тудырады.

Егемендікке қол жеткеннен кейін, Қазақстан Республикасы жақын және алыс елдермен саяси, экономикалық және мәдени жақтан қарым-қатынас жасаудың арқасында, сол елдерден құнды тарихи деректерді алуымызға барлық мүмкіншіліктердің болғанын жоғарыда «Мәдени мұра» бағдарламасының іске асып жатқаны жөнінде тілге тиек еттік. Әсіресе, шығыстағы Қытай, батыстағы Иран және т.б. көрші елдерден жарық көрген, біздің тарихымызға өте қажетті кітаптарды алдық. Солардың ішінде, Нығмет Мынжанның: «Қазақтың қысқаша тарихы»¹ еңбегінде қазақтың үш жүзге бөліну тарихына тиісті жаңа деректер берілген. Түркияның ғұлама ғалымы, тарихшы, ұзақ жылдар Қытай, Жапония мұрағаттарында жұмыс істеп, жалпы түріктердің тарихына көп жаңалық әкелген Бахаддин Өгелдің: «Ұлы хун империясының тарихы»² атты екі кітабы қазақ тіліне аударылды. Осы еңбекте Орталық Азия түріктері ерте заманнан бастап жүздерге бөлініп өмір сүргенін алғашқы рет жазған. Қытай деректеріне негізделіп жазылған: «Ежелгі Үйсін елі» (Қытай деректері мен зерттеулер)³ атты 386 беттен тұратын құнды еңбекке қол жеткіздік. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Тарих-адамзат ақыл-ойының қазынасы»⁴ атты 10 томдық кітаптар жарық көрді. Бұл еңбектерде шартараптан жиналған қазақ мәдениетіне, оның тарихына тиісті құнды деректер топталған. Сондай-ақ, «История Казахстана в персидских источниках»⁵; «Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері»⁶; «История Казахстана в западных источниках XII-XX вв.» I-II томдар⁷. Сөйтіп, қазіргі кезде пәрменді түрде қазақ халқының тарихы, жалпы рухани мәдениеті жөнінде

¹ Мынжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. - Алматы, 1994. - 58-б.

² Бахаддин Ө. Ұлы хун империясының тарихы. I-2. кітап - Алматы, 1998.

³ Ежелгі үйсін елі... - Үрімжі, 2005.

⁴ Тарих адамзат ақыл-ойының қазынасы. - Астана, 2005-2008.

⁵ История Казахстана в персидских источниках. - Алматы, 2005.

⁶ Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. - Алматы, 2005.

⁷ История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. I-II томдар. - Алматы, 2005.

деректер кең көлемде жиналуда. Осы бай мәліметтерге сүйеніп, «Қазақ тарихының» өзекті мәселелерін қайта қарайтын уақыт келді. Соның бірі - қазақтардың жүздерге бөлінуі.

3. 2. Жүз атауы

«Жүз» араб тілінде біртұтас нәрсенің бөлігі, саласы деген ұғымды береді. «Жүз» этнонимі түрік тілінде кең және тар мәнде қолданыла береді. Адамның беті, келбеті деген сөзге қатысты «келбеті келген адамнан кеңес сұра» деген қанатты сөз бар, яғни бет жүзі келісті адамның жаман болмайтынын меңзесе, заттардың бөліктерін білдіретін сөздер: қылыштың, пышақтың, қанжардың жүздері сияқты сөздер тұрмыста жиі кездеседі. Осы сияқты мысалдарды көптеп келтіруге болады. Солай болса, «жүз» бір нәрсенің бөлігі. Кең мәнде «жүз» атауы географиялық ұғым. Түріктер кең-байтақ жерлерін табиғи-географиялық ерекшелігіне қарай үшке бөліп, ежелден қоныстанған. Оның әр бөлігін «жүз» деп атаған. Табиғаттың заңдылығына сәйкес, оларды шығыстан батысқа қарай санаған: Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз.

Тілекке қарсы, бұлардың ішінде Орта жүзге тиісті ертедегі жазылған мәліметтер қолымызда жоқтың қасында. Бірақ қалған екі жүз туралы көне заманды қамтитын деректер бар. Орталық Азия түріктері екі жүзге антикалық дәуірде-ақ бөлінген: Ұлы және Кіші жүздер.

Қолдағы деректерге қарағанда, Ұлы және Кіші жүздер деп бөліну «Алты алаш» деген этникалық ұғым кезінде шыққан. Бұл Орталық Азия түріктерінің алты тайпаға бөлініп, «Алаштың» көк туы астында бірлікте өмір сүрген тарихи кезеңі. «Алты алаштың» құрамында: басмыл, қыпшақ, қарлық, тоғыз-оғұз, отыз-оғұз тайпалары болды. Орталық Азия түріктері жалпы «Алты алаш» деген атпен аталып, барлығы бірлікте жасап, ол құдыретті ұлы күшті бірлестікте өмір сүргеніне жоғарда тоқталғанбыз. «Алты алаш» сөзі Білгі (Білге) қаған мәтінінің түсініктемесінде былай делінген тағы еске салайық: «Осы алтауы ғана. Осы алтауы Түркі төрінің (өкіметінің) алтын бағанасы. Бұл алтауы бірлікте, ынтымақта болса, қағанат

айбарлы, қаһарлы. Алтауы араз болса, қағанат әлсіз. Олар қағанатының көк туының астына жиналғанға дейін өз-өзінің қағанаты болған»¹.

Орхон мұрасынан келтірілген үзіндіде, аттары аталған алты тайпа түрік Әлемін құраған. Олардың бірлігіне «Алты алаш» деген атама бергенін байқаймыз. Бұл бірлестік алғашқы кезде бірден пайда болмай, олар өз алдарына үлкенді-кішілі қағанаттарға бөлініп өмір сүріп, күштілері әлсіздеріне үстемдік етіп келген, яғни бір-бірімен жиі-жиі соғысып отырған. Білгі қаған (683-734) Шығыс Түрік қағанатының он жетінші қағаны, Қапаған қағанның (Мочжо) баласы. Үкімет билігін бір орталыққа шоғырландырып, «Білгі қаған бастаған түрік әскері көтеріліс жасаған тайпаларға қарсы көптеген әскери науқан жүргізді. Сол дәуірлерде Білгі қағанның жасақтары Оңтүстік Моңғолиядағы соғыстарға, басмылдарға (ұйғырларға - У.Ш.), табғаштарға (қытай), чиктерге және Енисей қырғыздарына, Жетісу түркештеріне, Алтай қарлұқтарына, үш-оғыз, тоғыз-оғыз, оғыз, тоғыз-татар, ұйғыр, қытай, татаб, тангұт тайпаларына қарсы жазалау шараларын жүргізгендігі айтылады»².

Өзіне қарсы болған түрік тайпаларымен Білгі қаған соғыс жүргізіп, оларды өзіне бағындырып, Көк түрік империясын құрғанын өзінің өсиет сөзінде былай баяндаған: «Тәңірімнің бұйрығы үшін халқымның көзінің көрмегені, құлағының естімегені үшін күннің шығысына, күннің батысына, күндізге, түнге жеткіздім. Алтынның сарысын, күмістің ағын, жібектің тазасын, аттың айғырын, нәжісінің қарасын, тиынның көгін түркі халқына енгіздім... Ей, Түрік! Жоғарыдағы аспан құламай, төмендегі жер тесілмей, сенің мемлекетінді, әдетінді кім жоя алады»³.

Білгі қағанның бұл сөзінен, Орталық Азия түріктерін күшпен біріктіріп, бұрынғы Хун империясы сияқты Көк түрік империясын құрғанын көреміз. Осы империядағы түріктер

¹ Сарткожа Қ. Орхон мұралары. - Астана, 2003. - 269-б.

² ҚСЭ. 2 т. - Алматы, 1973. - 551-б.

³ Шәлекенов У.Х. V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. - Алматы: Жібек жолы, 2007. - 71-б.

Шығыс және Батыс болып мекендегенмен, бәрі Білгі қағанның қол астында жасап, құдіретті ұлы күшке айналғанын мақтанышпен баяндаған. Шығыс бөлігіндегі түріктер бұрынғыша Ұлы жүз аймағында, Батыс бөлігі Кіші жүз атырабында мекендеп, бұрынғы ата-бабаларының қонысында жасай берген. Бұндай екі жүзге бөлініп түріктердің мекендеуі Ұлы Хун (гүн) империясы кезінде болғанына тарихи деректер куә. Соған қарағанда, ертедегі скифтердің батысы «гүн» деп аталып, Кіші жүзді құраған болса, шығысы «сақ», «хун» деген этнониммен Ұлы жүз мекені болған. Осы екі жүзге кірген тайпалар VII-VIII ғасырларда Көк түрік империясын құраған. Соған қарағанда, Орта жүз кейін осы екі жүзден бөлініп шығып, олардың ортасынан қоныс басқан. Олардың құрамына кірген тайпалар өз алдарына енші алып шықпастан бұрын Ұлы және Кіші жүздердің қарамағында болған. Мысалы, қыпшақ тайпасы Кіші жүздің ішінде ертеден жайғасқан болса, наймандар, қоңырат, уақтар сияқты тайпалар Ұлы жүздің қарамағында жасаған. Қазақтың халық болып эволюциялық жолмен қалыптасу процесінде Орта жүзге қарайтын тайпалар екі жақтан бөлініп шығып, Қазақстанның қақ ортасын өздерінің қонысына айналдырған.

«Алты алаштын» өркендеген кезеңі - ертедегі антикалық дәуір. Бұл кезең Хун империясы, Қаңлы, Үйсін, Қыпшақ мемлекеттерінен бұрынғы уақытын қамтиды. Сол кездегі түрік тайпалары Орталық Азияны екіге бөліп, олар Ұлы және Кіші жүз болып қоныстанған. Осы географиялық ұғым түріктердің қоғамында да өз мәнін жоймаған. Бұл пікір қытай деректерінен туындайды. Бірақ Қытайдың тарихи бұлақ көздерінде, Ұлы және Кіші жүздерді Хун империясы мен Ұлы Үйсін мемлекеттерінің араларында болған оқиғаларға байланысты қарастырады. Енді осы және басқа деректер негізінде аталған екі жүзге тоқталайық.

Түріктердің Орталық Азияны жүздерге бөлініп қоныстанғаны және оның хронологиясы жөнінде құнды деректерді қытайдың тарихи бұлақтарынан кездестіреміз. Солардың бірі Түркия ғұлама ғалымы Бахаддин Өгелдің «Ұлы Хун империясының тарихы» атты екі кітаптан тұратын еңбегін 1998 жылы А. Дәулетхан қазақ тіліне аударды.

XX ғасырда Бахаддин Өгел түрік халқынан шыққан шынайы синолог ғалым. Ол қытай тілін жетік меңгергендіктен, қытай жазба деректерін көп жылдар жинап, хун, түрік тарихын тұңғыш жазған ғұлама. Ол өзінің алғы сөзінде оқырмандарға арнап мынандай батыл тілегін білдірген: «Бұдан былай қалай болса, солай аударыла салған орысша, немісше, французша текстерді ежіктеп, әуре болмайтындықтарын мақтанышпен ескерте кетеміз... Бар тапқан-таянғанымызды алдарыңызға жайып салдық. Мұнан былай кім қандай сөз айтқысы келсе де осы құжаттарға жүгінетін болар»¹.

Ғұламаның оқырмандарға білдірген пікірінен, оның осынша еңбек етіп жазған кітабы шынайылыққа негізделіп жазылғанын, өзіне дейінгі шет елдердің зерттеушілерінің еңбектеріндегі ақаулықтарды түзеткенше, ашық, батыл баяндайды. Қытай және басқа тілдерді білгендіктен, Қытай деректерін оңды-солды пайдаланған зерттеушілердің еңбектеріне сын көзбен қарап, олардың жіберген қателерін еске алып, хун-түрік тарихының ертедегі бір бөлігін жазғанын аңғару қиын емес. Бұл құнды еңбекте біздің жыл санауымыздан бұрынғы (б.з.б. - Ш.У.) 120 жылға дейінгі 2000-2500 жылдық ұзақ тарихқа шолу жасай келіп, хундардың алғашқы белгілі ел басшылары - Тұман мен Мете қағандар дәуірін жан-жақты қарастырған. Ғұламаның бұл еңбегінде Ұлы йүзілер (жүздер) мен Кіші йүзілер туралы жаңа деректер берілген.

Ежелден түріктердің шығыс көршісі Қытай жылнамаларында жүздер туралы деректер б.з.д. VII-III ғасырларға тура келеді. Осы елдің деректерімен жақсы таныс ғалым Нығмет Мыңжан былай дейді: «Еліміздің жазба жылнамаларында олардың (жүздердің - У.Ш.) аты «ұлы иосі», «ұлы иөзі», «ұлы жүз» түрінде кездеседі. Кейін келе бұлар «ұлы иөзі» және «кіші иөзі» деп екіге бөлінген. Ежелгі хансу (қытай - У.Ш.) тілінде жазылған бұл ұлыстардың атын «ұлы иүз», «кіші иүз» («ұлы жүз», «кіші жүз») деп оқуға да болады. «Хан патшалығы тарихы. Батыс өңір шежіресінде»: «Үйсін халқының ішінде сақ тайпалары да, ұлы жүз тайпалары да бар»², деп жазылған.

¹ Бахаддин Ө. Ұлы Хун империясының тарихы. 1-кітап. - Алматы, 1998. - 3-б.

² Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. - Алматы, 1994. - 58-б.

Осы кезеңде «сақ» немесе «скиф» тайпаларының өз атауларын жоймағанын аңғарамыз. Олар сақ және түркі тайпалары болып аралас жасаған. Бұл кезең бұрынғы сақтардың атауын өзгертіп, олар енді түрік атауына көше бастаған кезеңі болса керек. Ежелгі грек тарихнамаларында «сақтар өте батыр жауынгер», «қасына қатал, досқа адал» адамдар екенін жазған. Соғыста өлтірген жауларының бас сүйегін ішімдік ішетін ыдыс ретінде пайдаланған. Жауларының жон терісінен шылбыр жасаған. Олар батыр жауынгерді ардақтап, құрмет тұтқан. Жыл сайын үлкен мерекелер ұйымдастырылып, мерекеде осындай ортақ ыдыстан тек жауды өлтірген жауынгерлер ғана сусын іше алатын болған. Сақ деп аталатын тайпалардың әрқайсысының өз алдына ханы болған. Хандардың әмірі күшті екені айтылған. Хан қаза болса, оның денесін арбаға салып алып, ел аралатқан. Ханның денесін көрген бұқара халық қатты қайғырып, құлақтарын канатып, шашын жұлып, бетін, көздерін тырнаған. Сол қолын оқпен тесетін болған. Қаза болған хан үлкен қорғанға жерленген. Өлікпен бірге алтын, күміс, ыдыс-жабдықтарды және сойылған аттарды бірге көмген. Тіпті ханның ханымы мен қызметкерлері де өлтіріліп, бірге жерленетін болған.

Айта кететін бір жағдай, антикалық тарихымызда Томирисігі массагет тайпасының патшасы деп жазып келеміз. Егер ол патша аталса, мемлекет билеген тарихи тұлға болуы тиіс. 228 жылдай үстемдік еткен Ахмеди династиясының жер қайысқан әскерімен қанша күшті болса да, массагет тайпаларының оларды жеңуі екі талай. Соған қарағанда, сол кездегі Орталық Азияның автохтонды тұрғындарында құлиеленушілік қоғам болған, оның патшасы Томирис болса керек деген пікір туындайды. Оны терең зерттеу қажет. Осы күнге дейін Томирис сияқты тарихи тұлға туралы айтарлықтай зерттеу жұмысы жүргізілмей келе жатыр. Бұл мәселе туралы, тек Б. Жандарбековтың «Саки» атты тарихи романында (Алматы, 2007) Томирис патшаға айырықша көңіл бөлген. Солай болса да, Томирис сияқты ел және қолбасшысы болған тарихи тұлға туралы ғылыми еңбектер жарық көрсе деген тілектеміз.

Қола мен темір ғасырларына жататын сақтардың ескерткіштері Орталық Азиядан, әсіресе Қазақстаннан көптеп табылды¹.

3. 3. Ұлы жүз

Б.з.д. III ғасырларда Ұлы және Кіші жүздердің болғаны туралы Қытай деректері мәлімет береді. Хундарға қысқаша тоқталайық.

Б.з.б. мыңыншы жылдарда Шиан, Жоу династиялары кезінде Қытайдың батысындағы Тибет тауларының төңірегінде хундар деген атпен түрік тілдес тайпалар жасап, мал шаруашылығымен, егіншілік кәсібімен айналысқаны айтылады. Басты малы - сиыр, жылқы болған. Бұл малдар ежелден отырықшылардың байырғы түліктері. «Ертеректе бұл манайда өмір сүрген тайпалардыхиениун және хунну деп атайтын болған. Қытайлықтар бұларды кейінгі хундардың ата-бабалары болар деген деп түйіндеді»². Бұл пікір орыс ғалымдарының айтқандарына да жақын келеді. К.А. Иностранцев гундарды түрік тілдес халықтарға жатқызып, олардың батысын - гундер, шығысын -хуннулер деп екіге бөліп атаған³.

Бұл пікір орыс тарихшыларының көпшілігінен қолдау тапқан. Осы келтірілген деректерге қарағанда, ертедегі скифтердің ұрпақтары осы хунну мен гуннылар, олардың жалғасы пешенектер. Олар Қара теңіздің солтүстік жағалауынан Шығыс Түркістанды түгел иеленген түрік тілдес халықтардың құрған этникалық одақтары мен мемлекеттері болған. Оның шығыс бөлігі хунну - деген атпен Қытайдың батыс, солтүстік көршісі болып, олармен саяси, экономикалық және мәдени байланыс жасаған.

¹ Маргулан А.Х. Бегазы-Дандыбайская культура Центрального Казахстана. Соч. Т. I. -Алматы, 1998.; Акишев К.А. Қазақстанның көне алтыны. - Алматы, 1983.; Төлеубаев А.Т. Археологияның асқар асулары //Егемен Қазақстан. - 13.10.2007.; Самашев З., Фаизов К.Ш., Базарбаева Г.А. Археологические памятники и палеопочвы Казахского Алтая. -Алматы, 2001.

² Бахаддин Ө. Ұлы Хун империясының тарихы. I-кітап. - Алматы, 1998. – 16-б.

³ Иностранцев К.А. Хунну и Гунну. - Л., 1926 // Советская историческая энциклопедия. Т. 4. - М., 1963. - 889-890 бб.

Осы хуннулар (хундар) өздерінің бауырлас Ұлы жүз (йүзілер) мемлекеттерімен қоян-қолтық араласып, оларды шығыс-оңтүстік көршілеріміз деп таныған. Тарихи деректерде Қаңлы және Үйсін мемлекеттері - түркі әлеміндегі ең көне мемлекеттердің бірі. Хун мемлекеті Үйсін және Қаңлы мемлекеттері бір заманда қатар жасап, дәуірлеген. Үйсін мемлекетінің ел билеу жүйелері ертеден қалыптасқанын, оның жоғарғы басшысы Күнби болып, б.з.б. 177-104 жылдары мемлекетті басқарғаны айтылады. Үйсін мемлекеті осы күнгі Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Ыстықкөл атырабынан Шығыс Түркістан жерлерін иеленіп, Хундармен көршілес тұрып, екеуі Қытайдың жалпы батыс көршілері саналған.

Қытай жылнамаларындағы деректерге қарағанда, Хундар мен Үйсіндер бір-бірімен ежелден туыс халықтар. Тұман хан (Теоман) кезінде хуннулар күшейген. Б.з.б. 221 жылы Хун мемлекетін ұйымдастырып, Тұман өзін хан – деп жариялаған. Тұман хан заманында Ұлы жүздердің шығыс шеті Қытайдың шекарасына жақын болған. Хун мемлекетінің империяға айналуы Тұманның ұлы Метенің (Моу Дун) б.з.б. 209 жылы таққа отыруымен байланысты. Мете күшті Хун империясын құрып, шығыстағы ежелгі көршісі Қытайға және батыстағы бауырлас үлкенді-кішілі түрік мемлекеттерін біріктіру мақсатында жойқын соғыстар жүргізді. Оның ішіндегі ең мықтысы - Ұлы жүз үйсіндерінің мемлекеті. Орталық Азияның батыс-оңтүстігінде б.з.б. II - б.з. V ғасырларында Қаңлы, Үйсін, Ферғана, Тохаристан, Кушан, Эфталит сияқты түркі тілдес халықтардан құралған мемлекеттердің жалпы саны туралы, Батыс елдермен қарым-қатынас қытай патшасы У Дидан (б.з.б. 140-86 жылдар) басталып, әрі қарай дами түсті. Орталық Азияның батысындағы мемлекеттер алғашында 36 делінсе (Метенің хатында 26 мемлекет деп жаңылыс жазылса керек), кейін келе өз ішінен бөлшектеніп 50 шақты мемлекетке айналды. (Ян Шигудың мәліметіне қарағанда 55 мемлекет болған)¹.

Бұрын тарихшыларымыз, ертеде түріктерде мемлекет болмаған, олар ру-тайпа одағында өмір сүрген деп келсе, бүгінгі

¹ Бахаддин Ө. Ұлы Хун империясының тарихы. I-кітап. - Алматы, 1998. – 265-б.

күні оңтүстік-батыс аймағын мекендеген түркі тілдес тайпалар мен халықтар арасында антикалық дәуірде мемлекеттердің саны аз болмағанын көреміз. Олар үлкенді-кішілі мемлекеттерге бөлініп өмір сүрген, өзара тыныш жасамаған. Күштілері әлсіздеріне жиі-жиі күш көрсетіп отырған. Олардың ішіндегі бізге белгілілері - Хун және Үйсін мемлекеттері. Әсіресе, Хун империясы Метенің саясатын оңтүстік-батыстағы қандастарына жүргізгенде, жолдағы ең жақын жатқан көршісі - ұлы күш Үйсін мемлекеті болған. Оның осы бағытқа қарай жүргізген жорығында Үйсіндер батыл қарсылық көрсеткендіктен, оларға қарсы Мете бірнеше қанды жорықтар жасаған. Метенің әкесі Тұман хан кезінде де хундармен Ұлы жүздердің ортасында қақтығыстар болған. Ол келіспеушілік Мете кезінде күшейе түскен. «Метенің әкесі Тұман ханның тұсында шығыс пен батыста ең ірі екі мемлекет бар болатын. Шығыста байырғы моңғолдық дұнхулар күшті, ал батыста йүзілер әрі күшті, әрі бай еді»¹.

Міне, осы йүзілерге қарсы Мете б.з.б. 176 жылғы жойқын соғыс жүргізіп, шығыстағы йүзілерді бағындырған. Одан кейін екінші жорығын жүргізіп, йүзілер Жетісу өңіріне орналасқаны деректерде айтылған. Әйтпесе, бұл деректерге қарағанда - ұлы йүзілер Қытайдың батысын мекендеп, хуннулар оларды Жетісу өңіріне әкелді деген ұғым қытайлықтардың үйсіндерді жетік біле алмағанынан шыққан пікір деп түсінуге болады. Өйткені бұл өлке ежелден үйсіндердің мекені екені тарихтан белгілі. Солай болса, шығыстағы йүзілер бұлардың бір бөлігі болып, хундардың көрсеткен қысымы нәтижесінде Жетісу, Шу, Ыстықкөл төңіректеріндегі бұрынғы бауырларына келіп қосылған болуы тиіс.

Хун империясының ханы Мете қайтыс болған соң, оның орнына ұлы Ки Иук (Лаушан) 174-160 жылдары үстемдік еткен кезде йүзілерге қарсы жорықтарын жүргізгені туралы: «Метенің ұлы да әкесіне ұқсап (әкесінің айтып кеткені бойынша) Батыстағы «Садақты қауымды бір ғана шаңырақ астына жинап, хундарға айналдыру ісімен айналысқандығы еді»². Осы мақсатты орындауда йүзілермен қанды соғыс жүргізіп, оларды

¹ Сонда. 205-б.

² Сонда. 286-б.

бағындырғаны туралы былай делінеді: «Мете оларды (йүзілерді - У.Ш.) жеңді. Кейінірек (Метенің ұлы) хун қағаны Лаушан б.з.б. 174-160 жж. йүзілердің патшасын өлтірді және оның бас сүйегінен бір тостаған жасатты: Осыдан кейін йүзілер алыс жерлерге кетіп қалды. Ферғананы (Дошуан) ашты. Батыста Тахарыстанға шабуыл жасады. Оларды өздеріне бағындырды. Әмударияның солтүстігінде бір астаналық қала тұрғызды. Бектер сарайы да сол кентте болды»¹. Метенің ұлының осынша экспанциялық әрекетіне қарамастан, Хун империясы өзінің ішінен әлсіреді. Оның қарамағына кірген түріктерде де өз алдарына бөлінушілік процестеріне ұшырады.

Нәтижеде, Хун империясы ыдырап, үстемдігінен айырылып, олардың мирасқорлары көк түріктер болғаны туралы қытай деректерінен кездестіреміз. Хун империясы үстемдік етіп тұрған кезде, олардың қаған, бек, тегін деген лауазымды аттармен аталатын белгілі басшылары болған. Солардың бірі хундардың Оң Білге қағаны, әрі генералы хундардың батыс өлкесінде Шанчун аймағын басқарған. Б.з.б. 176 жылғы Метенің хатында: «(Арамыздағы келісімді бұзғаны үшін) Оң Білге қағанымды жазаладым. Йүзілерді іздеп табуға, сөйтіп, оларға шабуыл жасауға жұмсадым. Тәңірі жар болып, қолбасшы іскер, әскер алымды, ат-көлік күйлі болғандықтан, йүзілерді біржолата жеңдім. Оларды мейлінше қырғындай отырып, тізе бүктірдім. Сондай-ақ, Лоулан, Үйсін, Хужне және олармен көршілес елдерден 26 бектікті (немесе Шығыс Түркістанды) тұтастай хундарға бағындырып, оларға қажетті бірлік пен тәртіпті нығайтып, тынышталдырдым»².

Метенің хатынан келтірілген осы деректерге қарағанда, Ұлы жүзді, соның ішінде Шығыс Түркістанды мекендеген ұлы жүздерді өзіне бағындырғанын көтеріңкі көңілмен баяндағаны байқалады. Үйсін мемлекеті бектерге бөлініп басқарылғанын көреміз. Сол аймақтарға Ұлы жүздің бектерін түгелімен қоластына кіргізген. Хундардың ішінде Оң Білгі қаған сияқты қолбасшының Үйсіндерді жеңуге айрықша қызмет еткені

¹ Сонда. 271-б.

² Сонда. 270-б.

айтылған. Міне, осы бектер мен қағандар Хун империясын басқара бастаған кезі. Сол кезде хундардың ішінде Көктүрік империясын кейін құрған Білгі (Білге) қаған атанған әскери басшы болғанын байқаймыз. Метенің қол астындағы ірі әскерге Білге атты қолбасшы болғаны айтылған. Солай болса, көктүріктердің негізі хундардың ішінен өсіп шыққанын көреміз.

Б.з. 150-400 жылдарында көктүріктердің бірнеше мемлекеттері өз алдына тіршілік етті. Б.з. V ғасырда олар феодализм қоғамына өтті, оны мейлінше дамытты. Хун империясындай, оларды Білгі қаған біріктірді.

Осы кездегі Орталық Азиядағы белгілі мемлекеттерден: V-XIII ғасырлар түрік тілдес мемлекеттерден Түргеш (Сары Үйсін), Қарлық, Қарахан және Қарақытай (Қарақидан), XIII ғасырдың басында ең соңғы Қарақытай мемлекетін моңғолдар жаулап алды. Сөйтіп Моңғол-түрік империясы орнатылды. Жоғарыда келтірілген деректерге қарағанда, Ұлы жүз деген ұғым ертеде пайда болып, ұлан-байтақ жерді алып жатқан. Ол географиялық жақтан Орталық Азияның оңтүстік батысынан Қытай қорғанына дейінгі ұлан-ғайыр жерге таралған. Түріктердің көп санды этникалық тайпалары сонда жасап, үлкенді-кішілі мемлекеттер құрған. Олардың ішінде ең күштісі Ұлы йүзілер мемлекеті болып, көршілес Хун мемлекетімен бақталасып отырған. Нәтижесінде, хундар үстем болып, оларды бағындырған. Осы ежелгі мекенінде Ұлы жүздің ұрпақтары қазір де жасайды. Хун империясы құлап, б.з. II ғасырларында хундар туралы деректер шамалы кездеседі. Оның орнына Көктүрік империясы құрылады.

3. 4. Орта жүз

Антикалық және ертедегі орта ғасырлардағы тарихи деректерде Орта жүз туралы мәлімет әлдеде аз. Орта жүз бойынша ертедегі мәліметтер тек қазақ ауыз әдебиетінде, ру, тайпа шежірелерінде кездеседі. Барлық қазақ халқының генеологиясын үш арыстан таратады: Ақарыс (Ұлы жүз), Жанарыс (Орта жүз) және Бекарыс (Кіші жүз). Жүздердің жайласқан

мекендері географиялық тұрғыдан тура айтылып, Орта жүздің осы күнгі Орталық Қазақстанды мекендегені баяндалады.

Бұл жүз туралы жазба деректер Ресей империясының Қазақстанды отарластыруымен байланысты айтылады. Әсіресе, XVIII ғ. бірінші жартысынан бастап, біздің елімізге келген Ресей дипломаттарының, ғалымдары мен саяхатшыларының жазып қалдырған деректерінде Орта жүздің тарихына тиісті мәліметтерді кездестіреміз. Олардың арасында А.И. Тевкелев өзінің қағазға түсірген деректерінде Орта жүздің руларға, тайпаларға бөлініп жайласқан мекендеріне тоқталған. Орта жүз қазақтары алты тайпадан құрылған: арғын, найман, керей, уақ, қоңырат, қыпшақ¹. Бұл саясаткерден басқа да Ресейден Қазақстанға келген зерттеушілердің еңбектерінде қазақ халқының жүздерге бөлінуі туралы азды-көпті мәліметтерді кездестіреміз. Бірақ олардың қалдырған деректерін өте сын көзбен қарап, ой елегінен өткізіп пайдаланған абзал. Өйткені олар жергілікті халықтың тілін, ділін білмеген, тек көрген-естігендерімен шектеліп, оны қағазға түсіріп қалдырған. Бұндай кемшіліктер олардың басым көпшілігіне тән. Солай болса да, осы деректердің құнды тұстарын дұрыс пайдалануымыз қажет.

Енді Орта жүздің шығу тарихы туралы өз пікірімізді ортаға салайық.

Орта жүз тарихы Моңғол империясының ыдырауынан кейін, жалпы түріктердің өзара енші алысып, жеке-жеке халық болып бөлініп шығуымен байланысты қараған жөн. Қазақтар да өзінің ежелден мекендеген жеріне ие болып, Орталық Азияның қак ортасындағы ежелгі мекенінде шаңырақ көтерді.

Шыңғыс хан негізін салған Моңғол-түрік империясының шынайы тарихы ғылыми тұрғыдан жазылмағандығы былай тұрсын, «орайлық европалық көзқарас» бұл ұлы мәселені мейлінше бұрмалап келеді. Мысалы, «Қазақстан тарихындағы» «Жаулап алудың зардаптары» атты бөлімде: «Шыңғыс хан әскерлерінің шапқыншылығы жаулап алынған елдер үшін өзінің зардабы жағынан ауыр апат болды; ол көптеген халықтардың экономикалық және мәдени прогресін, олардың саяси,

¹ XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары (құжаттар мен материалдар жинағы). -Алматы, 1961.

әлеуметтік және этникалық дамуын ұзақ уақыт тоқыратты. Моңғолдардың жаулап алуы салдарынан өндірістен күштер талқандалып, адамдар жаппай қырылды, өркендеп тұрған қалалар жер бетінен ғайып болып, материалдық және мәдени қазыналар жойылып кетті, ондаған мың тамаша шеберлер мен қолөнершілер құлдыққа айналдырылды»¹.

Келтірілген үзінді сын көтермейді. Себебі, ұзақ жылдар бойына айтылып келе жатқан «орайлық, еуропалық көзқарас». Шыңғыс хан бастаған моңғолдар шапқыншылығының көлеңкелі тұстарын асырып жазған. Мұндай пікір шындықтан алшақ жатыр. Шыңғыс хан алдымен өзіне батыс Қытайды бағындырып, 1218 жылы ол өзінің батыс жорығын бастады. Жаулау жорығы кезінде қарсыласқан күштерді қиратып, бағындыру үшін бар күшін аямай жұмсады. Бұл барлық басқыншылық соғыстарына тән құбылыс. Әйтпесе соғыс бола ма? Осы жорыққа қарсы тойтарыс берген қалалар Отырар, Көне-Үргеніш (Хорезм мемлекетінің астанасы) қатты зардап шегіп, қирады. Жорық жолындағы үлкенді-кішілі елді мекендер, Ұлы Жібек жолындағы Жаркент, Алматы, Мерке, Құлан, Тараз, Испиджаб (Сайрам), Ташкент, Самарқанд, Бұқара, Мерв және т.б. көптеген қалалар мен елді мекендерді Шыңғыс хан әскері қиратқан жоқ.

Орталық Азияны толық жаулап, оны Шыңғыс хан Төлей, Үгедей, Шағатай, Жошы деген балаларына бөліп берді. Олар өздеріне берілген аймақтарда билік жүргізді. Моңғолдар әр аймақта жоғарғы басқарушы органдарда отырғанымен, олардың қол астындағы төменгі басшылар жергілікті халықтардан таңдалды. Моңғолдар басып алған жерлерінде сан жағынан өте аз болды, ал жергілікті тұрғындар, әрине басым болды. Моңғол әскерінің басым көпшілігі түріктерден құрылған. Алдыңғы Азия мен Еуропадағы басып алған елдер Моңғол империясының вассалына айналды.

«Адамдар жаппай қырылды» деген сөздердің қисыны жоқ. Керісінше, Орталық Азия, Алдыңғы Азия, Еуропаның біршама елдері Моңғол империясына кіріп, үш ғасырға жақын өмір сүрген кезде, жергілікті халықтардың арасында салыстырмалы

¹ Қазақстан тарихы. 2-т. - Алматы. 1998. - 89-б.

тыныштық орнап, халықтардың экономикасында, материалдық жағынан және мәдениеттерінде біршама алға өрлеушілік болғанын мойындауымыз керек. Осы кезде империяға кірген рулардың, тайпалардың, халықтардың этникалық дамуы қарқынды жүрді. Осы империяда 200-ден астам жаңа қалалар бой көтерсе, көне шаһарлар үлкейіп, өскені байқалады. Жалпы, Моңғол империясы жергілікті халықтардың дамуына айтарлықтай тосқауыл жасамаған. Сондай-ақ, империя көлемінде халықтардың этникалық процесі дамып, қандастық жағынан жақын этностар дәрежесіне дейін көтерілген. Осы күнгі түрік тілдес халықтардың өз алдарына ел болуына негіз салынған.

Моңғол-түрік империясы ыдыраған кезде түрік тілдес халықтар өз алдына халық болып шыға келді. Моңғол империясы құрамындағы түріктер арасында этникалық процесс тоқтамай, табиғи-географиялық, тарихи жағдайларға байланысты түрік халқы қалыптасқан. Бұл процесс жылма-жыл ен жайып, Моңғол-түрік империясы ішіндегі түріктер бөлшектеніп, өз алдарына отау тігіп, енші алды. «XIV ғасырдың екінші жартысында ол бір-біріне тәуелсіз бірнеше аймаққа бөлінген. Москва мемлекетінің күші және 1380 ж. Куликово шайқасында Москва князы Дмитрий Донской әскерінен моңғолдардың қатты жеңілу бұл процесі одан әрі күшейте түсті. XIV ғасырдың соңында (1391-1399) Темір Алтын Ордаға бас көтертпестен екі рет күйрете соққы берді. Содан соң ол бірте-бірте ыдырай бастады. XV ғасырдың басында Тоқтамыс хан мен Едіге бидің өзара таласы Алтын Орданы одан сайын әлсіретті. Осы ғасырдың бірінші жартысында одан болгарлар, қазақ пен қырым бөлінді. 1480 жылы орыс князьдықтары моңғолдардан толық тәуелсіздік алды. Сол шамада Қазан, Қырым, Астрахан (Ноғай), Қазақ, Өзбек халықтары құрылды»¹.

Келтірілген үзіндіде Моңғол империясының ыдырауы туралы баршаға мәлім тарихи оқиғалар дұрыс сәулелендірілген. Бірақ қазақ, өзбек халықтары құрылды деп айту шындыққа сай болмайды. Бұл халықтар да, басқа түркі тілдес халықтар сияқты, сол империяның құрамындағы халық болып қалыптасып, оның ыдырауынан кейін ғана өз алдарына бөлініп шыққан десек, тура

¹ ҚСЭ. 1-т. - Алматы, 1972. - 302-б.

болар еді. Сонымен, Моңғол империясының құлауымен байланысты түркі тілдес халықтары өз еншілерін алып, бөлектеніп шықты.

Сөйтіп, XIV ғ. аяғында қазақтар қара шаңырақтың, кең-байтақ үлкен жердің иесі болды. Оны өзінің Отанына айналдырған Қазақстан (Қазақ елі) деген қасиетті атпен келе жатыр. Осындай ұлан-ғайыр жер тек қазақ халқының еншісіне тиген. Басқа бөлініп шыққан қандастарымыздың біреуінде де осындай кең жер жоқ. Түрік әлемінің ең құнды, асыл қасиеттерін, ділін сақтап қалған - қазақ халқы. Сондықтан ертедегі «Алты алаш» кезінде жүзге бөліну дәстүрін сақтап, Қазақстан жерін табиғи-географиялық ерекшеліктеріне икемделіп, үшке бөлініп тіршілік еткен: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз. Бұл жүздер жерлерінің табиғи ерекшеліктерін жетік меңгеріп, соларға икемделіп қоныстанған, көп салалы шаруашылығын, заттай және рухани мәдениеттерін жалғастырып, оны үздіксіз дамытып отырған.

Қазақ жүздерінің бөлінуі тек табиғи-географиялық ерекшеліктеріне қарай болып, рулар мен тайпалар өздерінің ертеден мекен еткен аймақтарында тіршілігін жалғастыра берген. Орта жүздің құрамындағы қыпшақтар, арғындар, наймандар, қоңыраттар, керейлер, уақтар өздерінің құтты қоныстарында антикалық және ертедегі орта ғасырдан бастап мекендеген. Алайда олардың көпшілік бөлігі ертеде Ұлы жүздің одағына кірген болса, қалғандары Кіші жүздің ішінде араласып, бірге жасаған. Осы тәртіп Моңғол империясының ыдыраған кезеңіне дейін сақталған.

Кейінгі кезде Орта жүз бойынша жаңа деректер жиналып, біздің бұл пікірлеріміз толықтырылар деген үміттеміз.

Жоғарыда келтірілген деректерге қарағанда, б.з.б. VII ғасырларда Орталық Азияда түріктер жүздерге бөлініп, мекендеген. Антикалық дәуірде түріктердің арасында Ұлы және Кіші жүздерге бөлінушілік орын алған. Ұлы жүзге Орталық Азияның оңтүстік-шығыс аймақтарына кіретін ұлан-ғайыр жерлер кіріп, Шығысы Қытаймен, оңтүстігі Ауғанстан, Үндістанмен шектескен. Аттары аталған аймақтарда ерте замандарға Қаңлы және Үйсін мемлекеттері ұзақ жылдар өз үстемдіктерін жүргізген. Ұлы жүзге қараған жерлерде ежелден отырықшылық басым болып, табиғи-географиялық ерекшеліктеріне байланысты

суармалы егіншілік кең өріс алған. Б.з.б. II ғасырда Ұлы жүздің жерінен шығыстан батысқа қарай Ұлы Жібек жолы өтіп, алуан санды елдердің қарым-қатынасын қалыптастырған. Бұл пікірлерді дәлелдейтін жазба және археологиялық деректер жеткілікті. Сондықтан да бұл аймақтар отырықшы өркениеттің мейлінше дамыған бай өлкесі.

Көне замандардан бері, Орталық Азияның солтүстік және батыс аймақтары Кіші жүзге қараған. Оның батысы Қара теңіздің солтүстік жағалауынан, шығыста Қытаймен жалғасып жатқан жерде ертедегі гун (скиф) мен хундардың ұрпақтары мекендеп, Кіші жүзге қараған. Біз тоқталып отырған деректерге қарағанда, хундар мен қытайлықтардың арасында саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастар мейлінше күшті болған. Себебі, екі этникалық топ Қытай елінің батыс көршісі болған. Қытай деректерінде бұлар туралы деректердің мол екенін жоғарыда байқадық. Қытайлықтар ең жақын көршілерін жақсы білгенмен, батыс, оңтүстік аймақтарды мекендеген түріктерді жетік біле бермеген. Хундар кезіндегі Қытайдың батысын, яғни шығыс Түркістанды мекендеген Кіші жүздер, батыстан шығысқа созылып қоныстанған болгар, печенек, қыпшақтардың шығыс бөлігі деген пікірге келуге болады. Кіші жүздің қоныстанған аймақтарының өздеріне тән ерекшеліктері мол. Табиғаттың төрт мезгілі: қысы, жазы, күзі, көктемі өздеріне тән заңдылықпен өтіп жатады. Өте кең аймақта малды көптеп өсіріп, егіншіліктің көпшілігі жаңбырдың беретін ылғалына негізделіп дамытқан. Бұл жерді мекендеген түріктер ежелден қыстауы мен жайлауларын қолайлы жерге ұйымдастырып, өздерінің көп салалы шаруашылығын дамытып отырған. Кіші жүз түріктері де ертеден үлкенді-кішілі мемлекеттерге бөлініп тіршілік еткенін айтқан едік. Олардың ішінде империя дәрежесіне жеткен хундар мен Көктүріктер болғаны әлемге белгілі. Олардың тұрақты мекендері мен қалалары да болғанын археологиялық зерттеулер дәлелдейді. Хун империясы кезінде қытайлықтар Ұлы қорғанын салуға мәжбүр болғанын терең түсіну қажет.

Сонымен, антикалық заманда түріктерді «Алты алаш» кезінде, Орталық Азияның табиғи-географиялық ерекшелігіне қарай екі аймаққа бөліп қоныстанғанын байқаймыз. Ұлы және Кіші жүздер барлық түрік тілдес этникалық бөлімдердің бәрін

камтитын «Алты алаш» ұғымына кірген қандастарымыз саяси, экономикалық және мәдени байланыста болғандықтан, қажетті жағдайда «Түріктің көк туының» астына жиналған. Осы бірлікті сақтау оңай болмаған. Оны орнату үшін хун империясының көсемдері Тұман хан, оның ұлы Мете, Көктүріктер кезіндегі Білгі қаған қажырлы, қайратты күштер жұмсаған.

Бұл тарихи тұлғалар өз мақсаттарына жетіп, империя құрған. Бірақ бұл ұлы күштер ұзаққа бармай, түріктер үлкенді-кішілі мемлекеттерге бөлінгендіктен, әлсіреп, сырттан тиген құралды күштерге қарсы тұра алмай, елін, жерін қорғауда талай қиыншылықтарды бастарынан өткергенін тарих біледі. «Бөлінгенді бөрі жейді» деген қанатты сөз баршаға мәлім болса да, барлық халықтың бірлігін сақтау оңай шаруа емес екені белгілі. Бірлік, бейбітшілік - өркениеттің тірегі.

3. 5. Кіші жүз

Б.з.б. III ғасырлардағы деректерде Қытайдың батысындағы Гансу мен Шығыс Түркістанның оңтүстігінде өмір сүрген Кіші жүз атты тайпалардың жасағаны айтылған. Б.з.б. 128 ж. жазылған бір қытай жазбасы Кіші жүздер жайында былай дейді: «Хундар йүзілерді (Ұлы жүздерді - У.Ш.) жеңіп, батысқа қуалап жібергенде, йүзілердің көше алмай қалған шағын бір бөлігі, Нәншән (Оңтүстік тау. - ауд.) тауына шегініп барып паналады да, ол жерде отырған жергілікті тибеттіктермен араласып кетті («Тарихи естелік» 123. 2а. бет)»¹. Кейін осы Кіші жүздердің күшейіп, осы аталған өлкенің тарихына үлкен үлес қосқаны да тілге тиек етілген. Б.з.б. 121 ж. жүргізілген қытай жорығында Кіші йүзілердің мекені мен жағдайы жөнінде кейбір жаңа мәліметтер берілген: «Әйгілі Қытай генералы Хочуй Ян аймағынан (немесе Гошун Нордан) өтті де кіші йүзілерге жетті. Мұдан кейін Чи Лиан (Шулен) тауын алды» (Ханнама). Осында аты аталған жерлер мен таулардың бағдары арқылы б.з.б. 121 жылдарда кіші йүзілердің қай тұста отырғандарын шамалай аламыз. Былайша айтқанда Қытай генералы Хочуй Яннан

Гансудағы Ганжоу өңіріне дейінгі Кіші йүзілердің мекенінен өткен болады»¹.

Біз келтірген үзіндіде Кіші жүздің жайлаған жері Гонсу (Қытай) мен Шығыс Түркістанның оңтүстігі екенін айта келіп, Хундар Ұлы жүздерді Шығыс Түркістаннан батысқа қарай қуғанда, олардың қалып қойғандары - Кіші жүз деген мәлімет береді. Бұл айтылған пікір шындыққа сай емес. Негізінде, Кіші жүз түріктерінің батыс шекарасы Қара теңіздің солтүстік жағалауынан Батыс Қытайға дейін созылып жатқан. Шығыс Түркістанда Ұлы және Кіші жүздер бірге қоныстанған. Сондықтан Шығыс Түркістан - түріктердің ежелгі жерлерінің бір бөлігі. Сол кездің өзінде Кіші жүзге кірген хундардың (гундардың) жері Қара теңіз солтүстігіне дейінгі ұлан-байтақ кеңістікке орналасқан. Солардың бір бөлігі батыс қытай шекарасына дейін келген. Оларды үйсіндердің қалып қойған бөлігі деудің қисыны жоқ. Өйткені қытайлықтар батыс көршілері - түріктердің мекенін жетік біле алмаған. Тек, өздеріне жақын саяси, экономикалық және мәдени байланыста болған түріктер туралы мәліметтер жинаған, түріктер өз жерлеріне қытайлықтарды жібермеген.

Қытаймен шекаралас кіші йүзілер Тибет халықтарымен араласып, өзара бауырлас болғаны туралы да деректер бар: «Б.ж.с.д. 62-63 жылдары аралығында Кіші йүзілер мен тибеттіктер өзара келісе отырып Қытайға қарсы соғыс ашады. Сол себептен де қытай генералы кіші йүзілер мен тибеттіктердің 4000 әскерін тұтқынға түсіріп олжалайды. Осы соғысқа байланысты аты аталған жер, су атауларына қарағанда, бұл тұста кіші йүзілер Дунхуанның оңтүстік батыс жағында отырғанын байқаймыз»².

Кіші йүзілер мен қытайлар арасындағы бұндай қарым-қатынастар бұрын да болып отырған: «Б.ж.с. бойынша 89 жылы хундарға қарсы аттанған қытай армиясының қатарында 8000-дай Кіші йүзілердің атты қосындары болды. Ал, 114 жылғы мәлімет бойынша қытай әскери қолбасшысының қарамағында йүзілердің 7000 аттысы болғаны айтылады. Йүзілердің осындай

¹ Сонда.

² Сонда. 362-б.

¹ Бахаддин Ө. 2-кітап. – 361-б.

атты қосындарының саны 139 жылы - 10 000, 159 жылы - 12 000 адамға жетеді»¹.

Жоғарыда келтірілген Кіші жүз (йүзілер) қытай деректеріндегі мәліметтерге қарағанда, антикалық заманда Орталық Азияда мекендеген түріктердің арасында Кіші жүздердің болғанына күмән келтіруге болмайды. Олар сан жағынан да аз болмаған. Б.з. 139-159 жылдарында Кіші жүздердің атты әскерінің саны 10 000-нан - 12 000-ға дейін болғанына қарағанда, олардың халқының саны да әжептәуір болғанға ұқсайды. Олар бірде тибеттіктерге, бірде қытайлықтарға көмек беріп тұрғаны айтылған. Соған қарағанда, Кіші жүздер өздерінің жауынгершілігімен ерекшеленгендіктен, көршілері олармен санасып отырғаны байқалады.



¹ Сонда. 363-б.



ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫНАН

Қазақ мемлекетінің келіп шығу тегін, Орталық Азия түріктерінің антикалық және ертедегі орта ғасыр тарихынан іздеген жөн. Азия құрлығының бұл бөлігі Әлем түріктерінің кір жуып, кіндік кескен Отаны. Осы аймақта өрбіген алғашқы адамдардың ұрпақтары түріктер екенін тарих ғылымы тұрғыдан дәлелдеді. Орталық Азияның автохтонды халқы түріктер адам баласының басынан өткерген тарихи сатыларда жасап, ру, тайпа, халық және ұлт дәрежелеріне көтерілген.

Кеңес Үкіметі жылдарында біздің тарихшыларымыз, жалпы түріктерді, соның ішінде қазақтарды алғашқы қоғамнан кейін, секіріп патриархалды-феодализмге, одан секіріп социализмге өтті деген әпсаналарды жазды және қазір де сол ғылыми дәлелденбеген пікірлерден қайтпаған тарихшылар баршылық. Олар көне ұғымнан шыға алмай жүргендер. Жаңа көзқараспен, жиналған жаңа бай деректердің деңгейіне қарағанда, бұндай тарихқа «секірмелі» көзқарастың дұрыс емес екендігі әшкереленді. Халықтың тарихына қоянның секірмелі қылығымен қарауға болмайды. Көптеген өркениетті халықтар сияқты түріктерде адам баласының тарихи формацияларын бастарынан өткерген. Бұл шиеленіскен мәселені, өткен тарихи сатыларды сын көзбен қарап, шынайы ақиқаттық деректерге сүйеніп шешу қажет.

4. 1. Антикалық дәуір

Мемлекет - тарихи категория. Ол таптық қоғамда пайда болып, халықты билеп-тестеудің құралы. Кең мағынасында,

мемлекет дегеніміз – жария Үкіметтің пайда болуы мен іс-әрекетінің нәтижесі ретінде қалыптасатын, қоғам өмірін ұйымдастырудың формасы және оның негізгі салаларына басшылық ететін, қажетті жағдайларда үкіметтің күш-қуатына сүйенетін басқару жүйесі. Бұндай басқару жүйелері көне замандарда рулардың, тайпалардың құрған алғашқы қоғамның ыдырап, оның орнына таптық қоғамның келуімен мемлекеттің пайда болғаны жалпы тарихи процесс.

Әлем тарихи деректеріне қарағанда, алғашқы құлшылық мемлекеттер 4 - мыңжылдықтың соңында, 3 - мыңжылдықтың басында Ертедегі Мысырда, Қос өзен (Двуречья), одан кейінірек Ганга, Эгей теңізінің жағалауларында және Хуанхэ өзенінің бойында болғаны жазылған. Бұндай пікірді біздің сүйенген ғылыми еңбектен сол күйінде келтірейік: «Вопрос о происхождении государств в странах Древнего Востока сложный, далеко еще не решенный полностью наукой. Возникновение государства являлось здесь нередко очень длительным процессом, охватывавшим несколько столетий; в течение длительного времени сохранялись пережитки родового строя и его органов. ... В речных долинах, в обществах, хозяйство которых базировалось на искусственном орошении, складываются деспотических рабовладельческих государств Древнего Востока, Древнего Египета, Вавилония и других государств Двуречья, империя Цинь в Древнего Китая»¹.

Келтірілген үзіндіде, алғашқы рет мемлекеттердің Ертедегі Шығыс елдерде, сондай-ақ Мысырда, Вавилонияда, Қосөзен бойларында, Қытайда болғанын баяндаған. Себебі, бұл елдердегі ірі өзендердің бойларында жасаған халықтар егіншілікті қолдан суару арқылы жүргізген. Өзендердің суын егістікке пайдалану үшін үлкенді-кішілі су жүйелерін қазуға тура келген. Бұндай ауыр жұмыстарды кең көлемде ұйымдастыру тек мемлекеттің басқаруы арқылы іске асырылған. Аттары аталған елдерде алғашқы рет құлшылық мемлекеттер ұйымдасқаны дұрыс айтылған. Бірақ ертедегі Шығыс елдерінде құлиеленушілік мемлекеттердің пайда болуы түбегейлі шешілмеген мәселе екенін айрықша атаған. Бізде бұл пікірді

қолдаймыз. Өйткені табиғи-географиялық шарияты жоғарыдағы аттары аталған елдерге жақын Әмудария, Сырдария, Үнді, Ганга және тағы басқа Азия құрлығындағы өзендердің алқаптарында жасаған автохтондық халықтарда алғашқы құлшылық мемлекеттердің болғаны айтылмайды. XIX-XX ғасырларда Орталық, Оңтүстік Азияда кең көлемде жүргізілген кешенді археологиялық зерттеулер бұл аймақтардағы елдерде алғашқы құлшылық мемлекеттердің болғанын дәлелдейтін бай жаңа деректерді жинады. Сол тарихи бұлақтардың негізінде, алғашқы мемлекеттердің келіп шығуын әлем көлемінде қайта қарайтын уақыт келді. Біздің қолымыздағы деректерге қарағанда, Орталық Азияда да алғашқы құлиеленушілік мемлекеттер болған. Оны дәлелдейтін пікірімізді ғылыми тұрғыдан баяндаймыз.

Мемлекет құлшылық қоғамның пайда болуымен бірден келіп шыққан жоқ. Ол эволюциялық жолмен дүниеге келген. Оның негізі Алғашқы қоғамда салынған. Оның ыдырау кезеңінде бұрынғы ру, тайпа басшыларымен алдымен үлкенді-кішілі қалалар мемлекеттік тәсілмен басқарылған. Одан кейін бұл басқару орындары көлемін кеңейтіп, өзіне жақын тұрақты мекендерге, ауылдарға үстемдігін жүргізіп, бара-бара әлі жеткен көршілерін бағындырып, үлкен аймақтарды иеленіп, ол жердегі тұрғындарға өздерінің үкімін жүргізген. Осындай жолмен үлкенді-кішілі құлиеленушілікке негізделген мемлекеттер антикалық дәуірде пайда болған (б.з.б. I мың жылдан б.з. шамамен V ғасырына дейінгі уақытты алады). Осындай үстемдікті жүргізудің нәтижесінде ірі-ірі құлиеленушілік мемлекеттер пайда болып, үлкен аймақтарды иеленіп, өздерінің үстемдігін жүргізіп, қарауындағы этникалық топтарды, халықтарды саяси, экономикалық және мәдени жақтарынан басқарған. Міне, осындай жолмен Орталық Азияның түріктері антикалық уақыттан бастап-ақ, өздерінің мемлекеттерін құрған және оны басқарудың жоғары дәрежесіне жеткерген. Енді, осы мәселеге көңіл аударайық.

Жоғарыда тоқталғанымыздай, әлем халықтарының тарихында, Орталық Азия аймағында құлшылық мемлекеттердің пайда болғаны туралы бір ауыз сөз жоқ. Егер де, антикалық заманда, Мысыр мен Қосөзендердің, Ганга, Хуанхэ өзендері алқаптарында, Эгей теңізінің жағалауларын мекендеген әртүрлі

¹ Советская историческая энциклопедия (СИЭ). 4-т. - М., 1963. - 650-б.

этникалық топтардың арасында құлиеленушілік мемлекеттер шыққан болса, неге олармен жалғасып жатқан, Орталық Азия этностарының ортасында алғашқы мемлекеттер пайда болмаған деген сұрақ келіп шығады. Бұл аймақтың табиғи-географиялық жағдайлары Мысырға, Алдыңғы Азияға бірқатар жақын келеді. Бұл аймақты мекендеген түріктердің бабалары скифтер мен сақтар антикалық уақытта Жерорта теңізінің төңірегінде, Солтүстік Африка, Алдыңғы Азия, Оңтүстік Азия және Қытаймен тығыз байланыста болғанына дәлел болатын тарихи деректер антикалық дәуірдің ғалымдарының еңбектерінде жиі кездеседі¹.

Біз тек Геродоттың «Тарих» атты еңбегіне сілтеме бердік. Ұлы тарихшыдан бұрынғы, одан кейінгі антикалық заманның ғалымдарының еңбектерінде, Орталық Азияның автохтондық перзенті болған түріктер жақын және алыстағы елдермен қарым-қатынастары үздіксіз болғаны туралы мәліметтер берген. Осы аймақтың үстінен өткен тарихи Ұлы Жібек жолы осы антикалық дәуірде тарихи сахнаға шығып, қыруар саяси, экономикалық және мәдени байланысты күшейтіп отырғаны - тарихи шындық. Міне, осындай байланыстың барысында, жоғарыдағы аттары аталған алғашқы құлшылық мемлекеттері Әмудария, Сырдария сияқты үлкенді-кішілі Орталық Азиядағы су жүйелерінің алқаптарында құлшылық мемлекеттердің болмағанының қисыны келмейтін сияқты. Сондықтан алғашқы Африка және Азия құрлықтарында құлшылық мемлекеттердің келіп шығуы, әлем халықтарының тарихында түбегейлі шешімін таба алмай келе жатқан өзекті мәселе екенін жоғарыдағы көрсетілген сілтемеде дұрыс жазылған. Кейінгі ғасырлардағы осы мәселеге қатысты жиналған бай деректерге, әсіресе археологиялық зерттеулердің нәтижесіне негізделіп, антикалық дәуірде құлшылық таптық қоғамның келіп шығуын Азия және Африка көлемінде кең территорияларда қарауды қазіргі заман тарихының талабынан шығып тұрған проблемалар ретінде қарауымыз қажет. Мысалы, табиғи-географиялық жағдайы бір-

¹ Геродот. История // Великая степь в античных и византийских источниках. - Алматы, 2005. - 34-72 бб.

біріне жақын, үздіксіз кешенді қарым-қатынаста болған Алдыңғы Азияда алғашқы құлшылық мемлекеті келіп шыққан болса, неге сондай табиғи жағдайда жасаған Орталық Азия түріктері алғашқы қоғамнан кейін бірден феодализмге өткен деген тарихи тұжырымдамалар бүгінгі күні қайта қарауды талап етеді.

Бұрын жарық көрген Әлем түріктерінің тарихында: «Түріктер құлшылық қоғамды бастарынан өткермей, олар алғашқы қоғамнан бірден феодализмге өткен», - деген «жалған пікір» үстемдік етіп келе жатыр. Бұл пікір көшпелілікке негізделіп, жалпы түріктердің отырықшылық мәдениеті болмаған деген тұжырымдама (концепция) арқылы олардың тарихын бұрмалаған. Бұндай ғылыми дәлелденбеген тұжырымдаманы біздің тарихшыларымыз аксиомаға (шындыққа) алып, өзінің энциклопедиясында былай жазған: «Қазақстанның ежелгі халқы дамудың құл иелену сатысына соқпай өтті. Мұнда көптеген ғасырлар бойы патриархалдық үй құлдығы болғанымен, қоғамдық экономикалық формация дәрежесіне көтеріле алмады»,¹ - делінген.

Осындай бұрмаланған пікір Кеңес үкіметі жылдарында жарық көрген Қазақстан тарихының бес томында орын алған. Бұл ғылымға жақындамайтын, сынды көтермейтін концепция. Өйткені тарих ғылымының ХХ ғасыр қолға кіргізген өте бай деректері, Орталық Азияның автохтондық тұрғындары болған түріктер де өздерінің бастарынан тарихи формациялардың бәрін өткергенін дәлелдейтін мәліметтер жиналды. Сол топталған мәліметтерге сүйеніп, Орталық Азия түріктері көне замандарда алғашқы мемлекеттерді құрып, өзінің Отанын өркениетті елге айналдырғанын тарих деректермен дәлелдеп жазатын уақыт жетті. Түріктердің үлкен тобының бірі болған қазақ халқының мемлекетінің тарихы антикалық және ертедегі орта ғасырдан басталады.

Адам баласының басынан өткерген тарихи формацияларға бір жақты қарауға болмайды. Өйткені жер шарының табиғи-географиялық жағдайлары әртүрлі. Соған байланысты олардың

¹ ҚСЭ 6-т. - Алматы, - 258-б.

тұрғындарының өмірлері, жалпы тұрмыстарының бір-бірінен ерекшеліктерінің болуы табиғи заңдылық. Осы тұрғыдан қарағанда, антикалық замандағы Мысыр, Алдыңғы Азия, Греция және Рим империясында болған құлшылық қоғам, дүниенің басқа жерін мекендеген халықтар тап сондай құлшылық қоғамда жасауы шарт емес. Құлшылық қоғамның мазмұны бір болғанымен, олардың аймақтық ерекшеліктері болған. Орталық Азия түріктері, өздеріне тән ерекшеліктері бойынша, құлшылық қоғамды бастарынан өткеріп, отырықшылық өркениеттің негізін антикалық дәуірде салған.

Түріктердің өмірі Орталық Азияның тамаша бай табиғи-географиялық ерекшеліктеріне негізделіп дамыған. Орталық Азияның жер көлемі қандай үлкен болса, табиғаты да алуан түрлі. Оның адам тұрмысына жарамайтын жерлері жоқ. Отырықшылыққа қолайлы жерлерде жетерлік. Олар үлкенді-кішілі көптеген өзендердің, көлдердің, теңіздердің алқаптары, бұлақтардың жағалары. Мысалы, әлемге әйгілі Тұран ойпаты, Сарыарқа, Шығыс және Батыс жазықтары және т.б. Осындай жерлерде түріктер ежелден тұрақты мекендерді, қалаларды салып, отырықшы мәдени өркениетке жетсе, шөлдік-шөлейттік жерлерде жартылай отырықшы және көшпелі өмір сүрген. Бірақ олардың саны да, жайлаған жерлері де онша көп болмаған. Қазіргі деректерге қарағанда, көшпелі аймақ деп жүрген жерлерде де ертедегі қоныстардың орындарын археологтар тауып, оларды кешенді түрде зерттеуде. Түріктердің тарихи дамуына, көшпелілердің өмір сүрген табиғи-географиялық жағдайлармен байланыстырып, түріктердің өмірлеріне, соның ішінде шаруашылықтарына дифференциалдық (бір жақты емес, көп жақты) тұрғыдан қарағанда ғана түріктердің тұрмысын шынайы түсіне аламыз. Осынша кең-байтақ жерді мекендеген түріктердің тарихтары, өмірлері, тұрмыс-мәдениеттері біркелкі болмаған. Дүние жүзінде, сондай-ақ Орталық Азиядан таза көшпелілерді табу қиын. Шөлейттік аймақтарында да тұрақты мекендердің, керек десеңіз шағын қалалардың болғаны байқалады. Осы айтылған пікірлерді дәлелдейтін тарихи археологиялық және этнологиялық деректер топталды. Тек, сол бай мұраларды талдап, олардың мәніне тереңірек үніліп,

шынайы түрік әлемінің, соның ішінде қазақ халқының шынайы тарихын жазуымыз керек.

Орталық Азия алғашқы қоғамды, құлшылық және феодализм қоғамдарын басынан өткерген тайпалардың және халықтардың мекені екенін соңғы ғасырларда жүргізілген археологиялық, этнологиялық, антропологиялық зерттеулер дәлелдеп отыр. Бұндай зерттеулер XIX ғ. аяқ кезінен басталып, XX ғ. кең көлемде үлкенді-кішілі экспедициялар ұйымдасып, зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Олардың ішінен ең ірілеріне тоқталайық: Оңтүстік Сібірді және Орталық Азияны зерттеген «Кеңес-Моңғол археологиялық экспедициясы» (А.П. Окладников, С.В. Киселев); «Кесенді Хорезм археологиялық экспедициясы» (С.П. Толстов); «Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы» (Ә.Х. Марғұлан); «Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы» (К.А. Акишев); «Оңтүстік Түрікменстан археологиялық экспедициясы» (М.Е. Массон) және Я.Г. Гулямов Өзбекстанда, А.П. Окладников Тәжікстанда археологиялық зерттеулерді кең көлемде жүргізді.

Бұл археологиялық зерттеулер Орталық Азияны түгел камтып, аймақтағы сақталған археологиялық және сәулеттік (архитектуралық) тарихи ескерткіштерді зерттеді. Олар ежелгі түріктердің алғашқы қоғамынан бастап, жаңа заманға дейінгі тарихын сәулелендіретін өте бай деректерді жинады. Олардың бірқатарлары түркі тілдес халықтардың тарихтарына енді және жеке монографиялар экспедициялардың жинағы ретінде, мақалалар түрінде жарық көрді. Солай болса да, барлық табылған құнды деректер түгел жарияланды деуге болмайды. Олардың көпшілігі археологиялық институттардың мұрағаттарында сақталған. Міне, осынша табылған деректердің негізінде, Орталық Азия түріктерінің жалпы тарихын, соның ішінде мемлекеттерінің келіп шығуын қайта қарайтын жағдайға жеттік.

Түріктердің алғашқы мемлекеттерінің пайда болуын Алдыңғы Азия құлиеленушілік мемлекеттерімен байланысты қарау керек. Өйткені Алдыңғы және Орталық Азия құрлықтарының этникалық құрамалары Алғашқы заманнан-ақ қарым-қатынаста жасағанын дәлелдейтін деректемелердің көздері жеткілікті. Б.з.б. 558-330 жылдарда Алдыңғы Азияда (228 жылдай) үстемдік еткен Ахемен әулеті (Ахемениды).

«Ахеменнің мұрагері Ұлы Кир II-і Таяу және Орта Шығыс елдерінің көпшілігін біріктіріп, орасан зор империя құрған»¹. Осы империяның құрамына Орталық Азияның оңтүстік бөлігіндегі бірқатар жерлер кірген. Б.з.б. 500-449 жж. бұл империя грек-парсы соғысы нәтижесінде әжептәуір әлсірегеннен кейін, б.з.б. 330 жылы Александр Македонский әскері Ахемен әулеттері билеген мемлекетті біржолата талқандады.

Ахеменнің мұрагері Ұлы Кир II-нің отаршылығына Орталық Азия массагеттері Томирис патша ханымның басшылығы астында соғысып, Кирді өлтіргенін Геродоттың жазып қалдырғанын көпшілік біледі және бұл қолбасшы құрметпен еске алынады. Бірақ түрік тілдес елдердің тарихында Томирисі массагет тайпаларының көсемі етіп көрсетеді. Біздіңше, бұл кезде Орталық Азия түріктерінің арасында құлшылық мемлекет болып, оны Томирис патшайымы басқарып, Кирдің жер қайысқан әскеріне қарсы күшті жинап, отарлаушыға естен кетпейтін соққыны бере білген мемлекет қайраткері - қолбасшы деген тұжырымға келуге болатын сияқты. Томирис туралы біз әлі де болса осы пікірден аспай келеміз. Бұл тарихи тұлғаның жасаған кезеңі археология ғылымы бойынша қола дәуіріне тура келеді. Осы дәуірдің ескерткіштері, әсіресе, обалар Орталық Азияда кең зерттелді. Жиналған деректерге негізделіп, Томирисінің атқарған қоғамдық, саяси еңбектерін терең зерттеуді жүргізу қажет. Сонша жыл үстемдік еткен Ахеменіде әулетіне Томирисінің басшылығы астында түріктер тойтара соққы беруі Александр Македонскийдің Персияны қиратуына үлкен себеп болған сияқты. Сондай көсем, қолбасшы Томирис ханымды массагеттер тайпасының қолбасшысы деп тауымыздың реті жоқ. 2005 жылы «Томирис» атты А. Жандарбековтің романы жарық көрді.

2009 жылы Абай атындағы опера және балет театрында алғашқы рет «Томирис» атты ойлары сахынаға шықты. Әзірбайжан Республикасының Низами Тянжжеви атындағы әдебиет институтының директоры Кавказ амазонкаларын он үш жыл зерттеп, Әзірбайжанның солтүстік батысында орналасқан

¹ ҚСЭ. 1-т. - Алматы, 1972. - 611-б.

Гахск ауданындағы Сарыбашлар селосы ертедегі амазонкалардың мекендерінің бірі болғанын жариялаған. Нұрида: «Мен Әзірбайжан жерінен табылған қалқан-қанжарымен қоса жерленген әйел қанқалары бар археологиялық көмбелер мен көне ескерткіштерге сүйене отырып, жаужүрек амазонкалар қазіргі әзірбайжан әйелдерінің арғы апалары екенін бүкіл әлемге мойындатуға дайынмын» деп жазған.

Бұндай өзекті мәселеге көңіл бөлінуінің өзін жаңалық деуге болады. Бірақ келтірілген ғылыми тұжырымды ғылыми тұрғыдан мойындау қиын. Тарихи деректерде амазонкалардың жайлаған мекені Қара теңіздің солтүстігінде Азов көлінің төңірегінде болған деген пікір кеңнен еңжайған. Бұл аймақ ертедегі түріктердің бабаларымыздың мекені. Сондықтан осы көлдің төңірегін амазонкалар мекендеген сөздің негізі бар. Барлық түрік тілдес халықтардың, соның ішінде қазақ халқының ауызекі әдебиеттерінде өте көп батырлар жыры сақталған. Сол шығармаларда әйелдер ерлермен бірге соғысқаны кең көлемде сәуленген. Қарақалпақ халқының «Қырық қыз» атты үлкен батырлық дастаны бар. Оның қолбасшысы Гүлайым. Солай болса, амазонкалар барлық түрік тілдес халықтардың апалары болса керек. Бұл өзекті мәселені Түрік әлемінің көлемінде қарастырған дұрыс болар.¹

Антикалық дәуірде Орталық Азия түріктерінің тағы бір тарихи тұлғасы - Афрасиаб патша. Афрасиаб туралы Иран, Араб, Түркі тілдес әдебиеттерде кең жазылған. Атақты Шығыстың ұлы ғұламаларының бірі Фирдоуси «Шаһнамасында» Афрасиаб кең суреттелген. Махмуд Қашқаридің айтуы бойынша, Афрасиабтың түрікше аты - Тоң Алып. Ол жалпы түріктердің аты аңызға айналған патшасы. Орталық Азияда сол патшаның тұсында ірі-ірі қалалар өсіп шыққандығын «Түрік сөздігі» еңбегінде жазған. Түркі тайпаларының шежіре, аңызы бойынша Иран патшаларымен көп заман жауласқан кісі - Бұқахан, Қарахан, Өгізхан, Араб, Иран жазушыларының тарихи шығармаларында Әмудариядан Солтүстікке қарай созылып жатқан байтақ жер «Афрасиаб ордасы» аталып, оны билеушілер «Афрасиаб әулеті» болып айтылады деп Махмуд Қашқари

¹ Амазонкалар - Әзірбайжан әйелдерінің арғы апалары // Айқын. 14.08.2009

жазған. Солай болса, Афрасиаб барлық түріктердің патшасы болып, Орталық Азияны басқарған болса, ол түріктердің күшті мемлекетін басқарған тарихи тұлға деген ұғымға келеміз. Оның астанасы - Семізкенд (Самарканд), Қашқар шаһарлары болған. Ол Батыс және Шығыс Түркістанды (Түрік елін) түгел басқарған. Бұл тарихи тұлғаның өмірі, атқарған қоғамдық-саяси қызметтері кең көлемде зерттеуді талап етеді. Бұл патша 219 га жерге қала салдырып, оны өзінің атымен «Афрасиаб» (Семізкенд, Самарканд, Мараканд) деп аталған қала б.з.б. 6 ғасырда салынып, б.з. 12 ғасырына дейін өмір сүрген¹. 1874 жылдардан бері осы көне қаланың орнын Өзбекстан археологтары зерттеп келеді. Солай болса, б.з.б. 6 ғасырларда-ақ, Ахемениди империясына қарсы тұратын ұлы күшті ұйымдастырып, елін отаршылықтан азат етіп, оны түгел билеп, барлық Орталық Азия түріктерінің ұлы көсемі Афрасиаб жалпы түріктердің бірлескен құлшылық мемлекеттің патшасы болғанын толық мойындауымыз тиіс.

Аты шулы Афрасиаб патшадан кейін, Орталық Азия түріктері бірнеше құлшылық мемлекеттерге бөлінген². Б.з.б. VII-VI ғғ. Орталық Азияның Оңтүстік, Оңтүстік-Батыс аймақтарындағы тұрғындардың арасында экономикалық даму пайда болып, олар қосымша күшті қажет етіп, құлшылық қоғамға өту процесі түріктердің арасында кең ен жайған. Әсіресе, Орталық Азияның Оңтүстік-Батыс жақтарында диқаншылықтың алға өрлеу қарқыны күшейе түсті. Қолдан суару арқылы егілетін диқаншылықтың көлемін кеңейту үшін ірі-ірі су жүйелерін қазуға рулық қоғамының күші жетпеді. Сондықтан Орталық Азияның Оңтүстік, Оңтүстік-Батыстарында құлшылық қоғам орнады. Бұндай өзгеріс түріктердің эволюциялық даму заңдылығының нәтижесі.

Орталық Азияның бұл аймақтары ежелден Тұран ойпаты, Тұран елі, яғни түріктердің кір жуып, кіндік кескен ірі аймақтарының бірі. Оның Солтүстік және Шығыс бөлігі осы күнгі Қазақстан Республикасына қарайды. Солай болса,

¹ СИЭ. Т.1. - М., 1961. - 969-б.

² Шәлекенов У.Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. - Алматы, 2003. - 95-97 бб.

түріктердің бірі болған қазақ халқының ертедегі бабалары да бастарынан құлшылық қоғамды өткізбей, бірден феодализм қоғамына өтті дейтін пікірдің қисыны келмейді.

Өйткені ертедегі құлшылық қоғамы Әмудария мен Сырдарияның алқаптарында, яғни Тұран елінде болғандығын археологиялық зерттеулер де дәлелдесе, бұл аймақтың бір үлкен бөлігі Қазақстанға қарайды. Б.з.б. I мыңыншы жылдарда Әмудария сағасын алатын ірі-ірі су жерлері мен бекіністер құлдардың күшімен іске асырылған: «Ақча Дария бойында отырықшылықтың орталығы болған ірі бекіністерден: Қызыл-қала, Джамбас-қалалар сияқты антикалық дәуірдің мәдени орталықтары зерттелді»¹. Тұран ойпатында антикалық түріктер Әмудария мен Сырдарияның алқаптарына үлкенді-кішілі су жүйелерін тартып, суармалы егістік Тигр, Ефрат, Ніл өзендерінің суларын жергілікті диқандар қалай егіске пайдаланса, Тұран елінің тұрғындары да сондай Қосөзен (Әмудария, Сырдария) суларын егіншілікке пайдаланған. Өзендерінің суы бармайтын жерлерде кәрез (жер асты суынан) пайдаланып, диқаншылық дамыған. Мұндай кәрездің классикалық түрі Түркіменстан қаласының маңында сақталған. 1967 жылы этнографиялық экспедиция кезінде Қызылорда облысында, Оңтүстік Қазақстан, Қаратау атырабынан, Түркістан шаһарының қасынан кәрездің қалдықтарын кездестірдік. Ертеде бұндай су жүйелері Орталық, Алдыңғы Азияда кең тараған.

4. 2. Құлшылық қоғам

Б.з.б. V-IV - б.з. V ғасырларында ертедегі сақтардың ұрпақтары Әмудария мен Сырдария алқаптарында Қаңлы, Ферғана, Тохаристан құлшылық мемлекеттерін ұйымдастырған, б.з. I-IV ғасырларында Кушан империясы, б.з. V-VI ғасырларында Эфталит мемлекеті өмір сүрген. XX ғ. осы аттары аталған құлшылық мемлекеттерінің жайлаған жерлерінде кең көлемде археологиялық зерттеулер жүргізілді және өте бай деректер топталды. Енді сол жаңалықтарға көңіл аударып, осы құлшылық мемлекеттерге қысқаша тоқталайық.

¹ Толстов С.П. Древний Хорезм. - М., 1948. - 84-98 бб.

4. 3. Қаңлы мемлекеті

Б.з.б. V-IV ғасырдағы деректер бойынша, Қаңлы құлшылық мемлекетіне Әмудария мен Сырдарияның жоғарғы орта ағысындағы жерлер қараған: Бұқара, Шахрисябз, Кушаниз (Қатта-Қорған төңірегі), Ташкент ауданы, Хорезм өлкесі¹. Қаңлы мемлекеті Үйсін мемлекетімен бірқатарда тарихи сахнаға шыққан. Үйсіндер Ферғана, Ыстықкөл, Шу, Жетісудан Шығыс Түркістан жерлеріне дейін созылып жатқан аймақта орналасқан.

М. Қашқари айтуы бойынша, Қаңлы (Қаңқа) - патшаның аты. Оның мемлекетіне кірген тайпалар, халықтар жалпы патшаның атымен «қаңлы» аталған. Соған қарағанда, жергілікті сақ тайпаларынан өрбіген ұрпақтар Әмудария мен Сырдария өңірлерін мекендеп, осы құлшылық қоғамын құрған. Олардың жайылған мекендері де көп жерлерді алып жатса, тұрғындарының сандары да көп болған. Олар ертедегі орта ғасырда бөлшектеніп, өздерінің ертеден келе жатқан аттарымен аталып кетсе де, басым көпшілігі қаңлы есімін сақтап қалған. Кейін түркі халықтары бөлшектеніп шыққанда, қаңлылар олардың көпшілігінің құрамына кірген: өзбек, қазақ, қырғыз, башқұрт, қарақалпақтар және т.б. Бірақ қаңлылардың басым көпшілігі бұрынғы Қаңлы мемлекетіне кірген жерлерде көбірек сақталған. Б.з.б. 329 жылы әйгілі Ескендір Зұлқарынай Сырдария бойына жеткен. Қаңлы мемлекетінің негізгі этникалық құрамы сақ нәсілді түрік тілдес тайпалардан тұрған. Қазіргі түрік халықтарының құрамына кірген қаңлыларда антропологиялық ерекшеліктері арасынан сары түсті, көздері көк, жақ сүйектері ойыңқылы көбірек кездеседі. Өздерін басқарған патшаның атымен аталуы түріктерде ертеден қалыптасқан дәстүр, мысалы: Оспан түріктері және т.б.

Қаңлылар ұлы күш болып, шет елдерге бас июге ешбір көнбеген. Олардың чиновниктері үйсіндердің елшілерінен кейін, Қытай елшілерін отырғызған. Тамақты әуелі өздеріне, одан кейін Шығыс көршілері Қытайға беретін болған. Қаңлы билеушілері өздерін тәуелсіз, тіпті батыл ұстаған, бұл жөнінде

¹ Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. - М., 1962. - 91-б.; Қайдар Ә. Қаңлы. - Алматы: Дайк-Пресс, 2004.

б.з.б. I ғасырдың аяғында Қытай деректерінде: «Қангюй, керісінше (Үйсінмен салыстырғанда - У.Ш.) өркөкірек, батыл және біздің елшілеріміз алдында князьдары мен ақсақалдарына, содан соң барып наместниктің елшілеріне қонақасын тартады»¹. Б.з.б. 47-46 жылдары (Қытай - У.Ш.) Ферғана, Қытай соғысының барысында, қаңлылардың араласуымен ғана ферғаналықтарды астанасының қиратылуынан құтқарып қалды және ферғаналықтарға тиімді бітім жасауға жәрдемдесті². Сондықтан да өздерінің тәуелсіздігін бекем ұстап, күшті құлшылық мемлекет болған және түріктердің мәдени өркениетінің негізін салған. Аттары аталған жер атамалары Әмудария мен Сырдарияның алқаптарында және Орталық Азияның көпшілік жеріне орналасқанын байқаймыз. Қазір де олардың көпшілігі ежелгі аттарымен аталады. Осы жерлерден археологтар қаңлылардың дәуіріне жататын Жанбас-қала, Қорғанша-қала, Базар-қала, Кюнерлі-қала, Қойқырылған-қала және т.б. ескерткіштерін ашты³. Бұл қалалар құлдардың күшімен салынған үлкен бекіністер. Мысалы: Қойқырылған-қала дөңгеленіп салынған, оның жалпы диаметрі - 87,5 м, тоғыз мұнарасы бар. Оның қазіргі сақталған биіктігі - 8 м.⁴ Осы дәуірдің басқа да аттары аталған антикалық қалалары көлемдері жағынан Қойқырылған-қаладан кем емес. Олар жан-жақты зерттеліп, Хорезм археологиялық экспедициясының еңбектерінде жарық көрген. Осы археологиялық қазба деректерге қарағанда, қаңлылардың мәдениеті құлшылық қоғамда дамыған. Оның дамыған кезеңдері б.з.б. V-IV ғғ. тура келеді. Осы кезде, қаңлылар Ахемендтердің қарауынан шығып, өз алдына мемлекет болып, жеке үстемдігін жалғастырды⁵.

Б.з.б. II-I ғасырларда Қаңлы құлшылық мемлекетінің экономикасы өрлеп, жақын және қашықтағы елдермен саяси байланыстары кеңейген. Оған қараған жерлерде көптеген көне және жаңадан тұрғызылған тұрақты мекендер мен қалалар

¹ Қазақстан тарихы. I-т. - Алматы, 1996. - 275-б.

² Сонда.

³ Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. - М., 1962. - 117-б.

⁴ Сонда. - 120-б.

⁵ Сонда. - 135-б.

4.3. Қаңлы мемлекеті

Б.з.б. V-IV ғасырдағы деректер бойынша, Қаңлы құлшылық мемлекетіне Әмудария мен Сырдарияның жоғарғы орта ағысындағы жерлер қараған: Бұқара, Шахрисябз, Кушаниз (Қатта-Қорған төңірегі), Ташкент ауданы, Хорезм өлкесі¹. Қаңлы мемлекеті Үйсін мемлекетімен бірқатарда тарихи сахнаға шыққан. Үйсіндер Ферғана, Ыстықкөл, Шу, Жетісудан Шығыс Түркістан жерлеріне дейін созылып жатқан аймақта орналасқан.

М. Қашқари айтуы бойынша, Қаңлы (Қаңқа) - патшаның аты. Оның мемлекетіне кірген тайпалар, халықтар жалпы патшаның атымен «қаңлы» аталған. Соған қарағанда, жергілікті сақ тайпаларынан өрбіген ұрпақтар Әмудария мен Сырдария өңірлерін мекендеп, осы құлшылық қоғамын құрған. Олардың жайылған мекендері де көп жерлерді алып жатса, тұрғындарының сандары да көп болған. Олар ертедегі орта ғасырда бөлшектеніп, өздерінің ертеден келе жатқан аттарымен аталып кетсе де, басым көпшілігі қаңлы есімін сақтап қалған. Кейін түркі халықтары бөлшектеніп шыққанда, қаңлылар олардың көпшілігінің құрамына кірген: өзбек, қазақ, қырғыз, башқұрт, қарақалпақтар және т.б. Бірақ қаңлылардың басым көпшілігі бұрынғы Қаңлы мемлекетіне кірген жерлерде көбірек сақталған. Б.з.б. 329 жылы әйгілі Ескендір Зұлқарынай Сырдария бойына жеткен. Қаңлы мемлекетінің негізгі этникалық құрамы сақ нәсілді түрік тілдес тайпалардан тұрған. Қазіргі түрік халықтарының құрамына кірген қаңлыларда антропологиялық ерекшеліктері арасынан сары түсті, көздері көк, жақ сүйектері ойыңқылы көбірек кездеседі. Өздерін басқарған патшаның атымен аталуы түріктерде ертеден қалыптасқан дәстүр, мысалы: Оспан түріктері және т.б.

Қаңлылар ұлы күш болып, шет елдерге бас июге ешбір көнбеген. Олардың чиновниктері үйсіндердің елшілерінен кейін, Қытай елшілерін отырғызған. Тамақты әуелі өздеріне, одан кейін Шығыс көршілері Қытайға беретін болған. Қаңлы билеушілері өздерін тәуелсіз, тіпті батыл ұстаған, бұл жөнінде

¹ Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. - М., 1962. - 91-б.; Кайдар Ә. Қаңлы. - Алматы: Дайк-Пресс, 2004.

б.з.б. I ғасырдың аяғында Қытай деректерінде: «Қангой, керісінше (Үйсінмен салыстырғанда - У.Ш.) өркөкірек, батыл және біздің елшілеріміз алдында князьдары мен ақсақалдарына, содан соң барып наместниктің елшілеріне қонақасын тартады»¹. Б.з.б. 47-46 жылдары (Қытай - У.Ш.) Ферғана, Қытай соғысының барысында, қаңлылардың араласуымен ғана ферғаналықтарды астанасының қиратылуынан құтқарып қалды және ферғаналықтарға тиімді бітім жасауға жәрдемдесті². Сондықтан да өздерінің тәуелсіздігін бекем ұстап, күшті құлшылық мемлекет болған және түріктердің мәдени өркениетінің негізін салған. Аттары аталған жер атамалары Әмудария мен Сырдарияның алқаптарында және Орталық Азияның көпшілік жеріне орналасқанын байқаймыз. Қазір де олардың көпшілігі ежелгі аттарымен аталады. Осы жерлерден археологтар қаңлылардың дәуіріне жататын Жанбас-қала, Қорғанша-қала, Базар-қала, Кюнерлі-қала, Қойқырылған-қала және т.б. ескерткіштерін ашты³. Бұл қалалар құлдардың күшімен салынған үлкен бекіністер. Мысалы: Қойқырылған-қала дөңгеленіп салынған, оның жалпы диаметрі - 87,5 м, тоғыз мұнарасы бар. Оның қазіргі сақталған биіктігі - 8 м.⁴ Осы дәуірдің басқа да аттары аталған антикалық қалалары көлемдері жағынан Қойқырылған-қаладан кем емес. Олар жан-жақты зерттеліп, Хорезм археологиялық экспедициясының еңбектерінде жарық көрген. Осы археологиялық қазба деректерге қарағанда, қаңлылардың мәдениеті құлшылық қоғамда дамыған. Оның дамыған кезеңдері б.з.б. V-IV ғғ. тура келеді. Осы кезде, қаңлылар Ахеменидтердің қарауынан шығып, өз алдына мемлекет болып, жеке үстемдігін жалғастырды⁵.

Б.з.б. II-I ғасырларда Қаңлы құлшылық мемлекетінің экономикасы өрлеп, жақын және қашықтағы елдермен саяси байланыстары кеңейген. Оған қараған жерлерде көптеген көне және жаңадан тұрғызылған тұрақты мекендер мен қалалар

¹ Қазақстан тарихы. I-т. - Алматы, 1996. - 275-б.

² Сонда.

³ Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. - М., 1962. - 117-б.

⁴ Сонда. - 120-б.

⁵ Сонда. - 135-б.

болған. Оларда колөнер кәсібі дамып, сауда орталықтарына айналған. Тұрғындардың негізгі кәсібі қолдан суару арқылы жүргізілген диканшылық ең жайып, үлкенді-кішілі су жүйелері салынған және олар жылма-жыл тазартылып, кеңейтіліп тұрған. Қаңлы мемлекетінің арнайы шығарылған ақшасы осы зерттелген қалалардан табылған.

Қытай деректерінің бірі «Алғашқы хан династиясының тарихында»: «Самарқан (Қанжуй хандығы, яғни Қаңлы мемлекеті) хандығының қыстық астанасы (бұрын Люениди еді - ауд.), жазғы бас қаласы Ю Битян қаласы делінген. Қытай астанасынан (Чананнан) 12 300 шақырым шалғай. Тұтық қарауыл мекемесіне қарамайды. Люенидиден атпен 7 күн жол жүргенде ханның жаздық астанасы Фаннга жетеді. Бұл жер Қытай астанасынан 9104 шақырым келеді. Түтін саны - 120 000, жан саны - 600 000, әскері - 120 000 (Бан Гудың «Батыс өңір және Үйсін мемлекеті» атты еңбегінде «әскері 20 000» деп жазылған - ауд.). Бұған қарағанда, Самарқан хандығының халқы ұлы йүзілерден әлдеқайда көп. Шығысындағы «Тұтық қарауыл мекемесі» қарауына дейінгі аралығы - 5550 шақырым. Халқының әдет-ғұрпы ұлы яушылармен ұқсас. Шығыс жағы хұндардың басқаруында»¹.

Бұл келтірілген деректерге қарағанда, Қаңлы мемлекетіне көп жерлер қараған. Оның қысқы және жаздағы астаналарындағы халықтарының санына қарағанда, сол кездегі Қаңлы мемлекетінің замандасы йүзілерден анағұрлым көп болғанға ұқсайды. Олардың этникалық жақындықтары әдет-ғұрыптарының жақын екендігін байқалтады. Қаңлы мемлекеті Ұлы Жібек жолындағы ірі экономикалық және мәдени орталық болғанын аңғаруға болады.

Профессор Әбдуәли Қайдардың «Қаңлы» атты монографиясына («Дайк-Пресс» баспасы, 2004 жыл) дейін қаңлы тайпасының шығу тарихына тоқталмаған бірде-бір шығыстанушы ғалым жоқ шығар. Олар түріктерге қатысты мәселелерге тоқталғанда, қаңлы тайпасы туралы тиіп-қашты пікір жазып қалдырған.

Ресей отары болмастан бұрын, қазақтар дербес ел кезінде, халқымыз өзінің шығу тарихын білуге айрықша көңіл бөліп,

¹ Бахаддин Ө. Ұлы Хун империясының тарихы. 2 кітап. - Алматы, 1998. - 25-б.

өздерінің тарихи шежірелерін жазған және кейінгі ұрпақтарға мұра етіп қалдырып отырған. Оның айғағы - кітапханаларда том-том болып жиналып жатқан дүниелер. Мысалы, М.Х. Дулатидің «Тарих-и-Рашиди», Қадырғали Жалайыридің «Жәмиғ-әт-тауарих» жылнамалары, Ш. Уәлихановтың «Ұлы жүз шежіресі», М. Шорманұлының, А. Ниязовтың, Ә. Бөжейұлының, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежірелері. 1911 жылы Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» Орынбордан басылып шықты. Осылай өз халқының тарихи шежіресін жазу - ерте заманнан әдетке айналып кеткен қасиеттердің бірі. Ол шежірелер қазақ, халқының рухани байлығы.

Автор қаңлы атауына тоқталып, «Қаңлы этнонимінің төркінін, шығу тегін, мән-мағынасын, қолдану аясын, нұсқаларын жеке-жеке айқындап, оларды былайша талдаған. «Сүйген құлдың аты көп дегендей, қаңлы тайпасының 47-ден астам туынды варианттары бар екен. Оларға баспа-бас тоқталып, қаңлы атауы және оның көптеген (40-тан астам) түбірлес, туынды варианттары - «өзен-су» мағынасындағы бір буынды «қан» // «қан» тұлғалы гидронимдік апеллатив негізінде пайда болған, «өзен адамдары», «өзен-су бойында жасайтын тайпа», «өзенді, сулы-нулы өлкеде өскен ел» деген мағынада қалыптасқан этноним және этнопоним.

Кезектегі екі тарауда «Қаңлы мемлекетіне» тиісті мәселелер археологиялық, тарихи, лингвистикалық, фольклорлық деректердің негізінде қаралған. Еуропалықтардың «Түрік әлемінің ежелгі Отаны - Орталық Азияда «құлшылық қоғам» үстемдік етпеген» деген шындыққа жатпайтын көзқарас осы күнге дейін өзгерген жоқ. Кейінгі кездегі археологиялық, тарихи және әдеби, тіл, т.б. ғылымдардың қол жеткізген өте бай деректері антикалық заманда орталық Азияда құлдық қоғамның болғанын дәлелдейді. Оның алғашқыларын құрған қаңлылар екенін автор жан-жақты айқындай түседі.

Қаңлы мемлекетінің тарихына тиісті деректердің ішінде алғашқы қытай жылнамалары мен деректерін кең пайдаланып, автор қаңлы мемлекетінің құрылымына, басқару жүйесіне, қоғамдық-саяси жағдайына, мәдениетіне, қаңлылардың тараған аймақтарына тоқталған. «ҚАНГЮИ мемлекеті - түркі әлеміндегі ең көне мемлекеттердің бірі. Ғұн//хун мемлекеті,

Үйсін және ҚАНГЮИ мемлекеттері – бір заманда қатар жасап, дәуірлеген мемлекеттер» екенін тарихи деректермен дәлелдеген. Солардың бірі көп жылдар бойы Әмудария мен Сырдария өңірлерін кешенді зерттеген академик С.П. Толстовтың ұйымдастырған және басқарған Хорезм археологиялық-этнологиялық экспедициясының өте бай деректерінен де көп мәліметтер келтірген. Автор тіл маманы болғандықтан, қаңлы тілі мен жазуына, рухани мәдениетіне ерекше мән берген.

Орталық Азиядағы антикалық заманда құрылған алғашқы құлиеленуші Қаңлы мемлекеті болғанын, оның өркениетті мәдениетінің заттық және рухани мәдениетінің іргетасын қалағанын, сондай-ақ түрік өркениетінің негізін құрушылардың бірі болғанын ғылыми дәйектілікпен дәлелдеген. Қаңлы мемлекетінің өркениеті, мәдениеті С.П. Толстовтың «Древний Хорезм» (1948), «По следам древне хорезмской цивилизации» (1948), «По древним дельтам Окса и Яксарта» (1962) монографияларында да жазылған болатын. Осы екі ұлы өзеннің алқабы Қаңлы тайпасының (халқының) отаны болғаны «Қаңлы» кітабында ашық айтылады, тарихи деректерге тура келеді. «Самархан (Қаңжүй хандығы, яғни Қаңлы мемлекеті) хандығының қыстық астанасы (бұрын Люениди еді). Битян қаласы болды...». Осы мәліметтің шындығы – қазір де қаңлы руының шоғырланған аймағы Әмударияның және Сырдарияның орта ағыстары екендігінде.

III-VII ғғ. тарауларда қаңлы тайпасының әлем түріктеріне таралуы жан-жақты талданған. Олардың басым көпшілігі Ұлы екі өзеннің алқап-тарындағы қазақ, өзбек, түрікпен, қарақалпақ, қырғыз және басқа түрік халықтарының арасында көбірек кездесетіні айтылған. Қаңлылардың барша түріктердің арасына кең тарағаны туралы халық аузында осы күнге дейін сақталып келе жатқан «Қарға тамырлы қазақ» атты мақалды келтіріп, автор оны былайша түсіндіреді: «Ол сөздің мәні де барша қазаққа түсінікті, ол о баста: топ-топ болып ұшып жүретін қарғалар тәрізді біріне-бірі өте ұқсас, тұр-түсі, бет-пішінімен оларды бірден айыра қою қиын болғандығына байланысты туындап, бара-бара қазақтың алыстан, жеті атаның аржағынан қыз беріп, қыз алысуын, құдандалықтың мың жылға созылып, сүйек жаңартып тұруынан қалыптасқан туыстық ілік-

шаттыстығына байланысты болса керек. Ол қалың қарғадай қаулап өсуді де аңғартатын сияқты, «сұраса келе, қойнындағы қатыны қарын бөле шығыпты» дейтіні содан.

«Қарға тамырлы қазақ» деген мақал қазақ халқының арасына кең таралған. Біздіңше бұл сөздің мәнін Ә. Қайдар дұрыс бере алмаған. Қазақтар: «біздер қарға тамырлы қазақпыз ғой, сұраса келе қарын бөле болып шы-ғамыз» деп сөйлеседі. Олар өзара сұраса келе туысқан болып шығады. Олар-дың туыстығының алыстығы бөле болып келеді, яғни екі туысқан әйелдің балалары бір-біріне «бөле» деп аталады. Осындай туыстықты білу үшін осы мақалды қолданады. Мұндай бауырлық айқыш-ұйқыш бір-бірімен бай-ланысып жатқан қарғаның тамырлары сияқты. Қазақтар жан-жануарлардың анатомиясын өте жетік білген. Қарғаның тамырлары бір-бірімен шиеленісіп жатады. Міне, осыны мысалға алып, қазақтың шиеленіскен туыстығын білдірген. Бұл мақалды Қаңлы тайпасының барлық түріктердің арасына таралуына және көрші түрік емес халықтардың іштеріне енуіне қолданылудың реті келіңкіремейтін сияқты.

Біздіңше, қаңлылардың осынша көп тарауының себебін тарихи-әлеуметтік және саяси жақтан қараған Ә. Қайдаров ҚСЭ-ға «Қаңлы» атты жазған мақаласында: «Халық арасында сақталған», «Кәделі елде қаңлы бар, қаңлыдан хан сайла», «Қаңлы тұрғанда басқа хан болмайды» деген қанатты сөздер, сайып келгенде, қаңлы тайпасының осылайша кеңінен тарап, мұрагерлік, аталық дәстүрге ие болғандығын көрсетеді», - деген пікірін де айтқан болатын. Бұл жерде автор Қаңлы тайпасының осынша көп таралуының себептерін айқындауда бірқанша шындыққа жақын келгенін байқауға болады. Түріктердің тарихында, антикалық дәуірде Әмудария мен Сырдарияның алқаптарын түгелімен иеленіп, отырықшы мәдениеттің іргесін қалап, құлиеленуші мемлекет құрған, өркениетке ерте жеткен көптеген тайпаларды қол астына біріктірген де – қаңлы тайпасы. Олардың арасында осы қос өзенді мекендеген оғұз тайпалары да болған. Қос өзен бойындағы аттары аталған құлиеленуші мемлекеттерін билеген. Нәтижеде Қаңлы бірлестігінің арасында ел билейтін, дарынды, ержүрек, батыл азаматтар шыққан. М. Қашқари: «Қыпшақ тайпасының жақсы-жайсаң ұлықтары қаңлылар еді», - дегенді тегін айтпаған. Қытай деректерінде

қаңлыларға жоға-ры баға бергенін әлгінде айттық. Солардың тағы бірі: «Тек қаңлы елі ғана бізге оң қабақ танытпай отырғаны анық. Ал, біз болсақ, хун қағанының (қаңлы патшасының) қол астында тұрғандай мәміле жасап отырғандай болып көрінудеміз», - деген де дерек бар.

Осы деректерге қарағанда, Қаңлы бірлестігіне кірген тайпалардан елдерді басқара алатын, оны қорғаудың тәсілдерін жетік білетін жайсаң ұлдары шыққанын байқаймыз. Сондықтан да түріктердің арасында ел басқа-рушыларды, хандарды қаңлы бірлестігінен сайлау түріктердің арасында дәстүрге айналғаны байқалады. Әмудария мен Сырдария, олардың атыраптары қаңлылардың ежелгі мекені болғанымен, олардың ішінен шыққан жайсаң азаматтары барлық түріктердің арасына барып, ел билеген. Сол жерде өзінің ұрпақтарын қаңлы руы бойынша санаған. Сондықтан да қаңлылар барлық түркі әлеміне, басқа көрші елдерге де барған. Ә. Қайдар өзінің монографиясында түріктердің бәрінде де қаңлылардың болғанын дәйекті түрде көрсеткен. Бірақ автор «қаңлылар әрбір түріктердің арасына бөлшектеніп көшіп барған» деген пікірге келеді. Біздіңше, олай болмаған. Олар өздерінің ежелгі Отанында отырған. Олардың ішінен белгілі ел билеушілер басқа руларға, тайпаларға барған. Қаңлылар өздерін барған жерінде этнонимі бойынша атап отырған. Қаңлылардан хан және тағы басқа басшыларды сайлау дәстүрі Шыңғыс хан империясын құрғанға дейін сақталып келген. Енді қаңлылардың орнына хандарды Шыңғыс ханның әулетінен сайлайтын дәстүр түріктердің арасында кейінге дейін сақталған.

Монографияның соңғы тарауында Қаңлы тайпасының адамзат өркениетіне, түрік әлеміне және қазақ болмысына қосқан үлесін бай, дәйекті деректермен қарастырған. Келтірілген мәліметтерге қарағанда, қаңлы бірлестігі түрік тарихына да айтарлықтай үлес қосқанын байқау қиын емес.

4. 4. Ферғана (Дайуан) мемлекеті

Ішкі және сыртқы қарсыластықтардың нәтижесінде, бұрынғы Қаңлы мемлекеті үстемдігін тоқтатып, оның орнына бірнеше кішігірім құлшылық мемлекеттер келді.

Б.з.б. II ғасырдың ортасында Ферғана (Парқын) тәуелсіз мемлекеті пайда болды. Оның астанасы - Қасн (Кисі shan) қаласы, Қытай астанасы Шаңнаннан 12 550 шақырым шалғай. Түтін саны – 60 000, жан саны – 300 000, әскері – 60 000, бір орынбасары және бір көмекшісі бар. Жер жағдайы, ауа райы қолайлы¹. Елінің әдет-ғұрпы ұлы йүзілер мен арсақтарға (Иран, Персия) ұқсас. Ферғананың жер-жерінде жүзімнен шарап жасалады. Байлар қоймаларында он мың күптен (олсек) артық шарап сақтайды. Ол неше ондаған жылдар бойы сақталса да бұзылмайды. Құл елі шарапқа өте құмар. Бұл мемлекеттің жері Ферғана кеңістігімен ғана емес, оған оның ырайындағы елдерге де қарағанға ұқсайды. Тұрғындары, негізінен, отырықшылық өмір сүрген. Сол кездің өзінде 70-тен астам үлкенді-кішілі қалалары болған².

Қытайдың «Ханнамасына» қарағанда, Қаңлы мемлекетінің орнында бірнеше мемлекеттердің пайда болғаны айтылған: «Батыс елдерімен қарым-қатынас қытай патшасы У Диданнан (б.з.б. 140-86 жылдар) басталып, бара-бара дами түсті. Батыс мемлекеттері алғашында 36 делінсе (Метенің хатында 26 мемлекет деп жансақ жазылса керек), кейін келе өз ішінен бөлшектеніп 50 шақты мемлекетке айналды. Ян Шигудың мәліметіне қарағанда, 55 мемлекет болған»³. Осынша көп санды мемлекеттердің Орталық Азияда пайда болуы жалпы түріктердің майдаланып, бөлшектенуіне алып келген. Бұл процесс Қаңлы мемлекетінің тарихи сахнада түсе бастаған кезеңіне тура келеді.

Қалаларда қолөнер кәсібі дамыған болса, ауылдарда диқаншылық және мал шаруашылығы ен жайған еді. Осы антикалық дәуірде Ферғана мемлекетінде асылтұқымды жылқы өсірген. Жылқыларынан қан тәрізді тер шығатыны тарихи деректерде айтылған. Қытайдың патшасы У (б.з.б. 140-86 жылдар) Ферғанаға жылқы сатып алуға елші жіберген. Ферғаналықтар сұрағандарын орындау былай тұрсын, елшілердің тәрбиесіздігі

¹ Сонда. 26-б.

² История Узбекской ССР. Т.1. Кн. I. - Ташкент, 1955. - 89-90 бб.

³ Бахаддин Өгел. Ұлы Хун империясының тарихы. 2 кітап. - Алматы, 1998. - 11-12 бб.

үшін оларды өлтіріп жіберген. Содан кейін 4 жыл бойы Ферғана және Қытай мемлекеттерінің арасында соғыс болып, нәтижесінде келісімге келіп, ферғаналықтар Қытайға 3000 жылқы және Ферғана ханы Қытайға әр жылы екі тұлпар беріп тұруға келісім береді. Қытай елшілері еліне осы жерден жүзім мен жоңышканың ұрығын алып қайтқан. Қытай патшасы У жылқы төліне, әсіресе, оның тұқымын асылдандыруға айрықша мән берген¹.

Тарихи деректерге қарағанда, антикалық заманның өзінде-ақ түріктер көрші елдеріне, сондай-ақ Қытайға өркениет әкелген. «Осыдан түрік халқы жасап, кемелдендірілген қола өнеркәсібі Солтүстік Қытай арқылы Оңтүстік және Шығыс Қытайға жетіп, өркендегені аңғарылады. Сөйтіп, Қытай жерінде қытайлық қола өнеркәсібі дамып, өркендеді. Қытайда бір жаңа деректер табылып жатса да, өзгермейтін ақиқат осы болатын», - деп белгілі шығыстанушы Бахаддин Өгел тұжырымдайды. Бұл пікірді жалғастырып, автор былай дейді: «Үш аяқты ыдыстар мемлекеттің символы болған. Тоғыз ыдыс тоғыз елдің белгісі. Осы үш аяқты әсем ыдыстар бұл жерден (антикадан - У.Ш.) Шан династиясына, одан әрі Жу династиясының астанасына жөнелтілген. Міне, бұдан Алтайдың қола бұйымдары ішкі Қытай қалаларына қалай барғанын білуге болады». Б.з.б. 138 жылы Қытай императоры Ву-Ди Қанды және Ферғана мемлекеттеріне Чжан Цянь бастаған елшісін жібереді. Елші Ферғана мемлекетіне келіп, ондағы егіншілікті көріп таңғалған. Бұл мемлекеттің таулы, шөлдік аймақтарында көшпелілердің де бар екенін айтқан. Ферғанадан Қытайға анар, қияр, грек жаңғағын, фиговое ағаштарын апарған. Ферғана мемлекеті арқылы Ұлы Жібек жолының өтуі, бұл елдерге оның қолайлы әсері туралы да айтылған. Қытай елшісі Ферғана мемлекетінің әлеуметтік экономикасына тоқтала келіп, Ферғана мемлекетіндегі құлшылық қатынас Қанды мемлекетіндегідей екенін айтқан².

¹ Сонда. 26-б.

² История Узбекской ССР. Т.1. Кн.1. - Ташкент, 1955. - 90-91 бб.

4. 5. Тохаристан

Б.з.б. II ғасырдың екінші жартысында Әмударияның жоғарғы ағысының екі жағында Тохаристан құлшылық мемлекеті ұйымдасқан. Б.з.б. I ғасырдағы грек мағлұматтарына қарағанда, тохар тайпалары көпшілік болып, олар Әмударияның солтүстігінен Сырдарияның төменіне дейінгі жерлерге тарағаны айтылған. Олай болса, осы күнгі Қызылорда облысының жерлерін де өз ішіне қамтыған¹.

Жоғарыдағы аты аталған Қытай елшісі Чжан Цянь б.з.б. 126 жылы Тохаристанда болып, оған осы айтылған жерлер кіретіні айтылған. Тұрғындары тохар тайпасы болып, олардың арасында матриархат үстемдік ететініне көңіл бөлген. Ерлері әйелдерінің айтқанын іске асыратынын жазған. Қанды, Ферғана мемлекеттері сияқты Тохаристан құлшылық мемлекет екенін байқаймыз.

4. 6. Кушан империясы

Әмудария мен Сырдария алқаптарындағы құлиеленушілік мемлекеттерінен кейінгі ірі құлиеленуші Кушан империясы (I-IV ғғ.). Оған Әмудария мен Сырдария және солтүстік-батыс Үндістанға дейінгі жерлер қараған. Бұрынғы грек-бактриялық патшасының орнында жаңадан пайда болған Кушан империясы б.з.б. I ғасырда, б.з. 78 жылдарында дәуірлеп, солтүстікке және оңтүстікке басып алушылық саясатын жүргізді. Әсіресе, бұл империя Канишке патшаның тұсында өзінің жоғарғы сатысына шықты. Бұл кезде Кушан империясына Шығыс Түркістан, Хорезм, Үндістанның солтүстігі кіріп, Пешавер қаласын астанасына айналдырды. Кушан патшасы Қытайға қауіп туғызды. Канишке Шығыс Түркістанға 60 мың әскерін жіберді. Бірақ бұл жорық сәтсіз біткенімен, өзінің патшалығының соңында, яғни 105 жылы Канишке өзіне Хотанды, Қашқарды және Жаркенді қаратады².

Әлеуметтік-экономикалық жағынан Кушан империясы Канишке тұсында ұлы күшке ие болған құлшылық қатынастардың

¹ Сонда. 89-90 бб.

² Сонда. 104-б.

шыңына шыққан. Кушан империясында құлшылық қоғамның дамуы оның экономикасына және құрылымына үлкен әсерін тигізді. Тұрақты мекендер мен қалалар үлкейді. Осы дәуірге жататын ірі қалаларды, бекіністерді, су жүйелерін археологтар ашты және зерттеді. С.П. Толстов басқарған Хорезм экспедициясы: Термезде, Ферғанада М.Е. Массон, В.А. Шишкин зерттеулер жүргізді. Хорезм археологиялық экспедициясы Әмудария, Сырдария бойларынан Кушан дәуірінің ірі мәдени орталықтарын ашты: Аяз-қала, Қырық-қыз, Базар-қала, Чермен-Яб, Топырақ-қала және т.б. Осы кезде Ұлы Жібек жолы бойында үлкен сауда-мәдени орталықтары өсіп шыққан¹.

4. 7. Эфталит мемлекеті

Кушан империясына кірген жерлерде эфталиттердің мемлекетінің үстемдігі орнайды (V-VI ғғ.). III ғасырда Кушан патшалығы құлап, оның орнына екі саяси орталық пайда болады. Үндістандағы Пешаверда және Соғдада. V ғ. ортасында Кушан империясының жерінде Эфталит мемлекеті орнайды. С.П. Толстовтың пікірі бойынша, бұл мемлекеттің этникалық құрамы Арал өңірін ертеде жайлаған сақ-массагет тайпалары, түркі тілдес халықтар болса керек деп болжайды. V ғ. аяғында эфталиттер өз үстемдігін Ауғанстанға, солтүстік Үндістанға, шығыс Түркістанға жүргізген. Эфталит мемлекеті халықтарының негізгі шаруашылығы - егіншілік. Үлкенді-кішілі қалалары көп болған. Бұрынғы қалалар үлкейіп, олардың ішінде сарайлар, бекіністер салынған. Ұлы Жібек жолын эфталиттер бақылап отырған. Эфталит мемлекетінің ішінде феодалдық қатынастардың кеңірек орын ала бастағаны байқалады. VI ғ. ортасында Эфталит мемлекеті өзінің ішкі күйзелісінің нәтижесінде құлап, ол бөлшектеніп, оның орнына қайта феодалдық мемлекеттер пайда болды.

Жоғарыда қысқаша тоқталып өткен құлиеленушілік мемлекеттер Орталық Азияның оңтүстік, шығыс және батысында

¹ Сонда. 96-97 бб.

пайда болып, олардың негізгі орталығы Әмудария мен Сырдарияның алқаптарында, яғни Тұран ойпатында шоғырланған. Бұл аймақтың табиғи-географиялық ерекшелігіне байланысты, аборигендер қолдан суару арқылы егіншілікті дамытқан. Б.з.б. VII-VI ғғ. Тұран ойпатындағы тұрғындардың шаруашылығы көп салалы болып, онда құлдарының күші кең пайдаланылған. Әмудария мен Сырдариядан ірі-ірі су жүйелерін (каналдарын) қазуда темірден жасалған құралдарды кең көлемде пайдаланған. Осындай жаңа еңбек құралдарының пайдалануы су жүйелерін ұзақ уақыт пайдаланатын ірі су жүйелерін кең көлемде жүргізуге әкелген. Бұндай ірі су жүйелері құлдар күшімен пайда болған.

Сол кездегі соғыстарда жеңген жағы көбірек жеңілген жақтың әскерін алып, олардың есебінен құлдардың санын көбейтіп отырған. Осындай үлкен күштермен қазылған су жүйелерін Хорезм археологиялық экспедициясы Әмудария мен Сырдария алқаптарынан тапты және оларды зерттеді. Осы экспедицияның берген деректерінен үзінді келтірейік. Б.з.б. IV ғ., б.з. II ғ. өмір сүрген Қаңлы және Кушан құлшылық мемлекеттері тұсында су жүйелерінің қазуына айрықша көңіл бөлінген және бұл жұмысты қарқынды дамытқан. Осы кездерде Әмудария мен Сырдарияның төменгі ағыстарында қолдан суару арқылы егілетін егістің көлемі 3,5-3,8 млн. га болған. Олардың 1,3 млн. га Әмударияның төменінде болса, 2,2-2,5 млн. га Сырдарияның орта, төменгі ағысында орналасқан¹.

Қаңлы мен Кушан мемлекеттері кезінде диқаншылықтың Тұран өлкесінде осынша ен жаюын құлшылық қоғамының айтарлықтай жетістіктері екенін тілге тиек етуіміз керек. Осындай егіншілікке қолдары жеткен халықтар қалаларды, бекіністерді, мәдени орталықтарды салған. Олардың осындай тамаша еңбектерінің арқасында салынған су жүйелері, қалалар мен сарайлар, тұрақты қоныстар осы күнгі Қазақстан Республикасының жерінен кездеседі. Сондықтан да, түріктер, соның бір бөлігі қазақтар құлшылық қоғамды басынан өткермеді деген пікір ғылыми тұрғыдан шындыққа жатпайды. Оны жоғарыдағы келтірілген деректер дәлелдейді.

¹ Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. - М., 1962. - 95-б.

4. 8. Ұлы Хүн империясы

Жоғарыда Орталық Азияның шығыс, оңтүстік-батыс аймақтарында антикалық дәуірде түріктердің құлиеленуші мемлекеттеріне қысқаша тоқталдық. Сонау Қара теңіздің солтүстік жағасынан Ұлы Қытай қорғанына дейінгі ұлан-ғайыр жерді мекендеген гүн мен хұндар болған. Бұл түрік тайпаларының батыс жағын мекендеген түріктерді «гүндер» деп атаса, шығыс бөлігін «хұндар» дескен. Екі атаманың этимологиясы - хұндар (гүндер). Хұндардың шығыс бөлігінің тарихын көрнекті түрік тарихшысы Бахадин Өгелдің 1984 жылы Анкарада басылып шыққан екі томдық «Ұлы Хүн империясының тарихы» атты әйгілі еңбегі арқылы толығырақ білеміз. Бұл ғұлама көп жылдар Қытай мұрағат қорларында жұмыс істеп, хұндар туралы бізге бұрын белгісіз деректерді тауып, оларды ойдың елегінен өткізіп, осы екі томдық еңбегін жариялаған. Бірінші томында б.з.б. 120 жылға дейінгі 2000-2500 жылдық ұзақ тарихты шола келіп, хұндардың тарихқа алғашқы белгілі ел басшылары - Тұман мен Мете қағандар дәуірін жан-жақты қарастырады. Екінші томында Хүн империясының жақын және алыстағы көршілерімен саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастарына тоқталады. Бұл еңбекте айрықша хұндар мен қытайлықтардың арасындағы жойқын соғыстары кең көлемде суреттелген. Хұндар Қытайды ұзақ жылдар ұсынан шығармай ұстап тұрғаны дәйекті деректермен жазылған.

Хүн мемлекетін құрушы Тұман (Теоман) қаған 221 жылы билік басына келген. Қытайдың Хан империясы кезінде жасаған, Хүн тарихын жетік білген атақты тарихшы Сы Машиан Қытай мемлекеті сияқты Хүн мемлекеті де ертеде пайда болғанын өзінің еңбектерінде жазған. «... Осы мың жыл ішінде Хүн мемлекеті бірде үлкейіп, бірде кішірейіп отырады. Кейде бөлініп, ыдырап кетті. Быт-шыты шығып, бастарын алып қашты, шалғай алыстарға кетіп қалысты»¹.

Хүн мемлекетінің ерте заманда болғаны туралы қытай деректері көптеген құнды деректерді береді. Солардың бірі:

¹ Бахадин Ө. Ұлы Хүн империясының тарихы. 1 кітап. - Алматы, 1998. - 73-б.

«Көктүрік деп аталған мемлекеттен бұрын да түрік халқы болған еді десек, Метеден бұрын да Хүн тайпаларының өмір сүргендігі ақылға қонымды нәрсе. Алайда хиунну деген атауды тек IV ғасырдың (б.ж.с.д.) соңын ала ғана қытай деректерінен байқай бастаймыз... Немесе 224 жылдан (б.ж.с.д.) кейін хұндарға қарсы соғыстарда бірнеше мәрте табысқа жеткен генерал Мың Тянның өмірбаяны ішінде де Хүн мемлекеті немесе императорлығына балама сөздер жиі кездеседі»¹.

Келтірілген үзіндіден хұндардың мемлекетінің пайда болуы ертедегі антикалық замандарда болғанын байқаймыз. Бірақ хұндардың алғашқы мемлекет құрғандарын хабарлайтын жазба деректер әлі де болса тапшы. Бұл мемлекетке тиісті молырақ мағлұматтар Тұман (Теоман), оның ұлы Мете хан (Мау Дун) дәуірлерін қамтиды. Енді осы екі тарихи тұлғаның кезіндегі Хүн империясына қысқаша тоқталайық.

Қытай деректерінде Тұман (Теоман) ханның үкімет басына келгенін былай баяндайды: «Біздің жыл санауымызға дейінгі 221 жылы аты шулы Чин династиясының патшасы (императоры) Шы Хуанди таққа отырған уақытта, Хүн қағаны Тұман да өз елінің билік басында тұрған болатын. Өйткені аталған Чин патшасының армиясы Тұманды Солтүстік Қытайда табан тіреп тұрған шебінен шегіндіріп, хұндарды солтүстікке қарай ысырып тастаған еді»². Сөйтіп, Тұман хан 221 жылдары Хүн мемлекетінің басында болып, Чин патшалығына қауіп тудырып тұрғанын байқаймыз. Келтірілген хронологиялық мәліметке қарасақ, Қытайдың Шан династиясынан б.з.б. 1200 жыл шама-сынан кейін Тұман хан Хүн мемлекетінің басында тұрған.

Тұман хан бірден империя құра алмаған. Б.з.б. 200 жылдардың басында Орталық Азияның батыс-оңтүстік өңірлерінде мекендеген түріктерге ол өзінің үстемдігін жүргізе бастаған. Әсіресе, Чин династиясы әлсірей бастағаннан кейін хұндар өзара бірлесіп күшейе бастаған. Б.з.б. 209 жылы Чин династиясының аты шулы патшасы Шы Хуанди дүние салғаннан соң, хұндар күшейе түскен. Осы жылдарда Тұман ханның императорлық (шанну) лауазымға жеткені туралы мәліметтер

¹ Сонда. 77-б.

² Сонда. 71-б.

кездеседі. «Хүн патшаларының шанну атағы көктүрік мемлекетінің негізін қалаушыларға қарата да айтылушы еді. Түрік дүниесі бойынша бұл мәртебелі атақ 750 жылдай қолданылып келді. «Тұман заманындағы, яғни б.ж.с. дейінгі III ғасырдағы Орта және Батыс Азия жөніндегі мәліметтерді тек грек, рим деректерінен ғана таба аламыз»¹. Сол мәліметтерге қарағанда, Тұман ханның ықпалы Орталық Азия түріктеріне таралған.

Хүн империясының ең күшейген кезеңі Тұман ханның ұлы Метенің (Мөде - балалық кездегі аты Мау Дун) басшылық еткен жылдарына тура келеді. «Мете 209 жылы таққа шыққан болатын»². Ол түріктердің басын қосып, Хүн империясын құру үшін шығысындағы дүңхулар мен батысындағы йүзілерді бағындырып болғаннан кейін, 202 жылы Қытайға шабуылды бастайды. Қытай мен Хүн араларында болған сұрапыл соғыстар көп жылдарға созылған. Сол шайқастардан мысалдар келтірейік.

Б.з.б. 119 жылы Хүн - Қытай болып, бұған қатысқан қытай армиясында 140 000 ат болса, соғыс аяқталғанда 30 000 ат қалған. Ол кезде, әскерінің санын аттардың мөлшерімен есептеген. Соған қарағанда, қытайлықтар 110 мың әскерін жоғалтқан. Жалпы 119 жылғы соғыста Қытай жағы 10 000-нан астам әскер және 100 000-нан аса атынан айырылды³. Осыншама қытайлықтардың жоғалтқан әскерінің тірі қалғандарын хұндар қара жұмысқа пайдаланған: бекіністер салдырған, таудан өтетін түнелдер қаздырған және т.б. істерді атқартқан. Қытайлықтардың батысқа ұмтылуы кейінгі жылдарда жиі-жиі қайталанып тұрған. Мысалы, б.з.б. 119-105 жылдары қытайлар батысқа әскер жіберген. Бұндай жорықтардың көпшілігі сәтсіз аяқталды, қытайлықтар Батысқа ұмтылуын еш уақытта тоқтатқан емес. Бірақ олар тарихта өздерінің шекарасын түріктердің жері арқылы кеңейте алмай келе жатыр. Солай болса да, бұл пікірлерінен әлі де қайтқан жоқ. Бірақ бұл аймақ өте үлкен болғандықтан, барлық түріктер бірдей нақтылы құлшылық

¹ Сонда. 101, 108-б.

² Сонда. 129-б.

³ ҚСЭ. 1 т. - Алматы, 1972. - 565-б.

қоғамды бастарынан өткерген деуге де болмайды. Олардың ішіндегі ежелден Әмудария мен жоғарыдағы айтылған құлшылық мемлекеттерінің халықтары мен отырықшы тайпалары бұл қоғамды түгел өткерсе, жартылай отырықшы және көшпелі түріктерде үй құлшылығы басым болған. Орталық Азияның орталық, батыс-солтүстік және шығыс аймақтарында мал шаруашылығы басым болып, егіншілік қосалқы шаруашылық қызметін атқарып, ол қардың, жаңбырдың ылғалымен өсірілген. Сондықтан суармалы егіншілік аймақтарында көптеген құлдардың күшімен атқарылатын жұмыстар бұл аймақтарда азырақ болған.

Сөйтіп, Хүн империясының өмір сүрген уақытын Қытай деректеріне негіздеп топшылауға болады. Белгілі синолог Бахаддин Өгел былайша тұжырымдайды: «Есте боларлық бір ақиқат - Хүн империясы тұп-тура 350 жылдай дәурен сүрді. Қытай территориясында Мете ханның ұрпағымыз деп жар салып, хандық құрған хұндар да аз болмаған. Егер бұларды да қоса есептер болсақ, Мете хан құрған империялық 650 жылға жалғасқандығы анық болып шығады»¹.

Осындай империя құрып, оны ұзақ жылдар ұстап тұрған хұндардың адам баласының тарихына өшпес із қалдырғаны Әлем тарихының төрінен орын алуы тиіс. Хұндар, оның ата-бабалары «жабайы» болмаған. Олар өз заманының алдыңғы қатарындағы, өркениетке ерте жеткен Орталық Азияның перзенттері болғанын тарих мойындауы тиіс.

4. 9. Үйсін мемлекеті

Қазақ тарихындағы шешуін әлі күнге дейін таба алмай келе жатқан маңызды мәселелердің бірі -Үйсін мемлекеті. Кеңес Үкіметі жылдарында жарық көрген «Қазақ ССР тарихының» бірінші томының 298-301 беттерінде жалпы «Үйсін» деген атпен тақырыпша берілген². Бұнда үйсін этносына түсінік бергенде, Үйсін мемлекетінің шығуы және оның қанша уақыт

¹ Бахаддин Өгел. Ұлы Хүн империясының тарихы. 1 кітап. - Алматы, 1998. - 118-б.

² Қазақ ССР тарихы. 1-т. - Алматы, 1980. - 298-301 бб.

өмір сүргені ашық айтылмайды. Антикалық дәуірдегі жазба деректерде, әсіресе Қытай «ханнамаларында» Үйсін мемлекеті туралы мәліметтер берілген. Қолдағы бар деректерге қарағанда, Үйсін мемлекеті - Қаңлы және Хүн замандарында тарихи мәнге ие болған саяси күшті мемлекеттердің бірі. «Қазақтың байырғы аңыз-шежірелері мен жазба әдебиетте «үйсін» деген атау тар және кең мағынада қолданылады. Тар мағынадағы «үйсін» - қазақтың Ұлы жүзінің құрамындағы бір тайпаның аты, ал кең мағынадағы «үйсін» - Іле алқабы мен Жетісу өңірін және Оңтүстік Қазақстанды мекендеген Ұлы жүз тайпаларының жалпы аты». Бұлар ежелгі заманнан бері осы өңірді мекендеген. Қытайдың Іле аймағындағы албан, суан, жалайыр тайпалары осы Үйсін ұлысының тармақтары¹.

Келтірілген үзіндіде автор үйсіндердің ежелден жайлаған жерін және «үйсін» сөзінің этимологиясын дұрыс көрсеткен. Тек, біздің қосатынымыз, үйсіндер жері Шығыс Түркістанды да толық қамтып, Ұлы Қытай қорғанына дейін ұласып жатқан. Осы аймақтар үйсін этностарының ежелгі кір жуып, кіндік кескен жері екенін мойындауымыз қажет. Үйсіндер осыдан екі мың жыл бұрынғы Қытай жылнамаларына у-сун (үсунь) деген атпен жазылып келген. Б.з.б. II ғ. Қытай деректерінде үйсіндер туралы жазылған мәліметтер жиі-жиі кездеседі. Нығмет Мыңжан «Қазақтың қысқаша тарихы» атты кітабында: «Үйсін ұлысының Іле өңіріне келіп іргелі елге айналуы» атты бөлімінде үйсіндер жөнінде жалпы деректер берумен бірқатарда олардың Шығыс Түркістан жақтан келгенін жазған. Бұл пікір автордың жоғарыдағы біз келтірген жазбасына қайшы келеді. Шу, Жетісу, Ыстықкөлдің төңірегі ежелгі үйсіндердің қонысы болып, үйсіндер ежелден қаңлылармен көрші, іргелес жасаған этнос. Үйсіндер туралы молырақ мәліметті 2005 жылы Үрімжі қаласында жарық көрген «Ежелгі үйсін елі» атты кітапта берілген.

Үйсін мемлекеті туралы арнайы жазылған еңбектер жоқ. Бірақ бұл этносты жазғанда, үйсіндерде көне заманнан бастап мемлекет болғаны айтылып отырады. Үйсін мемлекетінің жоғарғы билігіндегі басқарушыларды «гуньмо» (күнби) деп

¹ Мынжанұлы Н. Үйсін туралы шолу //Ежелгі үйсін елі. - Үрімжі, 2005. - 11-б.

атаған. Үйсін елінің ең жоғарғы билеушісі Күнби болып, елдегі барлық қарулы күштердің ең жоғарғы басшысы саналған.

Б.з.б. 53 жылдан бастап бүкіл елді Ұлы Күнби мен Кіші Күнби бөліп билеген. Ханның әкімшілігін Дулы (Датлұқ, дұғлу) басқарған. Онан кейінгі екінші адам қолбасы (Оба сардар); Оңқа (ябғу, оңқы) лауазымдық орынды үш адам басқарған. Олар ел ішіндегі ру, тайпаларды билеген. Бұдан кейін Дарту (бас жасауыл) екі әскери басшысының көмекшісі тағайындалған. Онда көмекшілер әрбір әскери қолбасшыларда болған. Бұдан кейін Абыз (бас бағамдар) лауазымды орында екі адам тағайындалған. Төменгі сатыдағы басқару орындарына Ұлыс бегі, Орда бегі, Атқосшы қойылған. Сөйтіп, Үйсін мемлекетін тоғыз дәрежеге бөліп, оны 15 ұлық басқарған. Бұдан кейін осы басқару жүйелерін басқарған чиновниктердің аттары және ұрпақтары берілген¹. Бұл лауазымды атаулар, қазіргі Қазақстанды мекендеген қазақтардың арасында көпке дейін сақталғанын байқаймыз. Мысалы, сардар, датқа, жасауыл, ұлыс, бек, атқосшы және т.б. «Ханнамада» Үйсін мемлекетінің әскер құрамы туралы мынадай мәлімет берген: «Үйсіндердің әскери тізімінде іс жүзінде жалпы халықтық жасақ болды. 120 мың түтіні бар үйсіндердің «188 800 әскер» ұстауы оны аңғартады. Бұл әр отбасындағы ер азамат түгел жасақ деген сөз»². Соған қарағанда, үйсіндер де елін, жерін қорғауға айрықша мән беріп, барлық перзенттерін жауынгерлікке дайындаған батыр Үйсін елі болғанын байқаймыз. Үйсін мемлекетінің тарихи сахнаға шығуын, оның қоғамдық құрылысын, заттай және рухани мәдениетін кең көлемде зерттеп, оның тарихтағы орнын көрсете білу кезекті, өзекті мәселелердің бірі.

Оның ордасы - Чингу-чэн (Чекук) қаласы болған. «Чекук қаласының орнын анықтау аса маңызды мәселе саналады. Чекук қаласының орны туралы қазірге дейін мынандай екі түрлі болжам бар. Бірінші болжам бойынша Чекук қаласын Текес өзені алыбында деп қарайды, екінші болжам бойынша Нарын өзені алыбында деп есептейді. Қазіргі кезде көпшілік ғалымдар екінші болжамды қуаттайды»³. Бізде соңғы пікірді қолдаймыз.

¹ Сонда. 30-31 бб.

² Сонда. 64-б.

³ Сонда. 117-б.

Тарихи деректерде үйсіндер қаңлылармен көрші мемлекет болып, олардың қалың қоныстанған мекені Ыстықкөлдің аймақтары болған. Нарын өзені қазіргі Қырғызстанның оңтүстігінде. Үйсіндер шығысындағы Қытаймен, солтүстік-батысындағы хұндармен жиі-жиі соғысып отырған күшті және бай мемлекет болғаны тарихи деректерде жазылған. «Метенің әкесі Тұман ханның тұсында шығыс пен батыста ең ірі екі мемлекет бар болатын. Шығыста байырғы монғолдық дүнхулар күшті, ал батыста йүзілер әрі күшті, әрі бай ел»¹. Бұл мемлекеттерді Тұман хан өзіне бағындыра алмаған. Оны баласы Мете іске асырған. Ұлы Хүн империясын құруда Мете үйсіндерге қарсы жойқын соғыстарды жүргізген². Нәтижеде үйсіндерді Мете өзіне бағындырып, Батыс Түркістанды Ұлы Хүн империясына қосты. Бірақ одан кейінгі Хүн империясының басшысы Метенің ұлы Ки Иок (Ки уок; Лаушаң) б.з.б. 174 жылы таққа отырып, әкесіне ұқсап, Батыс түріктерді бір шаңырақтың астына жинап ұстау саясатын жүргізді. Бұл саясатқа үйсін «гуньмо»-лары қарсылықтарын көрсетіп, екі ортада жойқын соғыстар болып тұрған. Нәтижеде, Метенің ұлы Лаушаң үйсіндерді жеңіп, әкесінің жасамағанын жасап, Үйсін патшасының бас сүйегінен шарап, сусын ішетін тостаған жасатқан³. Метенің ұлы 14 жыл б.з.б. 160-126 жылдар арасында Метенің немересі 34 жыл қаған болып Хүн империясын басқарған кезде, осы империяның ішінде үйсіндер де жасаған⁴.

Сонымен, Үйсін мемлекеті - антикалық дәуірде Орталық Азияда алғашқы пайда болған мемлекеттердің бірі. Ол Қаңлы мемлекетінің замандасы. Бірақ Үйсін мемлекетінің тарихы әлі жазылған жоқ. Тек, Қытай «Ханнамаларында» үйсіндер туралы мәліметтер жарық көруде. Олар бұл этносқа жалпы шолу береді. Солардың ішінде Үйсін мемлекетінің Қытаймен, Хұндармен ұдайы соғысып отырғаны айтылады. Бұл жазба деректермен бірқатарда, XX ғасырда Шу, Жетісу, Тарбағатай және Шығыс Түркістан аймақтарынан үйсін ескерткіштерін археологтар ашып, оларды зерттеп келе жатыр. Осы атқарылып жатқан

¹ Бахадин Ө. Ұлы Хүн империясының тарихы. 1-кітап. - Алматы, 1998. - 205-б.

² Сонда. 204-208 бб.

³ Сонда. 293-б.

⁴ Сонда. 309-б.

ғылыми жұмыстардың барысында көптеген археологиялық жәдігерлер қолға кірді. Олар үйсіндердің тарихын, соның ішінде мемлекетінің шығуын дәлелдейтін деректер. Міне, осындай ұзақ жылдар өмір сүріп, жалпы түріктердің, сондай-ақ қазақтардың тарихына елеулі үлес қосқан Үйсін мемлекетін арнайы зерттеуіміз қажет.

Феодалдық мемлекеттер. Антикалық дәуірде Орталық Азияда құрылған мемлекеттер мен империялар, феодализм дәуірінде де өзінің жалғасын тауып жатты. Осы құрлықтың автохтондық халқы түріктерді «жабайы, көшпелі» деген жағымсыз пікірлермен олардың тарихын мейілінше бұрмалап, түріктердің мемлекеті болмаған деген жалған пікірлерді евроцентристер уағыздап келді. Әлі де болса, осындай ғылымға жақындамайтын, жалған тұжырымдамаларды қолдаушылар әлде де баршылық. Бұл жалған, теріс пікірлерге ақиқат, шындық соққы беріп, оның ғылымға жақындамайтынын әшкерелеуде. Көшпелі тұжырымдамадан құтылатын кезеңде ұзаққа созылмайтын шығар.

4. 10. Аттила (434-453) мемлекеті

«Советская историческая энциклопедия» мен «Қазақ Совет энциклопедияларында» Аттиланы ғұн тайпалары одағының көсемі деп, оған атүсті мәлімет берумен шектелген¹. Себебі, бұл тарихи тұлғаға евроцентристер оң көзбен қарамай, оған «тағы, жабайы» деген теріс пікір тудырған. Соның нәтижесінде, Аттиланың аты, оның қоғамдық атқарған жұмысы ұмытылуға айналған. Енді Кеңес Одағы ыдырап, егеменді түрік тілдес халықтардың мемлекеті тарихи сахнаға шығуымен, Аттила қайта жаңғырып, ол туралы көлемді зерттеулер соңғы жылдарда жарық көре бастады². Солай болса да, әлі Аттила туралы

¹ СИЭ. Т.4. - М., 1961. - 930, 8 б; ҚСЭ. 1-т. - Алматы, 1972. - 565-б.

² Өтенияз С. Аттила. Ғылыми зерттеу. - Алматы, 2000.; Омаров Е. Аттила. - Алматы, 2006.; Омаров Е.С. Краткая история казахской цивилизации. - Алматы, 2005; Аттила и империя европейских гуннов //Вестник Университета Кайнар, 1997, № 3. 3-9 бб.

қолымызда мәліметтер жеткіліксіз. Көңіл толатын жағдай, кейінгі жас ғалымдар ата-бабасының тарихына жаңаша көзқараспен қарап, түрік, қазақ тарихындағы ақтандақтардың бетін ашып, шынайы халқымыздың тарихын жазуға атсалысып жатыр. Осындай ақтандақтардың бірі Аттиланың түрік әлемінде алатын орнын белгілеу - өзекті мәселелердің бірі.

Кейінгі жылдарда жарық көріп жатқан деректерге қарағанда, Аттила ғұн тайпалық одағының көсемі ғана емес, ол Ұлы Хұн империясының феодалдық дәуірдегі жалғасы деп қараған тарихи шындыққа жақын келеді. Ол Хұн империясының патшасы болып, Шығыстың мәдениетін Батыс Еуропа елдеріне таратушы. Ғұндардың (хұндар) мәдениеті Батыс елдерінен жоғары тұрған. Аттила хұндардың мұрагері болып, Ұлы Хұн империясының 600 жылдай өмір сүрген өте бай тәжірибесін пайдаланып, Батыс Еуропаны дүр сілкіндірді.

Аттиланың басқару орталығы қазіргі Венгрия жерінде болды. Ол шығыста - Кавказға, батыста - Рейнге, солтүстікте - Даниялық аралдарға, оңтүстікте - Дунай өзеніне дейінгі жерлерде билік жүргізді. Ғұндар 447 ж. Фракия мен Иллирияны талқандап, Феропил мен Константинополь төңірегіне дейін жетті. Аттила басқарған ғұндар Рим империясын құлатты. Сөйтіп, Батыс ғұндар V ғасырда Аттила кезінде ұлы күшке айналды.

Дүниені дүр сілкіндірген ғұндардың күштілігі олардың бірлігінде болатын. Олардың мәдениеті көп жағдайда басқа халықтардан жоғары болып, өздерінің үстемдігін шығыста да, батыста да ұзақ уақыт жүргізген. Сол кезде қалыптасқан ғұндардың бірлігі орта ғасырдың бас кезінде осалдап, 603 жылы Шығыс және Батыс қағанаттарға бөлінген. Сол кездегі таққа отырған Түрік қағандары елдің бұрынғы бірлігін қайта қалпына келтіру үшін күштерін жұмсаған. Солардың ішінен Түрік мемлекетінің бірлігін сақтауда зор табысқа қол жеткізген Білге мен Күлтегін. Олардың өмірі мен атқарған қызметтері Орхон-Енисей ескерткіштерінде тасқа ойылып жазылып қалдырылған тамаша мұра ретінде бізге жетті.

4. 11. Көктүрік империясы

Білге қаған, Беклен (Қытай жазбаларында Пицэ) - кэ хань. Могиянь (683-734) - Шығыс Түрік қағандығының он жетінші қағаны, Капқан қағанның (Мочже) баласы. 13 жасында кіші Шад лауазымын алды: 716 жылы қаған болып жарияланды. Бұл жақ Орталық Азияда ішкі және сыртқы саяси жағдайдың шиеленісіп тұрған дәуірі еді. Үш тайпадан тұратын (көк түрік, аштаг, басмыл) әулеттік топ арасында қаған билігін мұрагерлік жолмен алу жүйесінің ауысуына байланысты, өзара қырқыс шықты. Жаңа жүйе бойынша қаған тағына шеше жағынан келетін жиендері емес, тек әке қағанның өз балалары ғана мұрагер бола алатын, сөйтіп жиен болып келетін аштаг (ашида) және басмыл тайпаларының өкілдері қағандық ішіндегі биліктен шеттетілетін болды¹.

Жоғарғы өкімет билігінің бір қолға және бір тайпа ақсүйектерінің қолына өтуі, өкімет билігін орталықтандыруға ұмтылу қағандықтың шығыс пен батыс бөлігіндегі тайпалардың толқуын туғызды. Толқу жұтпен ұласып, 723 жылы қыста Білге қағанның әскері атсыз қалды, бағынышты тайпалар бөлініп кетті².

Міне, осындай қиын кезде Құтлұқ қаған Көктүрік мемлекетін құрғаннан кейін, 691 жылы қайтыс болады. Оның балалары Білге - сегіз, Күлтегін - жеті жаста болғандықтан, орнына інісі Капқан отырып, елін 24 жыл бойы басқарып, өте маңызды істерді тындырады. Оның негізгі мақсаттары: Азия құрлығындағы барлық түріктерді көктүріктерге біріктіру; шет елдерде жүрген түріктерді еліне қайыру және бодандықтағы түріктерді құтқару; Қытайды әрдайым қысымшылықта ұстап, Түрік елін қорғау еді³.

Капқан осы мақсаттарын орындау үшін Қытайға бірнеше рет жорыққа шықты. 699 жылы ол Танг империясына қирата соққы беріп, мол олжаға батты. 696-697 жылдары қыста Тоныкөк, Білге және Күлтегін басқарған. Көктүрік әскері Орталық

¹ КСЭ. 2 т. - Алматы, 1973. - 550-551 бб.

² Сонда.

³ Білге қағанның өсиеті. - Түркістан, 2001. - 6-б.

Азияның оңтүстігіндегі түріктердің көтерілісін басты. Сыртқы және ішкі саясатты табысты жүргізуде Капқан халқына аса қатты қараған. Оның үстемдік еткен кезіндегі жетістіктері мен кемшіліктері Орхон ескерткішінде баяндалған.

716 жылы Капқан дүние салғаннан кейін оның баласы Инал әкесінің тағына отырғанымен, елін дұрыс басқаруға шамасы келмейтінін біліп, орнынан түсіп, қағандықты Білге басқарады. «Білге таққа шыққаннан кейін бауыры Күлтегін Білгенің сол жақтағы елшісі болып тағайындалса, тәжірибелі мемлекет қайраткері Тонюкук Айгужылық (мемлекеттің мәжіліс төрағасы) болып тағайындалады». Көктүрік мемлекетінің бір үлкен мәжілісінде бұл үшеуіне берілген мінездеме: «... Білге қаған - жақсы, ұлтын сүйетін, халыққа ұнайтын (көсем - У.Ш.); Күлтегін - соғыс өнерінің ұстазы, оған қарсы тұратын күш жоқ; ал Тонюкуқты - беделді, білімді және жоспарлы кісі деп сипаттайды»¹. Үшеуі бірлесіп Көктүрік мемлекетін басқарды.

Ұзақ жылдарға созылған көтерілістерден мемлекет адамдары мен халық шаршаған болатын. Білге мен Күлтегін екеуі қосылып және Тонюкук сияқты ақылды зиялылардың жәрдемімен бар жігер-қайратын түріктерді бірлестіру үшін Көктүрік мемлекетінің сыртқы және ішкі жауларымен күрес жүргізді. Өздерінің тәуелсіздігін сақтау үшін Қытай империясына әрдайым соққы бере отырып, өзінің ішіндегі тайпалардың көтерілістерін басып отырды.

Білге қағанның ең маңызды ерекшеліктерінің бірі - Түрік халқын жан-тәнімен сүйгендігі және шын берілгендігі. Өзінің жасаған жорықтарында көптеген жерлерді өзіне бағындырып, Көктүрік мемлекетін күдіретті күшке айналдырып, халқын байлыққа жеткергенін былай тұжырымдаған: «Тәңірімнің бұйрығы үшін халқымның көзінің көрмегені, құлағының естімегені үшін күннің шығысына, күннің батысына, күндізге, түнге жеткіздім. Алтынның сарысын, күмістің ағын, жібектің тазасын, аттың айғырын, нәжісінің қарасын, тиынның көгін түрік халқына енгіздім»².

Білге қаған халқына сүйеніп, сеніп игілікті істерді атқарғанын, түрік халқының батырлығын, оның өмірді бағалай білетінін және өзінің халқына шексіз сенетіндігін төмендегідей

¹ Сонда. 7-б.

² Сонда.

қысқа тұжырымдаған: «Ей, Түрік! Жоғарыдағы аспан құламай, төмендегі жер тесілмей, сенің мемлекетіңді, әдетіңді кім жоя алады»¹, - деген.

Хүн империясы ыдырағаннан кейін оның мұрагері көктүріктер кезінде Білге қаған Орталық Азияны мекендеген түріктерді қайта біріктіріп, бірқанша ұлы күшке айналғанымен, ол ұзаққа бармай қайтадан бөлшектеніп, ертедегі орта ғасырда бірнеше феодалдық мемлекеттерге бөлінді. Олардың ішіндегі бізге көбірек белгілілері: Түркеш (Түргеш - сарыүйсін), Қарлұқ, Қараханидтер, Қаракытай (Қидандар), Қыпшақ және Хорезм.

4. 12. 704-766 жж. Түркеш (Түргеш) қағандығы

Жетісу өңірінде орналасқан феодалдық мемлекет. М. Қашқаридің жазғанына қарағанда, бұл мемлекет Шу, Іле өзендерінің алқаптарынан Мойынқұмға дейінгі жерлерді иеленген. Бас астанасы Баласағұнда орналасқан. Этникалық жағынан Түркеш қағанаты бірнеше түркі тілдес тайпалардан құрылған. Б.з. VI ғасырында бұлардың ішіндегі күштілері үйсіндер болып, ол сары-түркеш және қара-түркеш деп екіге бөлінген. Сары-түркештердің орталығы - Суяб қаласы, қара-түркештердің астанасы Таразда орналасқан. Олардың арасында ұзақ жылдардан бері орын алған қарама-қарсылықтардың нәтижесінде әлсіреп, 766 жылы Түркеш қағанаты құлап, оның орнына ежелгі шығыс көршісі болған Қарлұқ тайпасы келеді. Сөйтіп, 62 жылдай өмір сүрген Түркеш тайпалары антикалық заманнан күшті Ұлы жүз үйсіндері мемлекетінің оңтүстік жерінде орналасқан шағын феодалдық мемлекет болғанға ұқсайды. Бірақ, Түркеш мемлекетінің тарихы туралы мәліметтер аз және бір-біріне қарама-қайшы.

4. 13. Қарлұқ мемлекеті

Жетісу өлкесін мекендеген көне Үйсін мемлекетінің жеріндегі түрік тайпалары. Ежелден олар Түркеш тайпаларымен қоян-қолтық араласқан, Ұлы Жібек жолының үстіндегі

¹ Сонда.

этникалық топтар. Түркештердің әлсіреуін пайдаланып, 766 жылы Жетісу және Шу өлкелерін билеген, Қарлұқ қағанаты (766-940) үстемдік етті. Бұл феодалдық мемлекет күшейіп, Шығыста Тарымға, Батыста Ферғанадан асып Тохаристанға (Сурхабвахш су алыбынан Ауғанстанның солтүстік шекараларына) дейін саяси үстемдігін жүргізді. Мемлекет билеушілерінің орталықтары Суяб, Тараз болғанымен, бас астанасы Баласағұн қаласы болды¹.

Қарлұқ феодалдық мемлекеті 174 жылдай өзінің үстемдігін жүргізіп, бұрынғы түркештердің иеленген жер көлемін кеңітіп, оның оңтүстік-батыс шекарасын Ауғанстанға дейін, шығысын Шығыс Түркістанға дейін кеңейтеді. Осы ортадағы Ұлы Жібек жолының желісін иеленіп, қалалар мен тұрақты мекендер салып, ислам дінін қабылдап, мәдени өркениетке жол ашқан.

Осындай жетістіктерге қарамастан, Қарлұқ мемлекеті құлады. «Қарлұқ қағанатына нақты қатер Мауераннахр тарапынан емес, Шығыс Түркістаннан Қашқардың түрік тілдес тұрғындары тарапынан төнді. 940 жылы олар Баласағұнды басып алды»². Оның орнына Қараханидтер феодалдық мемлекеті келді.

4. 14. Қарахан мемлекеті

941-1130 жылдары үстемдік етіп, Шығыс Түркістан, Жетісу және Мауераннахрдың едәуір бөлігін қамтыды³. Аттары аталған аймақтарда антикалық дәуірде Қаңлы, Үйсін мемлекеттерінің орнына орналасқан мемлекет. Оның этникалық құрамалары жергілікті түркі тайпаларынан құрылған: қарлұқ, қаңлы, шігіл, яғма және оғыз. Бұлардың бәрі аты аңызға айналған түріктердің атақты патшасы Афрасиабтың әулеті екенін М. Қашқари жазып кеткен: «Оғұлшақтың немере інісі Сатұқ Боғра-ханды (915-955) Қарахан әулетінің негізін салушы есептейді. Исламды қабылдаған»⁴. Қарахан әулеттері Саманилер мемлекетін құлатып, Мауераннахрды түгел иеленеді. Нәтижесінде, Қарахан мемлекеті Орталық

¹ ҚСЭ. 6-т. - Алматы, 1975. - 520-б.

² Қазақ ССР тарихы. 1-т. - Алматы, 1980. - 558-559 бб.

³ ҚСЭ. 6-т. - Алматы, 1975. - 510-б.

⁴ Қазақ ССР тарихы. 2-т. - Алматы, 1983. - 15-б.

Азияда феодалдық күшті мемлекетке айналып, оның экономикасы және мәдениеті алға өрледі¹.

Қарахан мәдениеті кезінде түріктер ислам өркениетін жоғары сатыға жеткізіп, әлемге әйгілі ұлы тарихи тұлғаларды әкелді. Олардың ғылыми еңбектері кейінгі ұрпақтарды тәрбиелеуде ғасырлар бойы үлгі болып келе жатыр.

Жоғарыда біз қысқаша тоқталып өткен ертедегі орта ғасырда өмір сүрген мемлекеттермен қатар, оғыздардың, қыпшақтардың, Хорезмнің мемлекеттері болған. Олардың қысқаша тарихы «Қазақстан тарихының» екінші томында жазылған².

Ертедегі орта ғасырдағы Орталық Азияның үлкенді-кішілі феодалдық мемлекеттерді 1218 жылы Шыңғыс хан басқарған Моңғол мемлекеті жаулап алып, оларды Моңғол империясының құрамына кіргізді.

«Қазақстан тарихындағы» «Моңғолдардың жаулап алуының зардаптары» атты бөлімінде: «Шыңғыс хан әскерінің шапқыншылығы жаулап алынған елдер үшін өзінің зардабы жағынан ауыр апат болды; ол көптеген халықтардың экономикалық, мәдени, саяси және әлеуметтік, этникалық дамуын ұзақ уақытқа тоқыратты. Моңғолдардың жаулап алуы салдарынан өндірістік күштер талқандалып, адамдар жаппай қырылды, өркендеп тұрған қалалар жер бетінен ғайып болып, материалдық және мәдени қазыналар жойылып кетті; ондаған мың тамаша шеберлер мен қолөнер иелері құлдарға айналды»³.

Келтірілген үзінді сын көтермейді. Себебі, ұзақ жылдар бойына айтылып келе жатқан «орайлық, еуропалық» көзқарас. Шыңғыс хан бастаған моңғолдардың шапқыншылығын мейлінше бұрмалаған. Бұндай пікір шындықтан алшақ жатыр. Шыңғыс хан алдымен өзіне Батыс Қытайды бағындырып, 1218 жылы Орталық Азияны басып алу мақсатымен шығыстан батысқа қарай жорық жасады. Жаулау жорығы кезінде қарсыласқан күштерді қиратып, бағындыру үшін бар күшін аямай жұмсады. Бұл барлық басқыншылық соғыстарға тән оқиға. Әйтпесе, соғыс

¹ Қарахан мемлекеті // Қазақ ССР тарихы. 2-т. - Алматы, 1983. - 13-33 бб.

² Қазақстан тарихы. 2-т. - Алматы, 1998. - 89-б.

³ Сонда.

болама? Осы жорыққа күш көрсеткен Отырар, Көне-Үргеніш (Хорезмнің астанасы) сияқты қалаларды бүліншіліктерге ұшыратты. Жолындағы үлкенді-кішілі елді мекендерді, Ұлы Жібек жолындағы Жаркент, Алматы, Мерке, Құлан, Тараз, Испиджаб (Сайрам), Ташкент, Самарқанд, Бұхара, Мерв және т.б. қалаларды олардай қиратқан жоқ. Осындай жағдай моңғолдардың бағындырған аймақтарында, елдерінде болды. Жергілікті тұрғындарды шетінен қырған жоқ. Орталық Азияны толық жаулап, оны Шыңғыс хан Төлей, Үгедей, Шағатай, Жошы деген балаларына бөліп берді. Олар өздеріне берілген аймақтарда билік жүргізді. Моңғолдар әр аймақта жоғарғы басқарушы органдарда отырғанымен, олардың қол астындағы төменгі басшылар жергілікті халықтардан таңдалды. Сан жағынан моңғолдар басып алынған жерлерде өте аз болған соң, жергілікті түріктер көп болған. Моңғол әскерінің басым көпшілігі түріктерден құрылған. Тек олардың жоғарғы әскери басшылары моңғолдардан қойылғанымен, төменгі командирлері түріктерден дайындалған. Түріктердің ержүрек жауынгерлерін Шыңғыс хан толық пайдаланып, өзінің империясын құруда үлкен күшке айналдырған. Алдыңғы Азия мен Еуропадағы басып алынған елдер Моңғол империясының вассалы болған.

«Адамдар жаппай қырылды» деген сөздердің қисыны жоқ. Керісінше, Орталық Азия, Алдыңғы Азия, Еуропаның біршама елдері Моңғол империясында үш ғасырға жақын өмір сүрген кезде, жергілікті халықтардың арасында салыстырмалы тыныштық орнап, халықтар экономикасында, мәдениеттерінде бірқатар алға өрлеушілік болғанын мойындауымыз керек. Осы империяда 200-ден астам жаңа қалалар бой көтерсе, көне шаһарлар үлкейіп, өскені байқалады. Жалпы, Моңғол империясы жергілікті халықтардың дамуына айтарлықтай тосқауыл жасамаған. Орталық Азияның автохтонды этникалық құрылымдары әрбір аймақта бірлесіп, қандастық жағынан рулар, тайпалар арасында халық болу процестері жүріп жатқан. Үш ғасыр деген тарихи аз уақыт емес, сол кезде Моңғол империясының ішіндегі түріктер бөлшектеніп, жер жағынан, тіл жағынан, экономикалық жағынан жақындары халық дәрежелеріне дейін көтерілген. Сондай-ақ, империя көлемінде халықтардың этникалық процесі дамып, қандастық жағынан

жақын этностар халық болып қалыптасқан. Осы күнгі түрік тілдес халықтардың өз алдарына ел болуына негіз салынған.

Моңғол империясы ыдыраған кезде түрік тілдес халықтар өз алдарына бірнеше мемлекеттерге бөлініп шыға келуі соған дәлел. Моңғол империясы құрамындағы түріктер арасында этникалық процесс тоқтамай, табиғи-географиялық, тарихи жағдайларға байланысты түрік халықтары қалыптаса берген. Бұл процесс жылма-жыл ен жайып, Моңғол империясындағы халықтар дамыған. «XIV ғасырдың екінші жартысында ол бір-біріне тәуелсіз бірнеше аймаққа бөленген. Москва мемлекетінің күші және 1380 ж. Куликов шайқасында Москва князы Дмитрий Донской әскерінен моңғолдардың қатты жеңілуі бұл процесі одан әрі күшейте түсті. XIV ғасырдың соңында (1391-1399) Темір Алтын Ордаға бас көтертпестей екі рет күйрете соққы берді. Содан соң ол бірте-бірте ыдырай бастады. XV ғасырдың басында Тоқтамыс хан мен Едіге бидің өзара таласы Алтын Орданы одан сайын әлсіретті. Осы ғасырдың бірінші жартысында одан болғарлар, қазақ пен қырымдықтар бөлінді. 1480 жылы орыс княздықтары моңғолдардан толық тәуелсіздігін алды. Сол шамада Қазан, Қырым, Астрахан (Ноғай), Қазақ, Өзбек халықтары құрылды»¹.

Келтірілген үзіндіде Моңғол империясының ыдырауы туралы баршаға мәлім тарихи оқиғалар дұрыс сәулелендірілген. Бірақ қазақ, өзбек халықтары құрылды деп айту шындыққа сай болмайды. Бұл халықтар да басқа түркі тілдес халықтар сияқты сол империяның құрамындағы халық болып қалыптасып, оның ыдырауынан кейін ғана өз алдарына бөлініп шыққан десек тура болар еді. Сонымен, Моңғол империясының құлауымен байланысты түркі тілдес халықтар енші алып шыққанда «қазаққа қара шаңырақ қалған жоқ па» деп Мағжан Жұмабаев осы кезеңді айтқан.

¹ ҚСЭ. 1-т. - Алматы, 1972. - 302-б.



5-бөлім

ТҮРІК-ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТИ

Алдымен өркениетке тоқталайық. Өркениет (цивилизация) - белгілі-бір тарихи формациядағы қоғамның саяси, заттай және рухани мәдениетінің даму дәрежесін белгілейтін тұжырымдама (концепция). С.И. Ожегов құрастырған «Словарь русского языка» сөздігінде: «Цивилизация – степень общественного развития и материальной культуры, характерная для той или иной общественно-политической формации»¹, - деген анықтама берілген.

Бұл келтірілген тұжырымдама жоғарыдағы айтқан ойымызға жақын. Тек С.И. Ожегов адам баласының рухани мәдениетін атамаған. Автор бұл жерде адамзаттың жалпы мәдениетін емес, тек заттай мәдениетті (материальная культура) тілге тиек еткен. Мәдениет дегеніміз - қысқаша айтқанда, адам баласының ақыл-ойы мен физикалық күшінің жемісі (жиынтығы). Ол заттай және рухани болып екі үлкен топқа бөлінеді. Мәдениеттің бұл екі бөлігі бір-бірімен тығыз байланыста көне заманда пайда болған және үздіксіз эволюциялық заңмен дамыған. Мәдениетті жаратушыда, дамытушыда - адам. Сондықтан мәдениетсіз адам жоқ. Қандай табиғи-географиялық орталықта адамдар өмір сүрсе, сол мекенінің ерекшелігіне және тарихи жасаған жағдайларына байланысты өмір сүрген. Олардың даму дәрежелері де біркелкі болмаған. Өйткені Әлем халықтарының табиғи-географиялық орталықтары алуан түрлі. Міне, осындай түрлі себептердің нәтижесінде, Әлем халықтарының кейбіреулерінің дамуы алға кетсе, қалғандары артта қалған. Өздерінің эволюциялық даму дәрежесі бойынша алға кеткен

¹ Словарь русского языка./ Сост. С.И. Ожегов. - М., 1953. – 709-б.

халықтарды өркениетті халықтардың қатарына жатқызсақ, артта қалушыларды өркениетке жете алмай келе жатқандар дейміз. Әлем халықтарының мұндай даму дәрежесі антикалық заманнан басталған.

5. 1. Антикалық мәдениет

Антикалық дәуірде кейбір халықтардың алғашқы қоғамнан, таптық құлшылық қоғамға өткеніне тарих куә. Алғашқы құлшылық мемлекеттер 4 мың жылдың соңында, 3 мыңжылдықтың басында ертедегі Мысырда, Қосөзен, одан кейінірек Ганга, Эгей теңізінің жағалауларында және Хуанхэ өзенінің алқабында болғаны Әлем тарихында жазылған¹. Бірақ бұл әлі Әлем көлемінде толық шешуін таба алмай келе жатқан мәселелердің бірі. Өйткені Азия құрлығын мекендеген миллиондаған халықтар жақын және алыс көршілерімен, бір-бірімен әржақты (көп салалы) байланыстарда болғаны баршаға мәлім. Томағасы тұйық жасаған халықтар көп емес. Ұлы Жібек жолы жүріп өткен Орталық Азияда бұндай құлшылық мемлекеттердің ертеде болғаны жөнінде еш жерде жазылмағаны былай тұрсын, бұл аймақтың тұрғындары түріктер құлшылық қоғамнан секіріп, феодализмге жетті деп қояр емес. Археологтар Тұран ойпатынан құлшылық қоғамның мәдениетін ашып, түріктердің бұл қоғамды бастарынан өткергенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Сол археологиялық экспедициялардың ірілері: «Кенес-моңғол археологиялық экспедициясы» (С.В. Киселев, А.П. Окладников); «Хорезм археологиялық экспедициясы» (С.П. Толстов); «Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы» (Ә.Х. Марғұлан); «Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы» (К.А. Акишев) және т.б. Бұлардың атқарған ғылыми жұмыстарымен танысқыңыз келсе У.Х. Шәлекеновтің «Түріктердің отырықшы өркениеті» (Алматы, 2003) атты монографиясының 47-62 беттеріне көңіл аударыңыз.

Өсіресе, XIX-XX ғасырларда археология ғылымы тарихқа бұрын-соңды болмаған жаңалықтар әкеліп, тарихтағы көптеген

¹ СИЭ. Т.4. - М., 1963. – 650-б.

ақтандақтарды қайта қарауға мүмкіншілік тудырып отыр. XX ғасырда Орталық Азиядан тарихтың барлық кезеңдеріне жататын ескерткіштерді археологтар ашты және бұл жұмыс бүгінгі таңда ен жаюда. Осы қолға кіргізген өте бай археологиялық, этнологиялық, антропологиялық және жазба деректерге қарағанда, Орталық Азияның **автохтондық түріктері** антикалық дәуірде өркениеттің негізін салып, жақын және алыс көршілерінен артта қалмай, кейбір жағдайда алда келген этникалық құдіретті күш болғанын дәлелдейді. Көбінесе алдыңғы қатарда дамып келе жатқан Әлем халықтары сияқты Орталық Азия түріктері өзінің бастарынан Алғашқы, Құлшылық, Феодалдық, Капиталистік формацияларды бастарынан өткерген. Осы тарихи дәуірлердің кейбіреулерінен секіріп өтті деген пікірлер ғылымнан алшақ¹.

Б.з.б. V-IV - б.з. V ғасырларында Орталық Азияда Қанды, Үйсін, Ферғана, Тохаристан, Эфталит құлшылық мемлекеттері, Кушан, Хун және Көктүрік империялары сияқты ірі-ірі әртүрлі категориялардағы басқару жүйелерінің болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Ертедегі және соңғы орта ғасырларда Орталық Азиядағы көптеген үлкенді-кішілі феодалдық мемлекеттерді, антикалық кезеңдегі басқару жүйелерінің жалғасы деп қараған жөн.

Антикалық заманда Орталық Азия түріктері өздерінің дамуы бойынша өркениетке жетіп, жақын және алыс көршілерінің алға өрлеуіне жәрдемдескенін паш ететін жазба деректер қолымызға түсті. Енді солардан кейбір мысалдар келтірейік. XX ғасырдың ортасынан бастап, 40 жылдай Қазақстан Ғылым академиясының «Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы» (академик Ә.Х. Марғұлан); «Жетісу археологиялық экспедициялары» (проф. К.А. Акишев) Орталық, Шығыс Қазақстандағы қола және темір тарихи кезеңдеріне жататын археологиялық ескерткіштерді зерттеді. Олардың нәтижелері мақалалар мен

¹ Шәлекенов У.Х. Орталық Азия түріктерінің құлиеленушілік дәуірі // Отан тарихы. 2-3. 2003; V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. - Алматы: Жібек жолы, 2007; Түріктердің отырықшы өркениеті. - Алматы: Қазақ университеті, 2003; Орталық Азиядағы ортағасырлық өгіздерінің қалалары // Хабаршы. Абай ат. ҚазҰПУ. - № 2 (8). - Алматы, 2005.

монографиялар болып жарық көрді. Осы көпжылдық зерттеудің нәтижесінде, академик Ә.Х. Марғұлан: «Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана» атты монографиясында: «Бегазы-Дәндібай мәдениеті Оңтүстік Сібірдегі Қарасук мәдениетінен бөлек, өзінше дербес дамығанын атап өтуіміз керек. Бегазы-Дәндібайдың материалдық мәдениеті туралы аса бай ғылыми мәліметтер жиынтығы **бұл мәдениеттің бастауын Оңтүстік Сібірден емес, Орталық Қазақстандағы көне металлургия орталығынан іздеу керек екенін және дәлірек айтқанда, оның Қарасук мәдениетіне тигізген зор ықпалын айқын аңғартады**»¹. Сөйтіп, алғашқы болып түсті металдар Орталық, Шығыс Қазақстаннан Әлемге тарағанын Ә.Х. Марғұлан ғылыми тұжырымдаған болатын.

Ғұламаның бұл жаңалық тұжырымын жазба деректер де дәлелдеп отыр. Енді Қытай деректерінен мысал келтірейік: «Қытайдың солтүстігінде қола мен мыс сияқты металдар аз еді. Соны ғана назарда ұстаушылар Батыс Қытайда кездесетін қола ескерткіштерді Алтай мен Сібірге байланыстыра қараушы еді... Осыдан түрік халқы жасап, кемелдендірген қола өнеркәсібі Солтүстік Қытай арқылы Оңтүстік және Шығыс Қытайға жетіп өркендегені аңғарылады. Сөйтіп, Қытай жерінде қытайлық қола өнеркәсібі дамып, өркендеді. Қандай да бір жаңа деректер табылып жатса да, өзгермейтін ақиқат осы болатын»². Түріктердің бабалары Қытай династияларын құруда, дамытуда өздерінің қолайлы ықпалын тигізумен бір қатарда, хұндардың әскери басымдығын көріп, өздері қару-жарақ реформасын жүргізуге мәжбүр болды. Бұл реформада хұндардың көптеген әскери жетістіктерін қабылдады. Бұл жаңғырудың ең көрнектісі атқа ерекше мән беруден көрінеді. Әйгілі Қытай генералы Ма Йуан ол туралы былай деген екен: «Әскери қимылдың түп негізі - ат болып табылады... Аттылар (хұндар - У.Ш.) ежелден сауыт киіп жүруші еді. Хұндар сондықтан да соғысқа сауытсыз шықпайтын. Қытайлар сауыт киіп, қалқан ұстауды, садақ атуды хұндардан көріп үйренді»³.

¹ Марғұлан А.Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Соч., Т.1. - Алматы, 1998. - 390-б.

² Бахаддин Өгел. Ұлы Хүн империясының тарихы. 1-кітап. - Алматы, 1998. - 17-б.

³ Сонда. 68-б.

Бұрынғы жазылған тарихтарда Орталық Азиядан Қытайға жоңышқаның тұқымы алғашқы рет апарылған деп келсек, ертедегі хұндар Қытайға алуан түрлі жаңалықтар әкелгені туралы жоғарыдағы деректерді келтірдік. Хұндардың, көктүріктердің көршілерге тигізген қолайлы әсерлері көп болған және өздері де көршілерінің жетістіктерін тұрмыстарында қолданған (енгізген). Осындай бабаларымыздың антикалық дәуірде жетістіктеріне сүйеніп, Орталық Азия түріктері антикалық тарихи кезеңде өркениетке жетіп, Орталық Азия өркениетін құрған деген тұжырымдамаға келе аламыз. Біздің бұл пікірімізді кейінгі табылған жаңа деректер толықтыра беретініне сенеміз.

Сөйтіп, Антикалық дәуірде Орталық Азия түріктері отырықшы, жартылай отырықшы және шөлдік-шөлейттік аймақтарда онша көп емес рулар көшпелілік өмір сүрген. Осы көп салалы шаруашылықтың бірлігінен (синтез) түріктердің антикалық өркениеті құралып, ол ислам әлемі өркениетінің өрлеуіне лайықты өз үлесін қосқанын дәлелдейтін деректер баршылық.

5. 2. Орта ғасыр өркениеті

Орта ғасырда Әлемде үш ұлы өркениет болған: Батыс Еуропа, Ислам әлемі және Қытай¹. Олар төрт ғасырды қамтиды: 1100-1500 жылдар. Осы ғасырларда өмір сүрген адамзат тарихын ертедегі және төменгі орта ғасыр болып Әлем тарихында аталып келе жатыр. Бұл өркениеттер - мыңдаған жылдарды қамтитын Әлем халықтарының эволюциялық дамуының формациялық көрінісі.

Тарихтың бұл кезеңінде (дәуірінде) Батыс Еуропа елдерінде феодалдық құрылым үстемдік етіп, қоғам аристократтар мен жарлы шаруалардан (дихандардан) құрылған. Феодалдық қоғамның ең білімді адамдары, сарай кеңесшілері, христиан дінінің уәкілдерінен іріктеліп алынған. Барлық қоғамдағы идеология, сана-сезім және рухани мәдениет осы діни көзқараста қаралған.

¹ Всемирная история в иллюстрациях: Средние века. История мира от походов нармандов до путешествие Колумба. Т.4. - М., 1994. - 9-б.

Шығыстағы өркениетті Қытай елі болып 979-1226 жылдары Сүн дәуірінде алға өрлеген. Бұл өркениет жақын, алыстағы көршілеріне өзінің қолайлы ықпалын тигізген. Сол кезде қытайлықтар кітапты басатын баспахананы, оқ-дәріні, қағаз ақшаны өмірге ендіріп, қоғамның дамуы бойынша Қытай Батыс елдерден әлдеқайда алда болған.

5. 3. Ислам өркениеті

Ислам дүниесінің өркениеті - ислам дінінің шығуымен байланысты екені өзінің атымен-ақ белгілі болып тұр. Әлемдегі ұлы үш діннің бірі - ислам. Б.з. VII ғ. Арабияда пайда болып, тарихи қысқа мерзімде Оңтүстік Испаниядан Қытайға дейінгі және Тынық мұхиттың бірқатар елдерін мекендеген халықтардың араларына кең тараған. Оның негізгі себебі, ислам адамдардың тұрмысына өте жақын болып, халықтарды мәдениетке, ғылымға жетелейтін бірден-бір дін болғандықтан, оның шығу және даму тарихы баршаға мәлім. Қазіргі кезде Жер шарын мекендеуші халықтардың төрттен бірі исламды қолдайды, дәріптейді. Олардың заңы, басқару орындары, білімі, ғылымы, тілдері мен әдебиеттері, күнделікті тұрмыстары, әдет-ғұрыптары және т.б. өмірлері ислам дінінің әсерінде. Ислам мәдениеті көптеген халықтарды, ұлттарды бірлестіреді. Оларды білімге, ғылымға және мәдениетке жетелейтін дін. Сондықтан да ислам дініне енген халықтардың арасында рухани мәдениет тамаша дамыды. Мұны Әлем тарихында жоғары бағалайды: «Культура ислама объединяла народы самых отдаленных друг от друга стран: достижения мусульманских ученых в математике, естественных наук и технике вызывали восхищение всего мира, стремившегося подаржать им»¹.

Ислам дініне енген халықтардың рухани жағынан, соның ішінде ғылыми ұлы жеңістерге жеткендері тамаша жұмбақталып айтылған. Бірақ, бұл дінді дәріптеушілердің гуманитарлық ғылым саласында жеткен жеңістері аз болмағанын атаған жөн. Орта ғасырдағы ислам өркениетінің барлық жетістіктеріне,

¹ Сонда.

сондай-ақ ғылым, білім, мәдениеттердің орасан алға өрлеуіне Орталық Азия түріктері айтарлықтай үлестерін қосты.

* * *

1977-1997 жылдары Әбу Насыр әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Әбсаттар қажы Дербісәлімен бірге қызмет еттім. Еліміздегі оқу орындарының қара шаңырағы аталып кеткен білім ордасында Ә. Дербісәлі ассистенттен филология ғылымдарының докторы, профессор атағына ие болып, осы оқу орнының филология және шығыстану факультеттеріне басшылық етті, кафедра менгерушісі болды, кейін «Тілдер және халықаралық қатынастар» жөніндегі проректор лауазымын мінсіз атқарды. Мен де сол жылдары осы университеттің тарих факультетінің деканы ретінде онымен қызмет бабымен тығыз байланыста болдым. Осындай қарым-қатынас адамдардың бірін-бірі жақын білуіне мүмкіндік береді екен.

Әбсаттар Дербісәлінің адамдармен қарым-қатынасы, іскерлігі, ғылыми көзқарастары, жалпы адамгершілігі, қарапайымдылығы маған ұнап, бұл азаматқа сый-құрметім артып, оны тіпті жақсы көргендіктен, інім дейтін болдым. Қазақтардың күнделікті өмірінде жасы үлкендер кішілерін өзіне жақын тартып, інім дейді ғой. Бірақ мен бұл сөзді шын ниетпен, құрметпен ауызға алатынмын. Өйткені өзінің биік адамгершілік, имандылық қасиеттерімен Әбсаттар Дербісәлінің үлкен университет ұжымында абыройлы басшылардың бірі болғанын көрген ағаларының бірімін. Сондықтан осы шағын мақаламда Әбсаттар інімнің атқарған және атқарып келе жатқан діни, ғылыми және қоғамдық қызметіне ой жүгіртпекпін.

Әбсаттар Дербісәлі - өткен ғасырдың ортасында дүниеге келген азамат. Баршаға мәлім, тарихтың бұл кезеңі Кеңес Үкіметінің кемеліне келіп, социалистік қоғам құруға коммунистік партия басшылығымен көп ұлтты КСРО-ның халықтары атсалысып жатқан жылдар болатын. Социалистік қоғамда коммунистік идеология үстемдік етіп, жалпы діндерге, соның ішінде ислам дініне де қарсы күрес толастамады. Атеизм күшіне мінді. Оның мүшелері дінге, діни сенімдерге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізетін. Патшалық Ресейге бодан болғаннан бастап, отаршылар ислам дініне қысым жасап,

автохтондық байырғы жергілікті халықтарды христиан дініне ендіріп, орыстандыру саясатын жүргізіп келген болса, Кеңес Үкіметі де бұл саясатты батыл жалғастырды. Ислам дінімен ашықтан-ашық күресіп, соның нәтижесінде елімізде ислам діні қайғы-қасіретті басынан өткергені баршаға мәлім. Оның көрген қиыншылығы туралы том-том еңбектер жазуға болады.

Міне, осындай кезеңнің өзінде Әбсаттар Дербісәлі ислам дініне бет бұрып, оны игеруге талпынуына не себеп болғанын білмеймін. Оны одан сұраған да емеспін. Өйткені сол жылдары атеизм университеттерде басты пәндердің бірі еді. Оны басқарып отырған басшылардың бірінен, «Сіз ислам дініне қалай қарайсыз?» деп сұрау орынсыз да болатын. Сондықтан Әбекеңнің ислам дініне бет бұрғанының себептері бар сияқты, оны өзі айта жатар. Ол туралы ашық айтатын заман келді ғой. Қалай десек те, Әбекең -араб тілі мен мәдениетін игерген бірден-бір дін, қоғам және ғылым қайраткері, ислам дінінің ірі өкілі.

Өткен ғасырдың 70-жылдарында Араб елдеріне, соның ішінде Мағриб (Марокко, Алжир және Тунис) елдеріне барып, олардың тілін, әдебиетінің тарихын зерттеп, кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғап, ғылыми дәрежелерді иеленуі, сол халықтардың рухани жазба мұрасының маманы болу оның білімге, ғылымға деген қаншалық құштарлығын көрсетеді. Мағриб араб елдері Солтүстік Африкаға ислам дінінің VII-VIII ғғ. тараған, араб мәдениетінің ғасырлар бойы дамыған аймақтары. Мағриб жұртының негізгі халықтары - арабтар мен берберлер. Мемлекеттік тілі - араб тілі. Марокко халқының 75 пайызы, Алжирдің - 80, Тунис және Ливияның 90 пайызы араб тілінде сөйлейді¹.

Әбсаттар Дербісәлі осы Мағриб елдері кітапханалары мен мұрағаттарында ғасырлар бойы жинақталған бай деректерді оқып, жинап, сол елдердің рухани мәдениеті туралы күрделі еңбектерін өткен ғасырдың 80-жылдарында жарыққа шығарды. Солардың ішінде кейбіреулеріне тоқталсақ, «Шыңырау бұлақтар (Зерттеулер мен мақалалар)»², «Араб әдебиеті. Классикалық

¹ Этнографические очерки. Народы Африки. Народы мира. - М., 1954. - 147-б.

² Дербісәлі Ә. Шыңырау бұлақтар: Мақалалар мен зерттеулер. - Алматы: Жазушы, 1981.

дәуір»¹, «Арабоязычная литература Марокко»². Сондай-ақ ол көптеген журнал мен газеттерде өзекті тақырыптарды сөз ететін көптеген көлемді мақалалар да жариялады. Аттары аталған ғылыми еңбектердің жарық көрген мерзіміне жіті көңіл аударсақ, жас зерттеушінің қажырлы және жемісті еңбек етіп, араб дүниесін танушы ірі ғалым-маман дәрежесіне біртіндеп көтерілгенін байқауға болады.

Араб тілін толық игеріп, сол елдердің рухани мұралары бойынша ғылыми еңбек жазып жүргенде, сондай-ақ түрлі бұлақ көздерін аршып, соларда сақталған жалпы түркі елдері, соның ішінде қазақтар тарихына қатысты құнды мағлұматтарды жинауды естен шығармауы былай тұрсын, ізденуші оны негізгі мақсаттарының бірі етіп қойған. Өйткені жоғарыдағы аталған еңбектерінен кейін ол көп ұзамай 90-жылдар ортасында «Қазақ даласының жұлдыздары» (тарихи-филологиялық зерттеу)³ атты ауқымды монографиясын жариялады. Мен оған пікір жаздым. Еңбектеріме автордың бұл монографиясын өте қажетті дерек көздері ретінде пайдаланып келе жатырмын. Оларды басқа бұлақ көздерінен кездестіру қиын. Ғалымның бұл кітабында орта ғасырларда қазақ жерінен шыққан бізге мүлдем белгісіз болып келген ғалымдардың өмірі мен қызметіне, шығармашылығына хронологиялық тәртіппен жеке-жеке тоқталған. Одан Қазақстан ғұмырындағы ортағасырлық ірі-ірі қалалардан шыққан парасат иелерін білдік. Отырар шаһарынан - 2; Сайрам мен Түркістаннан - 2; Сырдың орта және төменгі ағыстарында орналасқан шаһарлардан - 10; Тараз (Талас) - 6 және шыққан руларының атымен аталған 13 ғалым⁴ жайына қанықтық.

Осы монографияға енген ғұламалардың жалпы саны 51 болса, олардың 34-нің өмір сүрген кезеңдері IX-XIII ғасырларға тура келеді, ал 17-сі XIV-XVII ғасырларда ғұмыр кешкен. Әбсаттар Дербісәлінің жалпы түрік әлемі, соның ішінде қазақ халқының тарихы, әдебиеті мен мәдениетіне зор үлес қосқанын үлкен

¹ Дербісәлі Ә. Араб әдебиеті. - Алматы: Мектеп, 1982.

² Дербісәлі А. Литература Марокко. - Москва: Наука, 1993; Дербісәлі Әбсаттар қажы. - Алматы, 2007.

³ Дербісәлі Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. - Алматы: Рауан, 1995.

⁴ Шәлекенов У. Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. - Алматы: Қазақ университеті, 2003.

қанағаттанарлық сезіммен атап өткенді жөн көремін. Жалпы, түріктердің өркениеті өрлеп, олардың арасынан орта ғасырларда көптеген ғұламалардың шыққаны дәлелдеуді керек етпейді. Көне замандардан бері түркі әлемі өзінің кешенді шаруашылығын дамытып, ірі-ірі қалалар, тұрақты мекендер салып, оларды саяси, экономикалық және мәдени орталықтарға айналдырған. Ұлы Жібек жолы арқылы жақын және алыс көршілерімен қарым-қатынаста болған. Сондай ірі мәдениеттің орталығы болған Сығанақ шаһарына арналған мына бір бәйітті Ә. Дербісәлі біз тоқталып отырған кітабының мұқабасына берген:

Бұрын бұл қамсыз ел еді,
«Наһаяны» құрастырған.
«Ифдаяны» зерлеген,
Ғұламалар мекені.
Тағдыр жазса, тағы да
Сығанақтық болар едік.
Сәби өмір бой көтерсе кезені.

Келтіріліп отырған бәйіт Сығанақ шаһарының бейбіт өмір кешіп, гүлденіп дәуірлеген кезін де, оның әлемге әйгілі ақындар және ғұламалар жасаған ірі мәдени орталық болғанын да көрсетеді. Міне, ақын осы Сығанақ шаһарында балалық шақты қайтадан өткерсек деп армандаған. Орта ғасырларда қазақ жерінде мұндай ірі орталықтар аз болмаған. Мысалы, халқымыздың ауыз әдебиетінде: «Сайрамда (Исфиджабта) бар сансыз бап, Түркістанда түмен бап» деген қанатты сөздер бұл қалалардың ірі мәдени орталық болғанын, олардың том-том тарихтары барын меңзейді. Сондай қалалардың бірі Баласағұн еді. «Махмуд ибн Уали (1595) Иранның ортағасырлық белгілі мемлекет қайраткері, географ ғалымы Хамдалаһ Мустауфи Казвиниге (1281-1349) сүйене отырып, Баласағұнда жұма намазын оқитын 40 мешіт, күнделікті намаз оқитын 200-ден астам мешіт, 20 ханака және 10 медресе болған»¹ дейді.

Мырза Мұхаммед Хайдар «Тарих-и жаһангушайдын» («Әлемді жаулап алушының тарихы») авторы Джувейниге сілтей келе «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде: «Қарақытайлықтар (қарахидандар -

¹ Сонда. 162-б.

У.Ш.) келгенге дейін Баласағұн... Афрасиаб [ұрпақтарының] билігінде болған. Қарақытай Гурхан Баласағұнды Илек ханнан тартып алды, ол Афрасиаб нәсілінен еді. Содан оны өзінің астанасы болып келді. Жейхуннан бергі, оның шығысында жатқан барлық өлкелер түгелдей оған салық (хараж) төлеп тұрады. Моғолдар Баласағұнды Қаралиг деп атаған». «Сурах әл-лугат» («Тіл айқындығы») кітабының авторы Жамал Карши «Мулхакат-и сурах» («Тіл айқындығына» толықтыру) атты еңбегінде былай дейді: «Менің әкем Баласағұнның хафиздеріне жататын. Ол өзінің «Толықтыруларында» әр қаланың ғалымдарының есімін атаған. Самарқан қаласынан оннан аз ғалымды атайды. Бірақ Баласағұннан шыққан соншама көп ұлылар мен ғалымдарды санап, олардың кейбіреулері туралы әңгіме келтіреді. Осы ғалымдардың барлығы бір қалада, бір заманда өмір сүргеніне ақылың қайран қалады. Қазіргі кезде олар туралы Баласағұнда ешнәрсе мәлім емес. Мен Қаралиг деген жер туралы да ести алмадым¹, - деп жазады.

Орталық Азияда мұндай ірі мәдени орталықтар көп болған. Біз олардың кейбіреуін ғана тілге тиек еттік. Бірақ олардан шыққан ғұламалардың көпшілігінің еңбектері түгілі аттары да әлі күнге дейін бізге белгісіз. Жергілікті түркілерден шыққан ғалымдар өздерінің ғылыми мұраларында туған халқының тарихы, әдебиеті және алуан әдет-ғұрыптары туралы нақтылы, құнды деректер қалдырған. Сол мағлұматтардың қазіргі кезде қазақ тарихын жазуда бағасы жоқ. Бұл үлкен мәселеге Ә. Дербісәлі айрықша көңіл бөліп, көп ғылыми жаңалық ашқанын ерекше айту керек. Кейінгі жылдары да зерттеуші бұл бағыттағы зерттеулерін жалғастырып келеді.

2006 жылы жарық көрген «Каир медреселерін басқарған Отырар имамы» (ортағасырлық отырарлық ғұлама Қауам ад-Дин әл-Итқани әл-Фараби ат-Түркістани жайлы) көлемді әрі тамаша ғылыми мақаласы – осы пікірімізге дәлел. Әбсаттар қажы Дербісәлі Иқан, Отырар және Түркістан қалаларынан шыққан ғұлама Қауам ад-Диннің өмірбаяны мен атқарған қызметтері туралы құнды деректер берумен шектелмей, орта

¹ Мырза Мұхаммед Хайдар. Тарих-и-Рашиди. - Алматы, 2003. – 402-б.

ғасырдағы түркілердің тарихы мен мәдениеті туралы да бағалы мағлұматтарды келтіреді. Олардың көпшілігі қазақ халқының тарихымен тікелей байланысты. Жерлесіміз Қауам ад-Дин Кіші Азия мен Мысырға барып, ол жақтарда қызмет етіп, ислам өркениетіне айтарлықтай үлесін қосқан, өз кезінің алдыңғы қатарлы ойлы азаматы болғанына қанықтық.

Әбсаттар қажының, әсіресе шығыстану ғылымына қосқан еңбектері сүбелі, жаңалығы мейлінше бағалы. Оның бәрін осы шағын мақалада егжей-тегжейлі талдап, жан-жақты тоқталу мүмкін емес. Тұжырымдап айтқанда, ол томағасы тұйық кеңес үкіметі жылдарының өзінде де түрлі кедергілерге қарамай, ежелден түркі әлемінің көршісі араб мәдениетін зерделеуге құлаш ұрып, ол елдердегі ғасырлар бойы жиналған мәдени мұралардың есігін ашып, ондағы түркі мәдениетіне, тарихына қатысты деректерді жинап, егеменді еліміздің шынайы тарихын жазуға атсалысып келе жатқан белгілі шығыстанушы ғалым екенін атап өтпекпін.

Ғасырлар бойы азаттық үшін күрескен қазақ халқының арманына қол жетіп, егеменді елге айналған, ғалым зерттеуіне даңғыл жол ашылып, алға қойған мақсаттарын іске асыруға қол жеткен кезде, ол қажырлы еңбек етуде. Ә. Дербісәлінің қаламынан араб тілі мен әдебиеті, тарихы мен мәдениеті және қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірлері мен мәдениетінің мәселелері, сыртқы Шығыс мұсылман елдерімен рухани байланыс, ол жұрттардың ой-дүниесі мен ислам тарихы, Қасиетті Құран, пайғамбарымыздың хадис шәріптері туралы 400-ден астам теориялық және практикалық мәні бар ғылыми еңбектер осының куәсі.

Ә. Дербісәлі - Қазақстан Республикасында арабтану ғылымының негізін салушы ғұлама. Ол көптеген араб және басқа елдердегі ірі оқу орындарында дәрістер оқып, ғылыми конференцияларда баяндамалар жасады: Бағдал, Сана мен Аден (Йемен), Рабат (Марокко), Дели (Үндістан), Мадрид (Испания), Каир (Египет), Колумбия (АҚШ) және тағы басқа

¹ Дербісәлі Ә. Каир медреселерін басқарған Отырар имамы // Егемен Қазақстан, 25 қаңтар, 2006.

университеттерде дәріс оқыды. Атағы елге белгілі Әбсаттар Дербісәліге бірнеше мемлекеттер сый-сияпат көрсетті. 2002 жылы Египет (Мысыр) Араб Республикасы оны бірінші дәрежелі «Ғылым және өнер» орденімен марапаттаса, бірнеше Ислам елдерінің университеттері құрметті профессор атақтарын берді.

Осындай ғылым және білім майданында қажырлы еңбек етіп келе жатқан Әбсаттар Дербісәлі 2000 жылы Қазақстан мұсылмандарының III Құрылтайында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти болып сайланды. Құрылтайдың бұл шешімін өз басым үлкен ризашылықпен қабылдадым. Өйткені мен бұл азаматты жақсы білетінімді жоғарыда айттым. Меніңше, көпшілік жұрт та осындай пікірде шығар деп ойлаймын. Себебі, мұндай үлкен және жауапты орында Әбсаттар Дербісәлі секілді білімді, иманды адам тұру керек деп есептеймін. Қарап отырсақ, христиан дінінің басына адамды жан-жақты зерттеп, зерделеп, одан кейін ғана қояды. Ислам діні - әлемдегі үш ірі діндердің бірі. Неге оның басшысы таңдалып қойылмауы керек? Діни басшы мәдениетті, білімді және сол дінді игерген ғалым болуы тиіс. Әбсаттар Дербісәлі - сондай тұлға.

Ислам діні дүниеге VII ғасырда келгенмен, жер шарына тез-ақ кең тараған. Ислам дінінің өкілдері мұсылмандар, негізінен Африка, Кіші, Орталық, Оңтүстік, Оңтүстік Шығыс, Шығыс Азия жұртында тұрады. Қазір дүние жүзінде шамамен 2 миллиардқа жуық адам осы дінді ұстанады¹. Бұл діннің сонша халықтарды қамтуының басты себебі - ол адамдар өміріне өте икемді дін. Сондықтан оны тез қабылдап, көпшілік халықтар мемлекеттік дініне айналдырып, соған негізделіп өмір сүріп, ұрпақ өсіруде.

Осыған байланысты, буддизм тарихынан мысал келтірейін. Буддизм б.з.д. VI - V ғғ. Үнді елінде пайда болып, кең тараған діннің бірі². Ол Шығыс елдеріне Үнді, Тынық мұхит және Орталық Азия арқылы тараған. Осыдан мынадай сұрақ шығады. Орталық Азияның ежелгі халқы түркілер болса, үстінен өтіп жатқан буддизм дінін неге қабылдамаған? Бұл сұраққа 725 жылы

¹ ҚСЭ. 5-т. - Алматы, 1974. - 301-б.

² ҚСЭ. 2-т. - Алматы, 1973. - 481-б.

Білге қағанның ақылшысы Тоныкөкпен екі ортада болған әңгімемен жауап беруге болады. Тоныкөктің Білге қағанға: «Түріктерге буддизмді қабылдатсаң қайтеді. Будда діни орындарын салып, түркілер арасына буддизмді таратып жатыр. Осы дінге түркілерді бағындырсаң қайтеді? - деген. Тоныкөк қарсы шығып, буддизм адам бойындағы басшылықты және билік сезімдерін әлсіретеді және соғысу қабілетін нашарлатады. Егер түрік халқы өмір сүрсін десең, бұл дін мен нұттарды мемлекетке кіргізбеу керек¹, - деп кеңес берген. Оны Білге қабылдаған.

Келтірілген үзіндіден, Көктүрік мемлекетінің ақылгөйі Тоныкөктің Білге қағанның буддизм дінін қабылдау туралы пікіріне қарсы шығып, буддизмнің түрік халқының табиғатына, адамгершілігіне, жаратылысына сай келмейтінін дәлелдей отырып, оны мемлекеттік дінге айналдырудың қажеті жоқ екенін түсіндірген. Оны ақылды басшысы Білге қаған мақұлдаған. Сөйтіп, ислам діні келгенге дейін көктүріктер бұрынғыша тәңірге, көп дінге сенушілігін өзгертпеген. Бұл тарихи шындық. Біздің заманымызда археологтар Орталық Азия жерінен буддизм храмдарын және басқа да діни орындарын тауып жатыр. Олардың діни уағызшылары түркілер арасында буддизмді ендіруге аянбай жұмыс істесе де, түркілер оны қабылдамаған².

VII-VIII ғғ. ислам Орталық Азияға таралып, көп ұзамай оны түркі жұрты қабылдап, мемлекеттік ресми дініне айналдырған. Бұл дін түркілердің рухани өрлеуіне айтарлықтай әсер етіп, орта ғасырларда әлемдегі үш өркениеттің біріне айналған. Біздіңше, ислам өркениетінің гүлденген кезеңі Орталық Азияда Қарахандар (IX-XII ғғ.) әулеті үстемдік еткен кездерге тұс келеді. Сол кезде Орта Азия жерінен әл-Хорезми (IX ғ.), әл-Бируни (X ғ.), Ибн Сина (Авиценна XI ғ.), Әбу Насыр әл-Фараби (IX-X ғғ.), Ж. Баласағұни (XI ғ.), М. Қашқари (XI ғ.), Қ.А. Йасауи (XII ғ.) секілді және т.б. ғалымдар мен ойшылдар, парасат иелері, даналар шықты.

Осындай рухани байлығын тарихи жаңа дәрежеге көтерген ислам дінін Ресей империясы көптеген қиыншылықтарға

¹ Білге қағанның өсиеті. - Түркістан, 2001. - 7-б.

² Шәлекенов У. Х. Сонда. - 111-б.

ұшыратып, жергілікті тұрғын-дарды орыстандыру, христиандандыру науқанын жүргізді. Бұл саясат жоғарыда айтылғандай, Кеңес үкіметі жылдарында да тоқтаған жоқ. Коммунистік идеология «атеизм» деген атпен, әсіресе ислам дініне қарсы күресті үдете жүргізді. Осы жағдайды елбасының сөзімен айтқанда: «Адамзат тарихында бұрын болып көрмеген идеологиялық машина 70 жыл бойы ұлттың рухани тіректерін күл-талқан қылып қиратты, оның руханиятын кесіп-пішіп шұңқитты да ортақ бір қалыпқа салып шегендеді»¹. Соның нәтижесінде елімізде ислам дінінің дәрежесі төмендеп кетті. Солай болса да, халқымыз ислам дінінен бас тартқан жоқ, шыдамдылықпен келешекті күтті.

Енді заман өзгеріп, егемендікке қол жеткен шақта ислам дінінің заманы қайта келіп, қазақ халқының армандаған тілегі қабыл болып, ата дініміз ел төрінен қайта орын алуда. Ислам діні егеменді еліміздің рухани байлығы болғандықтан, елбасының тікелей қолдауымен, Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлі ислам дінінің жан-жақты дамуына басшылық етуде.

Иә, егеменді ел болғанымызға небәрі 15 жылдай-ақ уақыт болды. Бұл тарих үшін көп мерзім емес. Солай болса да, ислам дінін бұрынғы қалпына келтіріп, биікке көтеруде Әбсаттар Дербісәлі басқарған Діни басқарма айтарлықтай істер атқаруда. Осындай үлкен мәселелерді шешуде, жүзеге асыруда Бас мүфтидің атқарып жатқан істері шынында да айтарлықтай.

Бұрын қирап қалған діни орындар қайта бой көтеріп, жаңадан мешіт, медресе, діни оқу орындары ұйымдастырылып, оларға ғимараттар салып, діни кадрларды тәрбиелеу секілді т.б. жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Қазір Қазақстанда 1750-ге тарта мешіт жұмыс істеуде. Тек Алматы қаласындағы мешіттердің саны 23-ке жетті. Олардың бірі - Орталық мешіт. Осындай ірі діни орындар Ақтауда, Атырауда, Оралда, Қарағандыда, Павлодарда, Петропавлда, Сәтбаевта, Кентауда, Алматы мен Алматы облысында, Ұлытауда бой көтерген. Күнделікті мерзімді басылым беттерінде, радио мен телеарналарда жаңадан салынған діни орындар жайлы жиі хабарланып жатады. Соған қарағанда, ислам діні жаңғыру үстінде. Бұл халықтың ата-баба

дініне шындап бет бұрғанының көрсеткіші. Мешіттерге қаншама адамдар келіп, діни тәлім-тәрбие алып, рухани баюда. Осындай діни-руханият орындарының ашылуына Бас мүфтидің жиі-жиі мұрындық болып жатқанының куәгеріміз.

Ислам діні қазақ халқының өмірімен тікелей тығыз байланысты. Қазір есейген балалардан еңкейген кәрілерге дейін ислам діні қағидаларына құрметпен қарайды және соның негізінде тәрбиеленуде. Өйткені ол адамдарды имандылыққа шақырады. Мұндай қасиетке ие болған азаматтар өз еліне саналы еңбек етеді және оны гүлдендіруге атсалысады деп ойлаймыз. Осындай бағалы діни тәрбие жұмыстары Бас мүфтидің жігерлі, ғылымға негізделген басшылығы арқасында кең көлемде жүріп жатыр. Солардың бірі - қажылық мәселесі. Кеңес үкіметі кезінде Меккеге бару былай тұрсын, оның аты аталмайтыны да баршаға мәлім. Енді жаңа жағдайда бұл да орнына келіп, Мекке-Мәдинаға барушылар жылма-жыл көбеюде: 1900 жылдары қажыға барғандардың саны бірнеше жүз ғана болса, 2006 жылы 1500-ден асқан. Бұрын ел арасында ұмытылып бара жатқан діни мерекелер қайта жанданып, жылма-жыл емін-еркін өтетін дәрежеге жеттік. Солардың ішінде Наурыз, Құрбан айт мерекелері елімізде салтанатты жағдайда өтіп, ол күні халқымыз жұмыс істемейтін болды. Міне, осындай қыруар діни жұмыстардың іске асуында Бас мүфтидің де үлесі зор. Сөйтіп, егеменді еліміздің гүлденіп, әлемдегі алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылуда ислам діні өзінің игі ықпалын тигізуде.

Күнделікті өмірге қарағанда еліміз мұсылмандарының ислам дінін құрметтеп, оның құндылықтарын игеруге ұмтылысы қуанышқа бөлейді. 2006 жылдың 26-28 мамырында Тараз қаласында «Орталық Азия және Қазақстан: түркі өркениетінің бастауы» атты халықаралық ғылыми конференция өтті. Сол жиынға мен де қатысып, қаладағы Қарахан мен Дәуітбек кесенесінде болғанымда, бұл киелі жерге келушілердің саны көп екенін байқадым. Қаладан онша қашық емес жердегі XI-XII ғғ. ескерткіштері Айша бибі мен Бабаджа «хатүн» іспетті тарихи орынға да жұрт топ-топ болып келіп жатыр. Соған қарағанда археологиялық және сәулеттік ескерткіштерге халықтың қызығушылығы жылма-жыл келе жатқан қуанышты көрініс.

¹ Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. - Алматы, 2003. - 284-б.

2006 жылдың 8-10 маусымында Түркістан қаласында өткен «Орта-ғасырлық Қазақстандағы ақша айналымы және сауда» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға да қатысып, реті келіп Арыстан бабқа барғанда, оған шартараптан келіп жатқан мұсылмандардың өте көп екенін көрдім. Қорық директоры Нұртаза Алдабергеновтің мағлұматы бойынша әр күні баба басына шамамен 2000 адам келеді екен. Ал жұма, сенбі, жексенбі күндері олардың саны екі есеге көбейетін көрінеді. Сондай-ақ мен Қ.А. Иасауи кесенесіне барып, бата жасағанда да оған лек-легімен келіп жатқан мұсылмандарды көрдім. Бұл мұсылмандардың ата дініне бет бұрысы өте жоғары дәрежеде екенін байқатады.

Мұндай тарихи ескерткіштер және киелі орындар Қазақстанда көп. Олардың бәріне де діни сеніммен, шынайы жүрекпен баратындар баршылық. Ол жерлерге келушілерге жағдайлар жасалған. Сөйтіп, аудандық, облыстық діни орындардың айтарлықтай жұмыс істеп отырғаны байқалады.

Ислам біздің елде өркендеу жолында.

Еліміздің бүкіл әлемде шоқтығының биіктігін білдіретін бір мысал. 2006 жылдың басында Дания газеттерінде Мұхаммед (с.а.ғ.с.) пайғамбарымыздың келемеж суреті басылып, әлем діни қақтығысқа ұшырарға сәл-ақ қалғанда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлі атына Еуропалық одақ ортодоксалды шіркеуінің хатшысы, Франция митрополиті Эммануелден жеделхаттың түсуі. Онда Франция митрополиті: «Біз сіздердің сезімдеріңізді түсінеміз, сонымен қатар Сізден белгілі де беделді дінбасы ретінде қазіргі шиеленіскен жағдайды бейбіт түрде шешуге көмектесуіңізді сұраймыз», - делінген-ді. Бұл дінбасымыз беделін мойындағандық. Оның әлем дінбасшылары арасында биік абыройлы екендігінде.

Әбсаттар Дербісәлі ислам діні мен өркениетін өркендету үшін ғылыми ізденісін көптен бері еселеумен келеді. Ол 1994 жылы Қашқарияға, 1995 жылы Пәкістанға, 1998 жылы Үндістанға барып, бұрын қай жерде жерленгені беймәлім болып келген ұлы бабаларымыздың бірі ғұлама Мұхаммед Хайдар Дулатидің зиратын Кашмир өлкесінен тапты. Оның мәйітінің басындағы құлпытасының эпитафиясын шешіп, оның құпиясын

ашты. М.Х. Дулатидің өмірі мен шығармашылығы туралы тың деректерді өмірге әкелді. Бұлардың бәрі айтуға ғана жеңіл. Бас мүфти бұл зерттеулерді жүргізуде жанқияр істерді орындауға тура келді. Оны зерттеушілер ғана біледі. Тағы да бір игі ісі - Сирия астанасы Дамаскіде жерленген еліміздің ұлы перзенті Әбу Насыр әл-Фараби және Сұлтан аз-Заһир Бейбарыс сияқты даланың дара ұлдарының зираттарын тауып, 2006 жылы олардың жерленген жерінен топырақ әкеліп, Арыстан баб қасына қойды. Осынша имандылық шараларды іске асыруда Бас мүфтидің атқарған еңбегінің бағасын беру қиын. Оны тек халқы ғана бере алады.

Арыстан бабқа барғанда екі ұлы қандасымыздың зираттарынан алып келген топырақтарын баба кесенесінің қарсы алдына қойып, олардың үстіне мәрмәр плита орнатылғанын көрдім. Енді жақын жылдарда сәті түсіп, сол жерде Әбу Насыр әл-Фарабидің және Сұлтан аз-Заһир Бейбарыс бабаларымыздың әдемі рәмзи кесенелерінің бой көтеретінінің куәсі боламыз. Ол ескерткіштер қазақ халқының ұлылығының, имандылығының куәгері болмақ. Бұл ата-бабаларын құрметтейтін халық екенімізді кейінгі ұрпақтарға және шет елдерге паш ететін іс деп түсінеміз. Осындай игілікті мәселелермен де айналысып келе жатқан Бас мүфти Әбсаттар Дербісәлі шын мәніндегі ғұлама ғалым және қоғам қайраткері, отансүйгіш иманды азамат.

Әбсаттар Дербісәлі ислам діні мен өркениетін, оның бүкіл адамзатқа ортақ асыл құндылықтарын үнемі насихаттап келеді. Оның 2003 жылы шыққан «Ислам және заман» атты еңбегі ғылыми, әдеби, мәдени ортада үлкен бағаға ие болып, ҚР мемлекеттік сыйлығына ұсынылды. Сондай-ақ 2003 жылы «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» атты орыс, ағылшын тілдерінде басылған кітабында еліміздегі ислам діні: кешегісі мен бүгінгі туралы мәнді де маңызды ой толғайды.

Бас мүфти ретінде ол көптеген мақалаларында еліміз мұсылмандарының діни-рухани бірлігі мен ынтымағын күшейтіп, арттыра беруге үндеумен келеді.

ҚР мемлекеттік мұрағатынан 1906 жылы Верныйда (Алматыда) өткен Жетісу өлкесі мұсылмандарының тұңғыш құрылтайы жайлы өте маңызды құжаттар тауып, осы оқиғаға 100 жыл толуына арналған «Ислам ынтымақ пен бірігу жолында» атты

халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдас-тырып өткізді. Оның жұмысына Ресей, Тәжікстан, Өзбекстанның ислам дін басшылары мен өкілдері, республикамыздың көрнекті ғалымдары қатысып, баяндамалар жасады.

Ол еліміздегі бір кездері төмендеп кеткен ислам дінінің беделін ісімен де, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы үздіксіз насихатымен де биік белеске көтере алды.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні», Әбсаттар Дербісәлі інім - осындай ауыр да жауапты жүк көтеріп келе жатқан абзал азамат. Тағы бір қанатты сөздің реті келіп қалды: «Нар жолында жүк қалмайды».

Әбсаттар мырза - қазақ халқының көрнекті дін басшысы, парасатты қайраткері, ойшыл ғалымы. Ол елі және халқы үшін ауырдың астымен жүріп, талай күрделі мәселелерді шешетін қабілетке ие. Жемісті еңбегімен Әбсаттар Дербісәлі әлі де халқын қуанта берсін! «Ақ көңілдінің аты арымайды, тоны тозбайды» деген бабалар сөзі рухтандыра берсін!

5. 4. Түрік-қазақ өркениеті

Ертедегі орта ғасырдағы арабтың ғұлама ғалымы Мухамед ибн-Мансур Мерверруди «Тарихи мүбәракшах» кітабында түркі елінің шығысы Қытайға дейін, батысы Византияға (Рум), солтүстігі Гога даласына дейін, оңтүстігі Үндістанға дейінгі жерлерді алып жатыр. «Араб тілінен кейінгі түркі тілі өте жақсы және жағымды тіл. Түріктердің жазуы болған. Олар жаратылыстағы құбылыстардың заңдылығын ертеден білген. Балаларын оқытып, сауатын аштырған. Олардың жазуы екі түрлі болған: біреуі соғдыларша, екіншісі оғұз-гүзектерше. Түріктер қасида және рубаих жазған. Бізге олардың мағынасы өте зор рубайлары жеткен»¹.

Бұл ғұлама түріктердің мәдениетінің ертеден жоғары дәрежеде дамығанын, олардың жазулары болғанын, ұрпақтарын білімге, ғылымға жастайынан баулитынын тамаша суреттеген. Әсіресе, түріктердің тілі, поэзиясы сонша көтеріңкілікпен

¹ Материалы по истории Средней и Центральной Азии X-XIX вв. - Ташкент, 1988. - 92-б.

баяндаған. Түріктердің ертеден мәдениетінің зор болғанынан және олар адамзат өркениетінің дамуына өз үлесін қосқанынан хабар береді.

Ислам дінін дәріптеуші халықтардың ғылымды дамытудағы атқарған жұмыстарын Әлем тарихы жоғары бағалаған: «Мусульмане сохранили для человечества научные тексты античной Греции. Если бы они не переписали эти древние труды и не сделали их скрупулезно точных переводов, большая часть важных знаний того времени была бы утеряна»¹.

Келтірілген үзіндіде тарихта белгілі Крест жорығы (1096-1270 жж.) ұзақ жылдарға созылып, католик шіркеулері мен мұсылмандар арасында болған соғыс кезінде, ислам дінін дәріптейтін халықтардан шыққан ғалымдардың еш құны жетпейтін ғылымға қосқан үлестері Әлем тарихында осылай бағаланған. Міне, Орталық Азия түріктерінің ішінен шыққан данышпан ғұламалардың аттарын атап өтейік: Әл-Хорезми (IX ғ.), Әл-Бируни (X ғ.), Ибн-Сина (Авиценна, XI ғ.), Әбу Насыр әл-Фараби (IX-X ғғ.), Жүсіп Баласағұни (XI ғ.), Махмуд Қашкари (XI ғ.), Қ.А. Яссауи (XII ғ.), М.Х. Дулати (XVI ғ.) және т.б.

Бұл ғұламалардың энциклопедиялық білімдері болып, ғылымның көпшілік салаларында зерттеу жұмыстарын жүргізген. Сонымен, олар өздеріне дейінгі ғылымның жетістіктерін ескере отырып, жалпы ғылымды дамытып үлкен жетістіктерге жеткен. Түрік ғұламаларының еңбектері парсы, араб және түрік тілдерінде жазылған. Бірақ олардың отаны - Орталық Азия.

Есімдері аталған данышпан жерлестерімізден басқа да аты әйгілі ғылыммен айналысқан бабаларымыздың болғанын кейінгі жылдардағы зерттеулер айқындап жатыр. Олардың ішінде белгілі шығыстанушы ғалым, Қазақстан Республикасының бас мүфтиі Әбсаттар қажы Дербісәлінің ашқан жаңалығы қомақты. Олар араб және парсы тілдерінде жазылған құжаттарды Алдыңғы Азия, Солтүстік Африка, Оңтүстік Азия елдерінің ғылыми қорларынан тауып, Орталық Азиядан, соның ішінде Қазақстан жерінен шыққан, бізге белгісіз болып келген ғалымдарды тауып, олардың кейінгі ұрпақтарға қалдырған ғылыми мұраларын жариялады. Атап айтқанда: Отырардан - 2, Сайрам

¹ Шәлекенов У.Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. - Алматы, 2003. - 111-б.

мен Түркістаннан - 2, Сырдың орта және төменгі ағысында орналасқан қалалардан жасаған - 10, Тараздан (Талас) - 6 ғалымның болғанын Ә. Дербісәлі 1995 жылы жариялағанын оқырмандар біледі. Олардың жалпы саны 51-ге жеткен болатын. Олардың 34-і IX-XIII ғасырларда жасаса, ал 17-і XIV-XVII ғасырларда өмір сүрген¹. Содан бері Қазақстан жерінде орта ғасырда кіндік қандары тамған ғалымдардың жалпы саны 150-ге жетті. Тек Тараз бен Баласағұн шаһарларынан шыққан 13 ғалым болған. Бұл деректердің бәрі ғалымның қажырлы еңбегінің жемісі. Сол дәуірдің салты бойынша, ғалымдар өздерінің аты-жөндерінен кейін туған қаласы, әйтпесе қышлагының аттарын тіркеген. Мысалы, Жүсіп Баласағұни, Әбу Насыр әл-Фараби.

Орта ғасырда түркі өркениетінің орталығы Орталық Азия болған. Бұл аймақтың автохтондық тұрғындары - түріктер көне замандардан өркениеттің негізін салып, оны үздіксіз дамытып келе жатқанын сәулелендіретін деректер мол жиналды. Өркениеттің негізі отырықшылық, халқымыздың арасынан шыққан ғұламалардың мекені болған. Отырықшы түріктер антикалық дәуірден бастап Орталық Азиядағы үлкенді-кішілі өзендердің алқаптарында, теңіз бен көлдердің, бұлақтардың төңірегінде тұрақты мекендер салып, өздерінің эволюциялық дамуы бойынша ол мекендердің көпшілігі қалаларға айналған. Әсіресе, Ұлы Жібек жолының бойларында ірі-ірі, аттары дүниеге әйгілі шаһарлар келіп шыққан. Әйгілі ғұлама М. Қашқари (XI ғ.) өзінің «Түрік сөздігі» еңбегінде: «Түріктер көне заманнан тұрақты мекендер мен қалалар салып, оларға ат қойғанда «кент», «кенд» деген жұрнақты қосып отырған: Самарканд, Ташкент, Манкент, Құмкент, Саудакент, Өзкент, Жаркент және т.б. «Кенд - оғыздар және оларға жақын маңда тұрған жұрт тілінде қыстақ деген мәнде, түркі халықтарының көпшілігінің тілінде шаһар, қала дегенді білдіреді. Осыдан алып Ферғананы Өзкент деп атаған, «өз шаһарларымыз» дегендегісі. Сол сияқты үлкен қала болғандықтан, Семізкенд - семіз қала солай аталған. Мұны парсылар Сомар канд - Самарканд дейді»².

Орталық Азияның барлық жерінен, Шығыс Еуропадан түріктерден антикалық, орта ғасырда салынған қалалардың

¹ Сонда.

² Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-т.- А., - 402-б.

орындарын XX ғасырда археологтар бірінен кейін бірін ашып жатыр. Бұрын Қазақстанның оңтүстігінде отырықшылық болған деп келсе, қазір археологтарымыз Орталық, Солтүстік, Батыс облыстардан орта ғасыр қалаларының орындары табылды. Бұндай мекендер Моңғолия, Шығыс Түркістан, Енисей, Ертіс, Есіл, Орал, Еділ өзендерінің алқаптарынан ашылды. Оларды археологтар ғылыми тұрғыдан зерттеуде. Шу және Талас өзендерінің алқаптарында ірі ортағасырлық қалалар өсіп шыққан. Олардың ішінде, Тараз (Талас), Баласағұн, Өзкент, Сужаб сияқты қалалар түркеш (сарығүйсін), Қарлұқ, Қараханид және Қарақидан феодалдық мемлекеттердің астанасы болған. X-XI ғ.ғ. Испиджаб (Сайрам), Отырар (Фараб), Кедере, Уасидже (Окисе), Шауғар, Сауран қалаларында мешіт пен медреселердің болғанын араб және парсы деректерінен білеміз¹. XIX ғасырдың ортасында Таразда 5 мешіттің бар екені айтылған². Бұл ірілерінің саны шығар. Әйтпесе, бұл қалада ертеден мешіт, медреселер көп болған. Махмуд Ибн-Валидің айтуынша, ертедегі орта ғасырда Баласағұнда діни адамдардың жұма намазын оқитын 40 мешіті, күнделікті намаз оқитын 200-ден астам мешіті, 20 ханақа және 10 медресе болған³.

Қазақстан археологтары 1974-2007 жылдары Жамбыл облысы Шу ауданында орналасқан Ақтөбе деген атпен бізге жеткен үлкен ортағасырлық қаланың орнын зерттеп, оның әлемге әйгілі тарихи Баласағұн қаласы екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеді.

Шаһардың жалпы көлемі - 150 шаршы км. Орталығы 70 шаршы шақырым, оны қоршаған қамалдың ұзындығы - 52 шақырым. Баласағұн цитадель, шахристан мен рабаттан құрылған. Зерттеу кезінде табылған археологиялық деректер, жазба ономастикалық, этнологиялық мәліметтер Баласағұн шаһары екенін толық дәлелдейді. Оның негізін салушы Шу қаған V ғасырда салдырған. Оның қасына Шу қаласын (осы күнгі Шу станциясы) қоса тұрғызған⁴.

¹ Дербісәлі А. Қазақстандағы мешіт пен медресе. // «Егемен Қазақстан» газеті. 04.01.2007.

² Числов Ю. Что было в тысячелетие Тараза. Интернет.

³ Шәлекенов У.Х. V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. - Алматы, 2006. - 52-б.

⁴ Сонда.

Бұндай ислам дінінің мәдени мекемелері түріктердің барлық қалаларында, үлкен-үлкен тұрақты мекендерінде болғанын байқау қиын емес. Орталық Азия түріктері ислам өркениетін дамытуға айрықша күш салған. Орайласқан ислам діні өркениетіне елеулі өз үлестерін қосқаны даусыз.

5. 5. Егеменді қазақ өркениеті

Сонымен, түріктердің ислам өркениетіне қосқан үлесі туралы қысқаша кейбір деректерге тоқталдық. Енді соңғы ғасырларда Орталық Азияның автохтондық перзенті болған түріктердің тарихы туралы өте бай жиналған деректерге негізделіп, тоталитарлық құрсаудан шыққанымызды мейлінше пайдаланып, Түрік Әлемінің (халықтарының) сонымен бір қатарда «Қазақтың тарихын», шынайы тарихын жазуға бар күшті салатын уақыт келді. Лев Николаевич Гумилев: «Хош, сонымен көне түріктердің адамзат тарихындағы маңызы орасан зор, бірақ бұл халықтың тарихы әлі күнге дейін жазылмаған»¹, - деп тегін айтпаған. Ғұлама дұрыс айтқан. Түріктердің тарихын еуропалық топтағы теріс пікірлі тарихшылар және жалпы гуманитарлық ғылымның көпшілік уәкілдері Орталық Азияның автохтондық халықтарын ежелден жабайы етіп суреттеп келе жатыр. Олардың біршамасы бұл халықтарды үстіртін, бұрын-соңды жазылған жазба деректерге негіздеп жазса, басым көпшілігі арнайы бұрмалап көрсетіп, өздерін жоғары санаған ұлтшылдар, шовинистер, жалпы теріс пікірлі адамдар болған. Осындай жағдайда түріктердің, соның бір үлкен бөлігі қазақтардың шынайы тарихы жазылуы былай тұрсын, керісінше жергілікті тұрғындардың тарихы мейлінше бұрмаланып, ақтаңдақтарға белшесінен батқан. Еуроцентристер Л.Н. Гумилев сияқты түріктердің адам баласы тарихындағы шынайы тарихи орнын көрсетушілердің ізіне шам жағып түсіп, олардың шығарған ғылыми мұраларын жөнсіз санап, ондай авторлардың көпшілігін абақтыдан шығармаған. Солардың ірі уәкілдерінің бірі - Л.Н. Гумилев. Осынша қиыншылық басынан өткерме де, Л.Н. Гумилев өз пікірінен еш уақытта қайтпай,

¹ Гумилев Л.Н. Көне түріктер. - Алматы, 1994. - 6-б.

Түрік әлемі өркениетке ерте жеткен халықтардың бірі екенін жазудан бас тартпаған. Ол тарихи шындықтан шықпаған ақиқат мәндегі ғалым. Шындық – ғылымның атасы. Осы ұлы ғұламаның айтқан шындығын іске асыру біздің үлесімізге тиді.

Евроцентристер, шовинистер, ұлтшылдар түріктердің тарихын мейлінше бұрмалап, оларға «жабайы», «тағы» бал арасының аталары сияқты «жатып ішер, жалқау», сол сияқты түріктердің менталитетіне жақын келмейтін жарамсыз сөздермен маскаралап келді. Тілекке қарсы, осы антигумандық пікірлерді қолдаушылар түгелімен жоғалып кеткен жок. «Аргументы и факты Казахстана» газетінің 2007 жылғы 39-нөміріндегі «Черная земля Белый рай» атты мақалада Солтүстік Қазақстан университетінің археологтары көлемі 25 мың метрлік сақтардың қонысын тауып, одан сол кездің заттарын тапқан: «... древние саки были знакомы с металлургической технологией, хоть и примитивной... Поселение получило Ирано-казахское имя «Ақ-Ирий – Белый рай»¹. Міне, бұл археологтар сақ дәуірінің мәдениетін «жанадан» ашқан болып, оны Иранмен байланыстырып, қазақ жерінің тұрғындарының заттай байлығы деуге тілдері бармай отыр. Темір дәуірі мәдениетінің ашылғанына көп болды ғой. Оған жоғарыда тоқталдық². Әсіресе, «шала тарихшылар» осы ұғымнан қол үзбей келе жатыр. Бұрынғы салт бойынша «көшпелі» сөзін ғылыми негіздемей жауапсыз айта салады.

26 маусым 2008 жылы «Свобода слова» газетінде А. Глобанов «Может ли русский понять душу казаха?» атты мақаласында: «Казахи - последний тюркоязычный народ, живший еще до недавнего времени кочевой жизнью, и один из немногих народов- кочевников...». Осындай шындыққа негізделмеген пікір әлі күнге дейін айтылып, жазылып келе жатыр. Осы бұрмаланған «көшпелі қазақтан» құтылмайынша шынайы «Қазақ тарихы» жазылмайды. Тағы қайталаймын: түріктер, оның бір бөлігі қазақтар көшпелі өмір сүрмеген, кешенді тұрмыс құрған және оны жалғастырып келе жатыр.

¹ Аргументы и факты Казахстана. //Анатолий Плешаков. - № 39. 2007. - 21-б

² Марғұлан Ә.Х., Акишев К.А. Еңбектерін қараныз.

Орта ғасырдағы ислам өркениетінің дамуына белсенді үлес қосқан түріктер ежелден Орталық Азияны, Солтүстік Кавказды, Шығыс Еуропаның оңтүстігін мекендеп, жақын және алыс көршілері сияқты өмір сүрген. Отанының географиялық жағдайына бейімделіп, көп салалы шаруашылықты пайдаланып, оны дамытып келген. Түріктердің мекені өте бай, адамдардың өмір сүруіне өте қолайлы екенін көпшілік білуі тиіс. Олардың арасында отырықшылық басым болып, егіншілікпен айналысып, тұрақты қоныстар мен қалаларды салып, қолөнер кәсібін, сауданы мейлінше дамытқан. Сондықтан да Орталық Азияда 2000-2500 мың жыл тарихы бар қалалар жеткілікті. Бұндай жасқа жеткен қалаларды Батыс Еуропа елдерінен табу екіталай. Бұл аймақтың шөлдік-шөлейттік жерлерінде көшпелі мал шаруашылығы болғанын бекер демейміз. Балықшылық, аңшылық, сол сияқты қосалқы шаруашылықтар да қатар жасаған. Осы көп салалы шаруашылық түрік өркениетінің негізін құраған.

Міне, осындай жағдайда түріктерді ежелден көшпелі өмір сүрді деудің қисыны жоқ. Ол ғылыми тұрғыдан дәлелденбеген концепция екенін қолымыздағы жаңа деректер әшкерелеп отыр. Қазіргі кезде, көпшілік түрік халықтары көшпелілікті мойындамайды. Тек қазақтар, Оспан түріктері «біздің бабаларымыз көшпелі болған» деп, Орталық Азияның қақ ортасында қазақтар, Жерорта теңізінің жағасында түріктер көшпеліліктен қол үзбей келе жатыр. Мысалы, Оспан түріктерінің бабалары - оғыздар. Олар Орталық Азияның перзенттері Оғыз деген ертедегі түркі тілінде «өзен» деген мағынадағы сөз, яғни өзендердің алқаптарын мекендеген отырықшы халық, тайпалар. Тарихи деректерде «тоғыз-оғыз», «он оғыз», «жеті оғыз» және т.б. сол сияқты этникалық атамалар ертедегі орта ғасырда жиі айтылған және жазылған. Археологтар оғыздардың орта ғасырда салған қалаларын зерттеп келе жатыр. Таразды да солар салған. Қорытып айтқанда, көшпелілік концепциясынан бас тартуымыз қажет. Көшпелі халықтар жер шарында көп емес. Олар еш уақытта мәдени өркениетке көтерілмегенін әлем тарихы білмейді. Сондықтан қазіргі кейбір тарихшылардың айтып жүрген қазақтарда «көшпелі өркениет» болды деген еш ғылыми дәлелденбеген әпсана. Бұл қазақ халқының менталитетін білмейтін адамдардың, тарихшылардың бос сөзі. Шындығында, түрік-қазақ халықтары өркениетке ерте жеткен. Оның негізі

отырықшылық болып, оған жартылай отырықшылар және көшпелілер үлестерін қосқан. Осындай кешенді өмірдің негізінде Орталық Азия түріктері, оның қара шаңырағына ие болып қалған қазақтар орта ғасырда ислам өркениетінің ен жаюына айтарлықтай үлес қосқан.

Егемендікке қол жеткізген жылдан бастап, Қазақстан Республикасының тарихшыларының және басқа да гуманитарлық ғылымның уәкілдері, бұрын жарық көрген тарихымызға жаңаша көзқараспен қарап, оның «ақтаңдақтарға» белшесінен батқанын көріп, өздерінің ой-пікірлерін айта және жаза бастады.

Сол «ақтаңдақтардың» бірі - «Қазақ өркениеті». Белгілі ғалым Е. Омаровтың «Краткая история казахской цивилизации» монографиясында: «О понятии казахской цивилизации впервые изложено на международных конференциях и в журнале «Казахская цивилизация»¹. Бұл күрделі мәселеге ХХІ ғасырдың басында көңіл бөлінуін кездейсоқ деп айтуға болмайды. Бұған дейін үш ғасырдай Ресей империясының, Кеңес Одағының кезінде «Қазақ өркениеті» мәселесін күн тәртібіне қою мүмкін емес еді. Ол кездерде қазақтар «көшпелі», «артта қалған», өзінің даму деңгейі бойынша артта қалған халықтардың бірі болып саналатын. Оны еліміздің гуманитарлық ғалымдары, соның ішінде тарихшыларда қолдаған. Осы ғасырлар бойы қалыптасып қалған, ғылымға қайшы келетін пікірден әлі арыла алмай келе жатырмыз.

ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарында күн тәртібіне енген «Қазақ өркениетін» қарағанда, оған көптеген гуманитарлық ғылымның уәкілдері қатысып, бұл өзекті мәселе бойынша өздерінің тұжырымдамаларын білдірді: «Дала өркениеті» (степная цивилизация); «Көшпелі өркениет» (кочевая цивилизация) және «Қазақ өркениеті» (казахская цивилизация). Аттары аталған үш өркениеттің тұжырымдамаларын қолдау қиын. Себебі, бұл өркениеттер ғылыми тұрғыдан жеткілікті дәрежеде дәлелденбеген. Әсіресе, «Дала өркениеті» мен «Көшпелі өркениеттер» қазақ халқының табиғи-географиялық, заттай және рухани мәдениетінің даму дәрежесіне, жалпы халқымыздың менталитетіне тура келмейді.

¹ Казахская цивилизация. № 1. - Алматы, 2001. - 17-б.

«Дала өркениетін» түсіну үшін «дала» сөзінің этнониміне тоқталайық. С.И. Ожеговтың «Словарь русского языка» кітабында степь (дала) сөзіне анықтама берген: «Степь - безлесное, бедное влагой и обычно ровное пространство в зоне сухого климата, просшее травой... Степная растительность, степный район, степное лесоводство»¹. «Қазақ Совет энциклопедиясында»: «Дала - ормансыз және негізінен жазық, кең-байтақ жайылымдық немесе шабындық өңір. Мысалы: Есіл даласы»².

Келтірілген екі деректемеде «дала» - деген сөзге берілген түсініктемелер бір-біріне мазмұны жағынан жақын болғанымен, екіншісі біріншісінің көшірмесі сияқты. Біздіңше, «дала» этнониміне толық түсіндірме бере алмаған. Орталық Азияның, соның орталығына орналасқан Қазақстан Республикасының табиғи-географиялық жағдайына тура келмейді. Қазақ халқының табиғи-географиялық жағдайы туралы «Қазақ Совет энциклопедиясынан» деректер келтірейік. 1974 жылдың қаңтарында Қазақстан Республикасының жер көлемі – 2724,9 мың км², халқы - 13 млн 928 мың адам. Қазақстанның жері Еділ өзенінің төменгі ағысынан шығысқа қарай Алтайға дейін 3000 км-ге, солтүстігінде Батыс Сібір жазығынан, оңтүстігінде Тянь-Шаньға дейін 2000 км-ге жуық қашықтыққа созылып жатыр. Қазақстанның жер бетінің бедері (рельефі) мейлінше алуан түрлі. Онда ұшар басын мұздық басқан құздар, биік таулар да, биік-биік адырлар да, үстірт сияқты қыраттар да, кең-байтақ жазықтар мен ойпаттар да бар. Қазақстан жерінің үсті адам баласының өмір сүруіне өте қолайлы болса, жерінің асты пайдалы қазыналарға ерекше бай екенін Әлемге паш етуде. Олардың түрлері Менделеев кестесіне де сыймайды. Қазақстан жерінің бедері (рельефі) мен климатының әртүрлі болуына байланысты жер бетінің ағын сулары да біркелкі бөлінбеген. Қазақстан жерінде 85 мыңға жуық өзен бар. Олардың 90 пайызының ұзындығы 10 км-ге жетпейтін кішігірім өзендер мен белгілі бір маусымда ғана ағын су жүретін сай-жырлар, небәрі 228 өзеннің ұзындығы 100 км-ден асады. Ұзындығы бірнеше жүз км-ге созылған үлкен өзендер, Сырдария, Іле, Шу, Ертіс,

¹ Ожегов С.И. Словарь русского языка. - М., 1953. - 709-б.

² 3-т. - Алматы, 1973. - 468-б.

Есіл, Жайық (Орал), Жем және т.б. Оларға қосымша Балқаш көлі, Арал, Каспий теңіздері және көптеген бұлақтар бар. Осы су жүйелерінің үлкенді-кішілі ойпаттары бар. Олар отырықшы және жартылай отырықшылардың тұрақты мекен орнатқан орындары¹.

Қазақстанның табиғи-географиялық жағдайына тиісті келтірілген деректер, жоғарыдағы тоқталған «дала» туралы тұжырымдамалардың нақты еместігін әшкерелейді. Еліміздің кең-байтақ жері, адамдар мекендеуіне қолайлы болып, қазақ халқы осы мекенінде кешенді шаруашылықты ұйымдастырып, оны мейлінше дамытып, заттай және рухани мәдениетін пайдаланып, оны өркениеттік сатыға көтерген.

«Дала» сөзінің этнониміне Қ. Бектаев «Үлкен қазақша-орысша сөздігінде»: «Степь (дала) айдала; дала; жазира; сахара; сақара; түз»². Бұл түсініктемеде «дала» сөзінің мәнін нақ білдіретін сөздерді берген. Олардың барлығы географиялық кеңістікті білдіретін сөздер. Қазақ халқы өзінің Отанын осылай атаған. «Сүйген құлдың аты көп» деген ел арасындағы айтылып келе жатқан қанатты сөз, қазақ өз Отанын жақсы көргендіктен, «дала, жазира, қазақ даласы» және сол сияқты сөздермен кең-байтақ жерін кең мағына ретінде айтып келе жатыр. Тар мәнінде де бұл сөз айтыла береді. Үйде отырған адам «мен далаға шығып, дем алып келейін» деген сияқты сөздерді жиі ұшырастырамыз. Сондағы, «дала» дегені қорының іші. Сөйтіп, «дала» сөзінің этнонимі кең-байтақ қазақ халқының географиялық жерін білдіретін ұғым. Өркениетті пайда болуын оның дамуын жоғарғы сатыға көтеретін – сол табиғи орталықты мекендеген халық. Солай болса, қазақ халқының өрлеу деңгейін «Дала өркениеті» деудің қисыны келіспейді.

«Дала» (степь) деген сөз, әсіресе Батыс Еуропа ғалымдарының, соның ішінде еуроцентристердің түсініктері бойынша, Түрік Әлемінің Отаны болған Орталық Азия өзінің табиғи-географиялық жағдайы бойынша құлазыған дала, тек төрт түлік малды өсіретін Азия құрлығының бір бөлігі деп қарайды.

¹ ҚСЭ. 6-т. - Алматы, 1975. - 250-253 бб.

² Алтын Қазына. - Алматы, 1999. - 650-б.

Бұндай шындықты бұрмалап, олардың айтқандарына қарсы деректерді жоғарыда келтірдік. Жалпы алғанда, Орталық Азияның табиғи-географиялық шарияты тамаша бай, Азия құрлығының басқа бөліктерінен ерекше орналасқан. Қазіргі кезде Орталық Азия жер үстіндегі және оның қойнауындағы байлық шексіз екенін іс жүзінде дәлелдеп жатыр. Қазақтың қанатты сөздерінің бірінде «Жері байдың, елі бай» деген. Осындай бай өлкені мекендеген түріктердің кешенді дамуына өзінің қолайлы әсер еткеніне дау жоқ. Белгілі Д.И. Менделеев кестесіне енген қазба байлықтардың бәрі қазақ жерінің қойнауынан табылуда.

Бірақ Орталық Азияны қоршаған жақын және алыс көршілеріміздің деректерінде түрік халықтарының шынайы тарихы ерте замандардан бері мейлінше бұрмаланып жазылып, айтылып келген. Мәселен: «Қытайлар ертеде өзінен басқа халықтарды түгелдей хулар (варварлар) деп атап келсе, біздің жыл санауымыз бойынша 6-20 жылдарда қытай патшалығының билігін тартып алған бүлікшіл Уаң Маң деген бір тексіз бұратаналарды кемсітіп, қорлау мақсатымен күллі жер-су, рутайпа атауларын өзгертіп жазуға әмір береді. Содан бастап ху, чюнну (кекшіл құл - ауд.) түрінде жазылатын болды»¹.

Түріктерді бұндай кемсітіп айтуларының себебі жеткілікті. Ежелден түріктер Қытайдың батыс-солтүстік көршісі. Олар шығыс көршілеріне талай жорықтар жасап, Орталық Қытайға дейін барған. Батыс көршілерінен қорғану үшін Қытай ұлы қорғаны б.з.б. ІҮ-ІІІ ғасырларда салынды. Оның ұзындығы - 4000-5000 шақырым². Осыған қарамастан хұндар, көктүріктер, Шыңғысхан бірнеше рет солтүстік-батыс Қытайда үстемдігін жүргізді. Орталық Азияның батысын, Қара теңіздің солтүстігін мекендеген гүндер (скифтер) өздерінің батыс көршілеріне жорықтарын жүргізіп жатты. Скифтер Жерорта теңізіне, Солтүстік Африкаға дейін барғанын Геродот, Страбондар жазған. Геродот: «28 лет владычествовали скифы в Азии и своей наглостью и бесчинством привели все там в полное расстройство. Ведь,

¹ Бахаддин Өгел. Ұлы Хүн империясының тарихы. 1-кітап. - Алматы, 1998. - 3-4 бб.

² СИЭ. Т.3. - М., 1963. - 35-б.

помимо того что они собирали с каждого народа установленную дань, скифы еще разъезжали по стране и грабили все, что попадалось», - десе, Страбон: «Они (массагеты - У.Ш.) - хорошие конные и пешие войны, вооружаются луками, ножами, панцырами и медными секирами, в битвах носят золотые пояса и такие же повязки. Кони у них золотоуздые и в золотых наплечниках. Серебра у них вовсе нет, железо мало, а медь и золото - в изобилии»¹.

Сондықтан Батыс елдерінің сол кездегі деректерінде гүндерді (скифтерді) «варварлар», «көшпелілер» деп атаған. Антикалық заманда түріктерге осындай жағымсыз атама берген. Ол жалған атаулар ғасырлар бойына тарихи сахнадан түспей келе жатыр. XVIII ғасырдан бастап Орталық Азияны отарластырған Ресей империясы бұл жалған атаманы қатты қолдап, жергілікті (автохтондық) халықтарға «көшпелі», «варварлар» сияқты атауларды таңып, түріктер ежелден көшпелі, өздерінің дамуы бойынша артта қалған халықтар деп үш ғасырдай айқайлап келе жатыр. Солай болса, антикалық дәуірдің деректеріне қарағанда, Орталық Азия түріктерінің бабалары батыста гүндер, шығыста хұндар өздерінің даму өркениеті бойынша жақын және алыс көршілерінен жоғары тұрғандықтан, олар көршілеріне күш көрсеткен және олардың дамуына ықпалын тигізген. Мысалы, хұндар өздерінің солтүстік аңшылықпен айналысатын тайпаларды мал шаруашылығымен айналыстырған. «Ең басты малы - сиыр еді. Бұлардың бәрі де хұн дәуірінде жеткен жетістіктері болатын»². «Бұл маңдағы тайпалар ту баста аңшылар еді. Келе-келе мал шаруашылығы басым орынға шыға бастады. Бидай, тары қатарлы дақылдар да егілетін болды. Сиыр да көптеп бағылатын. Алайда олардың күн көрісі жылқы шаруашылығына тікелей байланысты болды... Қытай тарихында хұндарды Ши династиясының құрылуына себепші ретінде көрсетуі болып табылады... Орта Азияда жасалған хұн қарулары да қытай қаруына төтеп бере алардай сапа деңгейіне көтерілгендігі де шындық еді...»³.

¹ Великая степь. - Алматы, 2005. - 35, 193-б.

² Бахаддин Өгел. Ұлы Хүн империясының тарихы. 1-кітап. - Алматы, 1998. - 14-б.

³ Сонда. 14, 19, 68-б.

Келтірілген үзіндіден байқау қиын емес, хұндардың даму өркениеті солтүстік, шығыс елдердің, соның ішінде Қытайдың даму дәрежесінен кем емес, әлде-қайда алда көрінетінін байқаймыз. Хұндар қытайлықтарға саяси және мәдени жақтан өздерінің қолайлы әсерін тигізіп отырған. Соған қарамастан, Қытайға күш көрсетуші хұндарды жақсы көрмеуі былай тұрсын, оларды «көшпелі тағылар» деген атауын жазып келген. Орталық Азия түріктерінің бабаларына осындай әділсіз атақ тағылғанын, Ресей империясының отаршылары ұқыпты пайдаланып, өздерінің саясатын жүргізді. Бұндай жағымсыз атамалар Ресей империясының отаршылық саясатына тура келіп, Орталық Азияның түрік тілдес халықтарына «өркениет» әкелдік, оларды отырықшылыққа және мәдениетке үйреттік деген идеологиялық құрал ретінде пайдаланып, халқымыздың санасын улап келді. Өйткені көшпелі халық әлемде өзінің эволюциялық дамуы бойынша өркениетке жеткенін Әлем тарихы білмейді.

Міне, осындай жағымсыз атаумен қазақ халқының дамуын «Көшпелі өркениет» деген тұжырымдамамен түсіндіргісі келген тарихшылар әлі күнге дейін жазуларын қояр емес. Жалпы түріктер, оның үлкен бөліктерінің бірі қазақтар шетінен көшпелі өмір сүрмей, кешенді шаруашылықтың негізін салып, оны үздіксіз дамытып келе жатыр. Бұл туралы бұрын жарық көрген еңбектерімізде жазған болатынбыз¹.

Қорытып айтқанда, «Көшпелі өркениет» деген тұжырымдама сын көтермейді. Ол ғылыми тұрғыдан өркениет ретінде дәлелденбеген және дәлелденбейді. Өйткені қазақ ұлтының жалпы менталитетіне, соның ішінде өміріне, тарихына тура келмейді. Отанының табиғи-географиялық жағдайына икемделіп су жүйелерінің бойларында тұрақты мекендер мен қалалар салған, егін еккен, мал шаруашылығымен айналысқан. Жерінің байлығын үнемдеп пайдаланған. Қазан төңкерісіне дейін байлар мен орта шаруалардың жайлауы, күздеуі және қыстауы болған. Қыстауда тұрақты үйлер, оның қасына қоралар салған. Қыста малдарын дайындалған шөппен асыраған. Жаз түсе жоғарыдағы жайлауына жартылай көшкен. Қыстауда қалғандары қысқа дайындық жұмысын жүргізген. Малды бағатын жылқышылар, сиыршылар,

¹ Шәлекенов У.Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. - Алматы, 2003. - 115-158 бб.

қойшылар, түйешілер сияқты атаумен аталатын маман адамдар болған. Жазда киіз үйді отырықшылар да, жартылай отырықшылар да, шөлейттік жерлерде көшпелілер де пайдаланған. Киіз үйді барлық отбасы иелене алмаған. Оны байлар, орта шаруалар ғана иеленсе, жарлы-жақыбайлар жер төледе (землянка) мекендеген. Міне, осыған күмәнданатын қазақ болса, туысы жасы үлкендерінен сұрасын.

Жоғарыдағы аттары аталған үш өркениеттің кейінгісі - «Қазақ өркениеті». Бұл көңілге қонатын тұжырымдама демекшіміз. Өйткені қазіргі «қазақ ұлты» - түрік тілдес халықтардың үлкен бөліктерінің бірі. Әлем түріктерінің Отаны - Орталық Азия, олар скифтердің (сак, гүн, хун, көктүрік) ұрпақтары. Олар рулық, тайпалық қоғамды басынан өткеріп, таптық құлшылық, феодалдық, капитализм тарихи формацияларында жасап, Әлем халықтарының дамуына өз үлестерін қосып келе жатыр.

Тарихи дамудың барысында, Орталық Азия түріктері өзара енші алысқанда, **Қазақ халқы** осы құрлықтың қақ ортасынан мекен алып, оны түріктің «Қара шаңырағының иесі» деп текке айтпаған. Осындай құрметті отанын сыртқы, ішкі жаулардан қорғап, оны кейінгі ұрпақтарына қалдырып келе жатқан қазақ халқы, яғни қазақ ұлты. Өзінің өркениетінің сағасын антикалық дәуірден алатын «Қазақ өркениеті» болғанын қолымыздағы жаңа деректер дәлелдейді.

«Қазақ өркениетін» қуаттайтын, бұл өзекті мәселемен қызғылықты еңбек етіп келе жатқан профессор Еренғали Омаров¹ еңбектерімен және т.б. жарық көрген «Қазақ өркениеті» туралы нақтылы деректермен дәлелдеген. Осы көлемді монография екі бөлімнен құрылған: Қазақ өркениетінің теориялық-методологиялық негіздері; Қазақ өркениетінің тарихы: негізгі құндылығы, институттары. Бұл бөлімдерде автор қазақ өркениетінің генезисіне, оның өрлеуіне және өркениет дәрежесіне жету жолдарына тиісті құнды деректерді келтірген. «Қазақ өркениеті» туралы жүргізіп отырған автордың жігерлі еңбегі сәтті болып, қазақ халқының ертеден өркениеттік дәрежеге жеткенін Әлемге паш ете берсін.

¹ Омаров Е. Краткая история казахской цивилизации. - Алматы, 2005. - 237-б.

Ол үшін Қазақ өркениетін ертедегі, орта ғасырдағы тарихи формацияларда Орталық Азия түріктерінің өркениетімен бірге қараған жөн. Одан кейін өз алдына енші алып, халық, ұлт болған соң бұрынғы қалыптасқан өркениетті жалғастырушы түрік халықтарының бірі – қазақтар. Қолда бар деректерге сүйене отырып, Қазақстанның табиғи-географиялық шариятына, кешенді шаруашылығына, саяси-билеу жүйелеріне, заттай және рухани мәдениетіне, тұрмысына, отбасына, салт-санасына айрықша көңіл бөліп, олардың даму деңгейін нақтылы деректермен көрсете білуіміз қажет. Оны дәлелдейтін жазба деректермен бір қатарда, археологиялық, этнологиялық, әдеби деректер жеткілікті. Нәтижесінде, «Қазақ өркениеті» туралы көп томдық еңбектерді жарыққа шығаруымыз керек. Осы тұрғыдан, егеменді Қазақстан Республикасының алға қарыштап бара жатқанын Әлем халықтарына көрсете білген жөн. Бұның бәрі егемендіктің арқасы, оны бекемдеп нығайтып, Әлемдегі алдыңғы қатардағы өркениетті ел болайық. Бұндай дәрежеге жету үшін табиғи-географиялық жеріміздің байлығын, қазақ халқының менталитетін ғылыми тұрғыда Әлемге көрсете білуіміз - өзекті мәселелердің бірі.



МОҢҒОЛ-ТҮРІК ИМПЕРИЯСЫ

6. 1. Моңғол мемлекетінің құрылуы

Әлемге әйгілі тарихи тұлғалар қоғамда өлшеусіз еңбек еткен. Ұлы мәселелерді парасаттылықпен ақылға жөндіріп шеше білген адамдарды халықтар данышпан деп атаған. Олардың есімдері мен ұлы істерін мұндай қысқа мақалада талдап шығу мүмкін емес. Солардың қатарындағы тарихи тұлғалардың бірі – Шыңғыс хан (Тэмуджин, Темучин). Оның туған жылын зерттеушілер әртүрлі жазып келеді. Біреулер оны 1155 жылы дүниеге келген десе, енді біреулері 1162 және 1167 жылдары деген пікірлерін білдіруде¹. Көрсетілген жылдар бір-бірінен алшақ емес. Біздіңше, 1162 жыл шындыққа жақын келетін сияқты. Өйткені 1206 жылы моңғолдар Ұлы құрылтай шақырып Тэмуджинге хун, көктүрік билеушілерінің ата-бабаларынан бері қолданып келе жатқан Шыңғыс хан (түрікше «теңіз, мұхит» деген сөзден шыққан) құрметті атақ берген кезде, ол 44 жаста болған. Бұл жас жігіттің өсіп жетілген, кеменгерлік дәрежедегі кезеңі. 1227 жылы ол 65 жасында дүние салған. Шыңғыс хан сияқты тұлғаларға бұл жас көп те емес және аз да емес. Ол пайғамбар жасынан сәл ғана асқан. Өйткені оның саналы өмірі күреспен өткен. Басынан талай қиыншылықтарды өткергенін әлем біледі. Оның атқарған ұлы істері соншалықты өміріне қолайсыз зардабын тигізгені де ақиқат.

¹ Қазақ Совет энциклопедиясы (КСЭ). 12-т. - Алматы, 1978. – 333-б.; Қазақстан тарихы. 2-т. - Алматы, 1998. – 78-б.; Ювалы А. Шыңғысхан және оның ұлдары. - Түркістан. 2003. – 30-б.; История Монгольской Народной Республики (ИМНР). - М., 1983. – 130-б.

Шыңғыс ханның қайтыс болғанына 780 жылдан асты. Ол туралы әлемнің ғалымдары, жазушылары том-том кітаптар жазды, телехикаялар шығарды. Таяуда «Жас алаш» газетінде «Шыңғысханның шындығы» атты шағын мақалада «... Шыңғыс ханды бұған дейін дүниежүзінің 780 әйгілі ғалымы шұқшия зерттеп, жазған екен. Бірақ әрқайсысының оған берген бағалары әртүрлі. Ресей мен Еуропа ғалымдары ежелгіше Шыңғыс ханды дүние жүзін қанға бояған қанішер, қан шенгелден туып, қан құсып өлген жауыз¹, - деп біржақты түсіндіріп келді. Шыңғыс ханның ұлы атқарған жұмыстарының көлеңкелі жақтары аз болмаған. Ол Александр Македонский және жақында өткен Гитлер сияқты жауынгер. Олар өздерінің мақсатын орындау үшін, жаулап алған елдердің халықтарын бүліншілікке ұшыратқан. Б.з.б. ІҮ ғасырда Александр Македонский, б.з.б. 334 жылы Персияға келіп, 228 жыл үстемдік еткен Ахеменид династиясын қиратып, елді ойрандағаны тарихта белгілі. 1941-1945 жылдарға созылған екінші дүниежүзілік соғыста гитлерлік фашистердің аяқтары тиген жерлерді бүлдіргенін көзімізбен көргенбіз. Сондықтан, Шыңғыс хан да сондай агрессивті әрекетке барған. Өзіне қарсылық көрсетушілерді аямаған: Отырарды, Үргенішті және кейбір тұрақты мекендерді қиратты. Шыңғыс хан туралы жазғандардың басым көпшілігі, оның осындай көлеңкелі жағын баса көрсетуге тырысқаны ақиқат.

Бірақ Шыңғыс ханның сәулелі жақтары да мол болған. Орталық Азияның қалың халқы болған түріктерді біріктіріп, Моңғол-түрік империясын құрды және оны үш ғасырға жақын ұстап тұрды. Шыңғыс ханға дейінгі тарихта белгілі тұлғалар, қолбасшылар (хұндардан басқа) мұндай империяны ұзақ уақыт сақтай алған жоқ. Тек кейінгі жылдары оған дұрыс пікір айтушылар шығып жатыр. Олар Шыңғыс хан өмірінен шынайы хабар беруде. Шыңғысханның өмірбаяны «Моңғолдың құпия шежіресі», «Юань тайзу» бұлақтардың негізіне сүйеніп жазылып, оның ұлы істерін дұрыс сәулелендіруге тырысуда².

Олардың бірі жақында қытайлықтардың шығарған «Моңғол» атты телехикаясы. Оны әлем халықтары дұрыс

¹ Қали Назарахмет (зейнеткер). //Жас алаш. 12 сәуір, 2008.

² Хазетли Сябри. Орта ғасырлар тарихы және өркениеті. –Шымкент, 2002; Ювалы А. Шыңғысхан және оның ұлдары. – Түркістан. 2003; Қинаятұлы З. Шыңғыс хан. 1-2 кітап. – Алматы, 2008.

қабылдады. Шыңғыс хан хикаясының сәтті қойылуы бірден болмаған. «Қытайлар 1980 жылдары екі рет «Шыңғыс хан» деген кино түсірді. Мұның екеуі де сәтсіз шықты. ... Ал «Шыңғыс хан» (Моңғол – У.Ш.) телехикаясы жасалуы Қытай мәдениетінде сапалық өрлеудің жүзеге асқандығын аңғартады¹. Келтірілген жолдардың иесі «Моңғол» хикаясының шығу тарихын тура жазғаны түріктер мен моңғолдар Қытайдың ежелден батыс, солтүстік көршілері болып, олар жиі-жиі сол елге шабуылдар жасап, Қытай халқын бүліншілікке ұшыратқанына тарих куә. Б.з.б. ІҮ-ІІІ ғасырларда солтүстік-батыс көршілерінен қорғану үшін Қытай халқы Ұлы қорғанын соқтырған болса², 1211 жылы Шыңғыс хан Цзинь мемлекетіне жорық жасап, 1215 жылы Пекинді иеленіп, 1217 жылы Солтүстік Қытай түгелімен Шыңғыс ханның қол астына өтті. Онымен шектелмей, 1219 жылы Корея патшалығын да бағындырады. Соған қарамастан, Қытай мамандары шындықты аттамай, Шыңғыс ханның атқарған ұлы істерінің қолайлы және қолайсыз жақтарын дұрыс көрсете білгендіктен, «Моңғол» телехикаясын әлем көрермендерін қатты қызықтырды. Шындық пен кемшілікті айқындайтын халық қой.

6.2. Бұл империяны құрудағы түріктердің атқарған қызметі

ХІІІ ғасырдың басында Шығыс Түркістаннан шығып, Шыңғыс хан, оның әулеті бүкіл Азия мен Шығыс Еуропаны басып алып, империя құрды. Оны осы күнге дейін «Моңғол империясы» деп жазып келе жатырмыз. Анда-санда орыс әдебиеттерінде моңғол-татар басқыншылығы деген жолдар кездеседі. Олай болса, татарларда түріктердің бір бөлігі ғой. Шыңғыс хан қанша данышпан тұлға болғанымен, сан жағынан өте аз моңғол халқымен осындай империя құра алмас еді. Оның ұйымдастырушы қабілеті және ақыл-ойының зеректілігі

¹ Мұқаметханұлы Н. Біздің ұлттық саясатымыз да, діни саясатымыз да өте әлсіз // Жас алаш. 24 қаңтар, 2008.

² Советская историческая энциклопедия (СИЭ). - М., 1963. – 35-б.

астында, ертеден аралас-құралас жасап келе жатқан Орталық Азияның қалың жауынгер түрік халықтарын төңірегіне біріктіріп, олардың кешенді жәрдемімен «Моңғол-түрік империясын» құрды. Оны біржақты «Моңғол империясы» деуіміз ғылыми тұрғыдан шындыққа қайшы. Орталық Азияның автохтондық тұрғындары болған түркі тілдес халықтары Шыңғыс ханның қол астында болып, оның ішкі және сыртқы саясатын қолдап, оларды іске асыруда ұлы күш болғанын тарих жокқа шығара алмайды.

Шыңғыс хан моңғол мемлекетін құрғанда, оның халықтарын шешесіне, балаларына, інілеріне 40 мыңдай отбасыдан бөліп берген. Егер де орта есеппен әр отбасында 5 адамнан болғанда 200 мыңдай адам болған. Олардың ішінен 95 әскери бөлік құрып, оның әрқайсысы 1000 адамнан тұрған¹. Қазірдің өзінде де Моңғол Республикасы онша үлкен ел емес. Оның жер көлемі – 1565 мың шаршы шақырым, жалпы халқы – 1377,9 мың (1974)². Осындай кішігірім санды моңғол халқы Азия мен Еуропаның ұлан-ғайыр жерін жаулап алып, Ұлы Моңғолия империясын құрды деудің өзі тарихқа жеңіл, атүсті қарағаннан келіп шыққан.

Тарихи деректерге қарағанда, бұл империяға «Түрік-моңғол» деген атаманы беруге әбден болады. Бірақ бұл жерде «моңғол» деген сөзді алдыға қойып, оның соңына «түрік» сөзін қосып отырмыз. Қазақ халқында қанатты сөз көп, солардың бірі: «Елдің атын ер шығарады, ердің атын ел шығарады» деген. Сан жағынан онша көп емес моңғол халқын ұйымдастырып, оны ежелден көршісі қалың түрік тілдес халықтармен бірлестіріп, нәтижесінде ұлы күшке айналдырып, осынша Еуразияда империя құрып, өзінің тарихи тұлға екенін әлемге паш еткен – Шыңғыс хан. Оның осынша ерекшелігін еске алып, бұл құрылымды «Моңғол-түрік империясы» деген пікірге келдік.

Енді «Моңғол-түрік империясын» құруда түрік тілдес Орталық Азияның автохтондық халықтары қандай қызметтер атқарғанын айқындайтын деректерге қысқаша тоқталайық.

¹ ИМНР. 132-133 бб.

² ҚСЭ. 8-т. – А., 1976. – 121-б.

XII ғасырдың басына дейін моңғолдар ру, тайпа болып, Шығыс Түркістан мен Қытайдың аралығында жасаған. Шыңғыс хан өз халқын бірлестіріп, оған көрші, іргелес қоныстанған: жалайырлар, меркіттер, наймандар және тағы басқа түрік тілдес тайпаларды өзіне бағындырып Моңғол феодалдық мемлекетін ұйымдастырды. Оның орталығын Орхон өзенінің төменгі ағысындағы Қаракорым қаласын астанаға айналдырды¹. Моңғол мемлекеті этникалық жағынан моңғол мен түріктердің қоспасынан пайда болған мемлекетке моңғол деген ат берген. Моңғол феодалдық мемлекетінің басқару құрылымы, саяси, әскери-басқару жүйелерін түріктердің дәстүрлері бойынша құрғаны «Моңғолдың құпия шежіресінде» кең жазылған.

Шыңғыс ханның данышпандығы сонда, көп ғасырлар бойы мемлекет құрып, оны империяға айналдырып, мол тәжірибе иеленген ежелгі көршілері Хүн мен Көктүріктердің ғасырлар бойы қол жеткізген жетістіктерін пайдалана білуінде. Б.з.б. 221 жылдары Хұндардың басшысы Тұман (Теомон) хан болып, Хүн империясының негізін салса, оның ұлы Метен (Моу Дун) б.з.д. 209 жылы әкесінің орнына таққа отырып, Хүн империясын құрып, Орталық Азияда Ұлы күшке айналды. Бұл империя 350 жылдай өмір сүрді². Осы жылдарда хұндар мен моңғолдар шекаралас жасап, бір-бірімен жауласып, араласып жатқан. Хұндардың батысындағы түріктер кейінгі кездерде өздерін Көктүрік мемлекеті деген атпен атаған. Білге қаған кезінде Түріктер империясын құрған. Өзінен бұрын өмір сүрген түрік тілдес халықтардың салтының қажетті жағын Шыңғыс хан өз мемлекетін құруда мықты пайдаланған.

Моңғол-түрік империясында жоғарғы басқарушы рөлді моңғолдар атқарғанына қарамастан, халқының, әскерінің, кейінгі сатыдағы басқарушылардың басым көпшілігі түріктерден болып, империяның ұйымдастыру дәстүрінің көпшілігі түріктердің ежелгі басқару жүйесіне негізделген. Шыңғыс ханның кеңесшілері, ірі әскер қолбасшыларының көпшілігі түріктерден таңдалып алынған. «Шыңғысханға кеңесші, ал балалары мен туыстарына

¹ ИМНР. 162-б.

² Бахаддин Өгел. Ұлы хун империясының тарихы. 1-кітап. - Алматы, 1998. - 118, 129-б.

ұстаз болған ұйғыр түріктері... Шыңғыс хан құрған осы мемлекет басқару, әскери және мәдени жүйесі тұрғысынан өзінен бұрын Түркістанда құрылған түрік мемлекеттерінің жалғасы сияқты болып көрінеді¹.

Бұл пікірдің дұрыс екеніне күмәндануға болмайды. Түріктер өзінің дамуы бойынша көне замандардан бері дамып, оның өркениетіне дейін көтерілген этнос. Құлшылық және феодализм қоғамдарын құрған Орта Азиялық түріктер. Түріктердің арасына сол кезде кең тараған ұйғыр жазу-сызуын моңғолдар кең пайдаланып, мемлекеттік құжаттар осы жазумен жазылған. Сауатты түріктерді кеңесші, мекеменің хатшылықтарына, басқару жүйелеріне орналастырған. В.В. Бартольд та бұл пікірді қолдайды: «XIII в. в Малой Азии турецкий язык был введен в официальное делопроизводство; постепенно был создан турецкий канцелярский язык и язык изящной прозы. Монгольские кочевники, пришедшие на запад, по численности значительно уступали турецким, и в странах имевших многочисленное кочевое население, как в Туркестане и Золотой Орде, потомки монгольских завоевателей скоро утратили свой язык и приняли турецкий»². Ғұламаның бұл жазғаны тарихи шындық. Кейін моңғол-түрік империясындағы моңғолдардың көпшілігі ислам дінін қабылдап, түріктерге сіңіп кеткен. Кейін бөлшектеніп, күшті мемлекеттер әлсізін бағындырып, өзара үздіксіз жаугершіліктер жасаған. Олар антикалық дәуірде Хүн империясын, ертедегі орта ғасырда Көктүрік империясын құрған халықтар. Бұл құрылымдар құлап, өзара майда мемлекеттерге бөлініп жатқан әлсіз кезде тарихи сахнаға Шыңғыс хан келіп, оларды біріктіріп, Моңғол-түрік империясын құрған.

Моңғол-түрік империясының әскер құрамы да түріктердің салты бойынша құрылған. Әскерді екіге бөлген: оң канат (барун-гар) және сол канат (узун-гар). Қанаттар темендерден (тумэн) құрылған. Әр темен 10 000 адамнан, олар мыңдыққа, жүздікке және ондыққа бөлшектенген. Басқару жүйелері

¹ Ювалы А. Шыңғысхан және оның ұлдары. –Түркістан, 2003. – 29-б.

² Бартольд В.В. Монгольское завоевание и его влияние на персидскую культуру // Соч. Т. 6. - М., 1966. - 193-194 бб.

айылдарға (аулдар) және аймақтарға бөлінген. Айылдар 10 әскер беруге тиісті болса, аймақтар 10 мың әскер жинап берген. Шыңғыс хан осы тәртіппен 95 әскери бөлімше құрып, олардың әрбіреуі мың адамды құраған. Мың адамнан тұратын әскери-басқару жүйесін нүкерлер (құралды топтар) деп атаған. Мемлекеттің қарауындағы халықтар ханға, нояндарға салық төлеген. Әскерін хұндардың тәртібі бойынша аң аулау арқылы жаттықтырған. 1206 жылы құрылтайда «Шыңғыс хан» лауазымын алғаннан кейін, оның қауіпсіздігін сақтайтын әскердің санын 10 мыңға жеткізген. Оны кэшик деп атаған¹.

Шыңғыс хан өзінің ішіндегі күшін жиып, Қытай мен Кореяны тізе бүктіргеннен кейін, 1218 жылы батысқа ұлы жорығын бастады. Ол 150 мың қолмен Ертіс басынан аттанып, Орта Азияға қарай лап берді. Олар Жетісуды басып өтіп, Сырдария бойындағы қалаларға шабуыл жасады². Шыңғыс ханның басқарып келген әскері моңғолдар мен Шығыс түріктерден тұрған. Өзінің басып алған Қытайдан, Кореядан әскеріне адам алмаған. Оның себебін білмейміз. Солай болса да, олардың моңғол бауырлас халық болмағанынан болса керек. Өйткені олардың менталитеті де басқаша ғой. Шыңғыс ханның батыс жорығына 13 моңғол-түрік тайпасы қатысқан: түріктерден – жалайыр, татар, найман, керейт, қоңырат, ұйғыр; моңғолдардан – сулдуз, сунит, бигуут, ойрат, курулас, урянкут, арулат. Бұлардың тең жарымы түріктерге жататын тайпалар екенін аттары айқындап тұр. Енді солардың ішінен шыққан Шыңғыс ханмен бірге соғысқа қатысқандарға (оның мектебінен өткен) ноян атағын берген және олардың қатесін 9 рет кешірген. Мұқалли ноян (жалайыр) Солтүстік Қытай мен Кореяны өмір бойы басқарған, әйгілі қолбасшыны дайындағанда Шыңғыс хан: «Мұқалли жоғарғы орында отырсын, жазасы тоғыз рет кешірілсін, моңғол әскерінің сол қанатына қатысты Хараунжидүн таулары алдындағы түменнің қолбасшысы болсын»³, - деген. Мұқаллидің қандастары Жұрмагүн және Елжигидей нояндар Батыс жорыққа қатысқан. Шыңғыс хан 30-40 мың әскерімен Жұрмагүн ноянды Батысқа жібергенде, оның қол астындағы

¹ ИМНР. 32-133 бб.

² Мынжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. - Алматы, 1994. – 196-б.

³ Ювалы А. Шыңғысхан және оның ұлдары. - Түркістан. 2003. – 271-б.

әскерді басқаратын жәрдемші қолбасшылардың саны 110-ға жеткен. Әзірбайжан мен Кавказды басып алып, 1246 жылы ауырып қайтыс болған¹.

Татар тайпасынанда бірнеше ноян дәрежесіне көтерілген қолбасшылар болған: Сали, Самагар, Дурбап, Тирап, Туладай. Бұл Алдыңғы Азияны жаулап алуда еңбек сіңіргендіктен, олардың әулеттері Анадоллияны басқарған. Олардың ұрпақтары осы күнгі Түркия жеріне кең тараған. Шыңғыс ханның ең жақын достарының бірі Жамуха найман тайпасынан шыққанымен, моңғолдарға бағынып, олардың ірі қолбасшыларының біріне айналған. Осындай Батысқа келген керейттерден шыққан Алынжақ ноян, Жошының қол астында белсенді қызмет еткен қолбасшылардан Абатай ноян. Моңғолдардың Батысқа жүргізген Шыңғыс ханның жорығына ұйғырлар үлкен жәрдем көрсеткен. Олардың ішінен бір түменді басқарған ұйғырдан шыққан Мәлікшах моңғолдарға айтарлықтай қызмет етіп, сенімге ие болған.

Сөйтіп, Шыңғыс хан «мектебінде оқығандарға» ноян атағын беріп, мыңбасшы етіп тағайындаған Мұқалли, Жұрмагүн, Сархан-шире, Жебе және тағы басқалары болып, Шыңғыс ханның сеніміне бөленген қолбасшылар. Олардың ішінде айрықша құрметке ие болған қолбасшыларға ертедегі түріктердің әскери атағы болған «қоржу» атағын берген. «Екінші қыпшақ жорығы кезінде әскерге қолбасшылық еткен Батудың жанында Сүбетей ноян «қоржу» атанған². Мұндай атақты империяға айрықша іс көрсеткендерге ғана берілген.

Шыңғыс хан сауданы жолға қоюға, бағынған халықтардан тиісті салықтарды жинауға және соғыстан түскен олжаны бөлсуге айрықша мән берген. Олжаның бестен бірі Шыңғыс ханға, қалғандары әскери басшыларға және нөкерлерге берілген. Мысалы, 1221 жылы ханның үш ұлы Үргеніш қаласын алып, қолға түскен мол олжадан әкесінің үлесін бермегені үшін Шыңғыс хан балаларын үш күн қабылдамаған. Араға белгілі адамдардың түсуімен оларды өз алдына шақырған³. Соған қарағанда, бұл хан да дүниені жеккөрмеген.

¹ Сонда. 59, 62-б.

² Сонда. 229-б.

³ Сонда. 252-б.

Шыңғыс хан және оның әулеттері қол астындағы әскеріне қолға түскен олжаның белгілі бөлігі тиісті болған. Кейін олжалар азайғаннан кейін, әскерге еңбекақы төленген. «Еңбекақы мөлшері – 10 мыңдық жасаққа 20 000 динар. Алайда бұл мөлшер кейіннен біршама артады. Түмен қолбасшылары бұрындары 1000 динар (6000 дирхем) алатын. 1260 жылы Айнжалут соғысынан кейін барлық әскерге еңбекақы төлеу қажеттілігі туындайды¹. Сөйтіп, Моңғол империясы, жаулап алған елдердің ертеден пайдаланып келе жатқан ақшаларын тұрмысқа қолданған. Динар мен дирхем ақшалары Орталық Азия түріктерінде ертедегі орта ғасырда айналымда болғаны баршаға мәлім. Сол кезеңдерге жататын ескерткіштерді зерттегенде археологтар сол ақшаларды тауып алуда.

Енді Бати мен Хулағудың Батысқа жасаған жорықтарына түріктердің қалай қатысқандарына көңіл аударайық. Бати (Бату, Сайынхан 1208-1255) -Жошының ортаншы баласы, Шыңғыс ханның немересі. 1227 жылы әкесі қайтыс болғаннан соң, оның орнына хан болып, Жошыға қараған ұлысты басқарып, өзінің қол астындағы түріктерден қалың қол ұйымдастырып, көрші орыстарды бағындырып, 1236-1242 жылдарға созылған Батыс жорығын жүргізді. Б.з. 434-453 жж. Аттила ғұндардың көсемінің Батысқа жасаған жолымен 800 жылдан кейін жүріп, Бати Польшаны, Венгрияны, Чехияны, Молдавияны алып, тегі түріктерден құрылған Венгрияны орталығы етті. Шығыс Еуропаны бағындырып, 1242 жылы Алтын Ордаға оралды. Осынша жерді бағындыруда түріктерден ұйымдастырылған әскер болғанын есте сақтау керек. «Алтын Орданың халқы этникалық әркелкі болғанымен, оның негізгі тұлғасы түрік тілдес тайпалар, негізгі әскери күш қыпшақтар болды. Бұл түрік тілдес тайпалар бастауында жеке-жеке, яки одақтасып Шыңғыс ханға қарсыласып көрді, нәтижесінде бәрі де жеңіліске тап болды. Бұлар ақырында жаппай бағынды да, оның жорығына қатынасты. Әсіресе, Батысқа аттанған қалың қолдың басым көпшілігі осылар еді. Ол кезде «қыпшақ» деген сөз жоғарыда аталған түрік тілдес тайпалардың жалпы аты ретінде де қолданылды².

¹ Сонда. 231-б.

² Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. - Алматы, 1994. – 202-б.

Бұл ғұламаның айтқанына қосып алатын ешнәрсе жоқ, дұрыс жазылған. Тек осы қыпшақтар жоғарыдағы Аттиланың ұрпақтары болып, бұрынғы бабаларының Батысқа жүрген жолымен жүріп, Аттиланың қолға кіргізген жерінің бірқатарын Бати өзіне XIII ғасырда қайта бағындырғанын еске алған жөн. Бұндай жағдайларды Шыңғыс хан да, оның әулеттері де ақылды пайдалана білген. Осындай ұлы оқиғаның негізінде, моңғол-түрік халықтарының әскери қасиеттерінің зор екені байқалады.

Хулағұхан (1217-1265) – Шыңғыс ханның немересі. 1256 жылы моңғолдың ұлы құрылтайының шешімімен моңғол әскерін Таяу Шығысқа бастап келіп, Иранды, Иракты, Анатолияны (Түркия), Оңтүстік Кавказды иеленіп, өзі басқарған мемлекет құрды. Таяу Азия елдерін жаулап алуда да түріктер шешуші қызмет атқарды. Хулағұдың батыс жорығына жібергенде, оның қарауында 12 мың әскер болған. Оған қолбасшылық жасаған найман руынан шыққан Кит-Бұғы. Алғашқы кезде бұл әскердің жартысынан көбі түріктерден құрылып, Байжу ноянның қарамағында бір түмендік моңғол әскері қатысқан¹. Бұл жорықта Хулағұнан кейінгі қолбасшылардың қатарында осы Байжу ноян тұрған. Ол осы күнгі Түркияның жеріндегі тайпалар мен халықтарды біріктіріп, Жерорта теңізінің шығысында үстемдік еткен. 1256 жылы Хулағу мемлекеті (Ильхандар мемлекеті) атанған Моңғол феодалдық мемлекетін құрып, оған Таяу Азия, Мысыр елдері бағынған. Ильхан – ұлысханы, яғни осы басып алған жерлерде Моңғол мемлекеті деген мәнде. Осы Таяу Азияны Хулағұдың ұрпақтары басқарған.

Хулағу (Ильхан) мемлекетіне қараған қалың түрік, араб және парсы тілдеріндегі сөйлейтін халықтардың ықпалымен моңғолдар өздерінің этникалық ерекшеліктерінен айырылып, жергілікті халықтардың әсеріне енуге мәжбүр болған. «Батыс Азиядағы тығыз орналасқан түрік қауымының ішінде уақыт өте келе моңғолдық ерекшелігін жоғалтқан. Алтын Орда мен Шағатай мемлекеттерінде бұл өзгеріс ерте басталған. Соңғы екі Моңғол мемлекеті құрылған территорияда түрік қауымы өте

¹ Ювалы А. Шыңғысхан және оның ұлдары. – Түркістан, 2003. - 102-б.

тығыз орналасқандықтан және ықпалды болғандықтан, этникалық өзгеріс енгізе алмағаны байқалған»¹.

Келтірілген үзіндіде, Шыңғыс ханның басшылығымен Орталық Азияға келген моңғолдар жергілікті түрік, парсы, араб және еуропалық тілде сөйлейтін халықтардың этникалық құрамына айтарлықтай өзгеріс кіргізудің орнына, соғыспен келген моңғолдар жергілікті халықтармен араласып кеткен. Моңғол империясының 3 ғасырға жақын үстемдік еткен жерінде, моңғолдардың саны көбейген жоқ. Моңғол империясы кезінде түрік тілдес халықтардың қоғамдық, саяси, әлеуметтік және мәдениетіне айтарлықтай өзгеріс ендіре алмады.

Моңғол империясын моңғолдар, олардың әскери басшылары нояндар басқарғанмен, төменгі сатыдағы басқару жүйелеріне түріктерден іріктеп алынып отырды: хатшылар, кеңесшілер, қазылар, бақылау жүйелері және т.б. Жазу ретінде ұйғыр жазуын, күнтізбе ретінде 12 жануарлық түрік тілін білулері шарт болды. Басқару жүйелерінде, мекемелерде халықаралық қатынастар түрік тілінде, соның ішінде қыпшақ тілінде жүргізілді. Империяның жоғарғы басқаратын орнын түріктердің салты бойынша құрылтай болып, онда империяның басты ішкі және сыртқы саясаттары қаралған. Құрылтайға Ұлы хан, хандыққа мүше ханзадалар, олардың әйелдері мен күйеу балалары, уәзірлері, хатшылары, заңгерлері, қазылары мен билері қатысқан.

Шыңғыс ханның кеңесшілері мен балаларына, туыстарына ұстаздық жұмысын түріктер, олардың ішінде ұйғырлар атқарған. Мысалы, Жошы балаларына ұстаздық еткен Жан-Темір (ұйғыр).

Хулағу Таяу Азияны билеп тұрғанда ғылымға, білімге қызыққаны байқалады. Ол қол астындағы белгілі ғалымдар мен өнер қайраткерлерін төңірегіне жинап, олардың жұмыс істеуіне жағдай тудырған. Билеушінің бұндай қадамға баруы, оның бұрыннан жазудан, әдебиеттен, математикадан, астрономиядан, географиядан, тарихтан хабары бар, белгілі білімге ие тұлға екенін көрсетеді. Хулағу Мераға обсерваториясын салуға бұйрық беріп, оны Насыреддин Тауси ғалымға тапсырған².

¹ Сонда. 197-б.

² Бартольд В.В. Монгольское завоевание и его влияние на персидскую культуру // Соч. Т. -6. М., 1966. – 190-б.

Өзінің жорығы кезінде қираған Бағдат сияқты қалаларда жөндеу жұмыстарын жүргізуді бұйырған. Бұл жұмыстарды Ата Мәлік Жүвейни мен Сунжақ іске асырған. Бұндай жұмыстар Моңғол-түрік империясында жүргізілген. Тарихи деректерге қарағанда, бұл империяда жалпы 200-ден астам жаңа қалалар салынып, соғыстың кезінде қираған қалалардың кейбіреулерінде жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сондықтан Шыңғыс хан, оның әулеттері жердің бетіндегі мәдениетті «қиратушылар» деп қарауы ғылымнан алшақ жатыр. Соғыспен келген Шыңғысхан, оның ұрпақтары қарсылық көрсеткен Отырар, Үргеніш, Бағдат сияқты қалаларды қиратқан. Бірақ жолындағы қоныстарды, үлкенді-кішілі қалаларды жөнсіз қирата бермеген. Оларды сақтап, өзінің құрған, үстемдік еткен жеріндегі халықтарға қажет екенін жетік білгендігін бекер деп айтуға болмайды.

Шыңғыс хан, оның ұрпақтары құрған Моңғол империясы емес, Моңғол-түрік (түрік-моңғол) империясы екенін жоғарыдағы келтірілген деректер дәлелдейді. Шыңғыс ханның тарихи тұлға екені сонда, ол сан жағынан азғантай ру, тайпалардан құрылған шағын территорияда жайласқан жерде моңғол ру, тайпаларын біріктіріп, көрші бытыраңқы өмір сүрген қалың түрік тайпаларын күшпен басып алып, моңғолдар мен түріктерден тұратын 2006 жылы феодалдық Моңғол мемлекетін құруында. Сол кездегі Моңғол мемлекетінің картасында, моңғол тайпаларымен бірқатарда, бірқанша түрік тайпаларының жері көрсетілген¹. Моңғол халқының құрамына кірген түрік тайпаларының әжептәуір болғаны осы картадан айқын байқалады. Шыңғыс хан құрған мемлекетке кірмеген Шығыс Түркістан түріктерін біртіндеп күшпен өзіне қаратып, солардың есебінен мемлекетін күшейтіп, моңғолдар мен түріктерден құрылған әскерімен Шыңғыс хан күшпен Қытай мен Кореяны бағындырып, Моңғол мемлекетін бұрынғыдан да күшейтіп, өзінің Батыс жорығына дайындалды.

¹ ИМНР. 162-б.

Бұл Ұлы жорықты бастамастан бұрын, Шыңғыс хан өзінің ежелден араласып келе жатқан түрік бауырларын, әсіресе, батысты мекендеген қалың түріктерді егжей-тегжей үйреніп, олардың сыртқы және ішкі күштерін талдап, содан кейін жорық жасау шешіміне келгені байқалады. Хандардың ақылды болуы үшін оның уәзірлері білікті адамдардан болуы қажет екенін Шыңғыс хан жетік білген. Мұндай кемеңгер, білімді адамдарды түріктердің ішінен, әсіресе, Ұйғыр мемлекетінен таңдап алған. Солардың жәрдемімен батыс түріктерді Ұлы қолбасшы жетік біліп, оларды бағындырудың әскери тәсілдерін тауып, Батыс жорығына кіріскен.

Батыс жорықтың алдында түріктер бытыраңқы, майда мемлекеттерден тұратын. Олар өзара бірлігі жоқ, бір-бірімен алауыз өмір сүрген. «Бөлінгенді бөрі жейді», «Бірлік жоқ жерде тірлік жоқ» деген халықтың қанатты сөздеріне сәйкес өмір, Орталық Азия түріктерінің Шыңғыс ханға қарсы тұратын күштері болмаған. Олардың ішіндегі ең күштісі Мухаммед Хорезмшах басқарған Хорезм мемлекеті болатын. Шыңғыс хан бірден жаңа күшпен осы мемлекетті басып алуға кірісіп, оның ірі қалаларынан – Отырар, Бұқара, Самарқанд, бас астанасы Үргенішті алып, Хорезм мемлекетін құлатты. Одан кейін Батыс түріктерді жаулап алуға жол ашылды. Қолға кіргізген түріктерден әскерін толықтырып, моңғол әскери қолбасшылары батысқа қарай жорықтарын жалғастырды. Бұл әскери әрекеттің барысында хорезмдіктердей күш көрсететін түрік және Шығыс славян халықтары болмады.

Шыңғыс хан және оның әулеттері осы соғыста қолға кіргізген жеңістерін бекемдеп, Орталық Азия, Кавказ, Қара теңіздің солтүстігінде негізгі күштерін топтап, Шығыс Еуропа мен Алдыңғы Азияға жорық жасап, Моңғол-түрік империясын құрды. Ол үш ғасырға жақын өмір сүрді. Шыңғысхан 1227 жылы қайтыс болғанымен, оның ұрпақтары империяны басқарып, оны ұзақ жылдар ұстауы бабаларының берген тәрбиесінің зор болғанын көрсетеді. Ханның ұрпақтарын тәрбиелеген түрік ғұламалары болғанын жоғарыда айтқанбыз. Сөйтіп, бұл империяны құруда және оны ұзақ жылдар ұстауда Орталық Азия түріктері айрықша қызмет атқарғанын тарих бекердей алмайды.

Хорезм мемлекеті құлағанымен, Мұхаммед Хорезмшахтың ұлы Желлаледдин моңғол әскерімен қарсыласуын тоқтатпаған соң, оны киратуды Шыңғыс хан өз қолына алып, Желлаледдинді Инд өзеніне дейін қуып барған. «Біраз әскермен өзі де (Желлаледдин) Инд өзеніне түсіп, қарсы бетке өткенін төбенің үстінен көріп тұрған Шыңғыс: «Осындай ұрпағы бар әке қандай бақытты!» деуінің өзі тегін айтылған жай сөз емес. Бұл жерде хан тек қана Желлаледдинді ғана емес, сол жердегі соғысқа қатысқан түрік сарбаздарының ерлігіне риза болғанын көрсетеді. Міне, осындай «Моңғол-түрік империясын» құрып, оны ұстап тұра алатындай батыр ұрпақтарды тәрбиелеп, Ұлы империяның тағдырын соларға қалдырып кеткен. Ұзақ жылдар өмір сүрген «Моңғол-түрік» империясының ішіндегі көптеген ру, тайпалардан құрылған түріктердің арасында халық болып қалыптасу процесі тоқтаусыз жүріп, бір-біріне жақын ру, тайпалар бірлескен. Олар осы империяның ішінде қалыптасып, ол құлаған кезде түріктер бөлшектеніп, өз алдарына хандық құрған. Бұндай этникалық процестің болғаны Қазақстан тарихында кең жазылғандықтан, оған тоқталмадық.



7-бөлім



ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІНДЕГІ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫР ҚАЛАЛАРЫ

7.1. Қалалардың пайда болу тарихынан

Ежелден отырықшы мәдениеттің ұясы болған үлкенді-кішілі қалалар мен елді мекендер Қазақстан жерінде баршылық. Бірақ олардың орналасуы әр аймақта әртүрлі. Оның негізгі себептері Қазақстанның табиғи-географиялық жағдайына байланысты.

Алғашқы замандардан бері, осы күнгі Қазақстан жерін мекендеген түрік тайпалары, халықтары өздерінің күнделікті өмір сүрген жерінің табиғи-географиялық ерекшелігіне икемделіп, шаруашылығы, тұрмысы және мәдениеті пайда болған. Қазақстан Республикасының жері – 2717,3 мың шаршы км., халқы – 15053 мың адам¹. Ол Орталық Азияның қақ ортасында орналасқан. Бұл келтірілген қазіргі Қазақстанның жері болғанымен, ол ертедегі Тұран (Түркістан) елінің ажырамас бір бөлігі. Осы еншіге тиген жердің табиғи жағдайы бұрын да, қазір де біркелкі емес. Табиғаттағы бұндай ерекшеліктер баяу өзгергенімен, алғашқы жағдайынан онша алшақ кетпеген. Сондықтан Қазақстанның табиғи ерекшеліктерінен қысқаша мәліметтер келтірейік.

Қазақстан жерінің беті біркелкі болмағаны сияқты, оның ауа-райында да айтарлықтай өзгешеліктер бар. Күн сәулесі түсетін уақыттың ұзақтығы солтүстігінде 2000 сағаттан, оңтүстігінде 3000 сағатқа дейін жетеді. Солтүстігінде қыс суық

¹ Атлас Казахской ССР. - М., 1982. – 5-6.

әрі ұзақ болады, орталық бөлігінде қоңыржай суық, оңтүстігінде, негізінен, қысы қысқа, әрі қоңыржай, ал қиыр-оңтүстігінде қыс жұмсақ келеді. Қаңтардың орташа температурасы солтүстігінде – 18 градус⁰ С, ал жазық бөлігінің қиыр-оңтүстігінде – 3 градус⁰ С. Шілденің орташа температурасы солтүстігінде – 19 градус⁰ С, оңтүстігінде 28-30 градус⁰ С-ге дейін артады¹.

Жер беті мен ауа райының әртүрлі болуына байланысты, жер бетінің ағын сулары да біркелкі бөлінбеген. Шөлейттік аймақта өзен өте аз да, солтүстік бөлігі мен биік таулы өңірлерде өзендер анағұрлым көп. Қазақстан жерінде 85 мыңға жуық өзен бар. Олардың 90%-ның ұзындығы 10 км-ге жетпейтін кішігірім өзендер. 228 өзеннің ұзындығы 100 км-ден асады. Республикада 48 мыңнан астам көлдер бар. Жердің топырақтары әр аймақта әртүрлі болып келеді².

Қазақ халқының еншісіне тиген жердің табиғаты бай болып, бұл жерді бабаларымыз ерте заманнан игеріп, өздерінің Отанына айналдырып, оны көзінің қарашығындай қорғап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде қалдырып келген. Осындай тамаша жерді мекендеген қазақтардың ауызекі әдебиетінде: «Жері байдың, елі бай» деген қанатты сөз өзінің жеріне негізделіп айтылған.

Осындай «түгін тартса, майы шығады» дегендей қазақтар жерін ардақтап, оның әр аймақтарының ерекшеліктеріне қарай пайдаланып, көп салалы шаруашылықты дамытқан және отырықшы мәдениеттің іргетасын ертеден қалаған. Тамаша жерді жайлаған халықты көшпелі болды дегенге кім нанады? Оған қосымша, ежелгі түріктер Шығыс Азияның және Алдыңғы Азияның отырықшы көрші елдерімен өмір бойы байланыста болған. Отырықшы мәдениетті түріктердің өздері де пайда етіп, көршілес елдердің мәдени жетістіктерін қабылдаған және өздерінің тұрмыста қолданған мәдениетінің ықпалын көршілеріне де тидіріп отырған. Бұндай қарым-қатынас өмірдің заңдылығынан шығатыны белгілі.

¹ ҚСЭ. 6-т. - А-А., 1975. - 250-251 бб.

² Сонда.

Отырықшы мәдениеттің орталығы тұрақты ауылдар мен қалалар ерте заманнан бері Қазақстан жерінде болған. Бұл туралы тілге тиек болатын қалалар Қазақстан жерінде баршылық. Олардың көпшілігі бізге тарихи археологиялық ескерткіш ретінде сақталып келген. Ертедегі және орта ғасырдағы қалалардың орналасуы біркелкі емес. Оның себебі, жоғарыда тоқталып өткендей, Қазақстанның табиғаты біркелкі болмағандығынан деп қараған жөн. Ойпатты жерлерде, сулы аймақтарда, ауа райы қолайлы жерлерде отырықшылық ертеден болған. Бұндай өлкелер, аймақтар елімізде жетерлік. Тарихи ескерткіш ретінде сақталып келген ертедегі, орта ғасырдағы қалалардың орнын Қазақстанның барлық аймақтарынан кездестіруге болады. Олардың көпшілігі отырықшылыққа қолайлы болған өлкелерде жиі болса, жартылай шөлдік жерлерде азырақ және шөлдік аймақтарда сирегірек кездеседі.

Бұл ескерткіштердің археология жақтан зерттеу үстіміздегі ғасырдың екінші жартысынан Қазақстанның оңтүстік аймағында басталды. Себебі, бұл аймақ ертеден отырықшылықтың негізгі мекендерінің бірі және осы жер арқылы Ұлы Жібек жолы өткен. Сондықтан да ортағасырлық қалалар оңтүстік Қазақстанда шоғырланған. Республиканың басқа аймақтарындағы тұрақты мекендердің орындары айтарлықтай археологтар тарапынан зерттелмей келе жатыр. Өйткені кейінгі кезде дами бастаған археология ғылымының дәрежесі жетпейді: археолог-маман қатарының әлде де көбірек болмауы және бұндай зерттеуді кең көлемде алып бару үшін қаражаттың тапшы болуы және т.б. себептер жеткілікті.

Солай болса да, археологиялық зерттеулердің барысында Қазақстанның барлық аймақтарында отырықшы мекендердің ерте заманнан болғаны байқалады. Ертедегі, орта ғасырдағы отырықшы қоныстардың Қазақстанда біркелкі зерттелмеуінің нәтижесінде, отырықшылықтың негізі - Оңтүстік Қазақстан болды деген ұғым бар: «Қазақстанның кең-байтақ жерінде отырықшылық және қала мәдениеті дамуының ірі-ірі тарихи-мәдени аймақтары ежелден ерекшеленген. Солардың бірі - Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аймағы. Ол, бір жағынан, Орта Азия, екінші жағынан, Орталық Қазақстан, Сібір мен Орал аралығындағы аумақты алып жатыр. Онда үш аудан - Оңтүстік

Қазақстан (Сырдария алқабы), оңтүстік-батыс Жетісу (Талас және Шу өңірлерінің аралығы), солтүстік-шығыс Жетісу (Іле алқабы) аудандары өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады. Аймақ егіншілікті жазиралар мен көшпелілік даласының тоғысқан жерінде орналасқан»¹.

Қазақстан тарихынан келтірілген үзіндіге қарасақ, еліміздегі отырықшылық аймақтарға Оңтүстік Қазақстан, Талас, Шу мен Жетісу жататын көрінеді. Бұл үш аймақ Қазақстанның басқа көшпелі аймақтарымен шекараласқан делінген. Кейінгі жылдардағы жүргізілген археологиялық зерттеулер, ортағасырлық қоныстардың, қалалардың орындарын Қазақстанның барлық аймақтарынан тауып, олардың кейбіреулері зерттеліп жатыр.

Қазіргі Қазақстан жері археологиялық және сәулеттік ескерткіштерге өте бай. Оларды зерттеп, сырын ашу, негізінен Кеңес үкіметі кезінде, әсіресе екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталды. Егер де Ресейге бодан болған жылдарда еліміздегі ескерткіштер тиіп-қашты, үстіртін зерттелсе, Кеңес үкіметі орнағаннан кейін орыстың археологтары Қазақстанда археологиялық зерттеулерді бастады. Кейін өз халқымыздың ішінен мамандар шығып, арнайы археологиялық экспедициялар ұйымдастырды: Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы, 1946 ж. (академик Ә.Х. Марғұлан); Хорезм археология-этнография экспедициясы, 1936 ж. (академик С.П. Толстов); Оңтүстік Қазақстан археология экспедициясы, 1945 ж. (проф. А.Н. Бернштам); Іле археологиялық экспедициясы, 1954 ж. (проф. К.А. Акишев); Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы, 1969 ж. (проф. К.А. Акишев); ҚазМУ археологиялық экспедициясы, 1974 ж. (проф. У.Х. Шәлекенов) және көптеген археологиялық бөлімшелер, топтар зерттеулер жүргізді.

Жоғарыдағы аттары аталған археологиялық экспедициялар тарихи қысқа мерзімнің ішінде кең көлемде жұмыс істеп, адам баласының басынан өткерген кезеңдеріне жататын Қазақстан жерінен көптеген ескерткіштерді ашты және зерттеді. Нәтижеде, бұрын тарихи ғылымға пайдаланылмаған өте бай деректер жиналды. Ол деректер алғашқы қоғамнан бастап осы жерде пайда болған және оны өзінің мекеніне айналдырған

¹ Қазақстан тарихы. 1-т. - А., 1996. - 347-б.

бабаларымыздың кейінгі ұрпақтарға қалдырып кеткен мәдениетінің қалдықтары екенін мойындап, қазақ халқының автотондығын естен шығаруға болмайды. Енді сол бабаларымыздың басынан өткерген тарихи кезеңдерді суреттейтін археологиялық деректерді тілге тиек етіп, осы күнгі Қазақстан жерін мекендеген бабаларымыз отырықшы мәдениеттің іргесін ертерден қалағандығын дәлелдеуге тырысайық.

Орталық Азия, оның бір бөлігі Қазақстан алғашқы адамдардың мекені болғанын дәлелдейтін тас (палеолит) заманының қонысы Өзбекстандағы Байсун тауынан табылған Тесікташ 1938 ж. ашылса, енді Қазақстандағы Қаратау өңірінен: Бөріқазған, Тәңірқазған, Ақкөл, Кемер, Қызылрысбек, Тоқалы¹ және Қарасу (Уәлиханов), Қараүңгір², Қосқорған, Шоқтас³. Тас дәуірінің ескерткіштері Жезқазған өңірінен: Өгізтау-1 және 2, Үлкен Ақмаядан табылса, Батыс Қазақстаннан: Шақпаката, Өнежек⁴ қоныстары. Осындай ескерткіштер Шығыс Қазақстаннан да табылды: Қанай, Свинчатка, Пещера (үңгір), Ново-Николаевское, Шүлбі⁵. Кейінгі жылдары тас кезеңіне жататын ескерткіштер Күнгей Алатау алқабынан Ақтоғай, Семізбұғы, Балқаш өңірінен Хантау; Орталық Қазақстаннан Шыңғыс-1, Бұрма; Қаратаудың күнгей бетінен - Қошқорған (Қосқорған), Шоқтас және т.б. ескерткіштер ашылды⁶. Осындай тас дәуіріне жататын ескерткіштердің Қазақстанда көптеп табылуы - біздің жеріміз алғашқы адамдардың пайда болған жері екенін көрсететін деректер.

Сол кездегі біздің жерімізді мекендеген тұрғындар, тас дәуірінің кейінгі кезеңдерінде қоныстардың болғандығын дәлелдейтін археологиялық деректер баршылық. Археологтар мұндай қоныстарды (стоянка) Қазақстан жерінің барлық

¹ Алпысбаев Х.А. Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. - Алма-Ата, 1979.

² Каменный век Казахстана и сопредельных территорий. - Туркестан, 1998. - 12-б.

³ Сонда.

⁴ Қазақстан тарихы. 1-т. - Алматы, 1996. - 78-б.

⁵ Сонда. 80-б.

⁶ Каменный век Казахстана и сопредельных территорий. - Туркестан, 1998. - 32-37 бб.

өңірінен ашты деуге болады. Олардың көпшілігі ежелден үлкенді-кішілі өзендердің, көлдердің төңірегіне шоғырланғаны байқалады. Олардың көпшілігі «Археологическая карта Казахстана»¹ кітабына енген. Бұл еңбектен басқа кейінгі кездердегі табылған тас дәуірінің қыруар ескерткіштері бар. Сол деректердің кейбіреулеріне тоқталайық: Тобол², Орал өзендері және Шалқар көлі³; Жезқазған өңірлерінен көптеген неолит қоныстары ашылды⁴. Бұндай тас дәуірінің қоныстарын Орталық, Шығыс, Оңтүстік, Батыс Қазақстан жерлерінде болғанын археологтар дәлелдеді. Соған карағанда, жергілікті тұрғындар тас дәуірінің кейінгі кезеңдерінде Қазақстан жеріне кеңірек таралып, әр аймақтарда баспана салу дәрежесіне жеткен көрінеді.

Бұдан кейінгі қола дәуірінде алғашқы тұрғындар бұрынғыдан да кең көлемде жер бетіне тарап, енді ауыл-ауыл болып жайласып, үлкен көлемдегі қоныстарды пайда еткен. Бұл жөнінде Ә.Х. Марғұлан басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы қыруар деректерді жинады. Ә.Х. Марғұлан өзінің шәкірттерімен Қазақстан бойынша, әсіресе қола дәуірін кең көлемде зерттеп, сол кездегі бабаларымыздың мәдениетін айтарлықтай дәрежеде ашты. Олардың көпшілігі «Қазақстан археология картасына» енді. Қола дәуірі ауылдарының орындары Тобол, Чаглинка, Орал, Шаған, Қарғалы, Нұра, Ертіс, Сарысу, Атасу, Жетісу, Шу, Талас, Сырдария және т.б. үлкенді-кішілі өзендердің жағаларына шоғырланған. Олардың көлемдері біркелкі болмаған. Қола дәуірінің ескерткіші - Атасу ауылы. Ол Атасу өзенінің оң жағасына, Қосагол қолтығына орналасқан. Оны 1955 ж. Ә.Х. Марғұлан зерттеген. Ауыл екі бөліктен құрылған. Біріншісінің диаметрі - 25 м, ені - 1,34 м., тереңдігі - 60 см. Қабырғасының едені гранит таспен екі қатар қаланған. Екіншісінің диаметрі - 24 м., ені - 1,4 м⁵. Мыңбайсай ауылы. Мұны да 1955 ж. Ә.Х. Марғұлан зерттеген. Ол Мыңбайсай өзенінің жоғарғы ағысына орналасқан. Оны қазғанда 26 бөлме

¹ Археологическая карта Казахстана. - Алма-Ата, 1960.

² Сонда. 31-46 бб.

³ Сонда. 67-б.

⁴ Сонда. 150-153 бб.

⁵ Сонда. 163-б.

шыққан. Әр бөлменің қасынан күлдің орындары болғаны байқалған. Бөлмелерді 75 см тереңдеткенде тас ошақтар шыққан, оның төңірегінде көптеген жануарлардың сүйектері табылған¹. Бұндай қола дәуірінің қоныстары, әсіресе Орталық, Оңтүстік Қазақстаннан, Жетісу өңірінен кең көлемде ашылды.

Республиканың басқа аймақтарынан қола мәдениеті ашылғанымен, Батыс Қазақстанда жоғарыдағыдай бұл дәуір кең көлемде зерттелмей келе жатыр.

Қола мәдениетін ашуда, сол кездің өзінде қолдан суғару арқылы егістіктің болғанына куә болатын деректер де баршылық. Қолдан қазылған су жүйелері Утвы өзенінің Орал өзеніне құятын жерінен, Бурли, Байчеркеш ауылдарының қасынан, Шалқар көлінің жағасынан, Нұра өзенінің оң жағасынан, Сарысу өзенінің сол жағасынан ұзындығы 3,5 км-ге созылған, ені 3-4 м, тереңдігі 2 м су жүйесі осы өзеннің жоғарғы ағысынан Жаңа-Арка станциясына жақын жерден, Іле өзенінің жағаларынан және т.б. аймақтардан ертедегі қолдан суару арқылы егіншіліктің болғаны туралы мағлұматтар да жиналған. Су жүйелерінің табылған жерлері бұрын-соңды отырықшылықтың болғанын көрсетеді. Бұл жерді мекендеушілер тек жаңбырдың суымен егіншілік етумен шектелмей, кейбір өзендердің бойларында қолдан суғару арқылы егін еккен. Қазақстанның оңтүстігінде суармалы егіншіліктің, ертеден басталғанын археологтар дәлелдеді². Оған қазір ешкім күмән келтірмейді. Сөйтіп, қола дәуірінде Қазақстанның ертедегі тұрғындары жергілікті табиғатқа икемделіп, егістікпен шұғылданғанын байқаймыз.

Осы келтірілген деректерге қарасақ, адамдар ерте замандардан-ақ баспана салуды, егін егуді білген. Сөйтіп, отырықшы мәдениеттің іргетасы алғашқы қоғам кезінде-ақ қаланған. Сол кездің өзінде өздерін қоршаған табиғи-географиялық жағдайға икемдеп, көп салалы шаруашылыққа негіз салған: отырықшылық, жартылай отырықшылық және көшпелілік пайда болған. Оларға қосымша, қосалқы шаруашылықтар келіп шыққан: балықшылық, аңшылық, қолөнер кәсібі және т.б.

¹ Сонда. 164-б.

² Сонда. 65, 89, 151, 154, 197-б.

Жоғарыдағы келтірілген алғашқы қоғамда пайда болған қоныстар антикалық және орта ғасырда кең өріс алып, олар белгілі қалалар, бекіністер дәрежесіне жеткен. Әсіресе, ертеден отырықшылықтың мекені болған Қазақстанның оңтүстігінде, Ұлы Жібек жолының бойында, оның көп тармақтарында қалалар ертеден салынған. Осындай ертедегі отырықшылық мекені - Сырдария өңірі. Бұл аймақты Хорезм археологиялық экспедициясы зерттеп, алуан санды отырықшы мәдениеттің орталығы болған қалаларды ашты. Ол қалалар өздерінің өмірін антикалық заманнан бастаған. Сырдарияның төменгі ағысынан сол дәуірдің бекіністері, қалалары ашылды: Шағырлы-1,2 бекінісі, Бабиш-мулла, Чирик-Рабат, Инкаркала, Ақтөбе қалалары және т.б.¹

Оңтүстік Қазақстан және Жетісу өңірлерінен көптеген ортағасырлық бекіністер мен қалалар ашылып, «Қазақстан тарихының» I-томының мұқабасына берілген «Ұлы Жібек жолының картасында» сол қоныстар берілген². Қайталап жатпай-ақ, оларды түріктердің салған қалалары екенін дәлелдейтін деректерді келтірейік. Бұл жерде бір еске алатын нәрсе, қоныстардың пайда болған кезеңдері. «Қазақстанның археологиялық картасына» көз жіберсеңіз, Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу өңірлерінің ортағасырлық қалалары антикалық дәуірдің соңғы кезеңінен бастап, ертедегі орта ғасырды толығымен өз ішіне алады. Біздіңше, ол қалалардың ішінде антикалық дәуірдің бел ортасында іргесі қаланған қоныстар да болған. Өйткені біздің жыл санауымыздың басынан пайда болған қалалар деп сол ескерткіштердің үстіңгі қабатынан табылған деректерге қарап, сол қалалардың жасын шамамен белгілеген болуы керек. Себебі, Қазақстанда ортағасырлық ескерткіштер XX ғасырдың 40-50 жылдары ішінде оңтүстікте кең көлемде зерттеле бастады.

«Жаңа археологиялық материалдардың (деректердің - У.Ш.) жинақталуы, бұрын белгісіз болып келген қала жұрттарының ашылуы тарихи картаға алдыңғы ортағасырлық қалаларды, қоныстар мен басқа да елді мекендерді неғұрлым толық

орналастыруға мүмкіндік берді... Оңтүстік Қазақстандағы орта ғасырлардағы барлық қалалар саны 37 болды»¹, деген пікір «Қазақстан тарихының» I-томында жазылған. Бұл үзіндіде келтірілген 37 қала Қазақстанның оңтүстігінде болды деп айту шындыққа келіңкіремейді. Сырдарияның орта, төменгі ағыстарында Қаратау өңіріндегі Талас, Шу өзендерінің алқаптарында қалалардың саны одан көп болған. IX-X ғғ. Ұлы Жібек жолымен келген арабтың ғұламалары, соның ішінде Әл-Мақдиси Қазақстанның оңтүстігінде қалалардың көп екенін, оларды аралағанын айтқан². Кейінгі кездегі Қазақстандағы орта ғасыр мәдениетін зерттеу онша көп уақытты алмаса да, археологтарымыздың бірқанша табысқа қол жеткізгенін байқауға болады. Дегенмен, еліміздің оңтүстігіндегі орта ғасыр қалаларының саны анағұрлым көп болуы керек. Өйткені жыл сайын археологтарымыз осы аймақтан бұрын есепке алынбаған қалалардың орындарын тауып жатыр. Бұл өлкені ертеден түріктер тұрақты қонысына айналдырып, олар бекіністерді, қалаларды кең көлемде салып, оларды отырықшы мәдениеттің орталығына айналдырған. Ертедегі, орта ғасырдағы түріктің ғұламалары да, өз халқының басым көпшілігі отырықшы болғанын дәлелдейтін әдеби мұралар қалдырған. Олардың бірі Махмұд Қашқари (XI ғ.) өзінің «Түрік сөздігі» еңбегінде: «...Олардың (түріктердің - У.Ш.) шаһарлары мен сахарасын бастан-аяқ аралап шықтым»³, - десе, Жүсіп Баласағұни (XI ғ.) қалалардың көп болғанын жазған.

Орта ғасырдағы түріктің данышпан ойшылдары түрік халқын жалпы көшпелі деген. Керісінше олардың ертеден отырықшы болып, қала мәдениетін дамытқанын басып айтқан. Бұл пікірді осы күнгі Түркияның ғалымдары да мойындайды: «XI ғасырдағы түрік қауымдарының өмір сүру ерекшеліктері туралы Махмұд Қашғаридің берген мағлұматтары, соның ішінде аталған уақытта түріктердің басым көпшілігінің отырықшылыққа ауысқандығы жайында айтуы шындығында да өте маңызды. Шындығында да, оның еңбегінде Жоғарғы Нарым,

¹ Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. - М., 1964.

² Қазақстан тарихы. 1-т. - Алматы, 1996.

¹ Сонда. 352-б.

² Шалекенов У.Х. Құм басқан қала. - Алматы, 1992. - 44-48 бб.

³ Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-т. - Алматы, 1997. - 31-б.

Іле және Орта Сырдария арасындағы аймаққа орналасқан 40-тан астам үлкен түрік қалалары мен қалашықтарының, ауылдарының аттары жазылып, ол өмір сүрген уақытта түріктерде отырықшылықтың кең етек алғандығы жайында жақсы әңгіме болады»¹.

Келтірілген түркиялық қандасымыздың пікірі жалпы шындыққа жатады. М. Қашқари және Ж. Баласағұнилер түріктердің көпшілігінің отырықшы болғанын баяндаған. Бірақ түрік ғалымының пікірлерінің кейбір жерлерін анықтауға тура келеді. Біздіңше, түріктердің отырықшы болғаны антикалық заманнан басталса керек. Сол кездегі салынған қалалар мен ауылдардың көпшілігі бұл түрік ғұламаларының кезінде жермен-жексен болып, олар тарихи ескерткішке айналған. Оған қосымша, жоғарыдағы айтылған аймақта 40-тан астам қалалар мен ауылдар болды деген пікірге қосылуға болмайды. Өйткені Сырдариядан Шығыс Түркістанға дейінгі болған түрік қалаларын, ауылдарын санап шығу қиын шығар. Олардың ішінде дүниеге әйгілі үлкен қалалар да көп болған.

Түріктер Орталық Азияда, соның ішінде Әмудария мен Сырдарияның алқаптарына антикалық дәуірден қалалар, бекіністер, ауылдық мекендер салғанын тарих босқа шығармайды. Бұл екі үлкен дарияға алғашқы ат қойған түріктер болатын. «В рукописях «Худуд ал-Алем» и «Сафарнамаи Насири Хисрау» также имеются интересные топонимические сведения. В частности, в «Худуде впервые упоминается, а Бируни впоследствии подтверждает, что Сырдарья называлась - Хасарт. Следовательно, упоминаемое в древнегреческих источниках классическое название Сырдарьи Яксарт не греческое, а исконно местное, переделанное греками. Это же относится к Амударье - Оксусу, местное название которой было Окуз, что по-древнетюркски означает вода, река»².

Бұл келтірілген топонимикалық пікірден көп нәрсені байқауға болады. Әлем тарихынан орын алған Орталық

Азиядағы Қос өзен деп аталатын Әмудария мен Сырдарияның алғашқы атамаларын ұмытып, оларға гректердің қойған бұрмалау атымен дүниеге белгілі болған. Оларға түріктердің қойған төл атын бізге дейінгі ұрпақтар естен шығарған. Бұндай топонимикалық өзгерістер тарихта жиі кездеседі. Оны Абу Рейхан Бируни өзінің «Индиш» деген еңбегінде көрсеткен¹. Егер де сырттан басқа тілде сөйлейтін халықтар келсе, олар жергілікті жер атамаларына өзгерістер кіргізіп, оларды өздерінше бұрмалап өзгертуге тырысады. Уақыттың өтуімен топонимикалық терминдер алғашқы мағынасын жойып кетуі мүмкін. Бұндай жағдайлардан қазақ жер атамалары сырт қалған жоқ. Әсіресе, жоңғарлардың, Ресейдің қазақ жерін отарлап, топонимикаларды трансформациялады. Бұл мәселе Кеңес үкіметі кезінде тамырын тереңге жіберді. Енді егемендік алғаннан кейін, сол қателерді түзетуге кіріскенімен, сан алуан жер атамалары бұрынғы қалпында айтыла алмай келеді.

Ертедегі және орта ғасырдағы қалалар мен қонысты мекендер Қазақстанның оңтүстігінде, Сырдарияның (Хасарт) орта, төменгі ағыстарында Талас, Шу және Жетісу өңірлеріне шоғырланған. Олардың үлкендері Ұлы Жібек жолының, оның тармақтарының бойларынан байқалады. Бұл өлкелер ертеден түріктердің қалың жайлаған отырықшы мәдениетінің ұясы сияқты. Әмудария мен Сырдарияның бойын ертеден ірі отырықшы мәдениеттің негізін салған әлемге белгілі қанлылар жайлаған. Осы қанлылардың тікелей ұрпағы оғыздар екенін М. Қашқари айтады: «Өкүз: Жайхун мен Фират (Ефрат) секілді үлкен дарияларға берілген ат. Бұл сөз жалғыз қолданылғанда оғыздарша *Benigit*: Бенегіт – Бенегит» дариясы деген ұғымды білдіреді. Олардың шаһарлары сол өзеннің жағалауларына орналасқан; олар, көшпелілер де сол дария жағалауларында тіршілік етеді. Түрік өлкелерінің басқа бірталай өзендері мен өлкелері де «*Окуз*, *Окуз*»: деп сол атты алған, солай аталады»². Оғыз түріктері ертедегі Қос өзен (Әмудария, Сырдария) бойларында отырықшы мәдениеттің негізін салған Қанлы тайпасының ұрпақтары болып, олардың мекендері ірі өзендер

¹ Решат Тенч. Түрік мәдениеті мен өркениетінің ортақ құндылықтары туралы кейбір ойлар //Хабаршы. Тарих сериясы. ҚазМУ, - Алматы: - 1998. № 9. 9-10 бб.

² Хасанов Х. Бируни и топонимика //Бируни и гуманитарные науки. - Ташкент, 1972. - 160-б.

¹ Бируни Абу Рейхан. Избранные произведения. Т. II. - Ташкент, 1963. - 271-б.

² Қашқари М. Түрік сөздігі. I-т. - Алматы, 1997. - 87-88 бб.

(Оқуз) болған соң, өзен атын қабылдап, өздерін оғыз деп кетулері де мүмкін. Оғыздардың қалың көпшілігі Орталық Азияның оңтүстігінде шоғырланған. Олар ертеден қалалар және қонысты мекендер орнатқан. Қазіргі Қазақстанның оңтүстік жеріндегі қалалардың көпшілігін осы оғыздар салдырғанын М. Қашқари айтады: «Сұгнак: оғыз қалаларының бірі... Қарнак. Оғыз қалаларының бірі – Қарнак: (Қарынды)..., Қарашұқ - Фараб қаласының атауы. Бұл оғыздар шаһарларының бірінің атауы... Сауран - оғыз қалаларының бірі...»¹. М. Қашқаридің айтқанын негізге алсақ, оғыздар Әмудария мен Сырдария өңірлерін кең мекендеген түрік тайпаларының бірі екені байқалады. «Оғыз - Түрік тайпаларының бірі. Оғыздар - түрікмендер. Олар жиырма екі ұрық; әрбірінің айырым-белгілері мен малға басатын таңбалары бар. Руларды, бір-бірлерінің малын сол таңбаларға қарап таниды... Бұл ұлыстардың тегін білуге адамдардың ынта-ықтияры болғандығы үшін, мен оларды бір-бірлеп жазып шықтым. Бұл таңбалар ат, мүлік пен малдарының белгілері. Малдары араласып кетсе, әр тайпа өз малын сол таңбалардан айырып алады.

Бұлар негізгі тайпалар. Олардың әрқайсысының аймақтары бар. Қысқарту үшін оларды жазбадым. Бұл есімдер сол тайпалардың ең ежелгі ата-бабаларының аттары. Арабтарда Бану Сәлім, яғни Сәлім әулеттері, Бану Хафажа, яғни Хафажа әулеттері деп қалыптастырғандай, бұлар ежелгі ата-бабаларына қарап сондай үлгімен жалғастырады»².

М. Қашқаридің берген мағлұматына қарағанда, ол оғыз тайпалары туралы бай деректерді жинағанын байқаймыз. Олардың көлемі көп болғандықтан, ғұлама өзінің еңбегіне қысқартып бергенін айтады. Өттең, соның жинаған деректері табыла қойса, онда түрік тарихына керекті негізгі мағлұматтарды алуға болар еді. Сондай-ақ, оғыз тайпалары түріктердің негізгі тайпалары екенін ашық айтқан. Олар араб халықтары сияқты ежелгі бабаларының аттарын ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келгенін ғұлама баяндайды. Міне, осындай көп халық Орталық Азияда

¹ Сонда. 531, 533, 546-б.

² Сонда. 85-87 бб.

отырықшы мәдениетті дамытып, қалалар, ауылды мекендер салған. Олардың басым көпшілігі Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан.

Осы қалалардың, қонысты мекендердің үстімен арабтардың, парсылардың, Үндістанның, Шығыс пен Батыстың саяхатшылары мен ғалымдары, саудагерлері жүріп, түріктердің тарихы мен тұрмыстары, шаруашылықтары, әдет-ғұрыптары, салт-саналары жөнінде құнды деректер жазып қалдырған. Олардың еңбектерінде түріктердің барлығы көшпелі өмір сүретінін жазбаған, керісінше, олардың шаруашылығы көп салалы болып, тұрғындардың басым көпшілігі отырықшылық өмір сүріп жатқанын баяндаған деректер баршылық.

Ұлы Жібек жолының бойындағы Қазақстан жеріндегі орта ғасыр қалаларына қасқаша тоқталайық.

7. 2. Исбиджаб (Сайрам)

IX ғасырдың бірінші жартысында араб географиятанушысы әл-Истахри «Китаб массалик әл-Мамалик» деген еңбегінде Исбиджабтың (Сайрам) үлкен шаһар екеніне тоқтала келіп, оның рабады бау-бақшаға бөленгенін, суы мол, үйлері қышкірпіштен соғылғанын, базарында адамдардың өте көп, әр түрлі жемістерге бай, оның төңіректерінде елді мекендердің көп екенін баяндаған. Мауереннахрдағы қалалардың барлығы, тек Исбиджабтан басқалары салық төлейді. Автор бұл маңдағы қалаларды аралап, олардың арасы неше күндік жол екенін де көрсеткен¹.

Исбиджаб Ұлы Жібек жолындағы ең үлкен қалалардың бірі екенін әл-Истахридан басқа да араб-парсы тілдес ғалымдар да жазып кеткен. Ибн-Хауқали өзінің «Китаб әл-массалик әл-мамалик» деген еңбегінде Исбиджаб үш бөліктен: цитадель (орталығы), мекке (шахристан) және рабадан (қаланың тұрғындарының орналасқан жері) тұратынын жазады. Цитадель қираған, мекке мен рабадан қала тұрғындары өте жиі орналасқан. Қала түгел пахсадан (балшықтан) соғылған

¹ Волин С. Сведения арабских источников IX-XVI вв. О долине реки Талас и смежных районах. ТИИАЭ. Т. VIII. - Алма-Ата, 1960. - 78-б.

қорғанмен қоршалған, оның іші бау-бақшаға толған. Мединаның төрт қақпасы бар: Нуджакеңт, Фархана, Савакрасы және Бұқара. Оның базары, мешіттері болған. Қаланы басқарушының үйі де осы Мединеде және рабадта орналасқан. Испиджаб адамдарға толы үлкен шаһар. Барлық Хорасан мен Мауераннахрда салық төлеуден азат етілген бірде-бір қала - Испиджаб¹.

Арабтың ұлы географ ғалымы әл-Мақдиси 985 жылдардың шамасында «Ахсан ат-такасим фи-Марифат ал-Акалим» кітабын жазған. Бұл еңбекте Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігіндегі бірнеше қалаларда болған ғалым олардың тарихы жөнінде құнды деректер қалдырған. Соның ішінде Испиджабқа да арнайы тоқталған. Жоғарыдағы бұл қала жөніндегі ғалымдардың айтқанын қайталап қоймай, оларды толықтырады. Қаланың рабады 4-ке бөлінетінін жазған: Осы рабадтарда қаланың молалары, базарлары орналасқан. Базаршының айлық табысы - 7000 дирхем. Тұрғындардың айтуынша, қалада 1700 рабад бар дегенді айтады. Бұл жерде егіні шықпайтын жылдар болмайды. Ағаштардың жемістері өте үлкен².

1179 жылы туған Якута әл-Хамави Сириядан шығып, бірнеше мұсылман елдеріне сапарға шығып, соның ішінде Орталық Азияға келген. Ол өзінің «Муджам әл-Булдан» деген еңбегінде Испиджаб жөнінде толығырақ мағлұмат береді. Жоғарыдағы автордың Испиджаб жөнінде айтқанын толықтырсақ, ол үлкен қала, оның төңірегінде қалашықтар, ауылдар өте көп. Испиджаб бесінші климатта 98° 10' бойлықта, 39° 50' ендікте жатыр. Ол алланың құрметіне бөленген, бау-бақшаның ішінде орналасқан, тұщы ағын суға мол жаннат қала сияқты. Оның төңірегінде Тараз (Талас), Сауран, Саникет (Иль-Арслан), Фараб (Отырар) және т.б. шаһарлар бар. Мауераннахрдың жерін Хорезмшах Мухаммед ибн Теккеш және оның әулеттері басып алып, қалаларын ойрандап, жергілікті тұрғындарды азапқа салып, қараханидтердің үстемдігін құлатқан. Оның үстіне 1219-1220 жылдары Оңтүстік Қазақстанның қалалары, ауылдары және қыстақтары моңғолдардың шабуылына ұшырап, соның ішінде Испиджабта бүлінгенін әл-Хамави көрген. Бұл саяхатшыдан кейін Испиджабқа талай келген ғалымдар осы қала

¹ Сонда. 78-б.

² Сонда. 79-б.

жөнінде бәрі де азды-көпті деректер қалдырған: Ибн әл-Асири, Абул-Феда және т.б.

XVIII-XX ғғ. Еуропа және орыс ғалымдарының еңбектерінде Испиджаб туралы мәліметтер кездеседі. Бірақ олардың мәліметтері үстіртін. Әсіресе, 1865 жылы Түркістан генерал-губернаторы ұйымдасқаннан кейін, орыс ғалымдары және басқару орындарының қызметкерлері Испиджабқа (Сайрамға) келіп, қаланың орнын қарап, өздерінің пікірлерін жазумен шектелген. Олардың ішінде әйгілі шығыстанушы ғұлама В.В. Бартольд өзінің «Энциклопедия ислама»² атты еңбегінде Орталық Азияның оңтүстік-батысындағы қалаларды жеке-жеке жазған. Олардың жалпы саны жүздем асады. Бірақ бұл жерде Испиджабқа тоқталмаған. Бұл ғұламаның пікірі бойынша Орталық Азия қалаларын соғдылар (ирандықтар) салған деген теріс ой үстемдік етеді. Себебі, түріктер көшпелі болған соң, тұрақты мекендер мен қалаларды сала алмайды деп ойлаған болса керек. Бұндай пікір ғылыммен үндеспейді. Антикалық заманнан бері түріктердің қалаларды, бекіністерді салғанына жоғарыда тоқталып өткенбіз.

Кеңес үкіметі жылдарында ғалымдар талай рет Испиджабқа келіп, қаланың орнын қарап, өздерінің пікірін білдірген. Бірақ Испиджаб археологиялық жақтан зерттелмей келген. Тек ХХІ ғасырдың ең басынан Испиджаб кең көлемде археологиялық жақтан зерттеле бастады³. Тоғыз жылдың ішінде осы ескерткіштің 9 жерінде қазба жұмыстарын жүргізіп, одан табылған байлықтар мен деректерге сүйеніп, Испиджаб қаласы антикалық дәуірде пайда болып, Ұлы Жібек жолындағы саяси, экономикалық және мәдени орталық болғанына тоқталған. Ескерткіште басталған археологиялық кешенді зерттеу жұмыстары ғылыми тұрғыдан жалғаса берсе, Сайрамның сансыз бабы қайтадан жаңғырып, оның көп томдық тарихы жазылар деген үміттеміз.

Ақиқатында да Испиджабтың тарихы шексіз, өте бай. Оның кейбір жұрнақтары бізге жеткен. «Сайрамда (Испиджаб - У.Ш.) бар сансыз бап»⁴ атты кітабының алғы сөзін жазған, ғалым, қоғам қайраткері Қ. Айтаханов Испиджабтың (Сайрамның)

¹ Сонда. 80-б.

² Бартольд В.В. Соч. Т. III. - М., 1965. - 313-371 бб.

³ Байтанасв Б. Древний и средневековый Испиджаб. /Автореф. док. дис. - Алматы, 2008.

⁴ Сайрамда бар, сансыз бап. - Алматы: Дәуір, 2000.

тарихын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазып, ондағы сақталған тарихи орындардың суреттерімен безендірген. Міне, осы еңбектің бір тарауын «Сайрамда бар сансыз бап...» деп атап, ескерткіш орындарына және оның төңірегіндегі тарихи жерлерге айрықша көңіл бөліп, қаланың өте бай тарихының куәгері ретінде берілген. Енді сол орындарға келсек: Ибраһим-ата; Қарашаш ана; Арыстан баб; Қожа Ахмет Иассауи; Махмұдхан ата; Ақата баба; Жуас баб; Сүзік-ата; Қазы Байсауи; Бәлетердан-баба; Боздақ-ата; Мірәлі-баб; Қазірет Мәлік шах; Бибіғұл ана; Құтбиддин ғұлама; Хасан Байауи; Қожа ата қажы; Сауық қожа; Лутфулла Сайрами; Сұлтан Мансұр Қамыр-ата; Жүсіп Сайрами; Дәруәш-ата; Қашқар-ата; Жәлел-ата; Ишан-ата Мешіт –Медресесі; Бекіш (Бекжан)-ата; Ахымет әл- Исфиджаби; Әбу-л-Хасан әл- Исфиджаби; Мәртөбе; Ханқорған¹.

Аттары аталған киелі орындардың арасында Исбиджабтан (Сайрамнан) шыққан тарихи тұлғалардың ескерткіштері мен солардың ұйымдастырған діни орындары туралы құнды мәліметтер берілген. Бұл қаладан шыққан ұлы діни тұлғалардың халық арасында әлі күнге дейін сақталып қалғанын көреміз. Олардың естен шығып кеткендері қанша. Осы асыл мұраларды зерттеп, олардың әрбіреуіне бірнеше кітаптарды арнауымыз қажет. Қазіргі егемендікке жеткен қазақ халқы ежелгі тарихына терең көз жіберіп, ата-бабаларының мұраларын қайта жаңғыртуға бар күшін жұмсап жатыр. Оның мысалы - «Мәдени мұра» бағдарламасы. Осы бағдарламаға негізделіп Исбиджабтың ертедегі тарихын кешенді көлемде зерттеп, оның сансыз баптарын қайта жаңғырту - күн тәртібіндегі мәселелердің бірі.

7. 3. Тараз (Талас)

Тараз (Талас) орта ғасырлардағы Қазақстан мен Орта Азиядағы үлкен қалаларды араб, парсы деректеріне сүйеніп, В.В. Бартольд жазып, оларға сипаттама берген. Ғалымның бұл еңбектері, оның шығармаларының III томына енген. Олардың бәріне тоқталып жатпай-ақ, тек Ұлы Жібек жолындағы Оңтүстік Қазақстандағы Испиджабтан кейінгі ертеден келе жатқан Тараз (Талас) қаласына ғана тоқталайық. Талас өзенінің жағасына

¹ Сонда.

орналасқан қала. Сол өзеннің атымен ежелден аталған. Кейін арабтар оның атына өзгеріс кіргізіп, Тараз деп жазып жіберген¹. Сол кездегі қаланың бұрмаланған атауы осы күнге дейін түзетілмей келе жатыр. Негізінде қалалар атауларын дұрыс атау керек болса, бұл шаһарды Тараз демей, Талас деп ежелгі атымен өзгертпей айтқанымыз дұрыс болар еді.

Талас қаласы - ертеден келе жатқан отырықшы мәдениеттің ірі орындарының бірі. Оның тіршілігі Ұлы Жібек жолымен байланыста болып, орта ғасырда біздің жеріміздегі ірі мәдени орталыққа айналған. Таласты шығыстың және батыстың ғалымдары, саяхатшылары өздерінің еңбектерінде жазып қалдырған. Солардың деректеріне сүйеніп, В.В. Бартольд Талас қаласына аздап тоқталған. Талас, Баласағұн қалаларының тұрғындары соғдылар түркілердің тілінде сөйлегендерін М. Қашқари жазған. Олай болса, Талас – ертеден келе жатқан қала болып, қарахандар династиясы дәуірінде кемеліне келген, Қазақстанның оңтүстігіндегі мәдениеттің ірі орталығы. Қытайдың саяхатшысы Сюань Цзянь 630 жылы Талас қаласында болып, әжептәуір саудагерлердің қаласы екенін айтқан. X ғасырдың бас кезінде әл-Асиридің айтуы бойынша, Талас белгілі сауданың орталығы болған. Кейбір деректерге қарағанда, моңғолдар Таласты «Янги» деп атағаны жөнінде пікірлер бар².

Талас қаласы туралы араб тілдес ғалымдар, саяхатшылар өздерінің еңбектерінде азды-көпті тоқталған. VIII-IX ғғ. жасаған әл-Хорезми Таласты өзінің картасында көрсетіп, оның саудагерлер қаласы екенін және 40° 24' ендікте, 100° 30' бойлықта орналасқанын айтқан³. IX ғ. бас кезінде туған арабтың географы Ибн-Хордабек өзінің «Китаб әл-Массалик әл-Мамалик» деген еңбегінде, Испиджаб пен Тараздың (Таластың) арасы 26 ферсах екенін баяндаған⁴. X ғ. бас кезінде арабтың географы әл-Хамдани Талас шаһарының тұрғындарынан қимақтарға баратын жолдар сұраған және осы қаладан қимақтардың патшасы орналасқан жердің атты кісіге 80 күндік жол екенін жазған⁵.

¹ Бартольд В.В. Соч. Т. III. - М., 1965. - 495-496 бб.

² Волин С. Сонда. 49-55 бб.

³ Сонда.

⁴ Сонда 73-б.

⁵ Сонда 74-б.

IX ғасырдың аяғында X ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген, Бағдад халифтарының сарай қызметкерлері Қудамы ибн Джафар географиялық еңбегінде Батыс түріктер қалаларының атын атап, олардың бір-бірінен қашықтығын жазған. Солардың ішінде Талас қаласына да тоқталған¹. Иерусалимде туған арабтың ұлы географы әл-Мақдиси: Талас (Тараз) үлкен, бекінісі бар қала. Адамдар тығыз орналасқан, бау-бақшаға толы, төрт қақпасы бар және рабадта тұрғындары көп. Медина қақпасының алдында үлкен өзен бар, оның үстінде көпір салынған, тұрғындар өзеннің екі жағына орналасқан. Орталық базарда қалалық басты мешіт салынған².

Жерлесіміз түрік ғалымы М. Қашғари өзінің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде түркілердің тарихы жөнінде аса құнды деректер қалдырған, соның ішінде түркілердің отырықшы мәдениетіне көңіл бөлген. Әсіресе, Батыс түрік қалаларын, ірі қыстақтарын жазған. «Талас қаласы Тараз деген атпен белгілі. Олар екеу: бірінші Улуғ Талас, яғни үлкен Талас, ал екіншісі исламдардың шекарасына орналасқан Куми Талас»³. Арабтың ғалымдары әл-Хамави, әл-Асири, Абу-әл-Феда, әл-Омарилар-дың кітаптарында Талас қаласы жөнінде азды-көпті деректер берілген. Солардың ішінде әл-Хамави Талас қаласы бесінші – 100° 30' бойлықта, 40° 25' ендікте орналасқанын жазған. Ол Испиджабтан қашық емес екенін айтқан. Осы сияқты ертедегі орта ғасырда Таразға келген ғалымдар, саяхатшылар өздерінің осы қала туралы көрген-білгендерін жазып кеткен. Олардың еңбектерін тілге етіп, біздің заманымыздағы зерттеушілер жазып жүр⁴.

Кеңес үкіметі жылдарында көне Тараз (Талас) қаласы аздап археологиялық тұрғыдан зерттелді. ХХІ ғасырдың басында ЮНЕСКО қарары бойынша Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойы салтанатты жағдайда өтті.

Талас қаласының құрылысы он рет өзгергені байқалды. Қазба кезінде қолға түскен деректерге қарағанда, Талас қаласының іргетасы антикалық заманда салынып, күні бүгінге дейін дәуірлеуде. Ұлы Жібек жолы бойындағы көптеген

¹ Сонда 75-б.

² Сонда 76-77 бб.

³ Сонда 81-б.

⁴ Сонда 31-б. Мырзахметұлы М., Жеменей И., Әбдуалиев А. Тараз. – Алматы, 2002.

қалалармен бірқатарда Талас та дүниеге келген. Бұл қала содан бері талай оқиғаларды басынан өткерген көне қалалардың бірі. Кейінгі кездерде Әулиеата деп аталса, Кеңес өкіметі жылдарында оған ұлы атамыз Жамбылдың есімі берілді. Енді қайтадан Тараз деген өзінің ортағасырлық атымен аталуда.

Бірақ ежелден келе жатқан Талас қаласы археологиялық тұрғыдан өте кеш зерттеле бастаған. Отарлау жылдарында патшалық Ресейдің басқарушылары және Кеңес үкіметі жылдарында жергілікті тарихи естеліктерді сақтауға көңіл бөлмеуі былай тұрсын, оларды бұзып, қиратуға жол берген. Осы кездерде көне Талас орнына қоғамдық, жеке меншік үйлерді салып, ортағасырлық қала солардың астында қалды. Тек ірі-ірі кесенелер мен мазарлар ғана сақталып қалған. Көне Тараз қазіргі Тараз шаһарының астында жатыр. Бұл қаланың ертедегі қабатын тауып, оны зерттеу археологтарға оңайға түспейді.

7. 4. Мерке, Құлан

Шу мен Талас өзендерінің арасында Мерке, Құлан қалалары орналасқан. Бірақ В.В. Бартольд өзінің «Исламның энциклопедиялары» деген мақалаларында Қазақстанның оңтүстігіндегі көптеген қалаларды жазғанда, Мерке мен Құланға тоқталмаған. Бұл қалалар Ұлы Жібек жолындағы елеулі сауда орындары болғаны жөнінде араб, парсы әдебиеттерінде азды-көпті айтылады. Ибн-Хордарбек Талас қаласынан шығысқа қарай жүргенде жолдағы кездескен қалалардың арақашықтығын жазғанда, Құлан мен Меркенің арасы 4 ферсах, екеуі де үлкен қоныс десе, Ибн-Донафариде осы қашықтықты қайталап, Меркеден Аспараға дейін 4 ферсах екенін жазған¹. Әл-Мақдиси Қазақстанның оңтүстігіндегі қалаларды атағанда Мерке мен Құланды да қалдырмаған. Құлан бекіністі қала, оның Мединасында (Шахристан) адамдардың көп жиналатын мешіті бар. Мерке болса, орташа көлемдегі бекіністі, цитаделі бар қала. Мұнда да мешіті бар, ол ертеде шіркеу болған көрінеді.

¹ Володин С. Сонда 87-б.

Бекінісі мен қаланың рабадын Әмір Амид-алдаула Фаих салдырған. Фаих саманидтер кезіндегі ірі әскери қолбасшы, 999 жылы дүние салған¹. Олай болса, X ғасырдың өзінде Мерке ірі мәдени орталықтардың бірі болған сияқты. Әл-Хамавидің, әл-Асиридін, әл-Омаридің және т.б. араб, парсы ғалымдарының еңбектерінде Құлан мен Мерке қалалары жөнінде біраз мағлұматтар бар. Қазақстандағы орта ғасырда өмір сүрген қалалардың бәріне тоқталып өту мүмкін емес. Сондықтан отырықшы мәдениеттің орталығы болған кейбір қалаларға мысал ретінде тоқталдық.

Бұл қалалардың, ауылдардың көпшілігі орта ғасырдың кейінгі кезеңінде өзара үздіксіз жүріп жатқан феодалдық алауыздықтар салдарынан қираған. Осындай соғыстар кезінде, әсіресе, Баласағұн, Талас, Испиджаб, Отырар, Сауран, Сығанақ және сол сияқты ірі мәдени орталықтар бүлінген. Қираған қалалар сол күйінде қала берген. Кішігірім қалалар, ауылдар уақыт өткен сайын тозып, қирап, жер қойнауына енген. Бұлардың бәрі біздің дәуірімізге ескінің көзіндей болып археологиялық, сәулетшілік ескерткіш ретінде жеткен. Бұларды бабаларымыздың біздерге қалдырып кеткен мұрасы деп түсінеміз. Өйткені оларда құнды ғылыми деректер сақталып қалған.

Орта Азия және Қазақстан Ресейдің қарауына көшкен кезде жергілікті ескерткіштерді сақтауға ешкім көңіл бөлмеген. Ескі қоныстардағы археологиялық ескерткіштер жергілікті тұрғындар тарихының кайнар бұлағы деген пікір патшалық Ресей әкімдерінің ойларына кіріп те шықпаған. Қамқорлықсыз ескерткіштерді саяхатшылар оңды-солды қазып, табылған бағалы заттарды Ресейге алып кетіп жатқан. Мысалы, Қ.А. Иассауидің тайқазанын алып кетіп, Эрмитажда ұзақ уақыт ұстаған. Ол қасиетті дүние еліне 1990 жылы ғана қайта оралды. Қазақ жерінен құнды археологиялық қазбалар табылса, бұл дүние Батыстан келген шығар деп жорамалдаған. Мұндай теріс пікірлер тек басқарушы адамдардың арасында ғана емес, ұлы ғұлама, белгілі шығыстанушы, академик В.В. Бартольдтың еңбегінен де кездестіруге болады. Олардың пікірі бойынша,

¹ Сонда 73-77 бб.

жергілікті тұрғындар мұндай құнды бұйымдарды шығара алмайды, олардың көпшілігі көшпелі болған деген отаршылық кемсіту саясаттың көзқарасынан келіп туған жайт. Отарлау жылдарында Қазақстандағы тарихи ескерткіштер ғылыми тұрғыдан зерттелмей қала берген.

7. 5. Отырар

Отырар – ертедегі орта ғасырдағы Сырдарияның орта алқабындағы түріктердің ірі қалаларының бірі. Ертеде ол бірнеше атпен аталған: Тұрарбанд, Тұрар, Тарбанд, Фараб. М. Қашғаридің «Түрік сөздігінде» Қарашұқ - Фараб қаласының атауы. Бұл оғыздар шаһарларының бірінің атауы¹ делінген. Отырарда араб, парсы ғалымдары болған. Ибн Хаукал Отырар шаһарының ұзындығы мен ені бір күндік жолға жетіңкіремейді. Жері тұзды және сазды келеді. Масудидің айтуына қарағанда, әр жылы жазғытұрым Сырдария тасып, Фараб шаһарының аймақтарындағы 30 фарсахты жерлерге су жайылатынын жазған. Осындай жағдайда шаһардың ойлау жері суға толып, қатынастың барлығы су қайтқанша қайық арқылы болатынын да айтқан².

Осы мағлұматтарға қарағанда, IX ғ. Отырар қаласы Сырдарияның орта ағысындағы ірі отырықшы мәдениеттің орталығы болған оғыз түріктерінің шаһары болған. Ибн Хаукалдың жазғанына қарағанда, оның көлемі де үлкен болған. «X ғ. географиялық жазбаларда Кердер деген орталық қаласы бар Фараб аймағы аталады. Ал Фараб Кердерден көне қала екені, ол Макдисидің (X ғ. соңы) еңбегінде жазылған. Оның айтуынша, бас қаласы аймақ есімімен Фараб аталған³. Сырдария мен Отырардың арасы – 2 фарсах (12 км). Сырдарияның батыс жағалауындағы Кердерден 2 фарсах төмен Весидж қонысы бар. Онда философ Әбу Насыр әл-Фараби туған. Макдисидің айтуынша, бұл аймақтағы ең үлкен басты шаһар Фараб екенін нақты айтқан. Шаһарда 70 000 ер тұрады, жұма намазын оқитын мешіт, қаланың орталығы және базар орналасқан. Шаһар бекінісінің ішінде де және рабадта да

¹ Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-т. - Алматы, 1997. – 546-б.

² Бартольд В.В. Фараб. Соч. Т.III. - М., 1965. – 525-б.

³ ҚСЭ. 8-т. – Алматы, 1976. – 62- б.

дүкендер бар. Весидж онша үлкен емес бекіністі қала. Ол «күшті әмірдің» қаласы. Оның ішінде жұма намазын оқитын мешіт және базар орналасқан. Кердері шаһарының негізін салушы соғыс құмар тұрғындар болғаны да баяндайды¹.

Отырардың бұдан былайғы тарихының бір бөлімі моңғолдардың шабуылымен байланысты. 1219 жылы Шыңғысханның 200 мың әскері күзде Отырарға келіп, оны қоршауға алды. Бұл оқиға Жувейнидің «Әлемді жаулап алушының тарихы» атты кітабында толық суреттелген. Отырардың тұрғындары жаулаушылармен алты айдай күресіп, ақыры моңғолдар иеленген. Бұл уақиғаға байланысты шыққан еңбектер баршылық. Кейіннен Отырар шаһары қайтадан жанданып, бұрынғы өзінің тұтқан орнына келіп, Сырдария өңіріндегі оғыздардың ірі қаласы болып қала берген. «Жошы Ұлысы құлағаннан кейін Отырар Темір мемлекетінің құрамына кіреді. Темір мұнда бірнеше рет болып, Шығыс жорығына дайындығы қызған кезде (1405) осында қайтыс болады. Темір мирасқорлары мен Шайбани әулетінің қазақ хандарымен күресі барысында Отырар тағдыры тағы да сынға түсті. XVI ғасырдың II жартысынан қала қазақтардың билігіне біржолата көшіп, шамамен XVIII ғасырдың басына дейін өмір сүрген»².

1969 жылдан бастап, Қазақстан Ғылым академиясының Оңтүстік археологиялық экспедициясы Отырар шаһарын отыз жылға жақын қазып, оның ғасырлар бойы сақталып жатқан сырын ашты. Отырар - көп қабатты археологиялық ескерткіш. Оны зерттеудің нәтижелері көптеген кітаптарда, мақалаларда баяндалған³.

Бұл шаһарда археологиялық зерттеулер жалғасын табуда. Соңғы жылдарда «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша ашылған орындарды сақтап, оларды туристік көрмеге айналдыру үшін К.М. Байпақовтың басшылық етуімен қыруар жұмыс атқарылуда.

¹ Бартольд В.В. Сонда.

² ҚСЭ. 8-т. 21-б.

³ Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отырар. - Алматы, 1972; Отырар в XIII - XV веках. - Алматы, 1987; Байпаков К.М. Қазақстандағы ежелгі және ортағасыр қалалары. - Алматы, 2005; Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана. - Алматы, 2006; Шежірелі Отырар. - Алматы, 2005; Қожа Мұхтар. Отырар. - Тұран баспасы. 2006.

7. 6. Түркістан

Түркістан (Түрік елі) – ертедегі орта ғасырдағы Сырдарияның шығысына орналасқан түрік қалаларының бірі. Тарихта осы атпен белгілі болғанмен, бұл шаһардың тарихы әлі күнге дейін жақсы зерттелмей келе жатыр. Солай болса да, кейбір мағлұматтарға сүйеніп, оның тарихын болжау мүмкін. «VI-VIII ғасырлардағы армян және парсы деректері мен Табарі еңбектерінде Түркістан Әмудариядан солтүстікке, Каспий теңізі мен Оралдан, Алтай мен Қытайға дейінгі аралықты алып жатқандығы айтылады»¹. В.В. Бартольд өзінің осы Түркістан деген мақаласында, бұл қаланың пайда болуын түріктердің Шығыстан-Батысқа қарай қоныс аударған б.з. V ғасырларда шыққан деген қисынсыз пікір айтып, Әмудария мен Сырдарияның бойларындағы соғдылардың (ирандықтардың) жерімен шекаралас жерде осы қала пайда болған деген «ирандық» пікірінде қарайды. Ғұламаның бұл болжауын құптау қиын, өйткені аттары аталған Қос өзендер ежелден түріктердікі екеніне күмән келтіруге болмайды. Бұл ғұлама Түркістан қаласының кеш шығуы туралы айтарлықтай шешуші мәліметтердің жоқтығын байқатады.

Ертедегі орта ғасырдағы араб, парсы ғұламаларының еңбектерінде Түркістан қаласының орнында Шағбар қонысының болғаны айтылады. X ғасырдың бірінші жартысында жасалған араб географы Ал-Истахри: «Кедера мекенінен Шавагарға дейін (Шағбарға – У.Ш.) бір күндік жер, Шавгардан Сауранға дейін жеңіл жүріспен жарты күндік жол», - делінген. Егер де осы күнгі Түркістан қаласы бұрын Шағбар болса, екі ортасы - 28-30 шақырым. Арабтың осы кездегі ғалымы әл-Макдиси Испиджаб аймағындағы көп қалалардың орнына тоқталып, олардың арасында Шағбар мен Түркістанға тоқталып; «Шағбар үлкен қала, айналасы биік дуалдармен қоршалған. Базардың ішінде мешіт орналасқан. Ол үлкен жолдан шеткері орналасқан қала», - деп жазған. Осы келтірілген жазба деректерге қарағанда, Түркістан шаһарының негізі көне заманда салынғанға ұқсайды. Оны археологтар қазба жұмыстары бойынша шешулері тиіс.

¹ Бартольд В.В. Т.ІІІ. 518-б.

Түркістан қаласы саяси, экономикалық және мәдени орталықтардың бірі болған. Ол Еділ мен Жайық (Орал) жақтан келіп, Испиджабтың үстінен өтетін Ұлы Жібек жолына қосылатын байланыс орны болған. Оның үстіне Қожа Ахмет Иассауидің атымен әлемге белгілі тарихи орын.

Қожа Ахмет Иассауи Исбиджаб (осы күні Сайрам) шаһарында суфийлардың отбасында дүниеге келген. Ол Арслан баб шейхтарынан 16 жыл тәрбие алған соң, 27 жасында сол кездегі ірі ислам дінінің орталығы болған Бұхара медресесінде оқуын жалғастырған, мұсылман әлеміндегі белгілі суфий-шейх Абу Иакуб Жүсіп Хамаданидан дәріс алған 30 жасында ол ұстазының үшінші калифі (орынбасары) атына ие болған. Осы ұстазының тапсырмасы бойынша Түркістандағы Ясы қаласына келіп, қалың түріктердің арасында саналық мектебін ашқан. Өзінің білімгерлігі бойынша оның даңқы бүкіл Түркістанға, Солтүстік Хорланға, Еділ бойларына, Әзірбайжан мен Анатолияға кең тараған және сол жерден Қ.А. Иассауидің жолын ұстаушы шәкірттері көп шыққан. Бұл бабамыз дүние салған соң, оның жерленген Ясы қаласындағы қабірі шипалы орынға айналып, оның аруағына, рухына шәкірттері және ислам дінін дәріптеушілер келіп зиярат етеді.

1166 жылы ол дүние салған XIV ғасырдың түріктерден шыққан тарихи тұлға Әмір Темір көреген Қожа Ахмет Иассауи қабірінің үстіне кесене салуды бұйырған. Сол кездегі белгілі шебер ұсталар мен құрылысшыларды жинап, осы күнгі Әлемге белгілі, сұлу, мықты кесене (мавзолей) салдырған. Құрылыс біткеннен кейін оған өзі келіп ашып, арнайы «Қолхат» (грамота) Қожа Ахмет Иассауи қорын ұйымдастырған. Осы «Қолхатта» әулие жерді қалай сақтауды, оны ірі діни орынға айналдыруды және т.б. сол сияқты қамқорлықтың бәрін жазып кеткен. Сол өсиет әлі күнге дейін жоғарғы денгейде іске асуда. Қожа Ахмет Иассауи кесенесі елімізде ислам дінінің таралуына, жас ұрпақтарды діни жолмен тәрбиелеуде Түркістан шаһарындағы бабамыздың орны үлкен рухани жұмыс атқарды. Оған шартараптан адамдар үздіксіз келіп жатады. Түркістан қазірдің өзінде Егеменді еліміздегі ірі діни орталықтың бірі¹.

¹ Шәлекенов У.Х. Мемориальный комплекс Кожы Ахмета Ясави – духовный центр тюркского мира//ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы. - №12. - 1999.

XX ғасырда Түркістан шаһарындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесінің төңірегінде археологиялық қазба жұмыстары жүргізіле бастады. Соның бір бөлігі «Күлтөбе» атты жерде археологиялық зерттеу жүргізілді, оның ең төменгі қабаттарынан антикалық дәуірдің жәдігерлері шықты. Соған қарағанда, Түркістан қаласының ежелгі орнында қоныстардың болғаны байқалады. Археологиялық және кейбір жазба деректерге қарағанда, Түркістан антикалық дәуірдің көп қалаларының бірі болған.

XXI ғасырдың басында ЮНЕСКО Түркістан шаһарының 1500 жылдығын атап өтті. Біздіңше бұл қаланың жасы 2000 жылдан астам, ол Испиджаб, Самарқан және сол сияқты антикалық қалалардың қатарында болуы керек.

7.7. Жент (Дженд)

Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы Қызылорданың батыс және батыс-оңтүстігінде, 115 км Жаңадарияның бойында орналасқан Жент қаласын зерттеп, оны XII-XIII ғасырларға жатқызған¹. Осы дерекке қарағанда, Түркістан деп аталатын шаһар Жент қаласынан бұрын аталып, оның қарауына кірген болуы керек. Бартольдтың пікірі бойынша, XIV ғ. керек десең одан да бұрын XII ғ. бұл шаһар Ясы деген атпен белгілі². Оның шығуы Қожа Ахмет Иассауимен байланысты аталған³.

7.8. Сауран

Сауран шаһары Түркістан қаласының солтүстігінде 35 км жерде орналасқан. Оның көлемі оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай 800 м, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 550 м жерді алып жатыр. Оның сақталған қабырғаларының биіктігі – 6 м. 1867 ж. П.И. Лерх, 1947 ж. А.Н. Бернштамдар осы қалаға келіп, оның бетіндегі көрініп жатқан

¹ Археологическая карта Казахстана. - Алматы, 1960. - 225-б.

² Бартольд В.В. Т.П.Сонда. - 520-б.

³ Шәлекенов У.Х. Қожа Ахмет Ясави. - Сонда. - 53-57 бб.

заттардың қалдықтарын жинап, соған негізделіп Сауран шаһары IX-XVII ғғ. өмір сүрген деген тұжырым жасаған¹.

Бұндай шаһарлар Оңтүстік Қазақстанда өте жиі-жиі орналасқан. Олардан Сығанақ, Урдакент (Ордакент), Құмқала II (XII-XIII ғғ.), Құмқала I, Тастөбе (б.э.д. III-I ғғ.), Ақтөбе (б.э.д. VI-I ғғ.), Бештам (Бестам), Ақсүмбе, Күлтөбе, Созақ (XIV-XVI ғғ.), Ишкент (XIII-XVI ғғ.), Чүйтөбе (VI-IX ғғ.), Икан (X-IX ғғ.), Яны-асар (Жаңа-асар) (VI-XII ғғ.), Шолаққорған (XIII-XV ғғ.), Күмкент, Саудақент (IX-XV ғғ.), Баба-ата (VII-XII ғғ.)¹ және т.б. Бұл қалалардың кейбіреулерінің жасаған дәуірлері белгісіз. Басқаларының ғасырлары көрсетілгенімен, дәл болмауы мүмкін. Олардың үстінен табылған деректерге қарап болжамалы көрсетілген ғасырлар. Қалалардың санын тізбектеп жаза берсе де болар еді. Бірақ бұл жерде олардың санының өте көп болуының ғылыми мәні зор. Себебі, олардың әр бірі отырықшы мәдениеттің куәгері болып саналады. Олардың орналасуына қарағанда, Қазақстанның оңтүстігін жайлаған ертедегі түріктер, кейін түріктердің қара шаңырағына айналған, жалпы Қазақстан антикалық дәуірден бастап отырықшылық мәдениеттің дамыған өлкесі болған. Осы дәуірлерде Әмудария мен Сырдарияның алқаптары ежелден отырықшы мәдениеттің ұясы болса, оның жалғасы Қазақстан болғанын ашық айту керек. Жоғарыдағы аты аталған Оңтүстік қалалары (Баба-атадан басқа) археологиялық жақтан зерттелмей келе жатыр. Сондықтан да кейбір қалалардың өмір сүрген кезеңдері белгісіз болса, жасаған дәуірлерін, көрсетілген қалалардың ғасырларын шындыққа алуға болмайды. Себебі, олар археологиялық жақтан зерттелмеген, тек олардың үстінде көрініп жатқан деректерге сүйеніп, олардың дәуірлерін болжаған. Мұндай үлкен қалалардың көпшілігі бірнеше қабаттардан тұрады да, оның дәл астында сол қаланың алғашқы өміріне тиісті деректер жатыр.

Ертедегі орта ғасырдағы түріктердің өзінің ішінен шыққан ғалымдары және шет елдерден Түркістанға (Тұранға) келген саяхатшылар мен ғалымдар жалпы түріктердің ұлан-байтақ жерлерді мекендеп, көп салалы шаруашылықпен айналысып,

¹ Сонда. 224-241 бб.

қалалар мен қоныс, мекендерінің бар екені туралы айтқандарын келтірдік.

Олай болса, Қазақстанға көшпенді деген ат қалай таңылған? Енді соған қысқаша пікірімізді білдірейік. Біріншіден, ұзаққа созылған жоңғарлар мен қазақ арасында болған соғыс. «Қазақ-ойрат қарым-қатынастары XVI ғасырдың I ширегіне дейін бейбіт қарым-қатынас сипатында болған. Дегенмен, сол ғасырдың 30-жылдарынан бастап жағдай мүлде өзгеріп, қазақ және ойрат феодалдарының арасындағы күрес екі ғасыр бойына созылған... Ал XVIII ғасырдың I жартысында жоңғар феодалдары тарапынан қазақ жерлеріне ұйымдастырылған басқыншылық жорықтар (1711-1712, 1714, 1718, 1723-1725, 1742) Қазақстан экономикасына үлкен зардабын тигізіп, қазақ қауымдарының солтүстікке және солтүстік-батысқа ығысуына әкеліп соқтырды¹.

Бұл келтірілген үзіндіде, сол кездегі қазақ-жоңғар қарым-қатынастарын барынша дұрыс сәулелендірген. Бірақ онда мынадай мәселелерді анықтауға тура келеді. Өйткені жоңғарлар Қазақстанның шығысын ежелден жайлаған көрші халық қой. Сондықтан олар Қазақстанға шығыстан келіп, сол жерді мекендеген тайпаларды солтүстікке және солтүстік-батысқа және оңтүстікке қарай жергілікті тайпаның белгілі бір бөліктері қоныс аударған. 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» көбірек ұшыраған Қазақстанның оңтүстігі болып, осы жерге Шығыстан ығыстырып келген кейбір қазақ тайпалары Сырдарияны төмендей көшіп, Мұғалжар тауына дейін барған. «...Отсюда можно сделать и другое заключение, что аргыны перед 1723 годом жили севернее других казахов - в Бетпақдала и в Улутауских горах и, вероятно, пострадали в сравнении с другими в меньшей степени»².

М. Тынышпаевтың айтуына қарағанда, барлық қазақтар бірқалып дәрежеде «Ақтабан шұбырындыға» ұшырамаған. Әсіресе, Ұлы жүздің ішінде қоныс аудару болғанмен, өзінің жайлаған аймағында қалып қойған. Бұл өңірге шығыстан ығысып келген

¹ Қозыбаев М.Қ. Қазақ тарихы. Дала өркениетінің құрамды бөлігі//Отан тарихы. - 1998. - 223-б.

² Археологическая карта Казахстана. - Алматы, 1960. - 148-149 бб.

кейбір тайпалардың бөлігі Сырдарияның төменіне қарай қарақалпақтармен (төменгі) бірге көшкен болуы керек.

Осындай аласапыран жылдарда батыстан Қазақстан жеріне Ресей патшасы келіп кіре бастаған. Енді қазақтар күш жинап, жоңғарларды қуып, олардан жерін азат етіп, босаған мекеніне қайта оралып, көшіп-қонып жүрген қазақтарды орыстар көріп, бұлардың барлығы көшпелі деп атап кеткен. Бұндай термин орыс отаршыларының жүрегіне майдай жаққан. Себебі - жаңа отарласп жатқан қазақтарды көшпелілікте ұстап, оларға мал бақтырып, жаңадан өсіп отырған Ресейдің жеңіл өндірісін шикізатпен қамтамасыз ету. Екіншіден, отырықшылыққа қолайлы жерлерге Ресейден «қарашекпенділерді» әкеліп, қазақ жерін билеп, төстеу. Міне, «көшпелі» деген термин сол кезден бастап қазаққа таңылған айдар (таңба). Көшпелілік саясаты XVIII ғасырдың 40-жылдарынан Перовскийдің Оренбург өлкесінің генерал-губернатор болғанынан бастап кең көлемде іске аса бастаған. Қазақ жерін Ресей мемлекеттік жерге айналдырып, оны өзінің білгенінше билеп-төстеп, отаршылық саясатын тұрпайы жағдайда жүргізіп жатты. Бұл мәселе жөнінде деректер жеткілікті. Тек тілге тиек ретінде мысалдар келтірейік. «Егер 1893 жылдан 1905 жылға дейін, яғни 12 жылдың ішінде қазақ халқынан 4 миллион десятинадан артығырақ жер тартып алынса, 7 жылдың ішінде, 1906 жыл мен 1912 жыл арасында 17 миллион десятинадан астам жер тартып алынды»¹.

Жоғарыдағы көрсетілген жерлер отырықшылыққа қолайлы, суы мол, тегістік өзендердің алқаптары. Бұл қазақтардың ата-бабасынан бері жайлап келген жерлері. Оларды осы мекендерінен ығыстырып шөлдік-шөлейттік жерлерге айдап салып, олардың мекендерін Ресейден келген «қарашекпенділерге» берген. Олардың ұрпақтары қазірге дейін сол кезде пайда болған орыс селоларында отыр. Қазірдің өзінде байқап сол селоларды қарасаңыз, бірде-бір орыс селолары нашар жерге орналаспаған. Осы келімсектердің мекен тепкен жері «бұрын бос жер болған» дегенге кім нанар, А. Солженицин айтқандай. Бұрынғы мекенінен айырылған жергілікті қазақтар көшпенділікке, жартылай көшпенділікке айналған.

¹ Маңғыстау. – Алматы, 1997. - 166, 190-б.

Бірақ қанша күш көрсетсе де, Ресей отаршылдары қазақтарды түгелдей көшпелі ете алмаған. Отаршылардан қысым көрген қазақтардың басым көпшілігі жартылай отырықшылық өмір сүруге көшкен. Әр тайпаның, рудың белгілі қыстауы мен жайлауы болған. Олардың аралары онша қашық болмаған. Әр жылы жайлауына барып, қыстауында қыста тіршілік еткен.

Отаршылық саясатының нәтижесінде, қазақтар емін-еркін көшіп жүретін жағдайынан айырылып, өрістері мейлінше тарылған. Патша үкіметі, оның басқару жүйелері, ғылыми мекемелері қазақтардың бәрін көшпенді халық деген айдармен атаған. Бұл айдарды Кеңес үкіметі сол күйінде қабылдап, оны барлық қазақ халқына таңып, қазақ халқы көшпелі болған деп айқайлап келе жатырмыз. Нәтижесінде, «Қазақ тарихы» - көшпелілердің тарихы болып шыға келген.

Осындай «эпсаналарға» сенген кейінгі ұрпақтар «біз көшпелі халықпыз» деп мақтанышпен айтады. Көшпеліліктен жалпы қорқуға болмайды. Бірақ көшпенді халық қазақтар сияқты өркениетті мәдениетке жете алмағанын тарих дәлелдейді. Жалпы алғанда, дүниеден таза көшпенділерді табу қиын. Түріктер сияқты, оның бір бөлігі қазақтар тамаша жерді мекен етіп, сол жерде алғашқы замандардан осы күнге дейін өмір сүріп келе жатқан қазақ халқы еш уақытта шетінен көшпенді болмаған. Олар көп салалы шаруашылықты дамытып, өркениетті мәдени дәрежеге жеткен. Оның ой-пікірі, дүниеге көзқарасы, адамгершілігі, психологиялық қабілеті дүниедегі халықтардан кем емес, кейбір салалар бойынша басым болмаса!

7.9. Алматы

Алматының тарихы өте терең әрі бай. Әсіресе, оның орналасқан жері қандай тамаша! Ол Іле Алатауының солтүстік етегінде теңіз деңгейінен 700-900 метр биікте, Үлкен және Кіші Алматы өзендерінің алқаптарында жатыр. Ертедегі түріктердің салты бойынша қала осы өзендердің атымен аталған. Оның этимологиясын алма жемісімен шатастырып жүрміз. Сондай қаланың бірі - Талас (осы күнгі Тараз) шаһары да Талас өзенінің бойында орналасқан ғой. Өмір сүруге, тіршілік етуге өте қолайлы жерлерге ертедегі түрік бабаларымыз тұрақты елді мекендер мен қалалар салып, отырықшылықтың, өркениеттің

негізін қалаған. Біздің заманымыздан бұрын VII - III ғасырларда сақ тайпалары осында қоныстанып, тұрақты баспаналар салған. Мысалы, Алматы шаһарының орналасқан аймағынан біздің археологтар қола мен темір дәуірлерінен қалған ескерткіштерді ашты. Қаланың осы күнгі «Горный гигант» деп аталатын жерінен біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда адамдардың тұрақтағаны анықталды. Қаламен шектесіп жатқан ортағасырлық Талғар қаласы, Ыссық өзенінің бойынан Сақ дәуірінің Ыссық обасы, оның қасынан сол кездегі қоныстың орны табылды¹. Демек, Алматы қаласының орналасқан жері ежелде шаһар болғаны анық және темір дәуірінде өмір сүрген бабаларымыздың заттай және рухани естеліктерінің шоғырланған жерінің бірі болған. Бұл ескерткіштердің басым көпшілігі қаланың дамуына байланысты жаңадан салынған көп қабатты өндіріс, мәдени және басқару мекемелері ғимараттарының астында қалды. Қазіргі кезде алдымызда тұрған әр ғимараттардың іргетасы астынан тонналаған алтын мен асыл тастар шығып жатса, оған еш таңғалуға болмайды.

Бір халықтың өсіп-өну, даму қарқынын айғақтайтын құндылықтарға, мәдени мұра мәселесіне мән бермей қарау Кеңес өкіметі кезінде кең өріс алды және ол ешкімді толғандырмады да. Дәл осындай ауыр жағдайды басынан өткерген қалалар бір Алматымен бітпейді. Ол Отырар, Испиджаб (Сайрам), Тараз, Мерке, Құлан және тағы басқа ортағасырлық қалалар. Осылардың арасынан бөле-жара қарайтын Алматы туралы әңгіменің жөні тіпті бөлек.

Алматы – Сақ, Үйсін дәуірлерінде іргетасы қаланып, біздің заманымыздан бұрынғы II-I ғасырларда Ұлы Жібек жолының бойындағы ірі қалалардың бірі әрі бірегейі. Өйткені ол осы сауда жолының Солтүстік желісінің үстінде орналасқан қала. Қытайдың Ланьчжоу қаласынан Ұлы Жібек жолы басталып, Шығыс Түркістандағы Дуньхуан қаласына келіп, ол Оңтүстік және Солтүстік болып екіге айырылған. Оның Солтүстік тармағы Қашқар, Жаркент қалалары арқылы Қойлық, Алматы, Қаскелең, Ұзынағаш, Қаракастек қаласы және асуы арқылы Шу,

¹ Байпаков К.М., Шарденова З.Ж. Перегудова С.Я. Раннесредневековая архитектура Семиречья и Южного Казахстана на Великом шовковом пути. - Алматы, 2001. - 31-б.

Талас өңірлеріндегі қалалардың үстімен Ташкент, Самарқанд, Бұхара шаһарлары арқылы осы күнгі Түрікменстандағы Мерв қаласына барып, Ұлы Жібек жолының екі желісі қосылып, бір тармақ болып Византияға дейін жеткен.

Ұлы Жібек жолы Алматы шаһарының да дамуына айтарлықтай әсерін тигізген. Қаланың өркендеген де және қиыншылықтарды бастан өткерген дәуірлері де болған. Шығыстан батысқа қарай жалғасқан соғыстар жол бойындағы тұрақты мекендер мен қалаларға зиянын тигізгені де сөзсіз. Соның бір көрінісі, Ресей империясы Қазақстанның Солтүстік пен Шығыс жақтарын отарлап, 1854 жылы Іле алқабындағы Алматыға да жетті. Бұл қалада «Верный» бекінісін құрды. Сол жылдары қалаға келген В.Д. Городецкийдің зерттеулері бойынша «...шағын қалашық, шахмат тақтасы тәрізді құрылған жобасында төртбұрышты қоралары болған»¹.

Орыс офицері В. Городецкий Алматыны арнайы зерттемей, тек көзге түскенін қағазға түсіріп, негізгі орталығы туралы жазған сияқты. Оның ең маңызды деп жазғаны, өзіне ерекше әсер қалдырған соң, картаға нақты түсіргені керуен сарай болса керек. Тарихи деректерге қарағанда, бұл - қалаға ат басын тіреген үлкен керуендер тоқтайтын сарай болған. Оған шартараптан саудагерлер, саяхатшылар, елшілер келіп тұрған. Қазақстанды отарластырғаннан кейін, Алматы қаласына Ресейдің белгілі шығыстанушы ғалымдары П.П. Семенов-Тянь-Шанский, Н.М. Пржевальский, Г.Н. Потанин, И.В. Мушкетов, Н.А. Северцов, А.Н. Краснов, В.В. Бартольд, т.б. жиі-жиі келіп тұрған. Орыс әскерінің қатарында қазақ халқының көрнекті ағартушысы, ғалымы Ш.Уәлиханов та Алматыға бірнеше рет ат басын тіреген. Атап айтсақ, 1856 жылы Қашқарияға жасаған саяхаты кезінде келген. Ол бұл шаһар туралы: «...Алмату (где ныне укрепление Верное) были известны по всей торговле и служили станциями на большой дороге, по которой ходили генуэзские купцы в Китай и Кипчакские послы к великому хану»².

¹ ҚСЭ. 1-т. Алматы, 1972. - 282-б.

² Валиханов Ч.Ч. Соч. Т. 1. - Алма-Ата, 1984. - 38-б.

Ш. Уәлиханов тайға таңба басқандай етіп былай деп жазған: «Орыстар келгенге дейін ұлы жолдың үстіндегі дүниеге белгілі Алматы қаласының болғаны және бұл қалаға Италияның Генуя қаласынан Қытайға бара жатқан саудагерлерді және қыпшақ елшілерін кездестірген». Мұның өзі Алматының сол кезде-ақ белгілі сауда орталықтарының бірі екенін дәлелдейді. 1855-1858 жылдары Ш. Уәлиханов Жетісу қалаларының ішіндегі Алматы, Қойлық, Алмалық қалалары мен Таңбалы тас ескерткіштерін зерттеп, суретке түсірген, біршама теңгелер тапқан¹. 1855 жылы Шоқан Уәлиханов күнделігіне жазғандай, Қоқан ханы Алматыға «40 000 әскер жіберіп, қаланың төңірегіндегі ондаған шақырым жерді қоршап алған². Ғалымның бұл жазған мағлұматтары Алматы қаласының ертеден келе жатқан Ұлы Жібек жолындағы қала екенін баяндайды, яғни оның тарихы екі мың жылдан асатынына дау жоқ.

Верный бекінісін Алматы қаласымен шатастыруға болмайды. Ресей империясы Қазақстан жерін отарластырған соң, оның жергілікті халқына «көшпелілер» деген айдар тағып, олар тұрақты мекендер мен қалаларды салмаған, тек төрт түлік малдың соңында көшіп жүрген деген сияқты жалған пікірді айтып та, жазып та жүрген. Сондықтан отырықшы мәдениетті орыстар әкелген, олар тұрақты мекен салуды үйретті деуге дейін барған, ұзақ жылдар бойы жүргізіліп келген үгіт-насихатты жоққа шығаратын уақыт келді. Міне, сондай түсініктердің ықпалы болар, кейбіреулер «Верное» орыстардың салған қаласы деп жүр. Ғылыми тұрғыдан қарағанда, мұның барлығы да шындыққа жақындамайтын пікір екенін жоғарыдағы айтылған деректер әшкерелейді.

Тарихта белгілі, Ресей империясы шығысқа қарай отаршылық жорығын бастағанда, І Петр «Қазақстан – Азияға кіруге үлкен қақпа» деп тегін айтпаған. Осы қақпаның есігін әскери шабуылмен аша алмайтынына көзі жеткен отаршылар бекіністер құрып, солар арқылы алға тасбақадай жылжи көшкен. Сөйтіп, Қазақстан шекараларын әскери бекініспен қоршаған. Отарлау саясатының бір жолы осылай болған. Бұл бекіністерге қаруланған әскерін топтатып, Қазақстанның оңтүстігін отарлауға

¹ Сонда. 69-б.

² Сонда. 2-т. - Алма-Ата, 1985. - 360-361 бб.

еркін кіріскен. Бұл жағдайды билікте жүрген кейбір азаматтар білсе де, тарихты бұрмалап, Алматыны орыстардың салған қаласы деп дәлелдемекші болды. 2004 жылы «Верное укреплениесінің» 150 жылдығы атүсті аталып өтсе де, Алматының атын «Верное» деп өзгерте алмады.

«Верное» бекінісінің өмірге қалай келгенін айттық. Жақында бір басылымнан Боралдай сақ қорғандарын және «Верный камалы» сәулеттік-туристік кешенін мұражай ретінде ашу жөніндегі тұжырымдама оқыдым. Әлбетте, сақ обаларына аса бір ықыласпен көңіл бөлу өте орынды. Ол көне мекеннің қалдығы. Бірақ елімізді отарлау үшін құрылған бекіністі қалпына келтірудің қажеті жоқ екені Алла алдында аян.

Естеріңізде болар, жасанды мерекені өткізуге қазақ жұрты қатты қарсылық білдірді. Солардың бірі - академик Әбдуәлі Қайдар «Ана тілі» газетінде Алматы төңірегінде өршіп бара жатқан оқиғаға наразылығын білдірген болатын. Сол газетте «Алматы қаласының атын өзгертуге болмайды» деген менің де мақалам жарық көрді. Нәтижеде, қала әкімінің біраз әзірліктері іске аспай, 2004 жылы «Алматы қаласының дамуы» атты жиналыстар өткерумен шектелді. Егер зиялылардың қолпаштауымен сол той өткенде не болар еді? Біріншіден, тарихымызға қиянат жасайтын едік. Екіншіден, отарлау саясатын амалсыз мойындайтын едік. Бұл келешек ұрпақтың сүйегіне таңба болар еді. Дер кезінде қимылдағанымыз абырой болды.

Барлық салада қол жеткізген жетістіктермен шектелуге болмайды. Алайда шаһардың шынайы тарихын зерттеуге құзырлы мекемелер тарапынан әлі де болса жан-жақты көңіл бөлінбей, жалпылама әңгімемен шектеліп жатқанымызды жасыруға болмас. Бұл ғалымдар тарапынан болып жатқан кемшілік. Сондықтан «Алматының іргетасы қашан қаланды» деген сұраққа әркім әрқилы жауап беруде. Мысалы, Алматыдан XII ғасырда соғылған күміс теңгені тауып алған біздің белгілі археологтарымыз, қала XII ғасырда пайда болған деген пікірден тайынар емес. Археологиялық деректерге үстірт, жеңіл қараудың бір нәтижесі осы. Алматы қаласы бұл теңге шыққанға дейін де болған ғой. Неге ол туралы мәліметтер келтірілмейді? Біздіңше, табылған теңге қаланың ертеден келе жатқанынан хабар береді. Бірақ оның жасын нақты дәлелдей алмайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, Алматының негізі антикалық дәуірде қаланған. Ол – Ұлы Жібек жолының көне замандасы.

Алматы – егеменді еліміздің ең көне қаласы. Сол себепті Алматы қаласының көп томдық тарихын кешенді іске асыру керек. Мысалы, Кеңес өкіметі кезінде Ташкент шаһарының тарихы жазылды. Міне, дәл осындай шараларды Алматы қаласының жеке тарихына да қатысты жасау қажет.

Біздіңше, ол үшін қаланың тарихын жазудың жоспарын түзіп, сол бойынша тарихтың әр дәуіріне байланысты авторлар алқасын құрып, ке-шенді зерттеу жұмысын жүргізу қажет. Тек археологиялық қазба жұмыстарының қорытындыларымен қаланың тарихын жазу мүмкін емес. Бұл тек антикалық, орта ғасыр кезеңін сәулендіруге жәрдемдеседі. Кейінгі дәуірлер архивтік деректермен жазылуы тиіс. Бұл жұмысқа әр саладағы мамандардың: тарихшылар, археологтар, этнологтар, сәулет мамандарының қатысқаны, мәдени қайраткерлерді тартқан дұрыс.

Осы ретте айта кететін жайт, қазіргі кезде Алматы екпінді дамуда. Сондықтан қалаға жаңадан қосылатын жерлердегі ескерткіштерді қорғау, сақтау мәселелерін естен шығармаған дұрыс. Ол жерлерде археологиялық жұмыстар тоқтаусыз жүргізілуі тиіс.

Қазір Алматы қаласының арнайы мұражайын құру әрекеттері басталған сияқты. Бірақ ол қала талабына сай әдемі, ұлттық қасиеттерге ие ғимарат ішінде орналасқаны жақсы болар еді.

Алматы қаласының төңірегінде тарихи ескерткіштер көп: Ыссық обасы (Алтын адамның қойылған жері), оның қасында ортағасырлық Талғар қаласы, Ыссық обасының қасындағы Сак дәуірінің қонысы. Бұл дәуірдің обалары қаз-қатарынан мен мұндалап көрініп тұр. Міне, осы жерлерді туристік орталыққа айналдыру – күн тәртібіндегі басты мәселе. «Алтын адамды» дүние жүзі біледі. Өкінішке орай, ол жерлер қайта көміліп қалған. Тарихи орынды көрем деп келген адамдар түңіліп қайтады. Осы күнге дейін бірде-бір археологиялық ескерткіш туристік көрмеге айналмады. Олар туралы газет-журнал және кітап беттерінен ғана оқи аласыз. Қазақстанда адам баласы тарихының әр дәуіріне қатысты археологиялық және сәулеттік ескерткіштер бар деп мақтанамыз. Әрине, мақтануға тұрады. Соларды дүние жүзіне қашан көрсете аламыз? Бұл шешілмеген мәселе. Жоғары-

дағы тоқталып отырған мәселелердің біразы іске асса, Алматы қаласының Ұлы тарихы бет пердесін көрсетіп қалар!

Ең бірінші рухты көтеретін ұлы оқиға Алматының бірнеше ғасырлық тарихын нақтылап, оны той ретінде атап өткен жөн. Бұл қазақ жұртының тарихын паш етіп, тамырын тереңдетер еді. Өзгелердің, тіпті әлемнің алдында тарих беттерінде өз орнымыз барын дәлелдейтін айғақ бұл. Отарлау саясатының күлін көкке ұшырып, өзімізді ер түріктің ұландары, ежелден отырықшы халық екендігімізді дәлелдейтін де осындай мәдени шара. Қаланың сәулеттік көркеюіне де мән берілуі керек.

Ол көрінген жерге ою-өрнек іліп тастау емес, көрікті жерлерге рухани құндылықтарды бейнелейтін ескерткіштер қоюдан басталғаны дұрыс. Мәселен, анау «Самалдағы» «Рамстор» дүкенінің алдына Қыз Жібек пен Төлегенге немесе Ер Тарғын, Алпамыс батыр секілді жұрттың жанына жақын кейіпкерлерге, тіпті ел қорғаған көптеген батырларға неге ескерткіш қоймасқа?! Осыған байланысты деректер көрші елдер де бар. Ол жерге қазақтың қанаты саналатын жылқыға ескерткіш қойсаңыз да жараса кетеді (арғымақ атты қытайлықтардың бізден алғаны туралы тың деректер де бар). Ұлтымыздың мәдени-рухани байлығын көрсететін осы секілді туындыларды барынша жандандырудан Алматы ұтылмайды. Бұл бүгін қолдан жасалған құндылық болса, енді бір жарты ғасырдан соң жас ұрпақ үшін ата-бабаларынан келе жатқан мұрадай көзге ыстық көрінетіні даусыз.





8-бөлім

БАЛАСАҒҰН

8. 1. Баласағұн жазба деректерде

Түріктердің Орталық Азияда тұрақты мекендері мен қалалары көп болған. Ұлы Жібек жолындағы ірі қалаларының бірі – Баласағұн. Бұл қала ортағасырлық тарихта көп жазылған. V-XII ғғ. Баласағұн Батыс Түрік қағанатындағы түргештердің (сары үйсіндердің), қарлұқтардың, қарахандардың және қарақытайлардың (қаракидандардың) астанасы, ірі саяси, экономикалық және мәдени орталығы. Осындай үлкен қала, түріктердің өзара феодалдық соғыстарының нәтижесінде XIV ғ. тарих сахнасынан түскендіктен, жылдар өте оның орны да, аты да белгісіз болып қалған. Содан бері алты ғасыр бойы шығыстанушылар Баласағұнның орнын таба алмаған. Академик В.В. Бартольд та бұл қала жөнінде пікір айтып, оны Шу бойынан іздеу керектігін айтып, Қырғызстандағы Ақбешім мен Бурана Баласағұнға тура келмейтінін тілге тиек еткен.

Баласағұн көптеген ғұлама ғалымдардың өсіп шыққан ұясы да болған. Иакут ибн Абдуллах аррумиал-Хамава (XIII ғ.): «Баласағұннан бір топ ғұламалар шыққан. Олардың ортасынан Абу Абдаллах Мухаммед ибн Мұса әл-Баласағұн шыққан. Ол кісі Ат-Түрік деген есіммен дүниеге белгілі. Ол Бағдадтағы Абу-Абдаллах ад-Дамағни кади Ханифта оқыған. Одан кейін ол Шамға (Сирияға) барып, ол жерде Байт-ал-Мукаддас кади қызметін атқарған. Одан соң ол Дамаскіде қызмет еткен».

Мырза Мұхаммед Хайдар өзінің белгілі «Тарих-и Рашиди» деген еңбегінде: «Қарақытайлар келгенге дейін Баласағұн Афрасиабтың ұрпақтарының қол астында болған. Қарақытайлық Гурхан Баласағұнды Илек ханнан тартып алған. Илек хан Афрасиабтың руынан болып, бұл қаланы өзінің астанасына айналдырған. Тоқсан бес жыл бойына Баласағұн қарақытайлардың (қаракидандардың) астанасы болған, Джейхунның төңірегіндегі және оның шығысындағы барлық елдер бұл қалаға

салықтарын (харадж) төлеп тұрған. Моңғолдар Баласағұнды Қаралиг деп атаған... Менің әкем Баласағұндағы Хафиздардан шыққан. Ол өзінің «Мулхакат-и сурах» (Дополнения к «Ясности языка») деген еңбегінде әр қалалардан шыққан ғалымдардың аттарын келтірген. Ол Самарқандтан шыққан ғалымдардың аттарын онға жеткере алмады, ал Баласағұннан шыққан көптеген ұлы адамдарды және ғалымдарды атады және олардың кейбіреулері туралы айтып берді. Осынша көп ғалымдардың бір уақытта және бір қалада болғанына адамның ақыл-ойы жетпейді. Қазір Баласағұн туралы ешнәрсе жоқ. Мен Қаралиг деп аталған қоныстар туралы ешнәрсе естімедім. «Әл-Мақдаси (X ғ.): «Баласағұн сулы және халқы көп үлкен қала» М. ибн Вали (XIV ғ.): Баласағұн қорғанының ені 2,5 гыза (біздіңше 5-6 м. - У.Ш.) болған».

Жоғарыдағы ғалымдардың еңбектеріндегі Баласағұнды жазғандарына қарағанда, ол мемлекеттердің астанасына лайықты ірі саяси, экономикалық және мәдени орталық болғанын аңғару қиын емес. Осындай ортағасырлық «Ақтөбе» деп аталатын үлкен қаланың орнын Шу өзенінің орта ағысынан Әбу Насыр әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологтары 1974 жылы тауып, осы жылы археологиялық зерттеу жұмысын студенттердің қатысуымен жүргізіп келе жатыр. Бұл қаланың орны - Жамбыл облысының Шу ауданы «Калинин» колхозы (қазіргі Баласағұн аулы). Университеттің археологтары археологиялық экспедициясы ұйымдасып, бұл қаланы зерттеп келе жатыр. Бұл жұмыстың басталғанына 35 жыл болады. Осы жылдардың ішінде Цитадельде, Шахристанда және Рабадта археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, бай деректерді қолға тигіздік. Оның нәтижелері: монографияларда, көптеген мақалаларда жарық көрді. 1983 жылы тарих факультетінде осы қаладан табылған жәдігерлерден жинақталған «Археология мұражайы» ашылды. 1980 жылы 200 м биіктіктен ұшақпен қаланың орталығы суретке түсірілді. Сол дерек бойынша Ақтөбенің кіші және үлкен картасы жасалып, қаланың жалпы көлемі белгіленді. Оның орталығы 70 шаршы шақырымды алып жатыр. Орналасқан жері біркелкі тегіс, өте құнарлы жер. Қорғанның қазіргі сақталған биіктігі - 5-6 метр.

Жоғарыдағы ғұламалардың айтқанындай, Баласағұн – Шарғау, Ақсу, Қарабалта, Токташ сияқты төрт өзеннің Шуға құятын төменгі ағысында орналасқан. Сондықтан да бұл аймақта құрғақшылық болмайды. Суы мол, егіншілікке, қала тұрғындарына өте қолайлы, тамаша жер. Ақтөбе ормен түгел қоршалған. Оның жалпы ұзындығы – 52 км, сыртында су жүретін тоған (канал) салынған. Қала тұрғындары қамалдың ішіне шоғырланған. Кейінгі зерттеулерге қарағанда, ордың сыртында да адамдардың жасағанын көрсететін қоныстар ашылды. Бұндай қаланы қоршаған бекіністердің салынуына қарағанда, Мақдасидің жазғанындай, қаланың тұрғындарының саны өте көп болған.

Қазба жұмысы кезінде Ақтөбеден (Баласағұннан) құнды бай деректер табылды. Цитадельден хан тұрған сарай бөлмелері, оның алаңы, шығыс монша, сарайға кіретін тас жолдар табылса, шахристаннан қолөнер, кәсіп орталығы, тұрғын үйлердің бөлмелері, ақша шығаратын және зергерлер сарайы, 5000 Қарахан дәуірінің теңгесі сияқты бұйымдар жиналды. Рабадан – жер астымен тартылған құбырлар, тұрақты мекендер, хауыз (бассейн) және т.б. шықты. Бұл табылған дүниелер Баласағұн туралы жарық көрген еңбектерде жарияланған және ҚР Орталық мұражайында, Тараз педагогикалық институтының тарих мұражайында, ҚазҰУ-дың археологиялық мұражайында қойылған. Олардың көпшілігі 2006 жылы Анкара қаласында басылып шыққан Ақтөбе (ортағасырлық Баласағұн) альбомында берілген.

Жоғарыдағы баяндалған деректерге сүйене отырып, ҚазҰУ-дың археологтары ғылыми тұрғыдан Ақтөбе қаласының орны, Ұлы Жібек жолындағы тарихи Баласағұн қаласын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді.

Ақтөбені (Баласағұнды) зерттеген Қазақ ұлттық университеті археологтарының бұл мәселе бойынша келтірілген жан-жақты дәлелдері басым және ақылға сияды. Олар Ақтөбенің Баласағұн екенін тарихи жазба деректерге, табылған ономастикалық, археологиялық деректерге сүйенген. Бұл мәселелер осы ғылыми еңбектің ішінде қысқаша баяндалған. Белгілі журналист, бірнеше тарихи кітаптардың авторы Амантай Айзахметов өзінің «Путешествие в Глубь веков» кітабында Баласағұн қаласы туралы: «...Я только сейчас понял, что то, что

делается на этом городище это открытие, которое по своей значимости равноценно открытию Трои. Я только сейчас понял, что если только не игнорировать проводимые там изыскания и если, в данном случае, назвать все эти вещи своими именами, то это открытие века. Только вот мы не понимали этого, или понимаем, но не хотим признать это».

Баласағұнды ашуымыздың Троя қаласын табумен үндестігі бар екені шындық. 1868 жылы немістің бай адамы Генрих Шлиман Грецияға келіп, орналасқан жері белгісіз болып қалған Баласағұн сияқты Троя қаласын Гомердің «Илиада» шығармасы бойынша іздеп, Бунарбашы мекеніне жақын жерден жерге көмілген қаланың орнын тауып, оны қазып, сол Троя қаласы екенін тапқан болатын. Г. Шлиман Троя қаласын іздегенде, «Илиада» поэмасында Троя қаласының қасында бірі - ыстық, екіншісі - салқын бұлақтардың бар екенін тілге тиек еткен және теңізге жақын орналасқанын да ескерген. Міне, осындай белгілерді тауып, сол жердегі қаланың орнын зерттеуге кіріскен. Біздің археологтар Баласағұнды іздегенде, осындай тарихи жерлер Баласағұнның төңірегінде де болғанын М. Қашқари жазып кеткен. Баласағұн төңірегіндегі сондай ономастикалық атау (тарихи жер атамаларын) Ақтөбенің төңірегінен табылды: Юн-Арық, Әулиетау және Бақыртау.

Г. Шлиман Троядан алтын тапса, біз Баласағұнда теңгелерді дайындайтын сарайды ашып, 5000 мыс теңге және қырауар жәдігерлерді таптық. Ел аузында сөз бар, Баласағұнның алтын қорын 40 ешекке жүктеп, бір жерге көмген деген. Біз ол жерге кездесе қойған жоқпыз. Олар кейінгі зерттеулерде табыла жатыр. Осы тұрғыдан Амантай Айзахметовтің айтқан пікіріне қосылуға болады. Өйткені Баласағұн - ірі тарихи мәдени орталық.

Оқырмандарға ұсынылып отырған Баласағұн қаласы туралы мәлімет. Бұл ескерткіш жайлы көп жылдар бойы жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесі автордың 2007 жылы жарық көрген «V-XIV ғғ. Баласағұн» атты монографиясында кең көлемде баяндалған.

«Мәдени мұра» бағдарламасының 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасында ортағасырлық Баласағұн қаласы енді. 2007 жылы бұл ескерткішті археологиялық зерттеудің екінші

кезеңі басталды. Осы жұмыс әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Ә. Марғұлан атындағы Археология институты археологтарының қатысуымен жүргізіліп жатыр. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 2009 жылдан бастап Баласағұн ескерткішінде «Қазқайта жанарту Республикалық мемлекеттік кәсіпорын (РМК)» мекемесі өз жұмысын бастайды. Сөйтіп, Баласағұнда жүргізілген ғылыми археологиялық зерттеудің және реставрациялық, консервациялық жұмыстардың нәтижесінде осы ескерткіш ірі ортағасырлық археологиялық-туристік орталыққа айналдыру керек.

Көне замандардан Қазақстан жері отырықшы өркениеттің ірі орындарының бірі. Оның айғағы болатын үлкенді-кішілі ортағасырлық шаһарлардың қалдықтары көп. Олардың ішінде дүниеге әйгілі, бірнеше түрік мемлекеттерінің астанасы болған Афрасиаб (Самарканд), Бұқара, Үзкенд, Сужаб, Тараз және Баласағұн. Өкінішке орай, бұл қалалардың көпшілігінің орналасқан жерін анықтау өте қиынға соғып отыр. Шу, Талас өзендерінің алқаптарындағы ескі қалалардың, бекініс орындарының біздің дәуірге тек жұрнақтары сақталып келген. Мезгіл ағымымен олардың көпшілігі өздерінің алғашқы атауынан айырылған. Бізге ол қалалар құм, саз, топырақ басқан үлкенді-кішілі төбелер күйінде жеткен. Ол төбелер талай сырды өзіне жасырған күйінде қалып келе жатыр.

Жер астында қалғандардың бірі – тарихи әйгілі Баласағұн қаласы. Оның қай жерде орналасқанын анықтауға шығыстанушы ғалымдар XIV ғасырдың басынан бері іздеуде. Өйткені Баласағұн Батыс түрік қағанатының басты астанасы, саяси, экономикалық және рухани мәдениеттің орталығы болғаны тарихи деректерден белгілі. Сондықтан да Баласағұнның тұрған жерін анықтаудың тарихи да, ғылыми да зор мәні бар екенін еске алып, бұл қаланың орнын табу маңызды мәселе екенін ғалымдар түсініп, оны іздеуге көңіл бөлген. Бірақ әзірге бұл қаланың орналасуы жөнінде әр түрлі пікірлер айтумен шектеліп келген. Сондықтан бұл болжам ғана, бұл ғылыми тұрғыдан осы күнге дейін дәлелденген жоқ. Енді Баласағұн қаласы туралы ғалымдардың жазып қалдырған кейбір деректерінен мәліметтер келтірейік.

XIX ғасырдың аяғында шығысты зерттеуші белгілі ғалым В.В. Бартольд Баласағұн қаласының тарихына және оның қай жерде орналасқанына айрықша көңіл бөлген. Ғұламаның

еңбегінде XIV ғасырдың бірінші онжылдығында Баласағұн өзінің ежелгі атымен аталғаны белгілі. Алайда, Ақсақ Темірдің жорықтарын жазғанда Баласағұнның аты аталмайды. Олай болса, Шу, Іле және Талас қалалары сияқты XIV ғасырдан бұрын үздіксіз болып жатқан тақ үшін өзара күрестердің нәтижесінде қираған болуы керек деген пікірді айтқан¹. Шығыс ғұламаларының бірі XVI ғасырдың орта шамасында жасаған Мұхаммед Хайдардың еңбектерінде Баласағұн және Гобальк қалаларын тек кітаптар арқылы жазғанын, олардың қай жерде орналасқаны қазіргідей сол кезде де белгісіз болғанын айтқан².

Мырза Мұхаммед Хайдар, өзінің белгілі «Тарих-и Рашиди» деген еңбегінде: «Қарақытайлықтар келгенге дейін Баласағұн Афрасиаб ұрпақтарының қол астында болған. Қарақытайлық Гурхан Баласағұнды Илек ханнан тартып алған. Илек хан Афрасиабтың руынан болып, бұл қаланы өзінің астанасына айналдырған. Токсан бес жыл бойына Баласағұн қарақытайлардың астанасы болған, Джахунның төңірегіндегі және оның шығысындағы барлық елдер бұл қалаға салықтарын (харадж) төлеп тұрған.

Ғалымның пікірі бойынша Шу, Талас, Жетісу өңірлеріндегі көптеген қалалар, соның ішінде Баласағұн да бұрынғы тарихи мәнінен айырылып, қирап, уақыттың өтуімен, бұл қалалардың аттары да және орналасқан жерлер де жергілікті тұрғындардың естерінен шығып қала берген. Тек олардың жер бетінде болғандығы туралы азды-көпті деректер ғана сақталған.

В.В. Бартольд «Баласағұн» атты мақаласында: «Баласағұн - Орта Азиядағы қала, оның қай жерде орналасқаны анықталмай келе жатыр», - деген³.

Тарихи деректер бойынша Шу, Талас өңірінде ертедегі ортағасырлық әйгілі үш үлкен қала болған: Баласағұн, Сужаб (Суяб), Талас (Тараз). Осы үшеуі де 603 жылдан кейін Батыс түрік қағанатының астаналары болған. Олардың арасында ең үлкен, әйгілісі – Баласағұн. Бұл қала Ұлы Жібек жолының Жаркентке баратын тармағында орналасқан. Бұл қалаларға

¹ Бартольд В.В. Баласағұн. Соч. Т. III. - М., 1965. - 357-б.

² Сонда.

³ Бартольд В.В. Баласағұн. Соч. Т. III. - М., 1965. - 355-357 бб.

соқпай еш саудагерлер, саяхатшылар кете алмаған. Осы жолмен жүрген жолаушылар «Әулие тауды» басып өтетін жолмен келіп, Тасөткел арқылы Шудың оң жағасындағы Таскалаға шығып, содан Шудың оң жағын жағалай отырып, Қастек асуы арқылы Ұзынағашқа өткен. Одан әрі Жібек жолымен Жаркентке тартқан. Сужаб қаласы Ұлы Жібек жолының Ыстықкөл арқылы өтетін тармағында орналасқан. Баласағұн IX-XII ғасырлардан бастап Қарахандардың, Қарақытайдың (Қаракидан) (X-XIII) астанасы, экономикалық, саяси және мәдени орталығы болған.

Тарихи деректерге қарағанда, Баласағұн қаласы туралы азды-көпті жазылып қалған ортағасырлық ғалымдардың, саяхатшылардың еңбектерінде кездеседі. VII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың басында жасаған ұлы Хорезм ғалымы әл-Хорезми өзінің дүние жүзілік географиялық картасында Шу, Талас, Жетісу өңірлеріндегі түрік қалалары туралы сөз қозғайды¹. X ғасыр аяғында XI ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген Хорезм елінің ұлы ғалымы Әбу-Райхан Бируни жасаған дүние жүзінің географиялық картасында Баласағұнды 91° 30' бойлықта, 44° 40' ендікте орналастырған, Таластың 89°50' бойлықта, 43°5' ендікте жатқанын көрсеткен². Өзбекстанның белгілі кеңес ғалымы географ, профессор марқұм Хамидулла Хасенов Птолемейдің, әл-Хорезмидің, әл-Бирунидің, Махмұд Қашқаридің және т.б. тарихи географиялық карталарымен ұзақ айналысқан. 1984 жылы осы ғалыммен кездескенімде, ол аталған карталардың өзара айырмашылықтарына тоқталып, Баласағұн әл-Бирунидің картасында дәл көрсетілген деді. Ол Таластың шығысында шамамен 200 шақырым қашықтықта орналасқан деген болатын. Бұл тұжырым В.В. Бартольдтың болжамымен де тура келеді³.

Белгілі ғалым, шығыстанушы Махмұд Қашқари да өзінің дөңгелек картасында Баласағұн жетінші климатта, Таластың шығыс-солтүстігінде орналасқанын баяндаған. Мұсылман дүниесінде карта сызғанда, орталығы Мекке етіп аталатын болса, ал М. Қашқари орталығын Қашқар қаласы етіп алған.

¹ Хасенов Х., Буреев О. Әл-Хорезмий географиясы. - Ташкент, 1983. - 55-62 бб.

² Бируни Абу Райхан Конури Масудий - Танлаган асарлар. К.1- Китаб. Ташкент, 1975. - 428-б.

³ Сонда 428-б.

Ендеше Батыс Түркістан картасында орталықты Баласағұн етіп алуы заңды сияқты¹. Бұл ғалым Баласағұнда жиі-жиі болып, ғылыми еңбектер жазған. Сондықтан әйгілі ғалым өзінің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде Баласағұн жөнінде толығырақ мағлұмат берген. XIII ғасыр аяғы мен XVI ғасырдың басында өмір сүрген араб географы Әбу-л-Феда Баласағұнның орналасуын 91°50' бойлықта, 47°40' ендікте орналасқан карта көрсеткен. Бұл қала түрік елінде 7-климатта орналасқанын баяндаған². Ғалымның Баласағұнның орналасуына берген анықтамасы жоғарыдағы айтылған әл-Бирунидің көрсеткен мағлұматына жақын келеді. Олай болса, Баласағұнның тұрған жері қазіргі ортағасырлық қаланың орны Ақтөбеге дәл келеді.

Жоғарыда ғалымдардың Баласағұнның орналасқан жерін картада көрсеткендері бір-бірінен айтарлықтай алшақ кетпейді. Олардың барлығы Баласағұн Таластың шығысында, Шу өзенінің орталық ағысында екенін бірауыздан баяндайды. Тарихтан белгілі, Таластың шығысындағы Баласағұнға дейінгі Жібек жолының бойында жатқан ірі қалалар Құлан, Мерке, Аспара екені белгілі. Осы жолмен жүргенде Талас пен Баласағұнның арасы осы күннің өзінде 200-250 шақырымнан аспайды.

Ертедегі ортағасырдағы ғалымдардың еңбектерінде, Баласағұнның орналасқан жерінің тұрмысқа өте қолайлы екенін X ғасырда жасаған арабтың ұлы географы әл-Макдиси былай деген екен: «Баласағұн суы мол және халқы көп үлкен қала»³. Арабтың ғалымы Махмуд Ибн Вали өзінің «Бахр әл-Асрар» деген еңбегінде Баласағұн қорғанының ені 2,5 гяза (біздіңше, 5-6 м) болған⁴.

Көптеген араб және біздің елдің ғалымдары Баласағұнды ірі мәдениеттің орталығы және астана болғанын баяндап, бұл қала туралы мол мағлұмат берген. Солардың ішінде жоғарыдағы аты аталған Махмуд Ибн Вали Баласағұн жөнінде былай дейді:

¹ Крачковский И.Ю. Избранные сочинения. Т. IV. - М., 1958. - 269-б.

² Волин С. Сведения арабских источников IX-XIV вв. О долине реки Талас и смежных районах // ТИИАЭ. Т. VIII. - АлмаАта, 1960. - 90-б.

³ Сонда. 82-б.

⁴ Материалы по истории Средней и Центральной Азии X-XIX вв. - Ташкент, 1988. - 24-б.

Моңғолдар келгенге дейін Баласағұн жақсы сақталған, гүлденген қала болатын. Одан кейін қирап, азып-тозып, қаңырап қалған. Мен бұл кітабымды Балх қаласында жазып болған кезімде, маған Қашқардан келген бір жолаушы мынадай хабар айтты: Қашқардың қолбасшысы әскерімен Батыс түрік жеріндегі қалмақтарды бағындыру үшін шабуыл жасады. Шығыстан солтүстікке қарай жүріп отырып, екі айдан кейін бір қираған қалаға келдік. Айналасын құм басқан, биіктігі 4-5 зира, (бір зира 40-45 см) үлкен-үлкен үйлердің сақталған қабырғаларын көрдік. 4 фарсақ (бір фарсақ - 6 шақырым) қашықтықтан сорайып көрінген мұнаралар, сарайлар, медреселер анық көрінеді. Осы қаланың қасында қалмақтарға жетіп, екі арада шайқас болды. Оларды жеңіп, Қарабалта өзенінен кейін қайырып, жаңағы қираған қалаға алып келдік. Содан кейін қолға түскен қалмақтардан бұл қай қала деп сұрағанда, олар біздің білетініміз Баласағұн қаласы деп жауап берді. Шыңғысханның әулеті басқарған кезде осындай қирап, топырақ басып қалғанын баяндады. Біздер қаланы аралағанда, бұзылған үйлердің ішінен тұрмысқа қажетті нәрселерді көрдік: қазандар, қыштан жасалған әр түрлі ыдыстар, құмыралар, алшалар, т.б. бұйымдарды кездестірдік. Кейбір бөлмелерде өлген адамдардың мүрдeleri жатыр. Бұрын ең жақсы, үлкен қала болған, қазір қирап қалған. Қаланың аты да естен шыққан¹.

Бұл келтірілген деректерден қашқарлықтардың келген қаласы бүлікшілікке ұшыраған, қирап қалған қала күйінде сақталған. Қашқан қалмақтарды Қарабалта өзенінің қасынан қайырып, жаңағы бұзылған қалаға айдап келуі, осы күнгі Ақтөбеге (Баласағұнға) ұқсайды. Қарабалта өзені Ақтөбе қаласының батыс бөлігінің үстінен кесіп өтіп, Ақсу өзеніне құяды. Ендеше қашқарлықтардың келген қаласы апатқа ұшыраған, бүлінген Баласағұн болып отыр. Сөйтіп, қазіргі Ақтөбе бұрынғы Баласағұн деп айтуға бұл да бір тілге тиек дәлел.

Көптеген араб ғалымдары Баласағұн ең ірі қалалардың бірі болғаны туралы пікірін жоғарыда айтып өттік. Махмуд Ибн Валидің айтуынша, Баласағұнда діни адамдардың жұма намазын оқитын 40 мешіті, күнделікті намаз оқитын 200-ден астам

¹ Сонда. 241-242 бб.

мешіті, 20 ханка және 10 медресе болған¹. Ешбір дәлелсіз қазіргі қырғыз археологы В.Д. Горячева Махмуд Ибн Валидің бұл берген деректеріне күмән келтіріп, Баласағұнда мұндай көп мәдени орындардың болғанын асырыңқырап айтылған деп, өз еңбектерінде ешбір дәлелсіз пікір келтіреді. Біздіңше, Махмуд Ибн Валидің айтқаны шындыққа келіп, Баласағұнды айқындай түседі². Махмуд Қашқаридің айтуынша Шу, Талас өңірінің тұрғындары IX ғасырдың бірінші жартысында ислам дінін қабылдаған, Баласағұнды билеушілердің ішінде бірінші ислам дініне енген 955-956 жылдар шамасында қайтыс болған Сатук Бограхан Абдал-Карим³. Махмуд Қашқари өзінің жұртшылыққа белгілі «Диуани лұғат ат-түрк» деген еңбегінде: «Баласағұнның тұрғындары соғдыларша және түріктерше сөйлейді... Испиджаб пен Баласағұн арасындағы қала Харгу тұрғындарының тілдері жұмсақ келеді»⁴ деген. Бұған қарағанда, IX ғасырдан бастап-ақ Шу, Талас өңірінің тұрғындары түріктерше және соғдыларша сөйлеп, жазған. «Баласағұнның соғдылары түріктермен араласып, олардың әдет-ғұрпын қабылдаған»⁵. Араб ғалымы Мухаммед ибн Мансур Мерверруди «Тарихи Мубаракшах» кітабында түрік елінің шығысы Қытайға дейін, батысы Византияға (Рум), солтүстігі Гога даласына дейін, оңтүстігі Үндістанға дейінгі жерлерді алып жатыр деген⁶.

Бұл ғалым түрік елдерінің кең-байтақ жерді алып жатқанын баян етумен бірге, түріктердің рухани мәдениеті жөнінде да хабар береді. «Араб тілінен кейінгі түрік тілі өте жақсы және жағымды тіл. Түріктердің жазуы болған. Олар жаратылыстағы құбылыстардың заңдылығын ертеден білген. Балаларын оқытып, сауатын аштырған. Олардың жазуы екі түрлі болған: біреуі - соғдыларша, екіншісі - оғұз-гузектерше. Түріктер қасида

¹ Сонда.

² Сонда.

³ Бартольд В.В. Баласағұн. Соч. Т. III. - М., 1965. - 356-б.

⁴ Волин С. Сведения арабских источников IX-XIV вв. О долине реки Талас и смежных районах // ТИИАЭ. Т. VIII. - АлмаАта, 1960. - 83-б.

⁵ Сонда. 84-б.

⁶ Материалы по истории Средней и Центральной Азии X-XIX вв. - Ташкент, 1988. - 84-б.

және рубайх жазған. Бізге олардың өте мағынасы зор рубайлары жеткен»¹.

Мухаммед ибн Мансур Мерверруди түрік халықтарын, олардың мекенін және рухани мәдениетін жетік білгендігі көрініп тұр. Олардың мәдениеті ерте заманнан дамыған, өте бай тарихи мәдениетке ие болғандығын баяндап, олардың арасынан ғұлама адамдардың шыққанына да айрықша көңіл бөлген. Бұл пікірді белгілі арабтың ғалымы, энциклопедисі, саяхатшысы Иакут ибн Абуллах Ар-Руми-әл Хамава да айтады (1179-1229 жж.). Баласағұн туралы былай дейді: Баласағұн түріктермен шекаралас қала... Бұл қаладан бір топ ғұламалар шыққан. Олардың ортасынан Әбу Абдаллах Мухаммед ибн Муса әл-Баласағұни шыққан. Ол кісі ат-Түрік деген ныспымен елге белгілі. Ол Багдадтағы Әбу Абдаллах ад Дамгани кади Ханифта оқыған. Одан кейін ол Шамға (Сирияға) барып, ол жерде Байт-әл-Мукаддас кади қызметін атқарған. Одан соң ол Дамаскіде қызмет еткен². В.В. Бартольдтің пікірінше Баласағұннан ақын Жүсіп (Юсуф) хас Хаджиб шыққан. Ол «Құтты білік» (1069-1070 жылдарда) поэмасын жазған³.

«Құтты білікті» көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған жазушы, ғалым А. Егеубаев былай деп жазады: «Қазір бүкіл шығыс зерттеушісі ғалымдардың назарын күн санап өзіне аудара түскен. «Құтты білік» 1069-1070 жылдары он сегіз айдың ішінде жазылған. Авторы - Жетісу өңірі Шу өзенінің бойындағы тарихқа ықылым заманнан белгілі ірі шаһарлардың бірі Баласағұнда (Күзорда деп те атаған) туып-өскен Жүсіп Баласағұн. Жүсіп бұл қоғамдық-әлеуметтік мәні терең, халықтың моральдық-этикалық бағдарламасы іспеттес еңбегін 54 жасында (Түркия ғалымы Рашид Рахмати Араттың жобалауы бойынша) жазған. Ежелгі Баласағұн қаласында бастап, Қашқарда аяқтап, Қараханидтер мемлекетінің сол кездегі әмірі Бұғра ханға тарту еткен. Хан оның еңбегін жоғары бағалап, «Хас Хажыб» деген атақ берген. Сөйтіп, Жүсіптің Хас Хажыб Баласағұн деген аты дүниеге тараған...

¹ Сонда. 92-б.

² Сонда. 78-б.

³ Бартольд В.В. Баласағұн. Соч. Т. III. - М., 1965. - 356-б.

«Құтты біліктің» авторы Жүсіп Баласағұнды төмендегіше бейнелеуге болады: Поэмдан айқын байқалып тұрғандай, Жүсіп Баласағұн өз заманының озық ойлы энциклопедист ғалымы, философ, адам жанын нәзік сезінген ақын, шығыс поэзиясы мен мәдениетін, қоғамдық-әлеуметтік диалектиканы кемел біліп түсінген ойшыл, білімді қайраткер. Астрономия, математика, жаратылыс, қоғамдық қарым-қатынастар заңдылығын жетік білгені анық¹. Бұл сөздерден Жүсіп Баласағұн бабамыздың кеменгер ғалым екенін, оның есімі мәңгі құрметпен аталатын жерлесіміз екенін мақтаныш етуіміз керек. «Құтты білік» поэмасын адамгершілікке талпынған ұрпақтардың баршасы, оның ішінде ел басқарушы азаматтар оқып, көңілге тоқып алулары керек.

Сөйтіп, біздің іздеп жүрген Баласағұн қаласы тек Ұлы Жібек жолындағы сауда-саттық қаласы ғана емес, ол біздің ертедегі бабаларымыздың рухани мәдениетіміздің ірі орталығының бірі деп түсінуіміз керек. Бұл қаладан тек ғана Жүсіп хас-Хаджиб Баласағұн ғана емес көптеген ғұлама ғалымдар шыққан. Әкесі Барысханда туған Махмұд Қашқари да бұл қалада талай болғанын өзінің ғылыми еңбегінде айтады. Ғалымдардың зерттеуімен Баласағұнның бізге белгісіз ғұламаларының есімдері алдағы уақытта анықталары ақиқат.

Махмұд Қашқари бұл қаланың әр түрлі атауларының болғанын жазады: «Күз-улуш», «Күз-урда» деген атаулары болған. Осы жерді мекендеген жекеленген ауылдық жерлерді «улуш» деп атаған, тау арасындағы қалаларды «арғу» деген. М. Қашқари Баласағұнның екі таудың ортасында орналасқанын баяндайды. Басқа да оқымыстылардың еңбектерінде де осы айтқанды растай-ды. Баласағұн Әулиетау, Бозжорға, Жайсан тауларының араларындағы тегістікке салынған қала. Ғалымның бұл пікірі де шындыққа келеді.

Махмұд Қашқари Баласағұнға жақын жатқан жерлердің, қалалардың атын атайды. Оның төңірегінде үлкенді-кішілі қалалар, ауылдар көп болған. Олардың кейбіреулері Баласағұнмен іргелес жатқан. Солардың бірі – Қырықкүй қаласы. Қарақыршын, Таскала (Төрткіл), Тоқташ, Сабыр осы күнгі

¹ Баласағұн Ж. Құтты білік. - Алматы, 1986. - 5-б.

Ақтөбенің (Баласағұнның) солтүстігіндегі жалғасып атқан қалалар болса, оның оңтүстігіндегі осы күнгі Қырғызстанға қарайтын жерлерде орта-ғасырлық қалалар жеткілікті. Осы көптеген қалалармен отырықшы мекендердің ортасында Баласағұн орналасқан. Бұл қала Ақсу, Қарабалта, Тоқаш өзендерінің Тасөткелге үяр сағасында Қырықүй қаласы орналасқан. Жалпы, қала қазақтардың көп ұлттан құрылған ауылдарды да, қалаларды да осылайша айта беретіні баршаға мәлім. Қырықүй қаласында Шу өңіріне әйгілі болған Ағыбай батыр өмір сүрген. Оның ұрпағы – Индибай Базылбаев, 63 жаста, осы Ақтөбеге іргелес Калинин атындағы колхозда тұрады. Жібек жолы Аспара қаласынан шығып, Аспара, Ойранды, Құрақ, Сұлы, Сарғау өзендерін басып өтіп, Тасөткелдің қасындағы Қырықүй қаласына да жеткен.

Жоғарыда келтірілген тарихи деректерге қарағанда, Баласағұн Шу өңіріндегі Талас қаласының шығыс солтүстігіндегі өте қолайлы жерге орналасқан, халқы көп, үлкен ортағасырлық қала болғанына ешкім күмәнданбауы тиіс. Әл-Хорезмидің, әл-Берунидің, М. Қашқаридің карталарында Баласағұнның орналасқан жері дұрыс көрсетілген.

Ресейге бодан болған жылдарда Орталық Азияда, сондай-ақ осы күнгі Қазақстан жерінде шын мәніндегі археологиялық зерттеулер айтарлықтай дәрежеде жүргізілмеді. Сол кездерде қазақ жеріне Ресейден келген ғалымдар, саяхатшылар жол-жөнекей кездескен археологиялық, архитектуралық ескерткіштер туралы үстірт мәліметтерді өздерінің еңбектерінде келтіреді. XIX ғ. 90-жылдарда Орыс географиялық қоғамының (РГО) кейбір мүшелері «Археологияны зерттеушілердің Түркістан үйірмесі» атты ғылыми топ ұйымдастырып, Орталық Азиядағы археологиялық ескерткіштерді зерттеумен айналысты. Бірақ олардың шын мәніндегі археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, күрделі ескерткіштердің сырын аша алмады. Олардың көпшілігі археологиядан хабары аз ғалымдар болатын.

Солардың ішінен 1893-1894 жылдары В.В. Бартольдтің Орталық Азия мен Қазақстанды археологиялық зерттеу мақсатымен келген сапарына тоқталсақ. Ол осы зерттеу барысында Талас, Шу өңірлерінде болып, көптеген ортағасырлық қалалардың, қоныстардың орнын көріп, сол тұрақты мекендер жөнінде өзінің

пікірін «Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью. 1893-1894 гг.» деген еңбегінде баяндаған¹.

Бірақ В.В. Бартольд та көрген ескерткіштерде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізбеген. Өзі көрген қалалар мен тұрақты мекендер туралы ғылыми тұжырымдарын жазған. Солай болса да, ғұлама ортағасырлық ескерткіштер туралы өте құнды ғылыми тұжырымдарын және болжамдарын қалдырған. В.В. Бартольд Баласағұн қаласының қай жерде орналасқаны туралы өзінің болжамына осы еңбегінің «Путь от Таласа к Чу и Чуйская долина» деген тарауында тоқталған. Ол Тараз (Талас) қаласынан Бішкекке (бұрынғы Фрунзе) қарай тарихи жерлерді аралаған. Ақсу өзенінің жоғарғы ағысындағы Беловодский станциясына келгенде Ақсу өзенінің төменінде үлкен қаланың орны бар екенін жергілікті тұрғындардан естіген. Содан солға бұрылып, Ақсу және Сукулук (Соклук) өзендерінің төменгі ағысындағы үлкен көлемді алып жатқан қаланың орнына келген. Қаланың орналасқан жері географиялық жақтан дұрыс көрсетілмегенін айтқан. Ал орыс әскері генштабының жаңадан жасалған картасында Қарабалта, Ақсу және Сукулук өзендері нүктелермен ғана көрсетілген екен. Шындығында, бұлар әжептәуір сулы өзендер екенін байқаған. Олар Шу өзеніне құяды. Сукулук пен Ақсудың оңтүстігіне жақын жерде Ақтейе (Ақтөбе) атты биік төбе бар. Ол төбеде, оның айналасында күйдірілген кірпіштің сынықтары көптеп табылған. Соған қарағанда, бұл қала күйдірілген кірпіштен тұрғызылған болуы тиіс деген пікірге келген.

В.В. Бартольд Ақтөбеден жарытып бағалы нәрсе таба алмағанын, тек бір күміс сақинаны кездестіргенін жазған. Көрген қаланың көлемінің үлкен екеніне көңіл аударған. Солай болса да, ғұлама бірден бұл қала туралы толығырақ мәліметтерді ала алмаған сияқты. Өйткені Ақтөбе қаласының жалпы көлемі оны қоршаған қамалдар туралы еш мәлімет қалдырмаған. Тек Ақсудың жағасындағы Төрткөл төбені қаланың қасында орналасқан «Степное» деген орыс селосының бар екенін айтқан. В.В. Бартольдтен бұрын да, кейін де XIX ғ. бұл жерде археоло-

¹ Бартольд В.В. Соч. Т. IV. – М., 1966. – 21-88 бб.

гиялық зерттеулер болды деген мағлұматтар кездестірген жоқпыз.

В.В. Бартольд бұдан кейін Шу өңіріндегі үлкенді-кішілі ортағасырлық қалалардың, бекіністердің орындарын көріп, олардан жинақталған ғылыми тұжырымдарын осы еңбегінде жариялаған. Оның ішінде Баласағұн қаласы жөнінде пікірлерін жазба және археологиялық деректерге сүйеніп сәулелендірген. Сөйтіп, әр түрлі еңбектерде Баласағұн қаласы туралы айтылған пікірлерді жинақтап және Талас, Шу алқаптарынан көрген ортағасыр қалаларының орнын байқағаннан кейін пайда болған ойларын қосып, В.В. Бартольд Ақбешім қаласының, оның құбыла-батысына жақын орналасқан Бұрана атты қаланың орнын көріп, оның жалпы көлемі кішкентай екенін жазған. Ақбешім мен Бұрана Баласағұнға балама болмайтынын атап өткен. Мұның бәрі Баласағұнның қай жерде орналасқанын дәлелдейтін мәліметтің жоғын айтқан. Қорыта келгенде, ұлы шығыстанушы В.В. Бартольд алдағы уақытта да Баласағұнның орнын анықтаудың тарихи мәні зор екенін меңзеген¹. Баласағұн қаласы туралы осындай ізденістер, болжамдар жинақтала берген. Бірақ бұл жұмбақ дәл уақытында шешілмей, Ұлы Қазан төңкерісіне дейін жеткен.

Қазан төңкерісінен кейін Орталық Азиядағы археологиялық зерттеу жұмыстарына көңіл бөліне бастады. Сөйтіп, 1927 жылы М.Е. Массон Талас және Шу өңірлеріндегі ортағасырлық қалаларды аралап, жоғарыдағы аты аталған Ақбешімнің жалпы қарапайым (схематиялық) жобасын түсірген². Одан кейін 1927 жылы А.И. Тереножкин Шу өңіріндегі ескерткіштерді аралап, Ақбешімнің Төрткөлін жазып, оның жобасын мақала түрінде жариялаған³. Бұлардың бәрі барлау ретінде Ақбешімде жүргізілген жұмыс.

1938-1939 жылдары ленинградтық ғалым А.Н. Бернштам Институт Истории Материальной Культуры (ИИМК) жанынан Жетісу археологиялық экспедициясын ұйымдастырып, Ақбешім қаласында, оның рабадында кішігірім жерде қазба жұмыстары

¹ Бартольд В.В. Соч. Т. IV. - М., 1966. - 57-б.

² Массон М.Е. Средаз ком стариса // Вып. III. - Ташкент, 1928. - 271-б.

³ Тереножкин А.И. Археологические разведки по реке Чу в 1929 г. // Проблема истории докапиталистических обществ. (ПИДО). - 1935. - № 5-6. - 148-149 бб.

жүргізілген. Археологиялық зерттеулердің барысында Ақбешімде қолға түскен деректерге негізделіп В.В. Бартольдтің Баласағұн туралы айтылған болжамын бұрмалап, Ақбешімді Баласағұн деп жариялап жіберген. Бұл ашқан жаңалық ретінде кейінгі еңбектерінде жазған.

Жоғарыда тоқталғанымыздай, В.В. Бартольд Баласағұн қаласын әлде де басқа жақтан іздестіру керек екенін айтқан. Ол Ақбешімді үзілді-кесілді Баласағұн қаласы деп айтпаған.

1953 жылы Қырғыз кешенді археология-этнографиялық экспедициясы ұйымдасып, оның Шу археологиялық бөлімі Ақбешім ортағасырлық қаласында қазба жұмысын жүргізген. Бұл зерттеуді ММУ профессоры, тарих ғылымдарының докторы Л.Р. Қызыласов басқарып, 1953-1954 жылдары Ақбешімде кең көлемде археологиялық қазба жұмыстарын атқарды. Егер де Жетісу археологиялық экспедиция А.А. Бернштамның басшылығымен Ақбешімді барлау мақсатында бірнеше шұңқырлар қазған және онша үлкен емес көлемде рабадта қазба жұмысы жүргізілген болса, енді осы экспедицияның Шу бөлімі кең көлемде қазба жұмыстарын Ақбешімнің бес жерінде жүргізді: цитательде, шахристанда және рабадта. 1953-1954 жылдары осы жерлерде археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп, Ақбешім ескерткішінің сырын тереңірек ашып, оның нәтижесін жариялай бастады. Мақаланың көлемі - 86 бет, онда Ақбешім ортағасырлық қаласын екі жыл бойы зерттегенде өте бай, құнды деректерді қолға түсіргені жөнінде жазылған².

Л.Р. Қызыласовтың жүргізген Ақбешімдегі археологиялық зерттеуі барысында қолға түскен деректерге ғылыми мән беріп, көптен іздеген Баласағұн туралы жаңа пікірлерге тоқтап, өзінің ғылыми тұжырымын білдірген: «Как видно из вышесказанного, нами исследованные объекты располагались во всех основных частях городища, но нигде не было обнаружено ни жилищ

¹ Бернштам А.Н. Результаты работ экспедиций // Труды Семиреченской археологической экспедиции «Чуйская долина». Материалы и исследования по археологии СССР. № 14. - М.-Л., 1950; Предварительная публикация // Археологический очерк Северной Киргизии. - Фрунзе, 1941.

² Қызыласов Л.Р. Работы Чуйского археологического отряда в 1953-1954 гг. // КСИЭ: Археологические исследования на городище Ак-Бешим // Сб. №3. - Фрунзе, 1958.

сооружений, которые относились бы ко времени позже X в., ни слоев, связанных с ними, ни построек, сооруженных из обожженных кирпичей. В особенности показательны в этом отношении результаты наших работ в центре шахристана»¹.

Ақбешім қаласының барлық негізгі бөліктерінде жүргізілген қазба жұмыстары кезінде, X ғ. кейінгі уақыттарға жататын тұрақты салынған үйлердің орындары, бекіністері және күйдірілген кірпіштен тұрғызылған құрылыстардың орындары кездеспеген. Әсіресе, осындай орындар шахристанда жүргізілген қазбада ұшырамаған. Соған қарағанда, Ақбешім V-X ғғ. өмір сүріп, одан кейінгі жылдарда ол тарихи сахнадан кеткендігі айтылған. Автордың пікірі бойынша, XI-XII ғғ. үстемдік еткен Қарахан әулеттері кезінде, бұл қала қирап, ол археологиялық ескерткіш ретінде сақталып келе бергені баяндалады. Сонымен қатар Ақбешімді қазған кезінде табылған заттардың басым көпшілігі түргештердің мәдениетіне жататыны айрықша аталған. Осындай кең көлемдегі зерттеудің нәтижесінде Л.Р. Қызыласов мынадай қорытындыға келген. Оны сол күйінде келтірейік: «Все выше изложенное приводит нас к выводу, что отождествление городища Акбешим с историческим Баласагуном, сделанное еще В.В. Бартольдом, а в последствии поддержанное А.Н. Бернштамом, который при этом опирался на так называемые «каракиданские» памятники из своих раскопок 1940 г. в рабаде, не может быть ныне принято. Исторический Баласагун-блестящая столицу караханидов XI-XII вв., город просуществовавший, согласно письменным источниками, вплоть до XIV в., - надо искать в другом месте»².

Бұдан кейін Л.Р. Қызыласов Ақбешімнің оңтүстік-шығысында 5 км қашықтықта орналасқан Бұрана қалашығына көңіл бөліп, ол жөнінде өзінің пікірін білдірген: «Бұл қала Бұрана сайының бойына орналасқан, онда XI ғ. қыш кірпіштен салынған төртбұрышты мұнара сақталған. Бұранада Қарахан дәуіріне жататын XIII-XIV ғғ. қабаты жоқ. Көлемі кішкентай, оны тарихта әйгілі Баласағұнмен салыстыруға болмайтынын айта келіп, Ақбешім мен Бұрана жөнінде үзілді-кесілді, ғалым

¹ Сонда. 235-б.

² Сонда. 236-б.

ретінде өзінің тұжырымын жазған: «Таким образом, ни городище Акбешим, ни городище Бурана не могут связываться с историческим Баласагуном. Их забытые имена еще предстоит установить историкам Киргизии»¹.

1951-1953 жылдары П.Н. Кожемяко Шу өңіріндегі ертедегі ортағасырлық қалаларды және қоныстарды археологиялық тұрғыдан зерттеп, оның нәтижесін өз алдына кітап етіп шығарған². Бұл еңбекке ұзын қорғанды 12 қаланың стратиграфиясы, онша үлкен емес 15 қоныс пен бекініс кірген. Осы жерде 56 стратиграфиялық негізделген қазба жұмысы жүргізілсе, құлаған 16 қоныстың қабырғалары жоғарыдан төмен қарай кесіп зерттелген³. Осы зерттеу кезінде табылған деректерге сүйеніп, көптеген ортағасырлық қоныстарға оның ішінде Ақбешім, Бұрана және Ақтөбе (Степнинское) және т.б. қалалардың схематикалық жобасын сызып, олардың кейбіреулерінде шұңқырлар қазып, барлаулар жүргізген.

П.Н. Кожемяконың берген деректері бойынша, Ақбешім қонысының мәдени қабаты - 7,5 м тереңдікте. Шахристанның батыс қабырғасының ұзындығы 400 м, солтүстік қабырғасы 600 м, шығысы 500 м, оңтүстігі 700 м, екенін көрсеткен. Қаланың оңтүстік-батысында шеті төрт бұрышты 60 x 60 м, биіктігі 30 x 30 м цитадельдің бар екенін айтқан. Қала 11 шақырымға созылған ормен қоршалған. Егер де Ақбешімнің шығыс қабырғасы ормен жалғасқанын есептесек, қамалдың жалпы ұзындығы 16 шақырымға жететіні айтылған. Ордың қазіргі сақталған тереңдігі - 1,2-1,5 м, ені - 12 м. Осы жүргізілген археологиялық зерттеулердің барысында, Ақбешім қаласының екі үлкен мәдени қабаттардан тұратыны анықталды. Төменгі қабатынан V-VI ғасырларға жататын соғды кезеңдерінің қыштан жасалған ыдыстары мен ақшалары табылса, жоғары қабатынан IX-X ғасырларда шыққан бұйымдар табылған. Шахристанның шығысын қазғанда христиан (несториандық) шіркеуінің

¹ Сонда.

² Кожемяко П.Н. Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. - Фрунзе, 1959.

³ Сонда. 4-б.

қалдығымен бірге, мүрде табылған. Ал шахристанның шетінен VI-VIII ғасырға жататын буддистік храмы ашылған.

Бұрана қаласын 1954 жылы П.Н. Кожемяко да зерттеп, оның құрылысын анықтап және схематикалық жобасын сызған. Осы археологиялық зерттеу кезінде естеліктің құрамын барлау үшін 5 жерден кішігірім қазба жұмысын жүргізген. Оның төртеуі Бұрананың орталығында жүргізілсе, біреуі қаланың шет жағында атқарылған. Бұл қазбаларды қаланың жобасынан байқауға болады¹.

Бұрана осы күнде Тоқмақ қаласының оңтүстігінде 15 шақырым, жоғарыда көрсетілгендей, Ақбешімнен 5 км жерде Бұрана өзенінің екі жағын алып жатқан ойпатта, Донарық селосының шығыс жағына орналасқан. Бұрана қаласының солтүстік-батыс қабырғасының ұзындығы – 570 м, оңтүстігі – 600 м, шығысы – 500 м. Қоныс ормен қоршалған. Сыртқы ордың жалпы ұзындығы – 11 шақырым. Ордың жалпы ұзындығы – небары 15 шақырым².

Өткен ғасырдың 50-жылдарындағы жоғарыда аталған археологтардан кейін, кең көлемде Ақбешім мен Бұранада айтарлықтай қазба жұмыстары Қырғызстан археологтары ойдағыдай жүргізе алмай келе жатыр. Алайда, кейбір жарық көрген жұмыстарға тоқтала кетелік.

«Бұрана»³ атты кітап екі бөлімнен тұрады: 1. М.Е. Массонның мақаласы «Начальные этапы изучения Бураны». 2. В.Д. Горячева «История дальнейшего изучения охраны памятников Бураны 1930-1980 гг.». Бірінші бөлімде ортағасырлық Бұрана естелігінің 1929 жылға дейін зерттелу тарихына көңіл бөліп, әртүрлі авторлардың бұл ескерткіш туралы айтқан пікірлеріне тоқталған. Олардың ішінде Бұрананың шынайы сырын ашатын деректерді келтірген. Оның үстіне белгілі ғұлама Бұрананы көріп, онымен танысып, Бұрана естелігінің қарахандар дәуірінде салынғанын айта келіп, Баласағұнның орналасқан жері жоғарыдағы тоқталған В.В. Бартольдтің пікірін қолдаған. Бұрана қаласының Баласағұнға ұқсамайтыны да, оның көлемі 28 га

¹ Сонда. 127-6.

² Массон М.Е., Горячева В.Д. Бурана. - Фрунзе, 1985. – 23-6.

³ Массон М.Е., Горячева В.Д. Бурана. - Фрунзе, 1985.

шамасы екенін де М.Е. Массон жазған¹. Жалпа алғанда, терең мәндегі ғалым М.Е. Массон пайдаланған деректерге шынайы ғылыми мән беріп, Бұрана қаласының қарахандар әулеті кезінде салынғанын, оның XII ғ. дейін өмір сүргенін жасырмай және кемітпей баяндаған.

Бұл кітаптың екінші бөліміндегі В.Д. Горячеваның мақаласы Бұрана ескерткішінің 1930-1980 жылдарда тарихи археологиялық зерттеулеріне арналған². Оның кімдер, қай жылдары көргенін және зерттеу жұмыстарына, Бұрананың мұнарасын қайта калыпқа келтірілгеніне шолу жасаған. Бұрана мұнарасын қайта өңдеуден өткізуде біраз жұмыстар Кеңес үкіметі кезінде жасалған. Бұл жөнінде Д.Ф. Винник жұмыстары дәлел болады³.

1975-1976 жж. Қырғызстан Академиясының Тарих институтының «Бұрана» атты археологиялық тобы В.Д. Горячеваның басшылығымен сол жерде қазба жұмыстары кезінде барып танысқан болатынмын. Бұл зерттеудің күрделі бөлігі қаланың оңтүстік дуалында жүргізілген. Осы жылдардағы Бұранадағы қазба жұмыстары жүргізілген территорияның көлемі 320 шаршы м деп көрсетілген⁴. Осы аталған қазба жұмыстар айтарлықтай кең көлемде жүргізілмей жатқанын байқағанбыз. Солай болса да, осы зерттелген жерлерден X-XIV ғғ. тура келетін түрлі жәдігерлер табылған. Әйтсе де, Бұрана қаласын әлде де кеңінен зерттеу керек. В.Д. Горячева өз еңбегінде қазба кезінде табылған деректерге сүйене отырып, барынша осы қаланың Баласағұн екеніне күш салған. Оның пікірінде ғылыми тұжырымнан гөрі патриоттық сезім басым болып келеді. Бұл тәсілден ғылымға еш жаңалық қосылмайды. Ойын дәлелдеуде В.Д. Горячева Махмұд Ибн Валидің пікірін бұрмалап, Қашқардың адамдары қалмақтарды Қарабалта өзенінің маңында қуып жеткенін ғалым

¹ Сонда. 23-6.

² Горячева В.Д. О локализации города Баласагун // Страницы истории и материальной культуры Киргизстана. - Фрунзе, 1975; Городские центры и монументальная архитектура средневековой Киргизии. - Фрунзе, 1988; Город золотого верблюда. - Фрунзе, 1988.

³ Винник Д.Ф. Работы Буранинского отряда // Археологические открытия 1972 г. - М., 1973. - 495-496 бб.

⁴ История Киргизской ССР. Т.1. - Фрунзе, 1984. - 311, 344-400 бб.

арнайы атамай кеткен. Себебі, Қарабалта өзені осы күнгі Баласағұн деп жүрген Ақтөбе қаласының үстінен ағады. Ол ол ма, В.В. Бартольдтің 1210 жылы Гурхан Баласағұнды үш күн өртеп, қаланың белгілі 47 мың адамын өлтіргені де бұл еңбегінде аталмайды. Солай болса да, ол эмоцияға беріліп, барлы-жоқты деректермен кішкентай қалашық Бұрананы Баласағұн деп дәлелдемекші. Шындықты бұрмалау, ғылымға қиянат келтіру және қисыны келмейтін жалғандықпен ақиқатқа жету мүмкін емес. Ақбешім Баласағұн бола алмайтынына көзі жеткен соң, кейбір қырғыз археологтары Бұрананы Баласағұнмен шатастырып жүр. Бұрын-соңды бұл қаланың Баласағұн бола алмайтынын В.В. Бартольд және басқа да шығыстанушылар ашық айтқанына тоқталып өттік.

Кенес үкіметі кезіндегі Ақбешім мен Бұрана қалаларындағы археологиялық зерттеулер кезіндегі кейбір жеңіл ойлар жетерлік, ғылыми деректермен дәлелденбеген, пікірлерге негізделмеген. Қырғызстан тарихшылары алдымен Ақбешімді, кейін Бұрананы Баласағұн деп жариялап, оны тарихи карталарға да салып көрсетіп жіберді. Қырғыз КСР-нің бес томдық тарихының 1-ші томында: «Баласағұнның қай жерде орналасқаны жөнінде ғалымдардың әртүрлі пікірлері бар. Олай болса, Тоқмақтан қашық емес жерде орналасқан Бұрана Баласағұн болуы керек». Бұл пікірді болжау деп қана қарауға болмайды, себебі осы кітаптың көп жерінде Бұрананың Баласағұн екенін ашық жазған және картадан көрсеткен. Осыған қарамастан, кейінгі жылдары Бұрананы Баласағұн деп ғылыми еңбектер мен көркем әдебиеттерде айтылып келе жатыр. Мысалы, белгілі Қарахан қағанатының тарихын зерттеуші О. Қараев: «Біздіңше бұрынғы Қарлұқ мемлекетінің орталығы болған (Шу өңіріндегі Бұрана қалашығы) қаласын алдымен қарахандықтар жаулап алған»¹.

О. Қараев осы монографиясында, басқа да еңбектерінде Ақбешім (Баласағұн) деген пікірді емес, Бұрананың Баласағұн екеніне күмәнданбайды. Оны өзінің «Қырғызстан маданияты»

¹ Қараев О. История караханидского каганата. - Фрунзе, 1989; О местонахождении города Баласагуна // Сб. Средневековые города Средней Азии и Казахстана. - М.-Л., 1970. - 58-60 бб.

атты мақаласында жазып, біздің пікірімізді сынға алады. М. Қылабековтің «Баласағұн кімдікі?» деген мақаласы жарияланды. Осындай мақалалармен Баласағұн проблемасын шешу мүмкін емес. Баласағұнның ертедегі түріктер салған қала екенін, ірі мәдени орталық болғандығын дәлелдеудің мәні зор. Егер де Баласағұн Қырғызстан жерінде орналасқан қала екені рас болса, оны ақиқат ғылыми деректермен дәлелдеу керек. Бұрананың Баласағұн екеніне күмәндайбайтын қазақстандық К. Байпақов сияқты ғалымдары да бар. Ол өзінің еңбектерінде ғылыми дәлелденбеген пікірінен қайтқан жоқ¹.

Бұл пікірді қолдаушылардың тағы бірі М. Елеуов: «Баласағұнмен баламаланып жүрген келесі қала ортағасырлық Ақтөбе У.Х. Шәлекеновтің бірқатар мақалалары мен еңбектерінде Ақтөбе қаласы тарихи Баласағұнмен баламаланған. Ақтөбе - түрік керуен жолына солтүстікке 45 км жерде, Ақсу мен Қарабалта өзендері жағасында орналасқан ұзын қорғанды қала. Тарихи-топографиялық құрылымы жақсы сақталған, көлемі жағынан Шу өңіріндегі үлкен қалалардың бірі. Ақтөбенің әртүрлі бөліктерінде жүргізілген стратиграфиялық және кен көлемді қазба жұмыстарының нәтижесінде қаланың VI-XIII ғғ. бас аралығында өмір сүргені анықталды. Біз Ақтөбе қаласының түрік керуен жолынан солтүстікке 45 км жерде орналасқанын, оның төңірегінде аттары жазба деректерде аталған ортағасырлық қалалар мен елді мекендердің жоқтығын және бұл қаладағы тіршіліктің XIII ғ. басында-ақ тоқталғанын ескере отырып, Ақтөбе Баласағұн деген пікірге қосыла алмаймыз. Сөз жоқ, Ақтөбе - Шу өңіріндегі аса үлкен қалалардың бірі, оның қорғаныс жүйесі жан-жақты ұйымдастырылған, Тасөткелге баратын керуен жолында тұрған қала ретінде оның аты жазба деректерден табылатынына сенгіміз келеді².

Жоғарыда тоқталып өткеніміздей, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археологиялық экспедициясы Ақтөбе ескерткішін 1974 жылдан бастап зерттеп келе жатса,

¹ О древних городах Суяб и Баласагуна//ВАН КазССР. 1976. № 1.

² Елеуов М. Шу мен Талас өңірлерімен ортағасырлық қалалары (VI-VIII ғ. басы). - Алматы, 1998. - 188-189 бб.

соның белсенді қазушыларының бірі М. Елеуов болатын. Ақтөбенің көптеген сырлары мен қырлары осы зерттеушінің көз алдында ашылды. Ол өзінің археологиялық зерттеуін осы Ақтөбеден бастап, мол жинаған деректерге негізделіп кандидаттық және докторлық диссертацияларды қорғаған азамат. Соған қарамастан, М. Елеуовтің Ақтөбеден табылған деректерге дұрыс, ғылыми мән бере алмағанына қайран қаламын. Бұл олқылық жоғарыдағы М. Елеуовтің тұжырымынан байқалады: 1) Ақтөбе Түрік керуен жолынан 45 км қашықта жатқанын айтқан. Тасөткелдегі Тасқаланы М. Елеуовтың өзі қазды. Бұл солтүстік Ұлы Жібек жолындағы тарихи өткел және сол жердегі қала. Ол Ақтөбенің солтүстік шетімен жалғасып жатыр. Солай болса, бұл қала әйгілі сауда жолында орналасқан; 2) Баласағұнның төңірегіндегі әдебиеттерде көрсетілген қапалардың жоқ екенін тілге тиек еткен. Бұл қаланың төңірегіндегі қалалардың көп болғанын айтқан деректер бар. Бірақ, тілекке қарсы, олардың аттары аталмаған. Тек Баласағұнның төңірегіндегі тарихи жер атамалары М. Қашқариде бар. Оларға төменде арнайы тоқталамыз. Қазіргі кезде де Ақтөбенің төңірегіндегі Қырғызстан және Қазақстан жерлерінде қалалардың орындары көп. Олардың кейбіреулері: Қарақыршын, Қырықүй, Соқлық, Степное және т.б.; 3) XIII ғ. басында Ақтөбе өмір сүруін тоқтатқанын айтқан. Біздіңше де 1210 жыл Гурхан (қарақидандар) кезінде қирап, одан кейін де бүлінген күйінде жасаған. Бірақ бұдан кейін Баласағұн астана болмаған. Бұл кезде қарақидандарды Шыңғысханның жаулап алғаны баршаға мәлім. Оның Баласағұнды (1218) билегені тарихнамаларда бар.

Ұзақ жылдар бойы Ақтөбедегі археологиялық қазбаларға және ел арасынан жиналған ономастикалық деректерді жинауда куә болған маман-археолог М. Елеуовтің, кейбір құнды деректерді еске алмағанын түсіну қиын. Ақтөбенің төңірегінде табылған тарихи жерлерді Бұрананың төңірегіне кім алып барып орналастырар екен. Мұндай жерлерді солтүстік Қырғызстан жерінен де табу екіталай.

Біздіңше, Ақбешім және Бұрана екеуі қосылып, Сужабты (Суябты) құраған. Бұл пікір тарихи деректерге тура келеді. Мәселен, Кудамы ибн Жафар өзінің «Китаб әл-Харадж» атты еңбегінде: «Сужаб екі қаладан (селениеден) тұрады. Біреуін

Кубал, екіншісін Сагур Кубал деп атайды. Сагур Кубалдан Барсаханға, одан әрі Қытай шекарасына дейін түйемен 15 күндік жол...»¹. Әбу Райхан Бирунидің картасынан Барсахан 93° бойлықта, 46°30' ендікте орналасқан. Ендеше осы күнгі Ақбешім бұрыны Сужаб (Суяб) Барсаханнан қашық емес². Ақбешім мен Бұрана өзара жақын орналасқан. Оны қазірдің өзінде де байқауға болады. Ақбешімнен Ыстықкөлге қарай жүргенде Барсахан қаласының орнын көруге болады. Сондықтан Кудамы ибн Жафар Сужаб пен Барсахан қалаларының онша қашық емес екенін дұрыс көрсеткен. Ақбешімнің үстіне шығып, жай көзбен қарасақ, екі қаланың қаз-қатар орналасқаны анық байқалады. Бұл екі қаланың біреуі - қазіргі Ақбешім, бұрынғы Сагур Кубал болса, екіншісі - Бұрана, бұрынғы Кубал болуы керек. Бұл пікір ғылыми тұрғыдан анықталуы тиіс. С.Р. Кляшторныйдың болжауына біздің пікір тура келеді. «Батыс түрік қағанаттарының астанасы Сужаб қаласы болған, (яғни, Тоқмақ қаласының қасындағы қазіргі Ақбешім)»³.

Афрасиаб әулеті болып саналатын Қарахан империясының бас астанасы Баласағұн болып, IX-XIII ғасырларда ірі мәдени-экономикалық орталық болғанына дау жоқ. Ол туралы тарихи, әдеби деректер де кездеседі.

Көптен бері шешілмей келе жатқан тарихи мәселелердің бірі - Баласағұн қаласының тарихи орнын табу. Оны шешуге тырысқан ғалымдар да аз емес. Олар өздерінің қолға түсірген мәліметтеріне сай түрлі болжамдар, жорамалдар ұсынғанмен, бізге дейін бұл проблема әлі де шешімін тапқан жоқ. Осыған сәйкес В.В. Бартольдтің Баласағұн туралы пікірі шындыққа жақын келеді. Өйткені ол Баласағұн қаласының орнын Тараз қаласының солтүстік-шығысындағы Шу өзенінің бойынан іздеуді ұсынған. Баласағұнның Ақбешім болу мүмкіндігі туралы

¹ Волин С. Сведения арабских источников IX-XIV вв. О долине реки Талас и смежных районах // ТИИАЭ. Т. VIII. - АлмаАта, 1960. - 77-б.

² Бируни А.Р. Конури мас'уди // Танланған асарлар. Т.К. I. - Ташкент, 1975. - 428-б.

³ Кляшторный А.Р. Генеология и хронология западно-тюркского и тюркского каганатов. V-VIII вв. // Из истории древне-тюркского Киргизстана. - Фрунзе, 1985. - 164-б.

пікірлерді де қорытындылап, В.В. Бартольд Бұрананың Баласағұнмен шатастырмау керектігін де баса айтқан.

Ал А.Н. Бернштам болса осы мәселені шешкен болып, Ақбешімді Баласағұн деп жариялап жіберген. Алайда кейінгі жылдардағы зеттеулер бұл пікірді әшкереледі. Енді не болды? Әрине, осындай өзара қайшы пікірлер оқырмандарды алаңдатушылыққа ұшыратып, бұрынғы мәселені одан да шиеленістіре түсті. Л.Н. Гумилев «Көне түріктер» атты монографиясының «Пікірлер мен күдіктер» деген тарауында А.Н. Бернштамға келесідей мінездеме берген: «Фактілер мен даталарға бейберекет қарағандықтан да, А.Н. Бернштамның мақалалары мен кітаптары ғылымға онша пайда келтіре қойған жоқ»¹.

Л.Р. Қызыласовтың Ақбешім мен Бұрананың Баласағұн бола алмайтыны туралы қорытындысын біз құптаймыз. Өйткені орта ғасырдағы Баласағұн туралы деректерге, соның ішінде географиялық тұрғыдан сипатталған ұзындық пен ендікке жақын келмейді. Қала Тараздың солтүстік-шығысында 250 км аралықта болуы тиіс. Олай болса, осы күнгі ортағасырлық Шудың орта ағысынан Ақтөбе қаласы болуы керек. Осы деректерге қарағанда Баласағұнның көлемі үлкен болған. Белгілі 1210 жылы Тараз қаласының жанында Талас өзенінің жағасына Мұхаммед Хорезмшах пен Баласағұн билеушісі Гурхан мен екі ортада қанды соғыс болып, нәтижесінде Гурхан жеңіліп, Баласағұнға қайтып оралғанда қала тұрғындары өз ханын қалаға жібермеген. Хан тұрғындармен 16 күн соғысып, ақыры қалаға кіріп, Баласағұнды 3 тәулік бойы өртеп, 47 мың белгілі адамын өлтірген. Осының өзі-ақ Баласағұнның астаналық қала болғанын дәлелдейді. Шу өңіріндегі бізге белгілі ортағасырлық қалалардың қатарында өзінің көлемі жағынан біз зерттеген Ақтөбе қаласына тең келері жоқ. Тарихи деректерде Баласағұн Ұлы Жібек жолының бойындағы ірі түркі қалаларының бірі болған. Оның іргетасы ертеде салынып, осы ұлы жол бойындағы тарихта белгілі ірі қалалармен бірге дүниеге келген. Біраз әдеби, тарихи деректерде Баласағұн Қарахан әулеті кезінде пайда болып, оның басты астанасы болғаны баяндалады. Соған

¹ Гумилев Л.Н. Көне түріктер. - Алматы, 1994. – 93-б.

негізделе отырып, Баласағұнды іздеушілер оны IX-XII ғғ. жатқызып, сол ғасырға тура келетін археологиялық мәдениетті тілге тиек етеді. Біздіңше, Баласағұнды сәулендіретін ортағасырлық қала бірнеше қабатты археологиялық ескерткіштер болуы тиіс. Оның астында антикалық, үстінде ортағасырлық қабаттар болуы керек. Ол қабаттардың ең үстінде Қарахан дәуірінің мәдениеті жайласқан. Яғни, IX-XII ғғ. мәдениеті. Баласағұнның ең гүлденген, өркендеген уақыты осы Қарахан әулеттерінің кезі. Олардың алдында өмір сүрген түргештердің (сары үйсіндердің), қарлұқтардың мәдениеті де Баласағұннан орын алған. Бірақ, ол кездің мәдениеті төменгі қабаттарында жатыр. Баласағұн қаласы антикалық, ортағасырлық мәдениетті өзінің бойында сақтаған ұлы археологиялық ескерткіш ретінде қараған жөн. Ол Қарахан әулеті кезінде гүлденген. Гурхан тұсында қираған. Өйткені бұл қала олардың тұсында да ірі экономикалық және мәдени орталық болған. Міне, осы пікірлерді көп жылдар бойы зерттеліп келе жатқан Ақтөбеден табуға болады. Баласағұн Самарқанд, Ташкент, Испиджаб (Сайрам), Тараз сияқты қалалардың замандасы. Олардың тарихы 2000 жылдан асады.

8.2. Баласағұндағы археологиялық зерттеулер

Ақтөбе (Баласағұн) ертедегі ортағасырлық ескерткіш ретінде «Қазақстанның археологиялық картасына» енген. 1941 жылы археолог Г.И. Пацевич Ақтөбеге барып, онда барлау жұмысын жүргізіп, жалпы мәлімдемені төмендегіше берген: Ақтөбе биікте жатыр: солтүстік жағы – 265 м; шығысы – 250 м; оңтүстігі – 255 м және батысы – 208 м. Оның төңірегінің биіктігі – 1,5-2 м. Қырат жерден қазылған ормен қоршалған. Ортасында төрт бұрышы тең емес, трапеция түріндегі биік цитадельдің орны бар. Оның ұзындығы: солтүстігі – 35 м; батысы – 60 м; оңтүстігі – 80 м және шығысы – 50 м. Цитадельдің төрт бұрышында биіктігі 5-9 метр шамасында мұнара болған. Шахристанның төңірегінде 2,5 шақырым көлемінде рабад орналасқан, оны ені 10-20 м; тереңдігі 2,5-3 метрдей ор (қамал) қоршаған. Осы

деректерге сүйеніп, Г.И. Пацевич Ақтөбе қонысы VII-XIII ғасырларда жасаған деген тұжырымға келген¹.

Г.И. Пацевичтің мақаласында Ақтөбе қонысы жөнінде аз да болса тыңғылықты мағлұмат берілген. Ол ескерткішті өзінше өлшеп, қарапайым көзбен қарап, Ақтөбеге жалпы шолу жасаған. Археолог бұл жерде қазба жұмысын жүргізбеген. Сондықтан қаланың жалпы көлемін, оның ішіндегі цитадель, шахристан және рабадты, оны қоршаған ордың (камалдың) ұзындығын толық көрсете алмаған. Қолға түскен деректер жеткіліксіз болған соң, Ақтөбенің өмір сүрген дәуірі нақты айтылмаған.

Содан соң 1954 жылы П.Н. Кожемяко Ақтөбе қонысын зерттеп, оған Степнин қалашығы (Ақтөбе) деп ат берген. Степнин деген Ақтөбенің батыс түстігіндегі, Қырғызстанға қарайтын орыс селосының аты. Осы селоның атымен Ақтөбені (Баласағұнды) атап, оның үлкен ортағасырлық қаланың орны екенін, ол бекініспен қоршалғанын автор нақты көрсеткен және ескерткіштің схемалық жобасын жасаған².

Археологтың схемалық жобасында Ақтөбе қаласын қоршаған бекініске (орға) айрықша көңіл бөліп, оның жобасын қағазға түсірген және жалпы ордың ұзындығы 39 шақырымға жететінін көрсеткен. Бізге дейін сақталып келген ордың тереңдігі – 3-3,5 м; оның табанының ені – 18-20 м. Орды қоршаған су жүйелерінің ені – 8-10 м; тереңдігі 0,6-0,8 м өкенін баяндаған.

П.Н. Кожемяко Ақтөбеге жалпы шолу жасап, оның көлеміне, қоршаған бекініске көңіл бөлген. Қаланы барлау үшін қоршаған орды 3 жерден қазған. Ішкі қоршаудың үстіңгі ені – 4,4м; тереңдігі 2,5 м. шамасындағы жерде қазба жұмысын жүргізіп, бұзылмай тұрған кезінде бекіністің тереңдігі 5-6 м болуы мүмкін деген пікір айтқан³. Бұл бекініс (орлар) бірнеше қабаттан тұратынын көрсеткен. Бірақ археолог Ақтөбедегі бекіністерді толық көрсете алмаса да, қаланың үлкен екеніне, оның бекіністері айтарлықтай мықты екеніне айрықша көңіл бөлген.

Одан кейін Ақтөбенің ең үстінен 4,19 м шұңқыр қазып, оны тереңдеткен. Қазғанда табылған археологиялық заттарға

негізделіп, Ақтөбе IX-XII ғасырлардың қаласы деген тұжырымға келген¹. Осы археологиялық шолудың нәтижесінде, П.Н. Кожемяко Ақтөбенің цитаделі мен шахристаны жоқ, Ақтөбе деп аталатын биік төбе феодалдардың мекені және әскери бекінісі болса керек деген болжауды айтқан². Ғалымның пікірінше, барлық ортағасырлық қалалардың цитадельдері және шахристандары бір тектес болу керек деген түсінік болған сияқты. Кейінгі жылдардағы осы ғалым әр қаланың өзіне лайықты ерекшеліктердің болатынын байқамаса керек. Археологиялық зерттеулерге қарағанда, ортағасырлық қалалардың цитадельдері мен шахристандары әртүрлі етіп салынғаны анықталды.

1941 жылы Г.И. Пацевичтің Ақтөбе қонысы жөніндегі берілген алғашқы археологиялық деректерге қарағанда, П.Н.Кожемяко бұл қонысты жан-жақты барлап, тереңірек зерттеп, оның өте үлкен, ортағасырлық қалалардың қалдығы екенін айтқан³. Дегенмен, Ақтөбе қонысына ғылыми тұрғыдан мінездеме бере алмаған. Сондықтан да Ақтөбе қонысы IX-XII ғасырлардың ескерткіші деген пікірі болғанымен, оның жасаған өмірін толық дәлелдеп айта алмаған.

П.Н. Кожемякодан кейін Ақтөбе қонысын ешкім зерттемей, сол күйінде қала берген. 1967-1968 жылдары Жамбыл облысының жерді суландыру шаруашылығы Ақсу өзенін бөгеу, Ақтөбе қаласының ортасынан су қоймасын салмақшы болып, қоныстың орталығы цитадельді, оны қоршаған шахристанды қазіргі заманның техникасымен қазып, оны біршама бүлдірген. Рабадты қақ жарып, ұзындығы 3 шақырым, ені 100-150 м канал қазған. Жүргізген қазба жұмысы кезінде археологиялық бұйымдар шыға берген соң, басшы орындардың нұсқауы бойынша бұл жұмысты уақытша тоқтатқан. Бірақ та осы жұмыс кезінде талай ескерткіш бүліншілікке ұшыраған, бірнеше қоныстардың орындары бұзылып ойрандалған. Міне, осы күйінде Ақтөбе қаласы бізге жеткен.

Тек 1974 жылы С.М. Киров (Әбу Насыр әл-Фараби) атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің археологтары Ақтөбені

¹ Археологическая карта Казахстана. - Алматы, 1960. - 282-283 бб.

² Кожемяко П.Н. Раннесредневековые городища и поселения Чуйской долины. - Фрунзе, 1959. - 114-б.

³ Сонда. 116-б.

¹ Сонда. 117-б.

² Сонда. 118-б.

³ Сонда. 116-б.

көріп, оның үлкен қала екеніне көздері жетіп, осы жылдан бастап Ақтөбеде археологиялық қазба жұмыстары қайта жанданды. Сол жылы ұйымдастырылған «Университеттің археологиялық экспедициясы» (УАЭ) жоспарлы түрде әр жылы зерттеу жұмыстарын Ақтөбе қонысында ұзақ уақыт бойына жүргізіліп келеді.

Ақтөбенің жалпы көлемін анықтау үшін 1980 жылы 5 мамырдың ұшақпен масштабы 1:2000 аэрофотосы түсіріліп, қаланың көлемі анықталды. Аэрофотоға Ақтөбе қонысының барлық орталығы түгел алынды. Сурет сапалы түсірілген. Оны зерттеп, бір жүйеге, тәртіпке келтіріп, Ақтөбенің кіші және үлкен картасы жасалды. Оның кіші (микро) картасын беріп отырмыз.

Осы кішірейтілген картада Ақтөбенің орталық жерінің көлемі 70 шаршы шақырым екені көрсетілген. Қала ормен бірнеше рет қоршалған. Әсіресе, Ақтөбенің батыс жағының бекінісіне көп көңіл бөлінген. Ордың сыртынан ені 8-10 м су жүйесін жергілікті тұрғындар Дода (рудың аты) тоғаны деп атайды. Одан аққан су егістік жерлерді суарумен қатар, қаланың қорғаны да болған. Қала бірнеше қабат ормен қоршалған. Оған қоса саздан соғылған қорған – дуал бар. 700-800 жылдай қирап жер астында жатса да, биіктігі 4-5-6 м және ені 18-20 метрлік бұл дуал жақсы сақталған. Жалпы картада көрсетілген қорғанның ұзындығы – 52 шақырым. Қалаға кіретін бірнеше қақпалар (дарбазалар) болған. Бекіністің тек ішінде ғана емес, оның сыртында да көптеген қала тұрғындарының мекен еткені байқалады. Олардың қоныстары үлкенді-кішілі төбелер болып қазірге дейін сақталған. Ол төбелердің арасында табиғи төбелер кездеспейді, барлығы да қоныстардың қалдығы. Бұл тәрізді төбелер көп. Олардың аралары шамамен 25-80 м қашықтықта орналасқан. Бекіністің ішіндегі және сыртындағы сансыз төбелер қоныстардың орны болып, олар бір-бірімен тығыз байланыста екені анықталды. Ол қоныстардың жанында тұрғындардың қора-қопсылары, бау-бақшалары және тұрмысқа қажетті құрылыс орындары салынған. Қаланың тұрғындары қазіргідей баспаналарын көшенің екі жағына салған, ұшақтан түсірілген картада осы қоныс орындары, егістік жерлері, суару жүйелері және көшелер жақсы, анық көрінеді. Қаланың төңірегін көптеген қарауыл төбелер қоршаған және олардың аралары 1-2

шақырымнан аспайды. Мысалы, бұндай Бозжорға биіктігіндегі екі қарауыл төбені зерттедік. Жеті жардың үстіндегі биіктерде бірнеше қарауыл орындары болған. Соған қарағанда сақшылар бір-бірімен дамылсыз хабарласып тұрған. Олардың кейбіреулерінің құрамын зерттегенде, бұл төбелер саз балшықтан соғылғаны байқалды.

Ұшақтан түсірілген Ақтөбе қаласының картасына сипаттама беріп, қаланың гүлденіп өскен кезеңіндегі тұрғындардың санын шамамен жобалауға болатынын белгілі ұшақпен суретке түсіру маманы К.В. Шишкин өзінің мақаласында жазған болатын. Оның берген есебіне көңіл аударайық. Қаланың орталығындағы салынған құрылыстың көлемін 700 гектар деп алсақ, Таяу Шығыстағы мұсылман елдері қалаларының тұрғындары бір гектар жерде 500 адам тұрған болса, осы есепті негізге алып, Ақтөбенің орталығындағы жердің көлемін 70 гектар деп алсақ, Ақтөбе қаласында 350 мыңдай адам тұрған. Тағы да мұсылман елдерінің есебі бойынша, бір гектар суармалы жерде 50 адам тұрса, Ақтөбедегі суармалы жердің көлемі 1500 гектар мөлшерінде. Олай болса, егістік жердегі қала тұрғындарының саны 75 мың адамдай болуы тиіс. Жиілете салынған үйлердің орны 1000 гектарға жетеді. Мұндай жерде 250 мың адам тұрған. Бәрін қосқанда, Ақтөбеде 675 мың адам өмір сүрген. Қала қорғанының сыртындағы жерді қоса есептегенде, Ақтөбенің жалпы көлемі 150 мың гектар болса, қала тұрғындарының саны бір миллионнан асады. Бұл әдіс жалпы қала халықтарын есептеп шығару заңдылығына қайшы келмейді¹. Қазақстан жеріндегі ортағасырлық қалалардың археологиялық жақтан зерттеле бастағанына көп жыл болған жоқ. Сондықтан болар, әлі де еліміздегі сол кездегі қалалардың тұрғындарының саны ғылыми тұрғыдан шешілмеген мәселе. Оған қосымша «көшпелі қазақтардың» қалаларында тұрғындар аз болған деген жалған пікірлердің де әсері болуы тиіс. Бұл мәселеде К.В. Шишкин күрделі болжауын алғашқы болып беріп отыр. К.В. Шишкиннің бұл келтірген демографиялық есебін көпшілік тарихшылар

¹ Шишкин К.В. Камеральное обслуживание городища Актобе с помощью аэрометода // Средневековые города Южного Казахстана. - Алма-Ата, 1986. - 111-129 бб.

шындыққа тура келіңкіремейді деген пікірді айтады. Мұндай күмәндандудың да жөні бар сияқты. Осы күнге дейін Орта Азияда осынша көп адам қоныстанған қалалардың бар екенін ешкім жазбаған. К.В. Шишкин осы қаланы тарихта белгілі, Алдыңғы Азияның ірі қалаларымен салыстырып, XII ғасырдағы Ақтөбе тұрғындарының есебін шығарған. Бұл есеп орта ғасырды зерттеп жүрген қазіргі тарихшылардың пікіріне тура келмейді. Мәселен, К.М. Байпақов Қазақстанның оңтүстігіндегі ірі орта ғасырлық қалалардың тұрғындарының санын төмендегіше берген: Таразда (Таласта) - 10 мың, Отырарда – 15,5 мың, 17,460 адам тұрған; Испиджабта (Сайрамда) – 40 мың; Баласағұнда – 6 мың; Шелекте – 1,2 мың; 5 мың, Сүмбеде – 2,2 мың; Дүнгенде – 5600; Антоновскийде – 13 мың адам тұрғанын айтады¹. Бірақ бұл келтірілген қалалардың тұрғындарының есебіне де күмәндануға болады. Себебі, көрсетілген тұрғындардың санын қандай деректерге сүйеніп алғанын К.М. Байпақов көрсетпеген. Біздіңше, Орта Азиядағы және Қазақстандағы орта ғасыр қалалары тұрғындарының саны дұрыс көрсетілмеген. Жоғарыда келтірілген Ақтөбе картасындағы ұзындығы 52 шақырымнан астам бекіністі 6 мың тұрғыны бар Баласағұн қаласының адамдары тұрғыза ала ма? Осындай сұрақтарды аты аталған қалалардың бәріне де қатысты қоюға болады. Өйткені отаршылдық жылдары біздің аймаққа келген Ресей империясы ғалымдарының көпшілігі жергілікті халықтардың отырықшы мәдениеті жоқ деген пікірді ұстанғандықтан, орта ғасырдағы қалалар тұрғындарының санын анықтауға көңіл бөлмеген. Басқасын былай қойғанда, Орта Азия халықтарының тарихын жазуда үлкен үлес қосқан белгілі шығыстанушы академик В.В. Бартольдтың еңбектері де осындай көзқарастан құр емес екенін байқауға болады. Тіпті, кеңес ғалымдары да осы пікірге жүгініп қазақ халқы көшпелі, шетінен сауатсыз, жазу-сызуы бұрын болмаған деген ұғымды заңды себеп ретінде айтып келгені баршаға мәлім. Осындай көзқарастың негізінде ертедегі, орта ғасырдағы Орталық Азиядағы қалалардың тұрғындарының санын тура көрсету мүмкін емес. Көптеген тарихшылар, археологтар өздерінің

¹ Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. -Алма-Ата, 1966. - 159-161 бб.

зерттеген археологиялық қоныстары мен қалалардың тұрғындарын аз етіп көрсетуге тырысады. Керек десең, бұл тұрақты мекендерді соғдылар салып кеткен деген жалған пікірді айтушылар да әлі де баршылық.

Ерте заманнан бері талай өркениетті басынан өткерген, Орталық Азияда жүз мыңдаған тұрғындары бар қалалар неге болмауға тиіс? Самарқанд, Бұқара, Испиджаб, Баласағұн, Отырар, Сауран, Сығанақ және т.б. шаһарлар саяси, экономикалық және мәдениеттің дамыған орталықтары болған. Бұл регион жеріндегі ертедегі ескерткіштері тек соңғы 50-60 жылдардың ішінде ғана зерттеле бастады. Бұл археологиялық ғылым үшін көп мерзім емес. Алдағы уақытта археологиялық зерттеулер орта ғасыр тарихынан көптеген жаналықтар әкелетіні сөзсіз. Соның бірі Баласағұн (Ақтөбе) дер едім. Мәселен, осы қаланың маңындағы суару жүйесі егіншілік мәдениетінің жоғары дәрежеде дамығанын дәлелдейді.

Ұзақ жылдар Баласағұнды зерттеуде су жүйелері туралы біршама деректер жиналды. Қала тұрғындарының күшімен ірі-ірі су жүйелерін салған. Солардың ең үлкені - Дода, Қожай, Оразалы каналдары (тоғандары). Олар сол су жүйелерін қазған рулардың атымен аталған. Ұлы жүздің бұл руларының ұрпақтары осы күндерге дейін Баласағұн ауыл шаруашылық бірлестігінде (бұрынғы Калинин колхозында) тұрады. Сол рулардан қалған ертеден келе жатқан су жүйелері екендігін де дау жоқ.

Дода каналы бастауын Ақсудың өрінен алып, қаланың оңтүстік-батыс жағын жағалап, Қарабалтаға құяды. Бұл канал Ақтөбенің биік жағынан, Бозжорға қыратының етегімен жүріп, Ақсудың сол жағынан Қарабалтаға дейінгі қоныстарды, қаланы сумен қамтамасыз еткен. Қала тұрғындары кіші су жүйелерін Дода тоғанынан алып, сол су жүйелері арқылы егістік жерлерін, малдарын суарған. Сондай-ақ, ауыз сулары, бау-бақшалары осы канал суымен қамтамасыз етілген. Ірі-ірі отбасыдары, ханзадалар су құбырлары арқылы қажетті суларын алып отырған. Қожай, Оразалы каналдары Ақсудың оң жағын жағалап, сол жердің тұрғындарына су жеткізген. Бұл су жүйелері осы уақытқа дейін жұмыс істеп келген. Олардың су жүрген жүйелері қазірге дейін жақсы сақталған. Кейбіреулері пайдаланбаған соң құрғап қалған. Ақтөбенің су жүйелерін археолог В.А. Грошев сипаттап

жазып, мақала етіп жариялады¹. Осы тоғандардың бойына су диірмендерін құрған. Олардың орны, керек десе диірмен тастары осы күннің өзінде де өз орындарында жатыр. Су диірмендерінің тұрмыста кең көлемде пайдалануы, Ақтөбе қаласы маңында егіншіліктің мол болғанына дәлел. Олардың біреуі соңғы жылдары қайта құрылды. Оны сол жердің тұрғыны Мусаев құрастырды.

Орта Азия және Қазақстандағы ортағасырлық қалаларға, әсіресе Ұлы Жібек жолындағы шаһарларға ғалымдар, саяхатшылар жиі-жиі келіп тұрған. Олар осы қалалар жөнінде аздықтанды құнды деректер қалдырғанын жоғарыда тоқталғанбыз. Ортағасырлық үлкен қалалар үш бөліктен құралғанын арабтың ұлы географы Ибн Хаукал жазған. Ол Ферғана қаласының құрылысын былайша суреттеген: «Ферғананың орталығында кукендиз (цитадель), оны қоршаған медина (шахристан), оның төнірегінде рабад орналасқан. Әмірдің үйі және түрме кукендиздің ішінде... Ферғана аймағында кукендизсіз бірде-бір қала жоқ».

Тарихта белгілі, Ферғана көрші аймақтарға да өзінің ықпалын жасаған, Ақтөбе де бұдан құр алақан емес екені ақиқат. Соның айғағы Ақтөбеде үш бөліктен құралған. Қаланың қақ ортасында, Ақсу өзенінің сол жағында биіктігі жердің бетінен 20 м үлкен төбе бар. Оны жергілікті тұрғындары кейінгі кезде Ақтөбе деп атап кеткен. Бұл төбе қаланың цитадель (кукендизі). Оның солтүстік жағы – 35 м; батысы – 60 м; оңтүстігі – 80 м; шығысы - 50 м. Жалпы цитадельдің көлемі – 7-8 гектар. Шахристанның көлемі – 20 гектар. Бұл қаланың шахристаны мен рабадтары XX ғ. 60-жылдарында бұзылғанын жоғарыда айтып өттік. Сондықтан да шахристанның бұл көрсетілген көлемін болжам деп қарау керек. Себебі, Ақтөбе шахристанының өз алдына ерекшелігі бар. Тек цитадельді қоршаған шахристанның көлемі көрсетілген. Ұзақ жылдар бойы зерттелудің барысында, қала цитаделінің көлемі 60-70 га болуы керек. Ол цитадельдің оңтүстігіндегі үлкен төбе, оның батысындағы үстінен канал жүргізілген төбелерде шахристанға кіруі тиіс деген пікірдеміз. Бұл төбелер цитадельмен жалғасып

¹ Грошев В.А. Ирригация Ақтөбе (Чуйская долина) // Средневековые города Южного Казахстана. - 129-137 бб.

жатқаны байқалады. Цитадельдің батысындағы шахристанда күйдірілген кірпіштен соғылған үйдің орны бар. Жергілікті тұрғындар ұзақ жылдар бойы осы жерден кірпіш алып, содан үйлеріне пеш салған, едендеріне төсеген. Бұндай күйдірілген кірпіштен үйлерді салу Қарахан әулеті кезінде ен жайған. Осындай үйдің орны бар екенін В.В. Бартольд те байқаған. Қаланың қалған жері рабад. Ол үлкен көлемдегі жерді алып жатыр.

1974 жылдан бері 35 жыл өтті. Осы жылдардың ішінде университеттің археологтарының басқаруымен, тарих факультетінің студенттерімен және уақытша қабылдаған жұмысшылардың күшімен әр жылы 2-3 ай бойына Ақтөбеде қазба жұмыстары жүріп келеді. Бұл зерттеу жұмыстары цитадельде, шахристанда және рабадта жүргізілуде.

Ақтөбе (Баласағұн) шаһарын зерттеуде атсалысқан археологтардың бірі М. Елеуовтың пікірі: «1974 ж. бастап Шу өңіріндегі ортағасырлық Ақтөбе қаласындағы зерттеулерді әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің археологиялық экспедициясы (УАЭ жетекшісі профессор У.Х. Шәлекенов) жүргізіп келді. Ұзақ жылдар жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде ортағасырлық қаланың тарихи-топографиялық құрылымы анықталып, оның әр түрлі бөліктерінде археологиялық қазба жүргізілді. 1976-1990 жж. аралығында қаланың цитаделінде үш стратиграфиялық кесік және 8 қазба жүргізіліп, оның VI-XIII ғғ. бас кезінде өмір сүргені анықталып, үш хронологиялық кезеңде (VI-VIII ғғ. бірінші жартысы; VIII ғ. екінші жартысы - X ғ.; XI-XIII ғғ. басы) салынған бекініс (замок), қамалдар, мұнаралар, салтанатты сарай кешені, алаңдар, қақпа, монша, т.б. құрылыс қалдықтары ашылды».

Бұл зерттеуге М. Елеуов 1976 жылдан бастап кірісті, Ақтөбенің цитаделін және Төрткөл төбені қазуда ерекше күш жұмсады. Сондықтан да бұл ескерткіштің сырын ашуда, Н. Алдабергенов пен М. Елеуовтің белсенді зерттеу жұмыстарын атап өтуді жөн көрдім. Ақтөбенің үстінде орналасқан Сарай алаңын ашқанда қыруар күштер жұмсалды. Оның ұлтанына жетіп, Қарахан дәуірінің қыш кірпіштері төселгенін көрдік. Ол кірпіштер сол күйінде орындарында жатыр. Алаңды реставрацияласа болады.

Ақтөбе қаласының қай кезеңде салынғаны жөнінде бірнеше пікірлердің бар екенін жоғарыда атап өткенбіз. Бірақ бұл айтылған болжамдарды анықтау мақсатымен, ең алдымен, қаланың қай ғасырларда жасағанын білу үшін цитадельдің және шахристанның үстінен төмен қарай көлденең кесіп түсіп, табылған археологиялық заттарға сүйеніп, ескерткіштің өмір сүрген дәуірін анықтауға тура келеді. Ол үшін Ақтөбенің солтүстік-шығыс мұнарасының тұсынан жоғарыдан төмен қарай ені 7-8 м; тереңдігі 10-12, 5 м; ұзындығы 22 м көлемінде көлденең кесіп түсірілген. Бұл жұмыс үш жыл бойына созылды. Қазылған жер 22 қабатқа бөлінді. Кездескен заттар баспалдақ қабаттар бойынша есепке алынды. Қазба жұмысы цитадельдің жер табанына дейін жетті¹.

Осы археологиялық зерттеулердің нәтижесінде, цитадельдің көп қабаттан құралғаны анықталды. Оның сыртқы бекініс қабырғасы үш кезеңде салынған сияқты. Жерді тегістеп, топырағын нығыздап, оның үстіне 2 м биіктікте платформа (биіктеу алаң) соққан және еденінің ені 0,3 м келетін сазбалшықтан салған. Оның үстіне 49x27x9-10; 50x27x9-10; 50x23x10 см мөлшердегі күйдірілмеген кірпіштерден цитадельдердің бекініс қабырғаларын тұрғызған. Бірінші кезеңге жататын жерден әр түрлі қыштан жасалған ыдыстар табылды (үлкенді-кішілі құмыралар, ыдыстар, шырақтар және т.б. бұйымдар). Бұл ыдыстардың барлығы үй тұрмысында қолданатын қолөнершілердің қыштан жасалған бұйымдары. Олар Орталық Азиядағы Пенджикенттен, Қазақстандағы Отрар қалаларынан табылған VII-VIII ғасырларға жататын қыштан істелген ыдыстарға ұқсас келетіні байқалады. Олай болса, Ақтөбенің тұрғындары ертедегі орта ғасырда Орта Азия халықтарымен тығыз байланыста болған. Цитадельдің бесінші қабатының деңгейінен күлдің ішінен VII-VIII ғасырларға жататын түргештердің 5 мың теңгесі табылды. Бұл теңгелердің үш тіс тәрізді шеттерінде белгілері бар. Бұрынғы орта ғасыр қалаларынан сирек болса да табылатын түріктердің теңгесінде мұндай ерекшеліктер байқалмаған. Соған қарағанда, Ақтөбені өздерінің астанасы еткен түріктер осы

¹ Шалекенов У.Х. О раскопках на городище Актобе (1979-1983 гг.) // Средневековые города Южного Казахстана. - Алматы, 1986. - 15-18 бб.

қалада өздерінің ақшасын шығарған. Тарихта белгілі, біздің заманымыздың V-VI ғасырларында Жетісу, Шу, Талас өңірлерінде Түргеш (Сары үйсін) қағанаты жасаған¹. 603 жылы түріктер Шығыс және Батыс болып екіге бөлінбестен бұрын да, бұл жерлерде түрік тілдес тайпалар да мекен еткен. Ақтөбе Ұлы Жібек жолындағы қалалардың бірі болған.

Бұдан кейінгі екінші кезеңде цитадельде үлкен құрылыс мысы жүргізіліп, бекініс қабырғаларының қалыңдығы 4 м-ге жетіп, оның биіктігі 7-8,5 м биіктеген. Құрылыс жұмыстары цитадельдің кешенін толық қамтыған. Құрылыс қоспасында, оның салу тәсілінде айтарлықтай өзгерістер болмаған. Осы қазылған қабаттан көптеген археологиялық дүниелер шықты: құмандар, құмыралар, қазан, садақтың ұштары және басқа да бұйымдар бар. Бұл деректер Отырардан, Құланның табылған заттарға ұқсас. Табылған археологиялық қазбаларға қарағанда, цитадельдегі екінші кезең VII-IX ғасырларға тура келеді. Осы ғасырларда түріктерге қарлұқтар билігін жүргізген кезеңі. Дегенмен, түріктердің мәдениеті айтарлықтай өзгеріске ұшырамады, қарлұқтардың үстемдік еткен кезінде цитадельде үлкен құрылыс жүріп, ол бұрынғыдан да мықты бекініске айналған.

Үшінші кезеңде цитадель тағы да қайта жөндеуге ұшырап, өзінің сыртқы көрінісін, көлемін өзгерткен. Бекініс қабырғасының сыртынан қыш кірпіштен 49 x 27 x 9 - 10; 50 x 27 x 9 - 10; 50 x 23 x 10 см қосымша қабырға салынып, оның ені 10 м-ге жеткен. Осылай цитадель өте үлкен бекініске айналған. Қазылған қабырғаның ішінен көптеген археологиялық заттар шықты: қыштан істелген әр түрлі ыдыстар - құмыралар, қазан, мыс шырақтар табылды. Бұл заттар Орталық Азиядағы ортағасырлық қалалардан шыққан қыш бұйымдарына көпшілігі ұқсас. Соған қарағанда, цитадельдің үшінші кезеңі IX-XII ғасырларға тура келеді. Бұл шақ Қарахан және Қарақытай (Қарақидан) әулеттерінің үстемдік еткен кезеңдері. Жоғарғы қабаттағы мәдениет кезінде өзінің өркениеттік дамуына жеткен - Қарахандар дәуірі. Бұл кезде Ақтөбе (Баласағұн) өзінің гүлдену дәуірінде жасаған. Олардың орнын басқан қарақытайлар

¹ Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар. - Алматы, 1972. - 88-б.

(қарақидан) моңғол нәсілді халық болып, Баласағұнда 90 жылдай билік құрған. Олар қаланың дамуына еш ықпал жасамай, 1210 жылы оны өртеп ойрандағанына жоғарыда тоқталғанбыз.

Цитадельдің кешенін тереңірек анықтау үшін оның оңтүстік-шығыс бөлігінен ұзындығы 16 м; ені 1-1,5 м; тереңдігі 5,5 м жоғарыдан төмен қазып, табиғи жер тағанына жеттік. Бұл қазба жұмысы да жоғарыдағы тәсілмен жүргізілді. Цитадельдің бұл бөлігінен табылған заттар солтүстік-шығыс мұнара жақтан табылған археологиялық деректерге ұқсас. Бұл бөлікте де үш кезең ескерткіші байқалды. Бірінші кезеңнің қабырғасының биіктігі - 4,2 м; ені - 3 м, екінші кезеңнің қабырғасы бірінші қабырғаның сыртынан 4 м биіктеу, 2,3 м ұзындау салынған.

Оның сыртынан үшінші бекініс қабырғасы - 2,5 м биіктікте, ені - 1,7 м етіп салынған. Қазба кезінде көптеген археологиялық заттар табылды. Олар жоғарыдағы цитадельді қазғандағы қолға түскен материалдарға ұқсас. Соған қарағанда, цитадель кешенінің негізі бір мезгілде салынып, кейін қайта құрылысқа ұшырап отырған. Қарахандардың кезіне айрықша тоқталуға тура келеді. Себебі, осы дәуірде Қарахандар Қазақстанның шығысын, оңтүстігі мен Орта Азияны түгел билеп, қуатты мемлекетке айналған. Бұл кезде осы елдің экономикасы мен рухани мәдениеті гүлденіп өскен кезең екені тарихта талай жазылды. Бұл мемлекеттің астаналары Самарқанд, Қашқар және Баласағұн қалалары болған. Қарахан әулетінің ең үлкен ханы Баласағұнда тұрған. Қазіргі Ақтөбе деп аталатын қоныстың цитаделінің үстіңгі қабатынан табылған заттар - Қарахан дәуірінің мәдениеті. Ал қарақытайлар кезінде феодалдық өзара таластың күшейе түсуінен мәдениеті мен экономикасы төмендеп кеткенін байқаймыз.

Цитадель кешенінің өмір сүрген кезеңдерін анықтағаннан кейін, оны қоршаған шахристанның жасаған кезеңдерін шешу үшін оның солтүстік-шығыс шетінен жоғарыдан төмен қарай кесіп, ені 1,5 м; ұзындығы 22 м; тереңдігі 8,5 м көлемде қазба жұмысы жүргізіліп, оны батысқа қарай ені 7 м кеңейтіп қазды. Зерттеу кезінде мәдени қабаттан көп құнды заттар табылды. Сол қолға тиген деректермен бірге шахристанның бекініс қабырғаларының салыну тәсілдерін зерттеген кезде, шахристанның төрт кезеңді басынан өткергені байқалады. Шахристанның бекініс

қабырғалары сазбалшықтан құйып соғылған. Тек үшінші, төртінші кезеңдерде қабырғалары биіктетілген, қалыңдатқан, оған қыш кірпіштерді қолданған. Олардың көлемі 49-50x24x7-8 см; 42x25x8-10,5; 44x22-23x9; 45x24x10-10,5; 46x8-9 см болып келеді. Қазба кезіндегі табылған құмыралар, құмандар, ыдыстың қақпақтары, олардың тұтқалары, түргеш теңгелері және т.б. Заттарға қарағанда, шахристанның негізгі іргетасы V-VI ғасырларда түріктер кезеңінде салынып, одан кейінгі VII-XII ғасырларда қайта салынып, сыртқы бекініс қабырғалары үлкен қамалға айналған. Сөйтіп, цитадель мен шахристанның жасаған кезеңдері бір-бірімен тығыз байланыста екенін анықтау қиын емес. Археологиялық зерттеуден табылған заттардың, Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігіндегі ертедегі ортағасырлық ескерткіштерден табылған бұйымдармен ұқсастығы бар екені байқалады. Бұдан шығатын қорытынды: Ақтөбе шаһары кезеңдерінде, алдымен өз аймағымен, көрші шетелдермен тығыз байланыста болған. Ұлы Жібек жолы Тасөткел арқылы осы қоныстың үстінен өткен. Өйткені Ақтөбе Тасөткелмен жалғасып жатқан.

Цитадель мен шахристанның өмір сүрген кезеңдерін анықтағаннан кейін археологиялық қазба жұмыстары 1974 жылдан бастап рабадта да жүріп жатыр.

Ақтөбедегі жүргізілген археологиялық зерттеулердің басым көпшілігі цитадельде жүргізілді. Ақтөбенің өзі патшалардың орналасқан кешендік сарайы және бекінісі екені анықталды. Бекініс күйдірілмеген кірпішпен қоршалған. Оның ішінен он бестен астам үлкенді-кішілі бөлмелер, едені қыш кірпіштен төселген алаң, астынан қызатын шығыс моншасы, жуынды суды сыртқа шығаратын қыштан істелген құбырлар және т.б. сол сияқты заттар табылды. Ақтөбенің үстіңгі қабатында бөлмелердің алдында айван (навес) орны бар. Еденіне күйген қыш кірпіштер төсеген. Айванды көтеріп тұратын сан тіреулердің астына 55x5 см көлемдегі күйдірілген кірпіштер төселген. Цитадельге кіретін шығыстан және оңтүстіктен екі қаппа (дарбаза) бар. Осы орындарды қазғанда көптеген археологиялық заттар кездесті. Олар жоғарыдағы айтылған ескерткіштің жасалған дәуірін көрсетеді.

Шахристан-1-де көптеген тұрғын үйлер үстіңгі қабатынан ашылды. Зерттеулердің барысында үй тұрмысына керекті қыштан жасалған ыдыстар: құмыра, тандырлар, қоладан істелген шырақтар, шойын қазандар, кетпен және басқа да бұйымдар табылды. Осы бөлмелердің біреуінен Қарахан дәуірінің 5000-ға жуық қоладан соғылған ақшасы шықты. Теңгелермен бірге кішкентай таразы, мөрлер табылды. Оның үстіне, осы теңгелер табылған жерден жартылай жасалған тиындар да шықты. Соған қарағанда, Шахристан-1 ақша соғатын сарай болса керек. Қарахан дәуірінің мұндай теңгелері бұрын Орта Азия және Қазақстан ортағасырлық қалаларынан да табылған еді. Бірақ мұндай көп көлемде бірінші рет Ақтөбеден табылып отыр. Бұдан басқа Ақтөбенің цитадель, шахристан, рабадтардың мәдени қабаттарынан қоладан, күмістен соғылған, шашылып жатқан ақшалар табылған. Солардың 35 данасын Қазақстанның белгілі археолог-нумизматист (теңгелерді) зерттеуші Р.З. Бурнашева ғылыми тұрғыдан жазып, сипаттады¹. Осы ғалымның айтуынша, ғылыми тұрғыдан зерттеліп отырған теңгелердің бірі қоладан соғылған. Олар VII-VIII ғасырлардағы 7 теңге түрік-тухус тайпаларының ақшасы болса, 3 теңге түргештердікі екені анықталды. Түргештердің теңгелері Шу, Талас алқаптарына VIII ғасырдың бас кезеңдеріне тарағаны мәлім. Қалған 25 тиын XI-XII ғасырларға жататын Қарахан дәуірінің дирхемдері Р.З. Бурнашеваның айтуына қарағанда, X-XII ғасырларда Барсаханда, Таразда ақша шығаратын орындар болған. Бұдан кейін де бес жылдың ішінде Ақтөбеден көптеген теңгелер табылды. Бірақ бұл құнды археологиялық деректер әлі толық зерттелген жоқ. Ол - алдағы іс. Бұл ақшалар тазартылып жатыр. Олардың ішінде жазулары, таңбалары бар теңгелермен бірге еш таңба түспегендері де кездеседі. Соған қарағанда, осы теңгелердің табылған жері Қарахан әулетінің ақша жасайтын сарайы болуы тиіс деген пікірді айтуға болады. Барлық табылған археологиялық заттар және бұйымдар VI-XII ғасырларда жасаған түріктердің мәдениетін көрсетеді.

¹ Бурнашева Р.З. Монетные находки о городище Актөбе (Чуйская долина) // Средневековые города Южного Казахстана. - Алма-Ата, 1986. - 71-87 бб.

Шахристан-2 Ақтөбенің оңтүстік жағында орналасқан. Бұл жерден де үлкен қоныс ашылып, 13 бөлме тазартылды, Шахристан-2 қонысы бір-біріне тіркес салған екі бөлік қоныстан құрылған.

Бұл қоныс үлкен патриархалдық әулеттің қонысына ұқсайды. Қазба жұмыстың барысында, Шахристан-2 үш қабатты қоныс екені анықталды. Олардың ішінен 3, 4, 5 бөлмелерді тереңдете қазып, астыңғы қабаттағы үйдің табанына жеттік. Бұл тұрғын үйлер екі дәуірді бастарынан өткерген. Үстіңгі қабаты IX-XII ғасырлар мәдениетіне жатса, астыңғы қабаты VI-VIII ғасырларда өмір сүрген. Қалған 6-13 бөлмелердің үстіңгі қабаттары қазылып, ең астыңғы қабатына жақындадық. Дегенмен, ең төменгі қабатын қазу мүмкін емес. Өйткені жер асты суы көтеріліп кеткен. Шахристаннан көптеген құмыралар, қыштан істелген ыдыстар, темір құралдар, тандырлар, мыс теңгелер, есеп тастары, адамның қаңқасы және т.б. табылған. Көптеген дүниелер табылды. Осы шахристандағы ашылған бөлмелердің ішінен жанған бөренелердің күлі, т.б. сондай ертеде қирағанын дәлелдейтін заттар көптеп кездеседі. Соған қарағанда, қала жалпы өртке ұшыраған. Үй дуалдарына қадалып қалған садақ оғының ұшы жиі кездеседі. Бұлардың бәрінен, қала жаугершіліктен өртеніп, жермен-жексен етіп, қайта қалпына келтіре алмастай етіп кеткен деген пікірге еріксіз келесіз. Шахристанда зерттеулердің кезегін күтіп жатқан қоныстардың орны өте көп. Олар жоспарлы түрде қазылып келе жатыр.

Университеттің археологтары рабадта да қазба жұмысын жүргізіп, Төрткөлтөбені және бір тұрғын үйдің орнын зерттеді. Төрткөлтөбе цитадельдің шығысында 600 м қашықтықта, Ақсу өзенінің оң жағында, Қожайдоғаның бойында орналасқан биік төртбұрышты төбе. Төрткөлтөбе бірнеше жыл қазылуда. Айналасы 4 м ендікте сазбалшықтан соғылған қорған қабырғасы бар. Оның ішінен оннан астам бөлме ашылды. Бөлмелердің көпшілігі шығыстан батысқа қарай ұзын етіп созып салынған, олар бір-бірімен қатарласып жалғасып жатыр. Бұл бөлмелер өзара ішінен бір-бірімен есіктері арқылы байланысқан. Сыртқы бекінісі қабырғаның шығыс жағынан салынған үлкен қақпа (дарбаза) бар. Бөлмелердің алдында алаң бар, аршылған бөлмелердің ішінде құмыралар, ыдыстар қоятын қуыстар, дірменнің орындары жиі кездеседі. Бөлмелердің терезелері

жоқ, жарық төбеден түскен. Төрткөлтөбеден әр түрлі көлемдегі диірменнің тастары, олардың тұрған орындары, тандырлар, ошақтың орындары ашылды. Соған қарағанда, цитадельдің тұрғындарына нан және басқа тамақтарды дайындайтын орын болса керек деген ой келеді. Жүргізілген қазба жұмысы кезінде өрттен болған соғыстың іздері көрінді. Бөлмелердің ішінен ағаштың күлдері, көмірлері, бөлмелердің қабырғаларына, қақпаның сыртқы-ішкі жақтарына шаншылып қалған садақтың оқтары табылды. Соған қарағанда, Төрткөлтөбе де қырғын соғыстан қирағанға ұқсайды. Зерттеу кезінде табылған көптеген заттарға қарағанда, Төрткөлтөбе VI-XII ғасырларда өмір сүрген үлкен бекініс орны, сарай, қала тұрғындарының экономикалық орталығы болған сияқты.

Ақтөбе шаһары Ақсу өзенінің төменгі ағысында өзеннің екі жағын алып жатыр. Ақсудың сол жағы оң жағына қарағанда әжептәуір аласа. Сондықтан өзеннің сол жағынан Ақсудың суы қаланың оң жағына көтерілмейді. Сол жақтағы қаланың халқы өте тығыз орналасқан және цитадель мен шахристан да осы бетте. Бұл беттегі суару жүйелері, тұрғындардың баспаналары қамалдың ішінде де, сыртында жақсы сақталған. Ал өзеннің оң беткейіндегі қаланың тұрғындарының қоныстары біздің заманымызда техниканың күшімен бұзылып, бұрынғы Калинин атындағы колхоздың егістік жеріне айналып кеткен. Егістікке айналған жерлерге зер салып қарасақ, оның беті тегіс емес, ойлы-қырлы. Ертедегі қоныстардың іздерін байқауға болады. Сол айдалған жерлерге колхозшылар қызылша мен бау-бақша, дәнді өсімдіктерді егіп, оларға су жібергенде, кейбір жерлерде жер астына су кетіп жатады. Соған қарағанда, өзеннің оң жағалауында да су құбырларының болуы мүмкін. Бұл - болжам. Олай дейтініміз, Ақсудың оң жағалауларына салынған үлкен қоныстардың орындары ғана сақталып қалған.

Ендеше қаланың тұрғындары Ақсу өзенінің оң жағалауына да каналдар арқылы су жүйелерін әкелген. Ол су жүйелері қорғаныш қызметін атқарумен бірге тұрғындарды сумен қамтамасыз еткен. Оған қосымша кейін Ақсудың оң жағалауында Қожай, Оразалы тоғандарын салған. Бұлай аталу себебі, ол жерді ежелден мекендеген Қожай руының адамдары қазған тоғандар. Біздің заманда да осы тоғандардан Калинин атындағы

колхоздың орталығы бертінге дейін су ішіп келген. Оразалы тоғаны өзінің көзін Ақсудың жоғарғы жағынан 4,5 шақырым жерден алып, өзеннің оң жағасымен колхоздың осы күнгі орталығына келген. Оның бізге жеткен ені - 5 м; тереңдігі - 0,7 м.¹ Соңғы 5-6 жылдың ішінде ел тоғанды тастап, қасынан жаңа су жүйесін салды. Оразалы мен Қожай тоғандарының екі жағасында әлі қала тұрғындарының баспаналарының, қоракөпсыларының орындары көптеген төмпешік болып жатыр.

Ақсу өзенінің сол жағын мекендеген қала тұрғындарын Дода тоғаны сумен қамтамасыз еткен. Ол өзінің су көзін Ақсу өзенінен сағасын 5 шақырым қашықтықтан алып, Бозжорға биіктігінің астымен қаланы айнала қазылған ор қамалының сыртымен келіп, су төменде жатқан Қарабалта өзеніне құйған. Дода тоған-каналдың сақталған арнасының ені - 5 м; тереңдігі - 0,7 м. Бұл тоғанның суы мол болып, шамамен 50-55 шаршы шақырым жерді сумен қамтамасыз еткен. Осынша көлемді мекендеген қала тұрғындары Дода тоғанынан үлкенді-кішілі су жүйелерін тартып, өздерінің көшелерін де сумен қамтамасыз еткен. Осындай су жүйелері арқылы әуіздерді (су сақтайтын шұқыр) толтырып, ол суларды тұндырып, жердің астымен тартылған су құбырлары арқылы цитадельге, шахристанға және кейбір рабадтардың ірі қоныстарына су жіберген.

1974-1977 жылдары Ақтөбе қаласында археологиялық зерттеу кезеңінде үлкен ұзындыққа созылған орталық су құбырлары ашылды және оның құрылысы мен салу тәсілдеріне көңіл аудардық². Осы еңбектің басында Ақтөбеден табылған су құбырларына байланысты үш жылда жиналған деректерді берген болатынбыз. Енді сол су құбырлары жөніндегі кейінгі жылдардағы жинақталған мағлұматтармен кеңірек көлемде таныстырмақшымыз.

1974 жылы бірінші рет су құбырлары табылған еді. Кейін, олардың сыры ашылды. Су құбырлары көп қатарлы, бір қатарлы

¹ Грошев В.А. Ирригация Ақтөбе (Чуйская долина) // Средневековые города Южного Казахстана. - 136-б.

² Шалекенов У.Х., Оразбаев А.М. Некоторые данные о водопроводной системе, средневекового Ақтөбе // История материальной культуры Казахстана. - Алма-Ата, 1980. - 24-38 бб.

болып екіге бөлінеді¹. Көп қатарлы құбырлар шахристанның үстімен батыстан шығысқа цитадельге қарай тартылған басты су жүйесі болып табылады. Осы су жүйесі цитадельге, шахристанға ауыз су әкелген. Шахристанның батыс шетінде су жинайтын шұңқыр бар. Бұл шұңқырға суды жоғарыдағы Дода тоғанына кіші арықтар арқылы әкелген. Осы жерден екі шұңқыр табылды. Олардың көлемі: 2000-2500 шаршы метр; 500-600 шаршы метр. Цитадельге баратын негізгі орталық су құбырлары суды бірінші үлкен шұңқырдан алған. Бұл әуіз суды жоғарыдағы Дода тоғанына 2025 м ұзындықтағы кіші су жүйесімен келген су әуізді толтырған, тұндырылған. Одан кейін су құбырлары арқылы аққан.

Әуіздің оңтүстік шетіне цитадельге баратын құбыры орнатылып, оны әуіздегі суға жеткізіп, құбырдың шетін цемент сияқты қатып қалған сазбен сылаған, құбырдың шеткі аузын ашып-жабатын етіп жасаған.

Осы жерден орталық құбырларға цитадельге қарай өз екпінімен су жүретін болған. Әуізден шығысқа қарай жүргенде үлкен қоныстың орны болған биік төбе бар. Оның көлемі өте үлкен. Шамамен, 2-3 гектар жерді алып жатыр. 1968 жылы Ақсу қоймасын саларда құрылысшылар осы төбені ортасынан қажарып канал қазған да, бұл қонысты бульдозермен қиратып жіберген. Сол кезде осы қоныстың үстімен цитадельге тартылған құбырларды да бұзған. Соған қарағанда, бұл қоныс қаланы билеушілердің орталық су жүйесін басқарған сенімді мұрабының қонысына ұқсайды. Бульдозердің қазған жерінен шашылып қалған Қарахан дәуірінің теңгелері және әр түрлі бұйымдар табылды. Үзілген су құбырларының ұштары каналдың ішінде көрініп жатыр. Шығысқа, яғни цитадельге қарай жер астындағы су құбырларын қуалап қазғанда мынадай жағдайларды байқадық: су құбырларын жердің астына салу үшін өте шеберлікпен судың өзінің екпінімен жүруге қолайластырып жерді қазған. Оның бас жағы 0,8 м тереңдікте болса, қашықтықтаған сайын канал ылдилай берген. Ашылған орталық су құбырларының ұзындығы 500 м болды. Осы қашықтағы салынған құбырлардың ылдилай баруын тексергенде, 100 м

¹ Сонда.

қашықтықтаған сайын 1 метрден ылдилай берген¹. Яғни, су құбырларын салғанда ерте заманнан-ақ Орталық Азия жерлерінде жер асты жүргізілген су құбырларын құраудағы тәжірибені кең пайдаланып, инженерлік негізде жұмыс атқарылғанын байқау қиын емес.

Бұл су жүйелері карахандар дәуірінде 3-4 қатар етіп салынған. Су жүретін қыштан істелген құбырлардың әрқайсысының ұзындығы 50-60 см; оның бір жағы - кеңіректеу, екінші жағы - тарлау. Кеңірек шеті 16-20,5 см болса, тар жағы 10-15 см. Құбырының кеңірек шетіне тарлау жағын кигізіп, бір-бірімен жалғастырып, екі құбырдың байланысқан жерін сарғыш түсті балшықпен дәнекерлеген. Су құбырларын ашқанда олардың бірнеше рет қирап, жөнделгендігі байқалды. Мұны кездейсоқ жағдай деп қарауға болмайды. Себебі, екі шеткі су құбырларының күшпен қирағаны көрініп тұр. Олай болса, орта ғасырда да бұл үлкен қала талай рет феодалдық өзара қақтығыстар кезінде қолдан-қолға өтіп тұрған. Ол заманда қалаға келген жау алдымен жердің үстіндегі, астындағы су жүйелерін істен шығаруға ұмтылған. Осындай кезде орталық жер асты су жүйелерін қиратып, кейін қайтадан жөндеген болуы керек.

Су құбырына кішкентай сүзгілер қойған. Ол сүзгіш құбырлар да қыштан істелген. Бірақ құбырдың кең жағын бітеу етіп саздан істеп, содан кейін оны тескен. Келген су сол тесіктерден өтіп, сумен келген шөп-шаламдарды жинап алып қалатын болған. Оларды сол жерде жинақтайтын арнайы шұңқыр қалдырған. Кейін сол жерді әлсін-әлсін тазартып тұрған.

Су құбырларының орта шенінен суды жан-жаққа бөлетін үлкен құмыра табылды. Осы құмыраға құйылған су екі бағытқа су құбырлары арқылы кететін болған. Құмыраның сыйымдылығы 30-40 литр мөлшерінде. Сөйтіп, орталық су жүйелері цитадельдің, оның қасындағы шахристанның тұрғындарын сумен қамтамасыз еткен. Осындай тереңдікте орналасқан құбырларда су өзінің екпінімен тез ағып жатқан. Осы орталық құбырдың сол жағынан ені 1,5 м тас жол салынған. Біздіңше, бұл тас жол орталық су жүйелерін бақылап жүру үшін және серуендеп жүруге арналған болуы тиіс.

¹ Сонда. 36-37 бб.

Екінші шұңқырдан оңтүстікке қарай бірнеше су құбыры тартылған. Ол 200 м-ге дейін оңтүстік-шығысқа қарай бұрылып, шахристанның оңтүстік-батысындағы тұрғындарына су жеткізген. Бұл құбырларды әр жерден бір қазып, оның баратын бағытын білдік. Бұл құбырлардың жоғарыда сөз болған құбырлардан айырмашылығы жоқ. Бұл құбырлар алғашқы салынған күйінде жатыр. Соған қарағанда, жаугершілік кезінде дұшпандар алдымен орталық су жүйелерін істен шығарып, цитадельдің тұрғындарын сусыз қалдыруға тырысып, ал басқа кішігірім су жүйелеріне тиіспеген болса керек. Бұл бағыттағы су құбырлары сол күйінде жердің астында, бұрынғы күйінде жатыр. Оларды ашып, көрме етуге өте қолайлы.

Осы екі су қоймасының батысында 500-600 метрдей жердегі рабадтағы бір қонысты зерттегенде, сол үйдің алдындағы көшемен су құбырлары тартылған. Бұл құбырларды аздап ашып, қалғанын сол күйінде қалдырдық. Соған қарағанда, су құбырлары тек цитадельге, шахристанға ғана емес, қаланың ішіндегі (рабадтағы) тұрғын үйлерге де тартылған болуы керек. Бұл пікірдің қаншалықты дәл екендігін кейінгі археологиялық зерттеулер көрсете жатар.

Оқырмандарды тағы бір қызық жаңалықтың куәсі болуына шақырайық. 1975 жылдың жазында Калинин атындағы колхоздың диқандары қазіргі «Октябрь» бөлімшесі жерінде жаңа арық қазып жатқанда, төмпешіктің үстімен су жүйесін жүргізуге тура келген. Сол биіктіктің бір шетін ала 2,5-3 м тереңдете қазғанда бір құмыраны көрген. Диқандар ашып қараса, іші аппақ сүзбе сияқты бір нәрсеге толы екен. Тапқандар таңғалып, ақ затты құмырадан шығарған. Ауаға тиісімен әлгі зат қарая бастаған. Бұл құбылысты көрген колхозшылар табылған нәрсені қасиетті деп құмыраны сындырып, өзара бөлісіп алған. Бір сынығын сол кездегі колхоздың бастығы Айтжан Әбішевке әкеп берген. Сол кісі арқылы бізге хабар жетіп құмыра сынығын алған адамдарды аралап жүріп, түгел жинап алдық. Құмыра ішіндегі зат қап-қара болып смолаға айналып кеткен екен. Тек колхоздың бастығы А. Әбішев алған бойда ағарған нәрсені шыныға салып, аузын бекітіп тастаған. Сәтін салғанда, сол алғашқы күйінде сақталып қалыпты.

Әлгі ақ затты Алматы Зоотехникалық-Малдәрігерлік институтының органикалық және биологиялық химия кафедрасына анализге бердік. Осы кафедраның меңгеруші, биология ғылымдарының докторы, профессор А.Сейітовтің басшылығымен бұл зат лабораториялық жағдайда зерттеліп, құрамы толық анықталды. Анализ анықтағандай құмырадағы ақ нәрсе органикалық, табиғи зат болып шықты. Құрамында химиялық көміртегі, сутегі бар екені байқалды. Суда езілмейді, ал бензинде, хлороформде жақсы езілетіні анықталды. Осы органикалық затта 0,112 пайыз азот глицириннің қалдықтары, органикалық қышқыл тотығының саны 150-ге тең, галогендердің құрамы жоқ, түсі ақ, ауада қараяды, иісі күшті, жеңіл, жұққыш келеді. Жүргізілген зерттеулердің қорытындысында бұл құмыраға салынған сары майдың қалдығы болып шықты.

Құмырадағы сары майдың үш метрге жуық тереңдікте, жер астында қанша уақыт жатқаны бізге белгісіз. Алайда, май салынған құмыра өзінің пішіні мен жасалу үлгісі X-XII ғасырларға тән. Бұл қорытынды оның ішіндегі сары майдың қанша уақыт сақталғанын болжауға мүмкіндік беруге тиіс.

Сары майдың мұншалық ұзақ уақыт сақталуы - ғылымда сирек кездесетін оқиғалардың бірі. Көпшілікке мәлім, қанша сақтаса да, сары май бір жылдан соң-ақ өзінің алғашқы қасиеттерін жоя бастайтынын мамандар айтады. Бұл сары май сапалы дәрежеде дайындалған, таза құмыра ыдысқа салып, аузын мықтап бекітіп, ауа бармайтын тереңдікке көміп тастаған соң, ол май ғасырлар бойына жата берген сияқты. Кейбір тағамдарды ұзақ мерзімге сақтаудың жолдарын халықтар ертеден білген ғой. Біздің де бабаларымыз осы тәсілдерді ертеден тұрмыста жиі қолданып келген.

Жоғарыда қысқаша келтірілген Ақтөбедегі көп жылдың археологиялық зерттеулердің нәтижесі тарихи Баласағұнның жасаған өмірін баяндайды. Цитадельден, шахристаннан және рабадтан табылған заттай және рухани мәдениеттің қалдықтары біздің жыл санауымыз бойынша V-VIII ғасырларға жатады. IX-XII ғасырлар бойына түрік тайпасының ең үлкен астанасының бірі болған Баласағұн тарихи сахнадан шығып, оның орналасқан жері осы күнге дейін жұмбақ болып келе жатыр? Тарихи, археологиялық, этнографиялық деректерге қарағанда, әлемге

әйгілі Баласағұн қаласы феодалдық, өзара соғыстардың салдарынан моңғолдар шапқыншылығы қарсаңында қираған болуы керек.

Баласағұннан табылған археологиялық жәдігерлер өз алдына «Орта ғасырдағы Ақтөбе (Баласағұн) мәдениеті» атты альбом болып Түркияның астанасы Анкара қаласынан түрік, қазақ, ағылшын тілдерінде 2006 жылы басылып шықты.

Бірінші мыңжылдықтың ортасында Батыс Түрік қағанатының жеріндегі тұрғындардың арасында өзара феодалдық қатынастар пайда болып, олардың экономикасы мен мәдениеттерінде алға ілгерушілік болғаны байқалады. Сондай-ақ, Түрік қалаларында, соның ішінде Ақтөбеде колөнер кәсібі дамыған. Бұл қалада көзешілер, теміршілер, тоқымашылар және тас пен сүйекті өңдеушілер жасап, солардан тұрмысқа қажетті бұйымдарды шығарған. Ақтөбенің V-IX ғасырлар кезеңін сәулендіретін қыштан жасалған бұйымдардың басым көпшілігі ертеден келе жатқан тәжірибе бойынша қолмен жапсыру арқылы жасалып, содан кейін күйдірілген. Бұйымдар қолмен қалыпқа салып шыққаннан кейін, оларды кептіріп, одан соң арнайы соғылған пештерде күйдірілген. Мұндай пештер цитадельдің солтүстік-шығысында шахристаннан екі пеш, батысынан рабадтан бір пеш ашылды. Бұл жер қыш бұйым жасаушылардың колөнер орталығы болған. Қазба кезінде осы жерден екі құдық шықты және адамдардың жұмыс істейтін, демалатын бөлмелері ашылды. Осы жерден хұмдар, қазандар, тандырлар, қыш дастарқандар, құмыралар, шырақтар, ұршықтың бастары, есеп-шоттың тастары және т.б. табылған. Олардың көпшілігі Ақтөбе қаласының төменгі қабатынан табылды. Соған қарағанда, Ақтөбенің негізін салған Түргеш (Сары үйсін) қағанатының, кейін олардың орнына келген қарлұқтардың тұрғындары болса керек. Цитадельден, шахристаннан түргештердің ортасында төртбұрышты тесікті теңгелері табылды.

Баласағұн қаласын археологиялық жақтан зерттегенде табылған және жол-жөнекей осы ескерткіштен табылған жәдігерлердің күрделілері осы альбомда басылып шықты. Бұл туынды әлем кітапханаларына таралып кетті.

Бұл кезең Батыс түріктердің экономикасы өрлеп, қалаларда колөнер кәсібінің мейлінше дамығанын көреміз. «Қалалар

санының артуы, олардың аумағының кеңеюі, қала халқының өсуі колөнер мен сауданың әрі дамуына игі әсерін тигізді. Колөнер өнімін тұтынушылар құрамы өзгерді, егер бұрын VII-VIII ғасырларда олар бай-көпестер мен диқандар болса, енді қатардағы тұрғындар да өнімді негізгі тұтынушыларға айналды¹. Қала және ауыл тұрғындарының колөнер кәсібіндегі шыққан өнімдерге қажеттігі күшейе түскендіктен, үлкен қалаларда колөнершілер жеке мамандықтарына сай орналасқан: қыш құмыра жасаушы кәсіпшілер, теміршілер, зергерлер, ағаш ұсталары, т.б. Олардың өздеріне лайықты шеберханалары болған. Ақтөбедегі жүргізілген археологиялық зерттеулердің барысында, шахристаннан қыш құмырашылардың шеберханасы цитадельдің солтүстік-шығысынан ашылды. Бұл жерде ертедегі шеберхананың кеңейіп, X-XIII ғасырлардың колөнер кәсібінің талабына жауап беретін қыш бұйымдарды күйдіретін бірнеше камерлі (бөлімшелер) үлкен пеш ашылды. Бұл пеште сол кездің хұмдарын, үлкен құмыраларды, құмғандар, су құбырларын өте жоғарғы ыстықта күйдірілгені байқалды. Цитадельдің батысында рабадтан да қатарынан салынған қыш құмыраларды, күйдірілген кірпіштерді шығаратын пештер ашылды. Соған қарағанда, қыш бұйымдарды дайындайтын, кірпіш күйдіретін колөнер кәсіпорындары Ақтөбе қаласында бірнеше жерлерде болған көрінеді.

Тарихтың осы кезеңіне жататын қыштан жасалған бұйымдардың түрлері де, сапасы да бұрынғыға қарағанда айтарлықтай алға ілгерілегенін көреміз. V-IX ғасырларда жапсырып жасалған қыш ыдыстар басым болса, енді X-XIII ғасырларда қыш колөнер кәсібінде құмырашының ұршық сияқты айналатын (қыш станок) құралын кең пайдаланып, үлкенді-кішілі қыш ыдыстарды, су құбырларын шығарған. Мұндай жолмен жасалған қыш бұйымдар өте әдемі және сапалы дәрежеде жасалған. Бұл кезде жапсыру тәсілімен жасалған қыш ыдыстар бірте-бірте тұрмыстан шығып қалған.

Қыш бұйымдардың барлығы дерлік жоғарғы сапалы түрде қызуда күйдірілген. Олар сол кезде Шу өңірінде сексеуіл көп болған. Сол отынды жағып, оның көмірімен пештерді

¹ Қазақстан тарихы. 1-т. - Алматы, 1996. - 467-б.

қыздырған. Сексеуіл көмірінің үлкен қызу беретіні соншалық, күйдірілген кірпіштер еріп, шлакқа айналғанын жиі-жиі кездестірдік. Бұл қаладан табылған көк түсті шлактарды еш нәрсемен сындыруға болмайды, сондай қатты. Қолөнершілердің бұндай жоғары дәрежеде қыздыра ала білуі - өндірістің өрлеп өскенінің айғағы.

Көркем өрнекті қыш бұйымдарды жасау қолөнер кәсібінде кең орын алған. «Оңтүстік Қазақстан мен Отырарға жылтыратқан қыш бұйымдар IX-XIII ғасырлардың басында Орта Азия, Таяу Шығыс, Қазақстан арасындағы мәдени-экономикалық байланыстардың дамуы қыш бұйымдардың жаңа көркем туындыларының сәнділігін ғана емес, жетілдірілген технологиялық тәсілдерінің де тез таралуына барынша әсерін тигізді. Осы дәуірдің көркем қыш бұйымдары орта ғасырлардағы қоғамның өзіндік талап-тілегіне сай болды»¹.

Келтірілген бұл пікір бойынша, жақын және алыстағы көршілер ерте заманнан бір-бірімен қарым-қатынаста болып, бірінің жетістіктері екіншісіне қолайлы әсерін тигізгені анық. Ол - өмірдің заңдылығы. Солай болса да, жылтыратылған, өрнектелген қыш бұйымдар IX-XIII ғасырларда Қазақстанға Орта Азиядан таралды деген пікір шындыққа сай емес. Себебі, бұрынғы Орта Азия деп келген аймақ Орталық Азияның бір бөлігі болып, ежелден Батыс түріктердің кір жуып, кіндік кескен жері емес пе? Самарқанд, Бұқара, Ташкент сияқты қалаларды түріктер тұрғызған. Орталық Азия түріктері бір-бірімен тығыз байланыста болған. Сондықтан да көркем қыш бұйымдар Батыс түріктерде бір уақытта шыққан болуы тиіс. Әр аймақтың түрік шеберлерінің өзара ерекшеліктері болып отырған. Оның негізгі себептері, сол аймақтың табиғи-географиялық өзгешіліктерінен туындаған.

Жылтыр өрнекпен сырланған қыш бұйымдар ретінде сапты аяқ, табақ, тостаған, құмыралар, шырақтар, оның тұғырлары берілген. Олардың сапасы және сыртқы көрінісінің түсіне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Әсіресе, балқыған қорғасын түстес қыш бұйымдарды ақ ангобпен әшекейлеу түрі кеңінен тараған. Бұл бұйымдардың өте ертедегі түрлеріне қара, қызыл, қоңыр түсті

жылтыр ойық жазбаларымен көмкерілгендері жатады. Ақтөбеде табылған жылтыр өрнекті көркем ыдыстардың ішінде қызғалдақ гүлінің суреті салынған ыдыс-аяқтар кездеседі. Кейбір сондай ыдыс-аяқтардың ішінде араб жазуымен әшекейленгендері де бар. Сондай-ақ қыштан жасалған көркем шырақтар көптеп табылады.

Ақтөбе қаласындағы қазба жұмыс кезінде көбірек ұшырасқан - үлкенді-кішілі тандырлар. Олардың көпшілігі бір-біріне ұқсас (стандарт түрде). Соған қарағанда, тандыр дайындайтын арнайы шеберлер болып, сол жерден тұрғындарға таратып отырған. Ашылған бөлмелердің ішінен тандырлар жиі кездеседі. Соған қарағанда, қала тұрғындары мекендерде нанды тандырларға пісірген көрінеді. Көпшілік тандырлардың сыртында ою-өрнектер, таңбалар кездеседі. Тандырға байланысты қол диірмендердің бірнеше түрлері рабадта орналасқан. Олардың көпшілігі «Төрткөл» төбеден табылды. Бұл қоныстың өз алдына ерекшелігі бар. Төртбұрышты үлкен қоныс, төңірегі қоршалған. Оның дарбазасы шығысқа қараған. Ішінде бірнеше тұрақжайлармен бірге оның солтүстік-шығыс бөлігінен шығыстан батысқа созылған бес бөлме ашылды. Дуалдары пахсадан салынған. Еденіне Қарахан дәуірінің күйген қыш кірпіші төселген. Дуалдарына үлкен-үлкен хұмдарды орналастыратын текшелер салынған. Бөлмелерге жарық төбесінен түсірілген. Ол бөлмелердің алдында қатар-қатар салынған тандырлар, ошақтар орнатылған. Соған қарағанда, «Төрткөл төбе» біздіңше, Ақтөбе қаласының ұландарының орналасқан жері (казармасы) сияқты. Дарбазаны ашқанда оның дуалдарына кіріп қалған садақтардың ұштары көп кездесті. Бұл жерде қырғын соғыс болып, қоныс өртенгенге ұқсайды. Себебі, бөлмелердің ішіне түскен күйген ағаштар қалдығы, көмір көптеп табылды.

Ақтөбеден шыққан өте көркем әрі құнды қыштан жапсырылған және қыш ұршық сияқты айналдыратын құрал (станок) табылған. Оны пайдалану арқылы жасалған қыш бұйымдардың сол кездегі Орталық Азия қалаларынан шыққан бұйымдарға ұқсастықтары бар. Ол өмірдің заңдылығы. Орталық Азияны мекендеген түріктер ежелден бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болып, өздерінің заттай және рухани мәдениеттерін дамытуда тәжірибе алмасып отырған.

¹ Орта ғасырдағы Отырар керамикасы. - Алматы, 1991. - 10-б.

Олар кең-байтақ жердің иесі болғандықтан, әр аймақтағы, жан-жағындағы көршілеріне де әсері тиген. Мысалы, оңтүстік түріктерге Таяу Азия, Үндістан елдері жақын болса, шығыс түріктерге Қытай және сол сияқты көршілермен қоян-қолтық өмір сүрген. Сондай-ақ, өздерінің көршілеріне түріктер де өз әсерін тигізген. Бұндай этникалық қарым-қатынастар олардың заттай мәдениетінде сәулеленген. Осындай өзара байланыссыз бірде-бір халық өмір сүрмеген.

Цитадель мен шахристанда жүргізілген қазба жұмыстардың барысында әртүрлі мыстан, темірден жасалған бұйымдар табылды: мыс, күміс теңгелер, түрлі-түсті ыдыстар, білезіктер, сырғалар, садақтың ұштары және сол сияқты тұрмысқа керекті бұйымдар¹. Бұл темірден соғылған бұйымдардың көпшілігі цитадельдің оңтүстігіндегі шахристан 1-3 қазбадан: мыстан жасалған шырақтар, 5000-дей Қарахан әулетінің кезінде соғылған мыс теңгелер, оған басатын мөр (печать), темір кетпен, болат, семсер, шот-балта, шойын қазан, пышақ және т.б. табылған. Бұндай темір бұйымдардың шахристан-2-ден шығуы, бұл жер темірші қолөнер кәсібінің орналасқан жері болып, теміршілер, зергершілер осы жерде еңбек еткен. Ақтөбешілер темір рудаларын Бақыртау (қазіргі Жайсан) тауынан алғанға ұқсайды. Қаладағы теміршілердің тәжірибесінің өскендігі соншалық, үлкен дәрежелі ыссылыққа қол жеткеріп, шойын, болат сияқты темірлерді игеріп, олардан үй тұрмысына қажетті бұйымдарды, құрал-жабдықтарды шығарған. Солардың бірі - болат семсер.

Ақтөбедегі археологиялық зерттеу кезінде табылған археологиялық деректер - ертедегі ортағасырда Батыс Түрік қағанаты тұрғындарының жалпы мәдениетінің, соның ішінде заттай мәдениетінің өркендеу дәрежесінің жоғары болғанына дәлел. Ертеден жалғасын тауып жатқан қыштан жасалатын бұйымдардың түрлері көбейіп, олардың сапасының артқанын көреміз. Бұрынғы қолмен жапсырып жасалатын қыш бұйымдар қолөнер кәсібінен ығыстырылып, оның орнына ұршықтай айналмалы (станок) құралдарды пайдаланып шығарған әдемі бұйымдар кең тараған. Оның жоғарғы дәрежеде дамуының

¹ Шәлекенов У.Х. Құм басқан қала. - Алматы, 1992. - 110-б.

арқасында нақышталған ою-өрнекті ыдыстарды шығаруға қол жеткізген және оларды өсімдіктің гүлімен безеген. Өсімдіктердің жапырағымен, гүлімен бұйымдарды безеу сол халықтардың мәдениетінің өркендеу дәуіріне жеткенін дәлелдейді. Бұл кездерде түріктер түсті және кара темірлерді де кең түрде пайдаланып, олардан үй тұрмысына керекті заттарды шығарумен бірқатарда, соғыс құралдарынан семсер, қылыш, садақтың ұшы, теңгелерді және зергерлік бұйымдарды шығарған. Әсіресе, түріктердің қолөнер кәсібі, мәдениеті Қарахан әулетінің басқарып тұрған кезінде тамаша өскен. Сондықтан да Қарахандар кезеңін түрік әлемінің өркениетті заманы деуге толық болады.

8. 3. Баласағұн ономастикасы

Тарихи Баласағұн қаласы жөнінде көбірек мағлұматты Махмұд Қашқаридің еңбегінен кездестіреміз. Оның әкесі Ыстықкөлдін жағасындағы Барысханнан шыққан. Өзі Қашқар қаласында туған және Баласағұнда көп уақыт тұрған. 1074 жылы Таяу Шығыс елдерін, Батыс Түркістанды тегіс аралап, өзінің өте құнды еңбегін түркі тілінде жазған. Ол бауырлас түркі тілдес халықтардың данышпан ғалымы ретінде дүниеге белгілі. М. Қашқари Баласағұнды жақсы білген.

М. Қашқари осы еңбегінде түрікмен халқының шығу туралы Александр Македонский атымен байланысты аңызды кітабында келтірген. Сонда Баласағұн қаласына аққұтан (лэйлек) жыл сайын ұялап, одан әрі ұшып кетпейді деген. Ақтөбе маңайын мекендеген тұрғындарынан сұрастырсақ, шындығында да, аққұтан бертінге дейін Калинин атындағы колхоздың орталығындағы биік теректерінің басына ұя салып, күзде қайтатынын көптеген тұрғындар айтты. Бұл құсты ислам дініндегі жергілікті тұрғындар киелі құс деп білген. Оның ел арасына келуі адамдарға қуаныш, бақыт әкеледі деген сенімде болған. М. Ноғайбаев, Ж. Болатқұлов және т. б. тұрғындардың айтуынша «аққұтанды соңғы көруіміз 1976 жылы болды дейді. Содан кейін келмей қойды. Оның себебін білмейді. Біздіңше, 1972 жылдары Тасөткел, 1984 жылы Ақсу су қоймалары салынып, соның нәтижесінде Ақтөбенің атырабының экологиясы бүтіндей

өзгеріп, жер асты сулары кетіріліп, бұрынғы шабындықты жерлер батпаққа, көпшілік жерлер қу тақырға айналып жатқанын көріп жүрміз. Міне, осыдан аққұтан тіршілігіне қолайсыз жағдайлар пайда болған соң, олар да басқа жаққа жер ауған болса керек. Ғасырлар бойы аққұтандарға жазғы мекені болған Баласағұнға олар енді келмейтін болған.

М. Қашқари және де басқа орта ғасыр оқымыстылары еңбектерінде Баласағұнның екі таудың арасында орналасқаны айтылады¹. Оңтүстіктен солтүстік шығысқа созылып жатқан Азатау мен батыстан шығысқа қарай көсіліп орналасқан Қаратау, Жайсан тауы. Осы екі таудың арасындағы Талас және Шу алқаптарындағы орналасқан қалаларды Аргу, яғни екі таудың арасындағы қалалар деген. «Ұлұш қала, қыстақ (шігілше).

Баласағұн мен оның жанындағы Аргу шаһарларында тұратын халықтар тілінде «иинш» сөзі «шаһар» дегенді. Содан барып Баласағұн шаһарын Киз иинш - «Күз ұлұш» деп атаған². Бұл пікірге Ақтөбе қаласының орналасқан жері тура келеді. Жамбыл қаласы жағынан келе жатқанда, Ақтөбе екі таудың арасындағы жазық жердегі өзендердің жағасына орналасқан. Ақтөбенің оңтүстігінде қарауыл төбе бар. Қаланың оңтүстігінде биік төбе бар, оны тұрғындар Бозжорға жотасы (төбесі) деп атайды. Осы қаланың солтүстік-шығысында Тасөткелден шығысқа қарай созылып жатқан тау жотасы бар. Қазіргі кезде ол Жайсан (Бақырлық тау) тауы деп аталған. Сөйтіп, бұрын Баласағұн екі таудың арасында орналасқан болса, қазіргі Ақтөбе де сол орында, сол жерге көміліп, үлкенді-кішілі сансыз төбе құрап жатыр.

Қазіргі Ақтөбенің Баласағұн екенін дәлелдейтін тағы бір айғақ, М. Қашқаридің айтқан Баласағұн тауы да Ақтөбенің қасынан табылған. Құлбақ – түріктердің дәруішінің есімі. Ол Баласағұн тауын мекендеген. Ол өзінің қолымен тау-тасына «тенгри қоұлы Құлбақ», яғни «Құлбақ құдайдың құлы» деп ақ тасқа кара бояумен жазып кеткен деп М. Қашқари көрсеткен.

¹ Волин С. Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // ТИИАЭ. Т. VIII. - Алма-Ата, 1960. - 84-б.

² Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-т. - Алматы, 1997. - 91-б.

М. Қашқаридің осы сөзі бойынша зерттеу жүргізсек, Баласағұн тауы (Әулиетау) жоғарыдағы аты аталған Тасөткел су қоймасының солтүстік-батыс жағына орналасқан екен. Бұл тауды қазірдің өзінде жергілікті тұрғындар «Әулиетау» десе, орыс тілдес халықтар «Святой горой» деп атайды. Осы атпен жергілікті тұрғындар «Әулиетауды» жақсы біледі және киелі тау деп құрметтейді.

Әулиетау - Тасөткел су қоймасының солтүстігінде 600 метрдей жерде, Шу өзенінің сол жағасына орналасқан биік тау жотасы. Ол бірнеше биік-биік төбелерден құрылған. Соның арасында Шу өзенінің сол жағына тиіп тұрған биік төбе бар. Оны жергілікті тұрғындар «Әулиетау» деп ардақтайды. Сондықтан біз ол төбені арнайы зерттедік. Оның үстінен болжау ретінде шұқыр қазып, оны 2 м тереңдеттік. Қазған жерден мәдени қабат шыққан жоқ. Төбенің шығысында ой жер бар. Оны қазғанда, ол да табиғи ойлы жер екенін байқадық. Соған қарағанда, «Әулиетаудың» үстінде құрылыс болмаған. Оған қажетті уақыттарда елді басқарушылар жиналып, оның үстінде кеңес өткізілген. Осы жиындар кезінде «Әулиетаудың» етегіне көптеген киіз үйлер тігіліп, той-думандардың болып жататынын жергілікті тұрғындар әлі күнге дейін жаттарында сақтаған. Оның басталар жеріндегі таудың биіктігі – 120-130 м, көлемі - 4-5 гектар. Сол жерден «Әулиетау» басталып, батысқа және оңтүстікке қарай созылып жатыр. Олар ойлы-қырлы сиыр бүйректеніп, көп жерді алып жатыр. Жалпы, осы жер «Әулиетау» деген атпен аталады және оның бір шеті Ақтөбенің солтүстігіне келіп тіреледі. «Әулиетаудың» үстінен Ұлы Жібек жолы Тасөткел арқылы Шу өзенінің оң жағынан өткен. Көптен бері сол жерді мекендеген Т. Шөмішбаев, А.Е. Хмелов С. Битов, басқа да қариялармен сөйлестік. Олардың айтуынша, «Әулиетауда» М. Қашқари айтқан тасқа жазылған жазу бертінге дейін сақталып, 1972 жылы Тасөткел су қоймасының астына кеткенін бірауыздан растайды. Сөйтіп, жоғарыдағы аты аталған Құлбақтың жазған тасы жақын уақытқа дейін сақталып келген¹.

¹ Университеттің археологиялық есебі. 1989, (Қолжазба АЭУ). - А., 1990. - 7-25 бб.

«Әулиетауды» анықтайтын тағы бір дәлел - Тасөткелдегі Тасқаладан 1962 жылы табылған түйенің жауырынына жазылған жазу¹ (Тасқаладан табылған жазуы бар жауырын.). Осы сүйектің екі бетіне қара сиямен жазылған жазуларды Өзбек КСР Ғылым академиясының Шығыстану институтының профессоры Бөрі Ахметовке оқытқанда, мынадай сөздердің бар екені анықталды: 1-қатардағы сөздер: «Кұлұқтың қызы Мийан Қабар», 2-қатарда - «Кұлұқтың баласы Чунисі», оның екінші бетінде - «Мұхаммед Қазі»; 4-қатарда - «Бар Мұхаммед Кұлұқ»; 5-қатарда - «Бар Кұлұқ Әлидің ұлы»; оның екінші бетінде - «Кұлұқ Махр»; 6-қатарда - «Кұлұқ Әлидің бір баласы» және тағы солай жалғаса береді.

Осы сөздерге сүйенсек, Баласағұнда өмір сүрген, өз заманында әулие деген атты иеленген, Кұлұқ деген әйгілі дербiш болған. «Кұлбақ» - түріктердің үлкен дiндар, әулие адамдарының бiреуiнiң есiмi. Ол Баласағұн тауларында тiршiлiк еткен. Айтылғандарға қарағанда, ол қара тасқа Тәңiрi құлы Кұлбақ деп жазса, ақ жазумен жазылып шығады екен, ақ тасқа жазса, қара жазумен жазылып шығады екен. Оның iздерi күнi бүгiнге дейiн сақталған деседi². Соған қарағанда - осы жауырында, Кұлұқ әулиенiң тегi баян етiлген. Кұлұқтың есiмi Жүсiп Баласағұнның «Құтты бiлiк» еңбегiнде Күлiк деп дәл аталса, Махмұд Қашқаридiң «Диуани лұғат ат-түркiнде» Құлбақ деп берiлген. Бұл деректердiң айтуы бойынша, ол кiсi Баласағұн тауларын мекендеп, сол кiсiнiң құрметiне бұл тауды «Әулиелi» жер деп атап кеткен. Өйткенi Күлiктiң сүйегi Баласағұн тауына жерленген. Жергiлiктi тұрғындардың айтуына қарағанда, Баласағұн қаласының негiзгi үлкен моласы (мүрдесi) осы Әулиетауда болған. Тұрғындардың моласы Тасөткел су қоймасының астында қалған.

Баласағұнда туған, әлемге аты кең тараған энциклопедияшы ғалым Жүсiп Баласағұн өзiнiң «Құтты бiлiгiндегi». «Елiктiң Айтолдыға жауабынан» үзiндi келтiрейiк:

Елiк айтты: - Ұқтым ендi сөзiндi,
Қуант менi, ықтият бол өзiң де.

¹ Шәлекенов У.Х. Баласағұн // Қазақ әдебиетi. - 12 мамыр 1989.

² Қашқари М.Түрiк сөздiгi. 1-т. - Алматы, 1997. - 534-535 бб.

Мен айтайын, жаман атты бiлгейсiң,
Жақындамай, одан аулақ жүргейсiң.
Зорлық етiп, қара күшке салғанды...
Iсi - олақ, өсек-өтiрiк тергендi,
Өзi ұшқалақ, көзi ұятсыз пенденi.
Дөрекiлiк, қызбалық, тағаттық -
Құлы болса қу құлқын мен шараптың.
Ондай жандар шығыса алмас менiмен,
Айттым ашық: тең гой әркiм теңiмен.
Адал қызмет еткiң келсе, кел бiлiп...
Мұндайлардан тый өзiндi, ей Күлiк!
Жақын тартып, бұл көңiлiң тоғаяр,
Менiң де iзет, ықыласым молаяр!¹

Бұл келтiрiлген шумақтан Жүсiп Баласағұнның Күлiк әулиеге сыйынғанын байқаймыз. Ж. Баласағұн XI ғасырда жасаған ғалым. Оның өмiр сүрген кезiнде Күлiк әулие ретiнде түрiк тайпаларының арасында әйгiлi адам болған көрiнедi. Сондықтан ғалым Кұлұққа өтiнiш ретiнде адамдарды жаман әдеттен тыйым сала көр, сонда менiң де iзет-құрметiм байды деген пiкiрдi бiлдiредi. Сөйтiп, М. Қашқаридiң жазған «Кұлбақ әулиесi» мен Ж. Баласағұнның «Күлiк қасиеттi» дегенi бiр адам, Күлiк Баласағұн тауын мекен еткен және ислам дiнiн уағыздаған алғашқы батыс түрiктерiнiң бiрi болған. Күлiктiң атымен Баласағұн тауы «Әулиетау» деп аталып кете берген. Мiне, сол тау осы күнгi ортағасырлық Ақтөбенiң солтүстiк-батысында орналасқан. Сөйтiп, Махмұд Қашқаридiң жазған Баласағұн тауы, бұрынғы Баласағұн, қазiргi Ақтөбе ортағасырлық қаланың арасында екенi анықталды.

Бiздiң сөйлескен қарияларымыз «Әулиетау» Шу өңiрiндегi қазақтар мен қырғыздарға белгiлi жер. Барлығы бұл тауды құрметтеп, оған тәжiм етедi. Керек десенiз, ертеде қазақ пен қырғыздардың және осы өңiрдi жайлаған тұрғындардың ақсақалдары жылына бiр рет «Әулиетауға» жиналып, таудың басына шығып кеңес құрып, халықтар арасындағы шешiлмей жатқан келелi мәселелердi талқылап, бiр шешiмге келiп отыратындары әлi күнге дейiн адамдардың естерiнде сақталған.

¹ Баласағұн Ж. Құтты бiлiк. - Алматы, 1986. - 124-б.

Бұл тауға жиналып, үлкен мәселелерді дұрыс шешуге «Әулиетау» жәрдемдеседі деген сенімнен туған болса керек.

Тағы бір Ақтөбенің Баласағұн екенін дәлелдейтін М. Қашқаридің еңбегінде жазылған: «Бақырлықтау Баласағұнға жақын бір жердің атауы. Мысты тау - мысы көп тау»¹. Содан кейін Бақырлықтау мыстың кені деп түсінік берген. Осы М. Қашқаридің айтуынша Бақырлықтауды да таптық. Бұл тауды қазір Жайсан тауы деп атайды. Ол үшке бөлініп аталады: Салажайсан, Ортажайсан және Қадыржайсан. Жайсан тауының шығысы Қордай тауымен жалғасып жатыр. Оның батыс түстігі Тасөткөл су қоймасымен шектеседі. 1989 жылы Жайсан тауын аралап, оның бұрынғы Бақырлықтау (Мыстауы) екенін анықтадық. Мұндай жұмысты іске асыруда жергілікті азаматтар көп жәрдем көрсетті. Олардың осы қызметіне рақмет айтамыз².

Жайсан тауының табиғаты адамның тұрмысына қолайлы жер екен. Таудың ішінде: Үңгірлі, Шатырқұл, Үшмайғас, Теректі, Бұқпан және Сүлікті өзендері бар. Осы өзендердің бойлары ерте заманнан қола мен темір дәуірлерінен бастап-ақ адамдардың қоныс басқан жері көрінеді. Оған дәлел, Жайсанда қола және темір замандарының ескерткіштері көп сақталған. Олар біздің дәуірімізге таспен қоршалған обалар, биік-биік төбелер, өзеннің жағасындағы тастарға салынған таңбалар, суреттер және түрік кезеңдерінің тастан жасалған мүсіндері кездеседі. Осылардың бәрі сол дәуірлерді айғақтайтын мұралар. Осы ескерткіштерді сақтауда, оларды зерттеуде ешкім көңіл бөліп, еске де алмаған.

Тарихтың жоғарыдағы аты аталған заманында Жайсан тауындағы мыс кенін жергілікті тайпалар кең пайдаланып, өздерінің өмірлеріне керекті құралдарды, бұйымдарды жасап шығарса, ол мыс кенін, атап айтқанда, ертедегі орта ғасырларда кең пайдалана білген. Сондай-ақ қазіргі Ақтөбе, бұрынғы Баласағұн қаласының темір, мыс өндіретін кені осы Жайсан тауда болған. Осы тауды орта ғасырда Бақырлықтау деп атаған. Ертедегі мыс қорытқан кендердің орындары Ортажайсан тауында жақсы сақталған. Олардың көлемі 5-6 шақырым жерді алып жатыр. Бұл жер қазіргі кезде «Шатырқұл кені» деп аталады.

¹ Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-т. - Алматы, 1997. - 553-б.

² АЭУ. Есеп. 1990. - 15-25 бб.

Жергілікті қариялармен сөйлескенде Шатырқұл деген кісінің аты деді. 1723 жылдары «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада» дүниеге келген. Оның анасы жауынгерлерден қалып қойған екі қыздың бірі болған. Әкесі ботпай руынан шыққан. Осы Ортажайсанды Шатырқұл мекендеп, сол кісінің атымен осы жер Шатырқұл мыс тауы деп аталады. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, Шатырқұл тауынан қарахандар, қарақытайлар және жоңғарлар мыс өндіріп алғандарын естеріне түсіреді. Бұл пікірдің жаны бар. Баласағұнды мекендеген ертедегі орта ғасырдағы түріктер, қарлұқтар, қараханидтер, қаракидандар және жоңғарлар Жайсандағы өте бай мыс кендерін кенінен пайдаланған. Өйткені мыстан, күмістен және темірден істелген бұйымдар Ақтөбеде мол кездеседі. Ол заттарға жоғарыда тоқтадық.

Шу өңірінде бұдан басқа ірі мыс шығатын кен орындары жоқ. Шатырқұл кенін Қазан революциясына дейін ағылшындар аздап пайдаланған. Бұл жерден алынған кенді түйемен Жезқазғанға жіберіп тұрған. Кеңес үкіметі жылдарында бұл кен көзі жабылып қалған. Тек 70-80 жылдарда Қазақстан кен барлаушылары Шатырқұл кенін зерттеп, бұл жерден тек қана мыс емес, басқа да түсті металдардың бар екенін анықтаған. Солардың ішінде мыстың қоры мол көлемді жерді алып жатқан. Темір кендерін тереңнен шахта қазып алған көрінеді. Сондықтан бұл жердің кенін кейінірек пайдалануды мақұл көрген. Жайсан тауының мыс кенін өндірістік игеру қолға алынған жоқ. Біз осы жерге барғанымызда ертедегі кен көзінің орнымен, жердің бетіндегі тау-тастарына жабысып жатқан көкпенбек мыстарды көрген болатынбыз.

Жайсан тауының түсті металын Ақтөбенің тұрғындары кезінде пайдаланған. Бұл үлкен қаланың кен өндіретін орны Шатырқұл (Бақыртау) болған. Осы кеннен тек қана мыс емес, алтын, күміс, керек десеңіз шойын да өндірілген. Өртүрлі металдан жасалған бұйымдар Ақтөбедегі қазба жұмыс кездерінде жыл сайын табылуда. Мысалы, Ақтөбеден мыстан, күмістен істелген әдемі шырақтар, түрлі-түсті ыдыстар, түймелер, білезіктер, сырғалар, теңгелер, садақтардың ұштары және сол сияқты тұрмысқа керекті бұйымдар табылды. Шойыннан жасалған үлкен қазандар, темірден соғылған балғалар, кетпендер, шот,

балта және тағы басқа бұйымдар бар. Тек бір бөлмені аршығанда құмыраға салынған 4000 мыс Қарахан дәуірінің теңгесі табылды деп жоғарыда айтқан едік. Оның салмағы 20 килограмнан астам. Бұлардан басқа да жыл сайын археологиялық қазба жұмысы кезінде мыс, теңгелер, моншақтар табылды. Осы бұйымдардың Ақтөбеден көп табылуын кездейсоқ деп қарауға болмайды. Бұдан шығатын қорытынды Ақтөбеде қолөнер кәсібі жоғарғы дәрежеде дамыған. Солардың ішінде, металдан тамаша бұйымдар шығаратын зергерлер, ұсталар темірді Жайсандағы Шатырқұл кенінен алған. Шатырқұл кен көзі М. Қашқаридің жазып қалдырған Бақырлықтауы екеніне күмән болмаса керек. Бұл тау қазіргі Ақтөбеден, яғни Баласағұннан 30-40 км жерге орналасқан. Сөйтіп, ол да Ақтөбенің бұрынғы Баласағұн екеніне, бұрынғы Бақырлықтау, қазіргі Жайсан тауы (Шатырқұл кені) екеніне тағы бір дәлел, куә іспетті.

Махмұд Қашқаридің еңбегінде Баласағұнға жақын жерде «Юн-Арық деп аталатын жайлау бар» екенін жазған болатынмын¹. Юн-Арықтың этимологиясын әртүрлі сөздіктерден қарағанда мынадай: «Древнетюркский словарь». «Юн-Арик - географическое название летожи вблизи Баласагуна» (М.К. Ш. 145); «Таджикско-русский словарь», «Юн-бок - возвышенное место», қазақша - Жонарық дөңес жердің үстімен тартылған арық деген мағынаны береді. Олай болса, арық сөзінің Қырғызстандағы Бұрана қаласының қасындағы Дон-Арық қонысымен байланысы жоқ. Бұрананың қасындағы Дон-Арықтың этимологиясын қырғыз тілінде Бұрана өзенінің төменгі бойына орналасқан ауыл деген түсінікті береді. Бұл қоныс Бурана қаласымен шектесіп жатыр². П.Н. Кожемяконың кітабындағы Бұрананың жоспарына қараңыз. Қырғыз археологтары, соның ішінде В.Д. Горячева өзінің еңбектерінде Юн-Арықты Дон-Арық деп жорамалдайды. Бұл пікір еш қисынға келмейді. Осындай қаланың қасына орналасқан Дон-Арық сияқты шағын ауылдың жері дүниеге атағы шыққан, бірнеше ғасырлар түріктердің астанасы болған және онда мыңдаған тұрғындар

¹ Қашқари М. Түрік сөздігі. 1-т. - Алматы, 1997. - 550-б.

² Кожемяко П.Н. Ранне-средневековые городища и поселения Чуйской долины. - Фрунзе, 1959. - 127-б.

мекен еткен шаһардың жайлауы қалай Дон-Арық бола алады. М. Қашқаридің еңбегінде және басқа ғылыми деректерде «Юн-Арық - баласағұндықтардың жайлауы» деп ашық айтқан ғой. Олай болса, буынсыз жерге пышақ салуға бола ма? Ертедегі ғұламалардың айтқандарын жоққа шығарып, тек біздің пікір дұрыс деуге бола ма? Сондықтан Бұрананың қасындағы Дон-Арық тек қана қоныстың аты және ол Баласағұн сияқты қаланың ғана емес, кішкентай Бұрананың жайлауы да бола алмайды. Жайлау деген ұғым өте үлкен, әдейі кішірейтудің керегі жоқ. Әсіресе, Баласағұнның жайлауы өзіне лайықты кең көлемді алып жатуы керек.

М. Қашқаридің сөзін қуалап, Юн-Арықты іздесек, ол қазіргі археологиялық жақтан зерттеп жатқан ортағасырлық Ақтөбе қаласының батысынан Луговойға (бұрынғы Құлан) қарай созылып жатқан жазық жер. Бұл жер Баласағұн сияқты үлкен қаланың жайлауына өте лайықты. Бұл жайлау Ақтөбеден басталып, Мерке ауданының солтүстігіндегі Луговой ауданының шығысындағы, Шу ауданының батыс-оңтүстігіндегі ұлан-ғайыр жазықты алып жатыр. Осы жайлаудың арғы жағы Мойынқұммен жалғасады. Жері жаз жайлауға өте қолайлы. Токташ, Сарғау, Қорғаты, Сарғуа, Ойранды, Аспара, Қызтуған, Ойтал, Мүнке сияқты үлкенді-кішілі бірнеше өзендер бар. Олардың барлығы Құрғайты өзеніне құяды. Құрғайты осы күнгі Кеңес ауылының тұсынан Шу өзеніне қосылады. Суы мол, жайылымға өте қолайлы жер Баласағұн сияқты астаналық қаланың жазғы жайылымы болуына өте лайықты екенін байқау қиын емес. Аты аталған өзендердің бойлары жылқы, қара мал өсіруге қолайлы болса, Мойынқұм қой, ешкі және түйенің жайылымы.

Жонарықтың тарихымен тереңірек танысу үшін Беларық ауылындағы Болатбек Имашев, Сағаш Әшилдаев сияқты қариялармен ауызба-ауыз сөйлескенімізде олар мынадай мағлұмат берді: «Бұл жерді ерте заманнан біздердің ата-бабаларымыз жайлаған. Біздің ауылымыз Беларық - «Тәтті» совхозының бір бөлімшесі. Ол Мерке ауданына қарайды. Беларықты кейде Жонарық деп те атайды. Себебі, бұл арық жонның үстімен қазылған. Біздің түсінігіміз бойынша «жон», әйтпесе «бел» екі сөздің мағынасы бір. Бұл сөздер жоталы жер деген мағынада. Жонарық өзінің басын Мерке қаласының бергі жағынан Ойтал өзенінен алып, жотаның

үстімен келіп, Қызтуған өзеніне қосылады. Жонарықтың ағысы қатты болғаны сондай, түйені де, өгізді де ағызып кетеді деген халық арасында сөз қалған.

Жонарықтың төңірегінде жоғарыдағы аты аталған өзендерден басқа тоғандар да бар. Оның оң жағы да 5-6 шақырым жерде Бұзаутоған, Жонарықтың сол жағында Таңтай тоғандары орналасқан. Бұл тоғандар – бұзау, таңтай руларының қазған су жүйелері. Олар кейінірек қазылғанға ұқсайды. Себебі, сол рулар осы күнге дейін Жонарықты жайлайды. Бұл маңның тұрмысқа өте қолайлы екенін суреттеген ел арасында мынадай өлең шумағы бар екенін жоғарыдағы аты аталған қариялар айтып берді:

Шары, Қорғаты, Аспара еді,
Дәулеті талай жұрттан асқан еді,
Мұжықтар олардағы залал тауып,
Қарамай мал-мүлкіне қашқан еді.
Кейінгі халық не болды деп,
Көзіміз жасқа толған еді.

Осы келтірілген шумақтан, Жонарықтың бойындағы өзендердің тұрмысқа жайлы, бай жерлер екенін айқауға болады. Сол атамекеннен патшалық Ресейдің отаршылары жергілікті халықтарды қуып шыққанына қайғырып осындай өлең шығарған. Патша үкіметі шұрайлы, ең жақсы жерлерді Ресейден келгендерге бергені айдан анық қой. Қазірдің өзінде, Қазан революциясына дейінгі, орыс селолары суы мол, тұрмысқа қолайлы жерге орналасқанынан көрініп тұрған жоқ па? Орыстардың селолары Шу өңірінде көптеп кездеседі. Сөйтіп, М. Қашқаридің көрсеткен Жонарығы (Беларығы) қазіргі Ақтөбе ортағасырлық қаланың атырабындағы жер. XX ғ. 80-жылдарында қазір Жонарықтың бойында Мерке ауданының «Қазақстан», «Победа», «Аспара», «Мерке», «Тәтті» шаруашылықтары, Шу ауданының «Тасөткел», Абай атындағы совхоздары орналасқан.

Қазіргі Ақтөбенің Баласағұн екенін дәлелдейтін тағы бір айғақ, арабтың орта ғасырда өмір сүрген ғалымы Махмуд Ибн Валидің Баласағұн жөнінде жазып қалдырған «Бахр әл-Асрар» деген еңбегінде Баласағұнды кеңірек суреттеп, бір қашқарлық саяхатшының сөзін келтіреді: «Мен осы кітабымды Балх

қаласында жазып бітірген кезде, Қашқардан келген бір саяхатшы былай дейді: «Қашқарияның басшысы қалмақтарды қуып, Моғолстанға келді. Ол қалмақтарға қираған үлкен қаланың қасында оларға жетті. Оның үйлерінің қабырғалары топырақтан 3-3,5 м шығып тұр екен. Олардың арасында минареттер, медресенің қабырғалары сорайып, 25-30 шақырымнан көрінеді. Осы ойран болған қаланың қасында қуғыншылар мен қашқандардың (қалмақтардың) арасында шайқас болып, нәтижесінде қалмақтар жеңіліп, Қарабалта өзеніне тығылды. Сол жерден оларды ұстап, қайтадан жанағы соғыс болған қалаға айдап келдік.

Қашқарлықтар қалмақтардан бұл қай қала деп сұрағанда: біздер білмейміз. Жергілікті тұрғындар қираған Баласағұн қаласы деп атайды деген»¹.

Бұл Махмуд ибн Валидің келтірген дерегі қашқарлықтардың келіп жеткен қаласы Баласағұн екеніне айқын дәлел. Себебі, Қарабалта өзені осы күнгі Ақтөбенің батыс жағын қақ жарып, Ақсу өзеніне құйып жатыр. Қашқарлықтар қашқан қалмақтарды Баласағұн қаласының қасында қуып жетіп, осы жерде оларды ұстап, өздеріне бағындырған. Бұл дерек осы күнгі Ақтөбенің Баласағұн екенін дәлелдеуге тілге тиек болатындай мағлұмат.

Араб, түрік ғалымдарының, әсіресе, Махмұд Қашқаридің еңбектерінде көрсетілген Баласағұнның төңірегіндегі жер атаулары осы күнгі Ақтөбе қаласының атырабынан табылды. Атап айтқанда, олар М. Қашқари жазбасында келтірілген Әулиетау, Бақыртау, Жонарық, Қарабалта өзені, Бозжорға, Жайсан тауы және т.б. жер атаулары. Осы көрсетілген жер атаулары, Қырғызстандағы Баласағұн деп жүрген Ақбешімнің, Бұрананың төңірегінде ешқашан да болған емес.

Ұлы Жібек жолының үстіндегі Y-XII ғасырлар бойына Батыс түріктердің ірі қаласы, кейін қарахандардың, қарақытайлардың (қаракидан) астанасы болған, отырықшы мәдениеттің ірі орталықтарының бірі Баласағұн қаласы - осы күнгі Ақтөбе деп аталатын ортағасырлық Баласағұн орны.

¹ Материалы по истории Средней и Центральной Азии X-XIX вв. - Ташкент, 1988. - 241-242 бб.

8. 4. Баласағұннан табылған соғда жазуы

Соғда туралы тарихи мағлұматтар ең алғаш Авестада, кейін ертедегі парсы патшаларының тасқа басылған жазуларында, сондай-ақ І Дарий (б.з.б.522-486) патшадан бастап жазылған. Одан кейінгі Соғда жөніндегі деректер антикалық, орта ғасыр дәуіріндегі қытай, араб және парсы тілдес ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Біздің эрамыздан бұрынғы VI-IV ғғ. Соғда ертедегі Парсы (Ахеменидтердің) ірі мемлекетінің қарауында болып, Геродоттың берген мағлұматына қарағанда, Соғда, Парфия, Хорезм және Аррей Парсының XI бөлігі болып, Ахеменидтерге жылына 300 талант күміс ақша төлеп тұрған. Соғда, Парфия және Хорезм мемлекеттерінің шығыс бөлігі Орталық Азияның оңтүстік-батыс аймақтарын қамтыған. Бұл жерлер Ахемени империясына қараған кезде соғдылардың (парстар) бір үлкен бөлігі Зеравшан мен Қашқадар жерлерін мекендеген, Тұран ойпаттарындағы ертеден келе жатқан этникалық топтар. Олардың негізгі отаны – Алдыңғы Азия.

Ұлы Жібек жолының халықаралық сауда жүйелеріне айналуымен, Соғдының көпестері Қазақстанның Оңтүстігі Талас, Шу және Жетісу бойларындағы үлкенді-кіші қалаларға таралып, Жібек жолындағы сауданы дамытуға өздерінің үлестірін қосып отырған. Сауда керуендері жүретін жолдағы ірі қалалардан: «Мерв-Чаржуй-Бухара-Самарканд-Чач-Испиджаб-Талас-Сужаб-Жаркент және басқа көптеген қалалар, одан әрі Шығыс Түркістанның ойпатындағы Лоб-Нор көліне дейін барып, Қытай елімен жал-ғасқан. Осы бағыттағы қалаларға келген сауда керуендерін соғда көпестері қарсы алған»¹.

Жібек жолындағы сауданың дамуы нәтижесінде соғдылықтар Оңтүстік Қазақстан қалаларына, Жетісу бойларына және Шығыс Түркістан жеріне тараған. Олардың көпшілігі үлкен-үлкен саудамен, қолөнер кәсібі және егіншілікпен айналысқан. Бірақ соғдылардың саны Қазақстан жерінде көп болмаған. Келген соғдылықтардың басым көпшілігі Талас өңіріне, Шу өзенінің сол жағалауларындағы қалаларға көбірек шоғырланғанын көреміз².

¹ История народов Узбекистана. Т. 1. - Ташкент, 1950. - 143-б.

² Сонда. 147-б.

XI ғ. әйгілі ғұлама түріктердің тілін, географиясын, тарихын, әдет-ғұрпын терең білген Махмұд ибн әл-Хусаин ибн Мұхаммед әл-Қашқари (Махмұд Қашқари) - туған өлкеміздің ортағасырлық жұлдыздарының бірі. Махмұд Қашқари үш кітаптан тұратын «Түркі тілдерінің лұғатын» («Диуану лұғат ит-түрк») құрастырып, артына мәңгілік өлмес ғылыми мұра қалдырған ғұлама»¹.

М. Қашқаридің бізге қалдырып кеткен ғылыми мұралары орта ғасырдағы қазақ тарихын, тілін, этнографиясын тереңірек білуге жол сілтейді. Өзінің бұл еңбегінде түріктердің басқа да халықтарға қайырым-дылықтарының мол екенін айта келіп: «Олардың (түріктердің – У.Ш.) шаһарлары мен сахарасын бастан-аяқ аралап шықтым. Түрік, түрікмен, оғыз, жығыл, йағма, қырғыздардың сөздерін және (сөздерінің) қасиет құпияларын анықтап ісықтем, пайдаландым. Мен бұл істерді осы тілдерге әрбір кішігірім айырмашылықтары жарықтап білу үшін істедім. Сонымен олардың әрқайсысының тілі менің көңілімде ұялап, берік сақталып қалса, мен оларды мұқият реттеп әбден тәртіпке келтіріп жүйелеп шықтым...»².

Ғұламаның бұл пікірінен, түріктердің паналап келген халықтарға, тайпаларға қайырымдылықтарының мол екенін, түріктердің қорларының бай екенін негізге алып, тек қана олардың тілдерін ғана емес, әдет-ғұрыптарын зерттеп, түріктердің шаһарларын, ауылдарын ерінбей, талмай аралап, өзінің көп жылдық зерттеулерінен ғылыми тұжырым жасағанын байқау қиын емес. М. Қашқари түркі халықтарының мекенжайларына тоқтала келіп. «Улуш - жігіл тілінде ауыл, қыстақ деген сөз. Баласағұн мен Арғу шаһарларында жасайтын халықтардың тілінде шаһар деген мағына білдіреді. Сондықтан Баласағұн шаһары Кузулушік деп те атала береді... Арғу - екі таудың арасы. Осы сөзден алынып. Тираз (Талас) бен Баласағұнның аралығындағы шаһарлар да Арғу деп аталады. Себебі олардың барлығы екі таудың арасында салынған»³.

Арғу шаһарлары тұрғындарының тілдеріне тоқталып, М. Қашқари: «Баласағұндықтар соғда мен түркі тілдерінде

¹ Махмұд Қашқари. Түбі бір түркі тілі. - Алматы: Ана тілі, 1993. - 5-б.

² Махмұд Қашқари. Түрік сөздігі. 1-т. - Алматы, 1997. - 31-б.

³ Махмұд Қашқари. Түбі бір түркі тілі. - Алматы: Ана тілі, 1993. - 13-14 бб.

сөйлеседі. Тираз, Байза шаһарларының халықтарының тілдері де дәл сондай. Испиджаб (Сайрам— У.Ш.) қаласының сонау Баласағұнға дейінгі барлық Аргу шаһарларындағы халықтардың тілдерінде шұбарлық бар. Қашқарда кәнжәкше сөйлесетін ауылдар бар. Шаһар ішіндегі халықтар Хақания түрікшесімен сөйлеседі»¹.

Ғұламаның тұсында Қазақстанның оңтүстігіндегі Жібек жолының бойындағы шаһарларда соғдылар (парсы тілдес) түріктер мен аралас-құралас жасағанын көреміз. Олардың көпшілігі қолөнер кәсібі, сауда, егіншіліктермен айналысқан. Сондай-ақ, 1974 жылдан бері археологиялық жақтан зерттеліп келе жатқан ортағасырлық Ақтөбе (Баласағұн) қаласында тұрғындар соғда және түрік тілдерінде сөйлеп, ірі сауда орнындары болған шаһарларда қос тіл үстемдік еткен.

Жазба және археологиялық деректерге сүйеніп, белгілі шығыстанушы А.Н. Бернштамның айтуына қарағанда, соғдылықтар Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу бойларындағы қалаларға III-V және VII-X ғғ. көбірек келгенін айтады². А.Н. Бернштам және В.А. Лившицтер Қазақстанның оңтүстігіндегі ортағасырлық көптеген қалалардың негізін соғдылықтар салып, оларды түріктер басқарғанын айтқан³.

Бұл пікір қазақ тарихынан кең орын алып, Ресей отаршылары, көпшілік ғалымдары түріктер, соның ішінде қазақтар көшпенді болғандықтан, олар қалалар салмаған деген ой айтады. Қазақстандағы ертедегі қалаларды соғдылар және сол сияқты отырықшы халықтардың салып кеткен шаһарлары деген пікірлерді талай жазып қалдырған. Бұндай пікірлерді Кеңес үкіметі кезіндегі ғалымдар да жиі қайталап келген.

Біздіңше, бұндай пікірлерді ғылыми тұрғыдан дәлелдеу мүмкін емес. Осынша ұлан-байтақ жерді мекендеген түріктер, әр аймақтың табиғи ерекшеліктеріне икемделіп, өздерінің шаруашылығын дамыта білген. Олардың арасында отырықшылар да, жартылай отырықшылар да және көшпенділер де болған.

¹ Сонда. 12-б.

² Лившиц В.А. Согдийцы в Семиречье: Лингвистические и Эпиграфические свидетельства-ства. Красная речка и Бурана. - Фрунзе, 1989. - 79-б.

³ Сонда.

Отырықшылар ертедегі орта ғасырлардан бастап-ақ Испиджаб (Сайрам), Отырар, Тараз (Талас), Құлан, Мерке, Баласағұн, Аспара, Жаркент және көптеген басқа қалаларды салған. Мұндай тұрақты қоныстардың қалдықтарын Қазақстанның әр жерінен кездестіруге болады. Әр аймақтың бұл жөніндегі ерекшелігін сол жерлердің отырықшылық тұрмыс дәрежелерінің бірдей болмауынан іздеу керек¹.

Біздіңше, Қазақстан жеріндегі көп санды көне заманғы, орта ғасырдағы сәулеттік ескерткіштер осы жерді мекендеген ата-бабаларымыздың маңдай терімен, саналы еңбегімен тұрғызылған мұралар. Ортағасырлық шаһарларда, әсіресе Ұлы Жібек жолының бойындағы қалаларда соғдылар тұрған болса, олар сол шаһарлардың бір бөлігінде қоныстанған, ал негізгі тұрғындар түріктер болған, соғдылар түріктерге қарағанда сан жағынан аз болып, олар түріктің тілін, әдет-ғұрпын, М. Қашқаридің кезінде-ақ Баласағұнда мекендеуші соғдылар «түріктердің киімін және әдет-ғұрпын қабылдағанын» айтқан. Солай болса, одан бері мың жылға жақын уақыт өтті. Соғдылар жергілікті түріктермен мидай араласып, түрік болып үлгерді. Қазіргі қазақ халқының этникалық құрамынан «біз соғдылардың ұрпығымыз» деген қазақтарды кездестіруге қиын шығар.

Жоғарыдағы М. Қашқаридің айтқанындай, Қазақстанның оңтүстігіндегі ірі ортағасырлық қалаларда соғдылар түріктермен аралас тұратын болған. Шу, Талас өзендерінің алқаптарында ортағасырлық қалалардың орындары жеткілікті. Сол археологиялық ескерткіштердің кейбіреулері Кеңес үкіметі жылдарынан зерттелмей жатыр.

Солар археологиялық зерттеудің барысында бұл шаһарлардың кейбіреулерінен соғдылардың жазулары табылып жатыр. Бұл аймақтан табылған соғда жазуларын В.А. Лившиц екі топқа бөледі: қыштан жасаған ыдыстар және жартастарға жазылған жазулар². Қыш ыдыстардың мойнына, бүйірлеріне жазылған соғда жазуларын В.А. Лившиц IX-XI ғғ. жатқызады. 1941 ж. Красная Речка, Ақбешім, Покровка, Якалыч, Тараз

¹ Шәлекенов У.Х. Қазақ көшпелі ме? // Жұлдыз. - № 10. - 1990.

² Лившиц В.А. Согдийцы в Семиречье: Лингвистические и Эпиграфические свидетельства-ства. Красная речка и Бурана. - Фрунзе, 1989. - 81-б.

(Талас) ортағасырлық қалаларда археологиялық зерттеу кезінде табылған. Бұл жазулардың көлемдері кішігірім. Солай болса да бұл жазулардың тарих, тіл үшін мәні зор.

1989 ж. Ақтөбедегі (Баласағұн) археологиялық зерттеу жұмысы кезінде Ақсу су қоймасының батыс жағасынан үлкен хұмның сынықтары кездесті, айрықша көңіл бөліп қарасақ, хұмның мойнына орап жазған жазудың бар екені байқалады. Содан кейін шашылып жатқан хұмның сынықтарын жинап, оларды тазартып, кейін құрастырғанда бес бөліктен тұратын хұмның мойны келіп шықты. Осы бөліктердегі хұмға жазылған жазудың басы 35-40 см бөлігі табылмады. Ал жазудың қалғаны бес бөліктен тұратын жазу түгел құрастырылды. Кейіннен ол құрастырылған жазуды Ленинградтағы (Санкт-Петербург) белгілі маман профессор В.А. Лившицке оқуға жібердік. Өйткені ол соғда жазуын оқи алатын бірден-бір маман. Ол жазуды оқып шығып, төмендегі ғылыми тұжырымға келді: «Надпись имеет дату, отличающую по этому признаку от всех известных до сих пор согдийских надписей на керамике, в том числе от надписей на венчиках хумов, найденных ранее на памятниках Чуйской долины. Следует также отметить, что надпись из Актөбе, хотя и сохранилась не полностью, по объему превосходит все ранее известные согдийские надписи на керамике»¹.

Жазудың мазмұнына қарағанда, бұл қыштан соғылған үлкен хұм ұлы Худтак атты соғдалық кісіге сыйлыққа тартылған бұйым екені анықталды. Бірақ сыйлық алушының атағы, оның дәрежесі, атқарған қызметі жөнінде ешнәрсе айтылмаған. Бұл мәліметтер табылмай қалған бас жағындағы бөлігінде қалуы мүмкін. Ол бөлікті қанша іздесек те әзірге табылған жоқ.

Енді Худтактың кім екенін іздестіріп қарасақ, әйгілі шығыстанушы академик В.В. Бартольд төмендегіше түсінік береді: «В языческую эпоху слово *баг*, или *фаг* (диалектическое также *фуг*), подобно слову *худа* (или местному *худат*), употреблялось в Иране и иранской Средней Азии также в смысле царь, в связи с установленным со временем Александра Македонского обожествлением царской власти»².

¹ Лившиц В.А. Согдийская надпись на венчике хума из Актөбе. Чуйская долина. Рукопись. 1-б.

² Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. Соч. Т. 2. Ч. 1. - М., 1963. - 215-б.

630 жылы Қытайдың саяхатшысы, буддалық Сюань Цзянь Орта Азия арқылы Үнді еліне сапар шеккенде, өзіннің жүрген жеріндегі халықтар туралы көрген-білгенін жазып қалдырғанын жоғарыда көрдік. Бұл саяхатшы Бұқараның төңірегін және Зеравшан алқабын мекендеген соғдылардың арасында болып, олардың бөлек-бөлек, кішігірім князьдықтарда жасайтын, князьдарда басқарушыларды *бұқар-худтактардың* басқарғанын жазып кеткен. Бұл басқарушылар түрік қағандарына бағынышты болып, оларға салық төлеп тұрғанын айтқан¹.

Осы Орта Азияны мекендеген соғдылар Қазақстанның оңтүстігіндегі, Жетісу бойларындағы қалаларға тарағанын жоғарыда айтып өткенбіз. Сюань Цзяньнің жазғанына қарағанда: «Суяб қаласының батыс жағында бірнеше қала бар. Олардың әрқайсысында басқаларынан тәуелсіз, бірақ түріктерге бағынышты өз бастығы бар. Шудан Гешуанға (Кушанияға) дейін бүкіл ел Сули (Сулиг, Согды) болып аталып келген. Тұрғындарының жартысы егіншілікпен, екінші жартысы саудамен шұғылданған»².

Жоғарыдағы келтірілген деректерге қарағанда, Қазақстан жеріне келген соғдылар да, бұқаралық соғдылар сияқты әр қалаларда бөлшектеніп мекен тауып, өздерінің хусудаттарының басшылығы астында өмір сүріп, жергілікті түрік басшыларының қарамағында оларға саяси, экономикалық тәуелділікте болған. Солай болса, Ақтөбеден (Баласағұннан) табылған соғда жазуы, осы шаһарды мекендеу соғдылардың басшысы Худтакқа (ұлы Худтакқа) сыйлыққа арнайы жасалған хұм болып шықты. В.А. Лившицтің тәржімесінде Худак болып жазылғанмен, худат пен худтактардың түбірі бір. Солай болса, жұрнақтарды хұмға адам қателесіп жазуы мүмкін. Бұл хұм Баласағұнды мекендеген соғдылардың басқарушы құрметті адамына арнап соғылған ыдысы болып шығады.

Хұмдардағы жазуды профессор В.А. Лившиц орысша тәржіме жасаған. Сондықтан оқырмандарға түсінікті болу үшін сол күйінде бермекшіміз. «Таким образом, возможные даты надписи – 776/777 или 812/813. Транслитерация надписи:»³ [около 40-50 букв р]

¹ История народов Узбекистана. Т. 1. - Ташкент, 1950. - 144 -145 бб.

² Қазақ ССР тарихы. 1-т. - Алматы, 1980. - 346-б.

³ Система транслитерации – обычная для согдийских текстов. Круглые скобки указывают на частично разрушенные буквы, квадратные на полностью уничтоженные; дефис обозначает отсутствие соединения с последующей буквой.

(I фрагмент) rst ty 'dymy= dmz yz zwbt k pr prnxwbty srd (II фрагмент) mynk' yrwtyb(myw)¹ <xg wsy>² srb sn'=xnt' m xw pnc smpb (III фрагмент) myb r'm gw (c) (IV фрагмент) [п](p)yst'y Iymxp³ p's' 100 20+20+20 srd brz'z=w txwy(w) [.]⁴ (V фрагмент) x(s?)m(.).JK'skw't xs n »⁵.

Перевод

«[..... Этот сосуд] был изготовлен этому великому Худтаку в благословенном году, знак которого (?) - год Зайца, в месяце Малый ханда, в четверг, в день Рам=роу. Написал (°А)лим=хан °Аббас(?) 160 год. Даживет (Худтак) возвышенным, да пребывает питье (?) его счастливым!»⁶.

Бұл хұмның мойнына жазылған соғда жазуы 776 (777 мүмкін 812) 813 жылдары Баласағұнды мекендеген бір топ соғдылардың басшысына (Худтак) арнайы қыштан соғылған хұм екенін байқауға болады. Жоғарыдағы келтірген деректерге қарағанда, шаһарда тұрушы соғдылар саудамен, бірқатары колөнер кәсібімен шұғылданған. Осындай мамандардың өте шеберлікпен басшыларына тартқан сыйлығы көрінеді Сюань Цзяньнің айтуы бойынша, соғдылардың әрібі - 25, олар солдан оңға қарай жазады деген⁷. Хұмдағы жазулар да осы тәртіппен орындалған. Жазудың тәржімасында сыйлыққа тартатын ыдысты (хұмды) өздерінің ұлы басшысына қай айда, қай жылы баяндай отырып, өз басшысының бақытты болуын, көңілі көтеріңкі дәрежеге жетіп, оның жасай беруіне тілектерін білдіреді.

Сөйтiп, ортағасырлық Ақтөбе (Баласағұн) шаһарынан табылған хұмның мойнына жазылған жазудың тiлi, этникалық, этнография және эстетикалық, экономикалық мәні зор. Ертедегі орта ғасырда Шу, Талас өңірлерін мекендеген тұрғындардың арасында Орта Азиядан келген соғдылар түркілермен араласып,

¹ «Зачеркнуто» - резчик попытался деформировать слово, придумливо соединив буквы, чтобы показать, что слово нанесено по ошибке.

² Добавлено под строкой.

³ Или s'n', xsn' и т.д.

⁴ Или s'n', xsn', s'n, xsnp и т.д.

⁵ Первоначально ошибочно было «тигра».

⁶ Лившиц В.А. Ленинград. 20 ноября 1990 г.

⁷ История народов Узбекистана. Т. 1. - Ташкент, 1950. - 148-б.

заттай және рухани мәдениетті бірге дамытқан. Уақыттың өтуімен парсы тілдес соғдылар түріктердің тілін, киімін, салт-санасын, әдет-ғұрпын иеленіп, жергілікті түрік тілдес этникалық халықтарға сіңіп кеткен. Міне, осындай халықтардың өзара қарым-қатынастарын дәлелдейтін хұмның мойнына жазылып қалған соғда жазуы - ғылыми мәндегі жазба дерек.

8. 4. Баласағұн ақшасы

Адам баласының тарихында ақшаның (теңге, валюта, монета) шығуы көне замандардан басталады. Адамдар физикалық және ақыл-ой еңбектері арқылы әртүрлі өнімдер шығарған. Алдымен шығарған өнімдерін шығарушылар пайдаланып, ауыскандарын (артылғанын) басқа өнімдерге алмастырған. Себебі, бір адамның, бір тайпаның, мемлекеттің шығарған заттары, олардың қажеттігін қанағаттандыра алмаған. Адамдардың шығарған алуан салалы өнімдерін К. Маркс «товар»¹ деп атаған. Бұл сөзді біз «өнім» деген мәнде қолдандық. Барлық заттар адам еңбегімен пайда болатыны баршаға мәлім ғой. Шығарылған өнімнің өзіне тән сипатына байланысты, оның қажеттілік (керектік) құны белгіленеді. Мысалы, тұз тағамның дәмін келтірсе, бас киім басты суықтан сақтайды. Сондықтан адамдардың қолданатын заттарының құны оның сапасы, саны, оны шығарудағы жұмсалған еңбек және т.б. сияқты белгілермен сипатталады.

Көне замандағы гректің жағырапиятанушысы, тарихшысы Страбон (б.з.б. 64-63 жж. - б.з. 23-24 жж.) бұл мәселе бойынша мынадай деп жазған: «У одного арабского племени 2 фунта золота считались равноценными 1 фунту серебра, а 10 фунтов 1 фунту железы!»². Себебі, бұл кезде күміс пен темірден пайдалану адам баласында кең өріс алмағандықтан, алтынға қарағанда олардың құны анағұрлым жоғары болған. Адам баласының эволюциялық алға өрлеуінің нәтижесінде, біздің заманымызда қара металдар көп шығарылып, оның құны төмендеп кетсе, керісінше түсті металдардың бағасы айтарлықтай жоғарылаған.

¹ Маркс К и Энгельс Ф. Соч., Т. 13. - 49-б.

² Рябцевич В.Н. О чем рассказывают монеты. - Минск, 1977. - 7-б.

Адам баласының қоғамында, шығарылған өнімді айырбастау ерте заманда-ақ орын алған. Ол кезде кездейсоқ сипатта болғанмен, адамдардың эволюциялық даму жолында ол күрделі қоғамдық мәнге ие болған. Алмасудың ең жоғарғы формасы ақша келіп шығып, ол жалпыға бірдей эквивалент рөлі бір тауардың (өнімнің) еншісіне айналды. «Эквиваленттік формасы заттық формасына қоғамдық түрде қабылданып келетін ерекше тауар түрі ақша тауарға айналады, яки ақша ретінде қызмет өтеді»¹. Әртүрлі тайпалар мен халықтарда ақша ретінде ішкі және сыртқы сауда-саттықтың басты заттары болатын тауарлар бөлініп шықты. Осындай заттардың бірі Қытайдың жібегі шығарылып, ол дүниеге «Ұлы Жібек жолы» деген ұғымды пайда еткені баршаға мәлім. Бұл жол Шығыс пен Батысты жалғастырып, көптеген халықтардың өркендеуіне үлкен ықпалын тидіріп келген.

Орталық Азия түріктері өздерінің жақын және алыс көршілерімен қарым-қатынастарды ертеден жүргізген болса, оның үстінен өтетін Ұлы Жібек жолы оның өрісін кеңейтіп, Шығыс пен Батыстың мәдени жетістіктеріне қол жеткерді. Бұндай байланысты түріктер антикалық заманда, әсіресе құлшылық дәуірінде қарқынды жүргізген. Еуропалық ғалымдардың арасында: «Түріктер құлшылық қоғамды бастарынан өткермей, алғашқы қоғамнан бірден феодализмге өткен» деген жалған, түріктердің өміріне жатпайтын тұжырымды әлі күнге дейін жалықпай айтушылар бар. Мұндай ғалымдар түріктердің өміріне көшпелілік тұрғыдан қарап, отырықшылық өмір оларға тән емес деген ұғымды уағыздайды.

Олардың бұндай ғылыми негізі жоқ, жаңсақ, үстіртін пікірлерін жалған дейтін археологиялық және жазба деректер Орталық Азиядан XX ғасырда өте бай көлемде жиналды. Осы мағлұматтар түріктердің кешенді шаруашылықпен айналысқанын және құлшылық, феодализм қоғамдарын басынан өткергенін дәлелдейді. Б.з.б. VII-IV ғғ. Орталық Азияның оңтүстік, оңтүстік-батыс аймақтарындағы тұрғындардың арасында экономикалық даму алға кетіп, олар қосымша күшті қажет етіп, алғашқы қоғамнан құлшылық қоғамға өте бастады. Әсіресе, Орталық Азияның оңтүстік-батыс жақтарында диканшылықтың алға өрлеу

¹ Маркс К. Капитал. Т. 1. - 85-б.

қарқыны күшейе түсті. Қолдан суару арқылы егілетін диканшылықтың көлемін кеңейту үшін ірі-ірі су жүйелерін қазу, рулық қоғамның күші тиеті. Шөлдік-шөлейттік аймақтарда малдарды кең көлемде өсіруде қосымша күш қажет болды. Осы қажеттіліктің нәтижесінде, Орталық Азияда құлшылық қоғамы келіп шықты. Бұндай өзгеріс - түріктердің эволюциялық даму заңдылығының нәтижесі¹.

Б.з.б. II - б.з. V ғғ. ертедегі сақтардың ұрпақтары Әмудария мен Сырдарияның алқаптарында Қаңлы, Ферғана, Тохаристан құлшылық мемлекеттерін ұйымдастырған, б.з. I-IV ғғ. Кушан империясы, б.з. V-VI ғғ. Эфталит мемлекеті өмір сүрген. Аттары аталған құлшылық мемлекеттер, өздерінің дәуірлеген кездерінде ақшаларын шығарып, оларды кең көлемде сауда айналымына қолданған. Бұндай ақшалардың болғанын дәлелдейтін археологиялық деректерге көңіл бөлейік.

Әмудария мен Сырдария алқаптарын көп жылдар бойына археологиялық-этнографиялық жақтан зерттеген КСРО Ғылым академиясының «Хорезм кешендік археология экспедициясы». Бұл экспедиция әйгілі шығыстанушы С.П. Толстовтың басшылығы астында жүргізіліп, антикалық дәуірдің мәдениетін кең көлемде ашып, Орталық Азия халықтарының тарихына жаңалықтар ендірі. Бұл жерде, туын тіккен құлшылық мемлекеттер кезінде ақша айналымы туралы құнды деректерді қолға кіргізді.

Енді сол деректерге қысқаша тоқталайық. 1954-1955 жылдары Хорезм жеріндегі антикалық дәуірге жататын Беркут-қала (Бүркітқала - У.Ш.) ескерткішін қазғанда, ақшаға басатын тоғыз тастан жасалған мөр мен бір тас тұмар табылған². Кушан дәуірінің ірі ескерткіштерінің бірі болған Топырақ қаланы зерттегенде екі күміс теңге (4-5) табылған. Таблицада Хорезмнен шығарылған көптеген монеталарды Санкт-Петербургтегі Эрми-таждың қорынан алып жиырма төрт Хорезм күміс монетасы жарияланған³. Күміс ақшалармен біркатарда, мыс монеталардың (теңгелердің) сауда айналымында антикалық тарихи кезеңде

¹ Шәлекенов У.Х. Орталық Азия түріктеріндегі құл иеленушілік //Отан тарихы. Отечественная история. - Алматы, 2003. - 9-б.

² Толстов С.П. Древний Хорезм. Таблицы. - М., 1948. - 83-б.

³ Сонда. Таблица. 84-б.

Хорезмде орын алғанын байқаймыз. Сондай ақшалардың 26 данасын кестеде көрсеткен¹.

Хорезм экспедициясының Хорезмнен табылған монеталары 1000 данаға жақын. Олардың көпшілігі мыстан, ислам келгенге дейінгі дәуірлерде жасалған. Бұл ақшалардың басым көпшілігі Топырақ қаладан табылған. Қалғандары Бүркіт қаладан, Ангка (Аңқа - У.Ш.) қаладан Ұлы Гүльдүрсүн, Джильдық-қала, Аяз-қала, Тешик-қала ескерткіштерін қазғанда табылған жәдігерлер².

Бұл келтірілген археологиялық деректерге қарағанда, Орталық Азияда ақша айналымы өзінің сағасын антикалық дәуірден алатындығы байқалады. Тарихи осы кезеңде Хорезм патшалықтары және жоғарыдағы аттары аталған құлиеленушілік мемлекеттердің тұсында күміс пен мыстан жасалған монеталар (теңгелер) саудада кең қолданылғаны байқалады. Мұндай ақшалардың шығуы ертедегі орта ғасырдағы түрік мемлекеттерінде ен жайған. Сол дәуірде үлкенді-кішілі мемлекеттер өз ақшаларын сауда айналымына шығаруға тырысқан. Орталық Азиядағы, сондай-ақ Қазақстан жеріндегі сол дәуірдің ескерткіштерін археологиялық жақтан зерттегенде, Түркеш (Сарыүйсін), Қарлұқ, Қарахан мемлекеттерінің теңгелері табылып жатыр.

Ертедегі орта ғасырда Орталық Азияда дәуірлеген феодалдық мемлекеттер болып, олардың сауда айналымына шығарған ақшаларының қазіргі кезде молырақ кездескен жері Орталық Азияның оңтүстік, шығыс жақтарын Түркеш (Сарыүйсін), Қарлұқ және Қарахан мемлекеттерінің ақшалары. Олардың басым көпшілігі Шу, Талас өзендерінің алқаптарында сақталған ортағасырлық қалаларды зерттегенде табылды. 1978-1983 жылдары қазақ-қырғыз археологиялық экспедициясы Шу өзенінің сол жағасында орналасқан Красноречен қаласын қазғанда бес жыл ішінде 213 дана монета (теңге) мәдени қабаттардан табылса, 14 монета әркімнің қолынан жиналған. Осы ақшалардың басым көпшілігі – түркештердің дөңгелек, ортасында төртбұрышты тесігі бар мыс теңгелері. Оның оң бетінде жазуы, сол (екінші) бетінде таңба басылған түркеш теңгелері табылған³. Красноречен

¹ Сонда. 85-6.

² Сонда. 175-6.

³ Настич В.Н. Монетные находки с городища Красная речка (197-1983 гг.)//Красная речка и Бурана. - Фрунзе, 1989. - 96-120 бб.

қаласынан басқа теңгелер, солардың арасында Қарахан империясы кезінде шыққан теңгелер. Олардың арасында Қытай монеталарының бар екені де байқалған.

Бұдан кейінгі біршама археологиялық зерттеу жүргізілген ертедегі ортағасырлық Шу өзенінің орта ағысындағы Ақтөбе (Баласағұн) қаласы. Бұл қаладан шығарылған монеталар (теңгелер) Ақтөбеден және басқа ескерткіштерден табылған Қарахан империясының теңгелерін Б.Д. Кочнев «Монетный чекан Куз орду Баласағуна (XI в.)» атты мақаласында талдау жасап, ғылыми тұрғыдан өз пікірін білдірген¹. Автор Қарахан империясы кезінде, оны билеушілердің шамасымен шығарылған дирхем теңгелерін талдап, олардың 1067-1068 жылдары Күз ордада жасалғанын тілге тиек етіп, теңгелердің бетіне Құранның IX сүресінен келтірілген сөздерді араб әрпімен жазғанын баяндаған. Сөйтіп, Баласағұн ертедегі орта ғасырдағы түріктердің ақшасын шығарған орталықтардың бірі болған деген болжамға келген.

Бұл болжау М.Қашқаридің айтқанына да тура келеді. Ол түркештердің ақша шығаратын орындары Таласта (Тараз) және Баласағұнда болғанын жазған. 1987 жылы Ақтөбе (Баласағұнның) цитаделінің батыс-оңтүстігін (Шахристан-2) қазғанда қираған, өртенген бөлменің ішінен көмбе, қазына табылды. Ол Қарахан дәуірінің құмырасына салынған, жалпы саны - 2744 дана. Оның 744 теңгесі тазартылған. Олардың ішінен жазуы бары - 217 дана, 527-де жазу жоқ. Бұлардың барлығы - мыс теңгелері. Бір қызығы, ол теңгелердің бетінде араб әрпімен жазылған жоғарыдағы айтылған құрани сөздер болса, көпшілігі теңге істеуге дайындалып қойылған, еш жазулары жоқ теңгелер. Табылған көмбенің қасынан арыстанның бейнесі салынған тас мөр және екі безбен (весы) ілініп тұратын жіптері де сақталған. Табылған жәдігерлер Қарахан мемлекетінің ислам дінін қабылдағаннан кейінгі шығарылған теңгелері деген пікірдеміз. Көмбеден шыққан теңгелер әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих факультетінің «Археология және этнология» кафедрасы қорында сақталуда.

¹ Кочнев Б.Д. Монетный чекан Куз орду Баласағун (XI в.)//Красная речка и Бурана. Фрунзе, 1989. - 144-158 бб.

Еліміздің белгілі нумизматик ғалымы өзінің мақаласында Р.З. Бурнашева: «Возникает, естественно, вопрос, в каком из городов Чуйской долины сохранились монеты тухусов? Ответить на него конкретно пока весьма трудно, так как сами монеты не дают ответа»¹. Енді жоғарыдағы келтірілген деректердің негізінде, бұл мәселені шешуге тілге тиек боларлықтай дәлел. Ақтөбеден (Баласағұннан) табылған теңгелер мен оған қажетті безбен (весы), мөр және т.б. құралдар теңгенің қасынан табылды. Теңгенің басым көпшілігі теңге шығаруға дайындап қойған, жазу, сызуы жоқ теңгелер. Осы келтірілген деректерге қарап, Баласағұн шаһарында түркештердің, қарахандардың теңгелері шығарылған деп ашық айта аламыз. Теңгелер сақталған бөлме, IX-XII ғғ. жататын Қарахан уақытында салынған ғимараттар, яғни Баласағұн ескерткішінің үстінгі қабаты. Оның астында V-VIII ғғ. жататын қабат жатыр. Ол қабат бұл ескерткіште қажетті дәрежеде зерттелмеген. Оның есбептері көп. Солардың ішінен төменгі қабаттың тереңде жатуы мен жер асты суының жақын болулары айтарлықтай қиыншылық тудыруда. Сондықтан Қарахан дәуіріне қарағанда, Түркеш, Қарлұқ уақыттарына жататын мәдени қабат археологиялық жақтан кең көлемде зерттелмей келе жатыр.

Солдай болса да, Баласағұнның цитаделі мен шахристанын тереңдетіп, астыңғы қабатына жеткен кезде біршама V-VIII ғғ. жататын заттар табылды. 1974-1983 жж. Баласағұннан Түркеш және Қарахан теңгелері табылған болатын. Осы жәдігерлердің бір тобын нумизматика маманы, тарих ғылымдарының кандидаты Р.З. Бурнашева зерттеген болатын. Оның нәтижесін 1986 жылы мақала ретінде жариялаған². Бірақ мұнда жоғарыдағы айтылған монетаның қоймасынан табылған теңгелер кірмеген. Бұл теңге қоймасының кейін табылғанын жоғарыда айтқанбыз.

Шу өңірінен табылған тохсилер мен түркештердің монеталарын зерттеген, оларға талдау жасаған нумизматик

¹ Бурнашева Р.З. Монетные находки с городища Актобе (Чуйская долина) // Средне-вековые города Южного Казахстана. - Алматы, 1986. - 76-б.

² Бурнашева Р.З. Монетные находки с городища Актобе (Чуйская долина) // Средне-вековые города Южного Казахстана. - Алматы, 1986. - 71-87 бб.

О.И. Смирнованың айтуы бойынша, алғашқы монеталарды бұл аймақты мекендеген тохсилер, одан кейін түркештер деген пікірге келген¹. Бұл монеталардың бетінде соғдыларша тохсилердің лауазым (титул) адамның аты «УWBW», әйтпесе «UWSS UWBW» сөзі жазылып, сөзді ортасына Ψ таңба қойылған. Қытай иероглифі бойынша бұл жазу «Шу» дегенді білдіреді². Бірақ «Шу» сөзінің этимологиясын О.И. Смирнова да және басқа мамандар да біле алмай, әртүрлі жорамалдаумен шектелген. Біреулер «өзен» десе, В.В. Бартольд соғдыларша су (вода) деген пікірді қолдаумен келе жатыр³. «Ψ» таңбасы бар тохси монеталары Шу өңіріндегі Ақбешім, Қрасноречин және Ақтөбеден (Баласағұннан) табылды. Бұл монеталарды О.И. Смирнова үш түрге бөлген: «Тип I на лицевой стороне имеет надпись согдийским полукурсивным письмом, как на монетах тургешей: «небесного тюргеш-хакана деньги». На обратной стороне знак «Чу» «Ψ» тухусов и надпись «тухусский UWBW», указывающая, что носитель этого титула является главой тухусских племен. Однако, надпись на лицевой стороне этого типа указывает на зависимость этих племен от тюргешского каганата.

Тип II в отличие от I-го имеет на лицевой стороне надпись также согдийским полукурсивом «тухусский UWBW» со знаком «Чу», а обратную сторону - гладкую»⁴.

Баласағұнды (Ақтөбені) археологиялық зерттеу кезінде табылған 35 дана тохси мен түркештердің монеталарына Р.З. Бурнашева талдау жасады: «Они представлены одним металлом бронзой. 17 экземпляров являются подъемным материалом, остальные найдены в культурных слоях рабада, шахристана и цитадели. Материал разделяется в следующих хронологических рамках: VII-VIII вв., XI-XII вв.

Монеты VII-VIII вв. лучшей сохранности и представлены чеканом тюрков-тухусов (тохсы - У.Ш.) (7 экз) и тургешей

¹ Смирнова О.И. Сводный каталог согдийских монет. Бронза. - М., 1981. - 60-б.

² Сонда.

³ Бартольд В.В. Соч., т. IV. - М., 1966. - 47-б.

⁴ Бурнашева Р.З. Монетные находки с городища Актобе (Чуйская долина) // Средне-вековые города Южного Казахстана. - Алматы, 1986. - 71-87 бб.

(тургеш - У.Ш.) (3 экз). Известно, что тухусы в X веке представляли одно из богатейших племен живших в Чуйской долине¹.

1978 жылы Баласағұн цитаделінің солтүстік жағынан кесу жұмысын жүргізгенде, тохсилердің 7 дана теңгесі шықты. Р.З. Бурнашева оларды зерттеп, О.И. Смирнованың көрсеткен бірінші түріне жататынын анықтады. Оның сыртқы бетінде «небесного тюргеш-хакана деньга» деп жазылса, ішкі бетінде «тухусский УWBW» жазудың қасында «Ψ» таңба лауазым (титул) УWB(W) жазуы бар. Осы жылы шахристанда стратиграфиялық қазба кезінде 12 ярустан түргештердің 3 монетасы шықты. Олардың сыртқы бетінде түргештердің Ψ таңбасы салынса, оның ішкі бетінде «небесного тюргеш-хакана деньга» жазуы бар. Бұл монеталардың хронологиясы VIII-IX ғғ. жатады.

Түркеш монетасындағы Шуды білдіретін Ψ белгі салынған хұм және құмыра қақпақтарының сынықтары табылды. Олардың ішінен хұмның қақпағының бетінде үш тармақты шанышқы тәрізді белгінің жанына ай, жұлдыздар мен мүйіз сияқты белгілер салынған. Құмыра қақпағының үстіне үш тармақты белгі берілген. Соған қарағанда, бұл таңалардың Шу хақанның қасиетті атымен байланысы бар деген пікірді ойға салады.

Сонымен, жоғарыдағы келтірілген жазба және археологиялық деректерге қарағанда, Баласағұн мен Шу қалаларын теңгеде жазылған «үргеш тәңір-хақанының ақшасы» деген. Шу жас хақанның салдырғанын анықтайды. М. Қашқари өзінің «Түрік сөздігі» еңбегінде Түркеш (Сарыүйсін) мемлекеті Іле өзенінің орта ағысынан Мойынқұмға дейінгі жерді жайлап жатқаны туралы жазған. Сөзін жоғарыда келтіргенбіз. Тарихи деректердегі Түркеш мемлекеті қуатты феодалдық мемлекет болып, оны бір басқару жүйеге салып, қарамағындағы жерлерді 20 әкімшілікке бөліп басқарып, оның әрқайсысында 7 мың тұрғын болған болса, барлық бағынған адамдардың саны 140-150 мыңға жеткен. Осындай күшті мемлекетті басқарып тұрған әкімдердің (бектердің) құрметіне Шу хақан Баласағұндағы сарайының алдында күн

¹ Сонда. 73-74 бб.

сайын таңертөз 360 рет дабыл қақтырып тұруы оны күдіретті күшті бастық екенін байқатады.

Іле өзенінен Мойынқұмға дейінгі ұлан-байтақ жерде қазірдің өзінде де Ұлы жүзді сарыүйсін руларының ұрпақтары жасайды. Түркеш мемлекетіне Шу өзенінің алқаптарындағы басқа да рулар кіргенге ұқсайды. Сөйтіп, бұрыннан келе жатқан тұрақты мекенді Шу хақан өзінің астанасына айналдырып, өзіне лайықты Баласағұн атын берсе, оның қасына жаңа қала салып, оған өзінің нақ есімін – Шу деп атаған. М. Қашқари: «Шу Баласағұнға жақын шаһар», - деп жазған¹. Сөйтіп, Шу мен Баласағұн бір-бірімен жалғасып жатқан. Осы күнгі Шу қаласы (станциясы) өзінің алғашқы атын сақтап келген тарихи ортағасырлық қалалардың бірі. Тілекке қарсы, бұл қаланың орны археологиялық жақтан әлі зерттелген жоқ.

Біз айрықша тоқталып отырған Түркеш хақанының теңгесіндегі Ψ таңба, қазіргі сарыүйсін руының абақ-ашамай таңбасы мен шапырашты руының Ψ таңбалары бір-біріне жақын екенін С. Аманжолов жазған². «Қазақ шежіресі»³ кітапшада осындай ұқсастық бар екені байқалады. Біздіңше, бұндай ұқсастықтың төркінінде генеологиялық туыстық жатқан сияқты. Сарыүйсіндер М. Қашқари жазған тохси, шігілдердің ұрпақтары болуы керек.

М. Қашқари еңбегінен Баласағұн қаласының этимологиясын анықтадық: «Сағұн: Қарлұқ жұртының мықтыларына берілетін ат, лақап. Түрік тәуіптерін Ата сағұн дейді»⁴. Қаланың аты екі сөзден құралған. «Бала» деген түрік сөзі баршаға мәлім болса, «сағұн» - хақан, хан, князь. Олай болса, Бала + хақан; Бала + князь; Бала + хан болып, Баласағұн деген ұғымды құрайды, яғни жас түркеш, әйтпесе Қарлұқ хақанның қаласы деген сөз. Бұл айтылған Баласағұн шаһарының шығуын тайға таңба басқандай М. Қашқари жазған: «... түріктердің «Шу» есімді бір жас хақаны болған. Ол үлкен қосын иесі болған. Баласағұн жанындағы

¹ Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. - Алматы, 1993. - 18-б.

² Аманжолов С. Вопросы диалектологии и история казахского языка. - Алматы, 1959. - 16-б.

³ Қазақ шежіресі. - Алматы, 1994. - 117-118 бб.

⁴ Қашқари М. Түрік сөздігі. 3-т. - Алматы, 1998. - 462-б.

«Шу» қаласын салдырған. Баласағұндағы сарайының алдында күн сайын бектер мәртебесіне үш жүз алпыс рет дабыл қағылып тұрған. Содан соң өзінің атымен алатып кеткен. Шу қаласын салдырады. Сол жерді ырымдап тылсымдатады. Күні бүгінгі дейін ләйлектер сол тылсым сиқырлы қала маңынан асып кете алмайды. Шаһар тұсына келіп, әрі қарай өте алмай тоқтап тұрып қалады. Сол тылсым күні бүгінгі дейін бұзылмай сақталып келеді»¹.

1969 жылдан бері Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Отырар қаласында, оны төңірегіндегі ортағасырлық ескерткіштерді зерттегенде VIII–XVII ғасырларда сауда айналымында жүрген күміс теңгелерді тапты. Оларды нумизматиктер Р.З. Бурнашева мен В.Н. Настичтер зерттеп, оны нәтижелерін ғылыми еңбектерде жарияланғаны оқырмандарға белгілі болғандықтан, бұл жерде тоқталмадық².

Жоғарыдағы келтірген деректерге қарағанда, Орталық Азия түріктері антикалық заманда мыстан, күмістен және алтыннан ақшалар жасап, оларды сауда айналымына қолданған. Әр дәуірлерде келген ақшалардың беттерінде шығарушы ел басшыларының аттары мен таңбалары, қолданған жылдары болғанына тоқталдық. Ресейдің монет ақшалары б.з. X ғасырдың аяғында келіп шығып, ол үш кезеңді басынан өткерген: X–XVIII ғасырдың басына дейін; XVIII ғасырдан Кеңес үкіметінің ақшалары³. Басқа да шығыс славян халықтарында да осы көрсетілген үш кезеңде ақша айналымдардың болғанын жазған ғылыми еңбектер бар⁴. Соған қарағанда, үстінен Ұлы Жібек жолы өткен Орталық Азия түріктері антикалық уақыттан бастап, ақшаларын сауда айналымында кең көлемде қолданған және өркениетті дәрежеде сауданы шартарапты жүргізгенін қолымыздағы өте бай деректер дәлелдейді.

¹ Сонда. 3-т. - 554-б.

² Настич В.Н., Бурнашева Р.З. Каталог монет из раскопов и сбора на городище Отрар-тобе (1971-1977) // Ақишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Позднесредневековый Отрар. - Алматы, 1981. - 289-342 бб; Каталог монет городища Отрар-тобе (1979-1985 гг.) // Ақишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отрар в XIII-XV веках. - Алматы, 1987.

³ Уздеников В.В. Монеты России 1700-1917. - М., 1986.

⁴ Рябцевич В.Н. О чем рассказывают монеты. - Минск, 1977.

8. 5. Әбу Насыр әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі археологтар

1973 жылдың тамызында С.М. Киров (қазіргі әл-Фараби) атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне конкурс бойынша профессорлық қызметке келдім. Содан бері менің өмірім осы университетпен байланысты. Көп ұзамай, 1973-1998 жылдарда археология және этнология кафедрасының меңгерушісі болдым. Осы жылдары он жылға жуық тарих факультетінің деканының жұмысын атқардым. Археология және этнология кафедрасының меңгерушісі қызметінде болғанда кафедрада бір ғылым профессоры, екі ғылым кандидаты, бір лаборант жұмыс жасаған. Кейінгі жылдарда кафедра 15-тен астам профессорлар және ғылым кандидаттарымен толығып, археологтар мен этнографтар дайындайтын орталыққа айналды. Осы жылдардағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басынан өткерген тарихына қуанамын. Енді университеттің 70 жылдық торқалы тойына байланысты академик Өмірбек Арсланұлы Жолдасбековтің ректор болған кезіндегі кейбір есте қалған жағдайларға тоқталмақшымын.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті - ірі ғылым және білім ордасы. Оны халқымыздың ғылымдары, «Қара шаңырағы» деп атап, үлкен құрметпен қарайды. Өйткені ол Қазақстанда алғашқы арнайы ашылған бірден-бір университет. Тек 1970 жылдарда Қарағанды қаласында екінші университет ашылды. Кеңес үкіметі кезінде университеттерден тек осы екеуі болатын. Мен келгенге дейінгі университеттің тарихына тоқталмай-ақ, кейінгі отыз жыл ішінде куәгер болған сәттерімнен мысал келтірейін.

Меніңше, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің өрлеу кезеңі академик Өмірбек Арсланұлы Жолдасбековтің ректор болып қызмет еткен жылдарына тура келеді. Үлкендікішілі мекемелердің, өндіріс орындары мен шаруашылықтардың жемісті жұмыс жасауы көбінде, әрине, басқарушы азаматтарға байланысты екені баршаға мәлім. Ең ірі оқу орны және ғылым ордасы болып табылатын университетті ақылмен басқарып, жұмысты жемісті ұйымдастыру оңай шаруа емес. Бір орталыққа

бағынған заманның өзінде Өмірбек Арсланұлы барлық ұйымдастырушылық қасиеттерін толық жұмсап, оқу жүйелерін жетік білетіндігін көрсетіп, білім мен ғылымды тығыз байланыстыра алған дарынды, «сегіз қырлы, бір сырлы» қазақтың біртуар азаматы еді. Бірге жұмыс жасаған ширек ғасырдай уақытта, осы азаматтың адамгершілік қасиеттерін талай рет көрдім. Ол алдына келген талай азаматтардың жұмысын бірден түсініп, мүмкіндігінше қолдау көрсетуге ұмтылатын. Кейбір басшылардай алдына келген адамдардың мәселелерін шешпей, соза бермейтін.

Мен сол кезде тарих факультетінде декан болғандықтан, университеттің Ғылыми кеңесінің жұмыстарына, ғылыми конференцияларға жиі қатынастым. Күнделікті университет өмірі көз алдымызда өтіп жатты.

Өткен ғасырдың 70-80 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің өрлеу кезеңі болды десем, артық кетпейтін шығармын.

Кадр бойынша мысал келтірейін. Өйткені кадр университеттің «алтын қоры» ғой. XX ғасырдың 60-жылдарының басында ҚазМУ-да небары 417 оқытушы жұмыс жасаса, олардың 30-ы профессор, ғылым докторлары болса, 201-і доцент, ғылым кандидаттары болған. 1984 жылы университетте 1180 ғылыми-педагогикалық жұмысты атқарушы болса, олардың 957-сі профессор-педагог болған. Олардың ішінде 30 академик, корреспондент-мүшелері, 123 ғылым докторы, профессорлар, 600-ден астам ғылым кандидаттары мен доценттер. Университетте 98 кафедра жұмыс жасап, 21 мамандық бойынша кадрлар дайындаған.

Келтірілген деректерге қарағанда, ширек ғасыр ішінде университет кадрлар дайындауда тамаша жетістіктерге қол жеткізген. Ғылым докторлары 4 есе, ғылым кандидаттары 3 есе көбейген. Бұрын бірен-сараң академиктер болса, енді олардың саны 30-дан асқан. Осындай кадрлардың тамаша өсуі ҚазМУ-ды Кеңес Одағындағы алдыңғы қатардағы 5 университеттің қатарына қосты.

Өмірбек Арсланұлы Жолдасбеков университетке арнайы мекенжай салдыруда да баға жетпес жұмыстар атқарды. Табиғаттың әдемі алыбы Алатау баурайында «КазГУград» шаңырағын көтеріп, ол гүлденген ғылым-білім ордасына айналды. Оқу, ғылым ғимараттары, басқару мекемелерінің орындары, жатақханалар, Студенттер сарайы салынды. Осынша еңбекті

ұйымдастыру, бір арнаға келтіру ол, әрине, Өмірбек Арсланұлының қажырлы қуатынан дем алған. Осы жұмыстардың әрқайсысында белгілі азаматтың қолтаңбасы бар. Студенттер сарайы Өмірбек Арсланұлы есімімен аталады.

Өмірбек Арсланұлы Жолдасбеков университетте археология ғылымын жандандыру жұмыстарына айтарлықтай демеуші болғанын да айта кетуді жөн көрдім. 1974 жылға дейін тарих факультетінің студенттеріне археология бойынша аз ғана лекция оқумен шектеліп келген болатынбыз. Студенттердің бұл пән бойынша тәжірибе жұмыстарын өтетін орындары ұйымдастырылмаған және факультет түлектерінің археологиядан зерттеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі жоқ болатын.

Сонымен, ректор алдына «археологиялық база» құру ұсынысымен шықтым. Бұл ұсыныс ректор тарапынан қолдау тапты. Осыдан кейін 1973 жылдың күзінде Н.О. Алдабергенов екеуіміз Жамбыл облысының Шу ауданындағы ортағасырлық қалалардың орындарын аралап, Ақсу, Қара-балта, Тоқташ өзендерінің төменгі ағыстарының бойына орналасқан «Калинин» колхозы жеріндегі Ақтөбе атты жер астына көміліп жатқан үлкен қала орнын көріп, оны университеттің археологиялық базасы болуға қолайлы екенін де байқадық. Қаланың алып жатқан көлемі үлкен, Алматыдан Таразға баратын даңғыл жолдың үстінде, Алматыдан 215 шақырым. Осы жағдайларды ректорға баяндадық. Ол бар ықыласымен тындап, сол жерде археологиялық база болуын мақұлдады. 1973-1974 оқу жылы 1 шілде айында алғашқы студенттермен археологиялық қазба жұмысын жүргіздік. Күн ыссы, баспана жоқ, Ақсу өзенінің жағасындағы ағаштардың саясында паналап, 21 күн археологиялық қазба жұмыстарын жүргіздік. Осындай жағдайда 3 жылдай практика өткіздік. Бірақ, студенттерге өте қиын болды. Практикадан оралған соң, осы қиыншылықты ректорға айтып едім, ол маған: «Киіз үй алыңдар, қаражат табамыз» деді. Одан кейін ректордың хатымен Республикалық Қазсельхозтехника мекемесіне барып, 6 киіз үйге рұқсат алдым. Оны Талдықорған қаласына жақын жердегі Үштөбе Киіз үй жасайтын комбинаттан алуымыз керек екен. Осы киіз үйлерді алып, Ақтөбеге орнатып, студенттердің және педагогтардың көздері ашылып, рахаттанып қалды.

Сол кездегі тәртіп бойынша студенттердің археологиялық практикасы шілде айында аяқталып, одан кейін олар құрылыс жұмыстарына баратын. Шілде айы өте ыссы болғандықтан, киіз үйде тұру да оңай болмады. Осындай жағдайды ректорға айтып, енді Ақтөбеде тұрақты база ретінде үй салдыруға жәрдем сұрадым. Ол бірден ризашылығын білдіріп, Республика бойынша колхоздарда құрылыс жүргізетін Қарақұлов деген мырзаға телефон шалып, Ақтөбеге база құрып беруді сұрадым. Ол 25 бөлмелік үй салып беруге уәде берді. Қарақұлов мырза уәдесін орындап, келесі жылы айтқан үйін салып берді. Сөйтіп, практика өткізетін археологтар мен студенттердің жағдайлары бұрынғыдан да жақсарды. Бұл үйді Қарақұлов мырза университетке жәрдем ретінде тегін салып берді.

Жағдайдың жақсаруы Ақтөбедегі археологиялық зерттеу жұмысының өнімді, сапалы болуына үлкен әсерін тигізді. Енді қазба жұмысы кең көлемде жүріп, Ақтөбе қаласының сыры ашылып, көптеген заттарды студенттер өз қолдарымен қазып алып, археологиялық ғылымның не екенін түсінді. Нәтижесінде, Ақтөбеден табылған заттардың өте бай қорының негізінде студенттер курс, диплом жұмыстарын жазса, аспиранттар кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғады. Ақтөбедегі қазуға өзім тікелей қатыстым, басшылық еттім. 1974-2003 жылдардағы Ақтөбеден табылған археологиялық деректердің негізінде «Ғылыми жаңалықтар, монографиялар, көптеген мақалалар жарық көрді». Содан бері бұл база пайдаланылып келе жатыр. Басында қарауыл бар. Бірақ күрделі жөндеуден өткен жоқ, қазір базаның жағдайы өте нашар.

Базаны құрған соң, оны жабдықтау оңай болған жоқ. Оның үстінен электр жүйесі өтіп тұр. Бірақ одан жарық алу үшін «подстанция» құру керек екен. Бір таныстардың жәрдемімен «Энергия және электрификация» министрінің орынбасары Арыстанов мырзаға бардым. Ол азамат біздің өтінішті қабылдап, ректордан хат әкелуді сұрады. Министрдің атына хат жазып, Арыстанов мырзаға тапсырдым. Ол азамат сол жерде Оңтүстік энергетиканың бастығына тапсырма беріп, жедел орындауды тапсырды. Арадан 15 күн өткен соң, жұмыс аяқталды.

Енді ойласам, еш бұрын-соңды таныс емес азаматтар қазақтың «қара шаңырағы» аталатын университетті, оның ректоры Өмірбек Арсланұлын құрметтейтініне танғаламын. Қазақта мақал бар: «Бірдің абыройы - мыңның ырысы». Осы қанатты сөз сол кездегі ректорымыз Өмірбек Арсланұлына тиісті дегім келеді. Қазақ халқында елінің камын ойлайтын адал, кеменгер азаматтар көп қой. Солардың қатарына жоғарыдағы аталған мырзалар жатады. Қазіргі еліміздегі байлар оқу орындарына осындай жәрдемін тигізе алар ма еді? Екіталай! Базаны құрған және оған жарық өткерген Қарақұлов, Арыстановтар қазірде Алматыда тұрады, құрметті демалыста. Оларды көрген сайын рахметімді айтып жүремін.

Базаны құру және оған электр жарығын әкелу айтуға ғана жеңіл. Оның мәні өте зор. Ақтөбені зерттеген археологтарға, практикадан өткен студенттерге жағдай жасалынғанымен қатар, электр энергия күшімен қазба жұмысына транспортер сияқты механизмдерді кең пайдаландық. Осы механизмнің күшімен цитадельдегі патшаның алаңын аштық. Оған қосымша «Беларусь» тракторын археологиялық қазуға қолдандық. 1974 жылы ұйымдасқан алғашқы Қазақ университетінің археологиялық экспедициясы Ақтөбеде кең көлемде зерттеу жұмысын жүргізіп, жер қойнауында ғасырлар бойы жатқан ортағасырлық Ақтөбе қаласының сыры ашылды.

Тағы бір айтуға тұратын күрделі істің бірі - ортағасырлық Ақтөбе қаласының жайласқан жерін «Аэрофотоға» түсіру. Бұл қиынның қиыны, көп қаражатпен іске асатын тіршілік. Бірақ бұның да сәті түсті. 1979 жылдың күзінде Алматы санаториясына барып демалдым. Қол тигенде бильярд ойнап жүріп Төреғали Мәдіғожин деген жігітпен таныстым. Ол Қазақстан Республикасының «Азаматтық аэропортының бірінші орынбасары», «Кеңес Одағының құрметті ұшқышы» екен. Өзара әңгіменің барысында Ақтөбе қаласындағы археологиялық зерттеудің нәтижесін әңгімелеп бердім. Ол азамат өте қызығушылық танытты. Содан кейін өзімнің көптен бері арман етіп жүрген Ақтөбе қаласын ауадан суретке түсіру керектігін айттым. Т. Мәдіғожин мән бере тыңдап, ойланып қалды. Бірақ маған еш нәрсе айтпады. Ертеңгісін екеуіміз бильярд ойнап жүргенде маған қарап, «Сіздің кешегі ойыңызды іске асыруға жәрдем

берейін» деді. Мен қуанып кетіп, оны қалай іске асырамыз деп сұрадым. «Сіз ректордан бізге хат әкеліңіз. Арғы жағын өзіміз орындаймыз», - деді. Мен бұл мәселені Өмірбек Арсланұлына баяндадым. Ол ойланып, «өте қажет нәрсе екен, қаражатын бір нәрсе етерміз. Хатты жазып кел» деп тапсырма берді. Бұл тапсырманы орындап, хатта Ақтөбе қаласының координатын көрсетіп жаздым.

Арада көп ұзамай, Т. Мәдіғожин мырза телефон арқылы, Ақтөбе қаласының суреті 1980 жылдың 5 мамырында ИЛ-14 ұшағымен 2000 м биіктікте түсірілгенін айтты.

Бұл хабардан кейін қуаныш қойынға сыймады. Бірақ «оған төлейтін қаражатты ректор таба алар ма екен» деп уайым жедім. 1980 жылдың маусым айында екі қағаз қапшыққа салынған аэрофотының планшеттерін университеттің аранайы бөліміне әкелді, қабылдап алдық. Аэрофотының бір данасы ҚазҰУ-дың арнайы бөлімінде сақталуда. Екінші бөлігін ғылыми жұмысқа пайдаланып, Ақтөбе шаһарының ғылыми картасын жасадық. Осы карта бойынша Ақтөбе қаласының орталығының көлемі - 70 шаршы км, қаланы қоршаған бекіністің ұзындығы - 52 км. Көшелер, үйлердің орындары картада жақсы көрсетілген. Бұл сапалы түсірілген археологиялық ескерткіш. Аэрофото Қазақстанда тұңғыш рет түсірілді. Осынша қыруар істелген жұмысты Т. Мәдіғожин мырза университетке жәрдем ретінде істеп берді. Айтар ауызға жеңіл болғанмен, бұл атқарылған жұмыстың құны жоқ. Ол Ақтөбе қаласын зерттеуде баға жетпейтін үлес екені баршаға мәлім.

Қазіргі кезде ойланам, егер де Өмірбек Арсланұлы осы менің жоғарыдағы айтқандарымды мақұлдамай, қаражат жоқ қой, елсіз жерде археологиялық базаның не керегі бар, бұрын да сол базасыз тарихшылар оқып келді ғой деген секілді себептер айтып, хаттарға қол қоймаса, жоғарыда айтылған жұмыстар іске асырылмаған болар еді. Өмірбек Арсланұлы осы мәселелерді бірден түсініп, олардың ғылыми мәні бар екенін байқай білді.

Ректордың осындай қолдауы арқасында ғалымдардың XIV ғасырдан бері табылмай жүрген, ертедегі орта ғасырдағы Түрік мемлекетінің астанасы болған Баласағұн қаласының қазіргі Ақтөбе екені ашылып, студенттер өздерінің мандай

терімен археологияны іс жүзінде көрді және олардың ішінен ірі-ірі археологтар мен этнологтар шықты.

Істелген жұмыстарға, жарық көрген ғылыми еңбектерге шынайы баға беретін халық және оқырмандар. Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойында Амантай Айзахметовпен алғашқы рет таныстым. Көне тарихқа қызығатын, ізденуші ғалым екенін байқадым. Аты аталған еңбегінде «Версия профессора Шалекенова» деп бір бөлім арнап, келтірілген пікірін жазыпты. Біз өзіміздің жазған жұмысымызға баға беруден тартынып, оны оқырмандардың өздері бере жатар деген ойда боламыз. Негізінде солай ғой.

Біздің Баласағұнды ашуымыздың Троя қаласын табумен үндестігі бар. 1868 жылы немістің бай адамы Генрих Шлиман Грецияға келіп, орналасқан жері белгісіз болып қалған Баласағұн сияқты Троя қаласын Гомердің «Илиада» шығармасы бойынша іздеп, Бунарбашы мекеніне жақын жерден жерге көмілген қаласының орнын тауып, оны қазып, сол Троя қаласы екенін дәлелдеген. Г. Шлиман Троя қаласын іздегенде, «Илиада» поэмасында Троя қаласының, қасында бірі ыссы, екіншісі салқын бұлақтардың бар екенін тілге тиек еткен және теңізге жақын орналасқанын да еске сақтаған. Міне, осындай белгілерді тауып, сол жердегі қаланың орнын зерттеуге кіріскен. Біз де Баласағұнды іздегенде М. Қашқари жазып кеткен Баласағұн төңірегіндегі ономастикалық (тарихи жер атамаларын) атауларды Ақтөбенің төңірегінен таптық. Әулиетау, Бақыртау, Беларусь және қаланың өмірін сәулелендіретін археологиялық және этнологиялық деректерге сүйендік.

Г. Шлиман Троядан алтын тапса, біз Баласағұнда теңгелерді дайындайтын сарайды ашып, 5000 мыс теңге таптық. Ел аузында сөз бар, Баласағұнның алтын қорын 40 ешекке жүктеп, бір жерге көмген деген. Біз ол жерге кездесе қойған жоқпыз. Оны кейінгі ұрпақтар таба жатар. Осы көзқарастан қарағанда, Амантай Айзахметовтің, айтқан пікіріне қосылуға болады. Өйткені Баласағұн ірі саяси, экономикалық және мәдени орталық екенін ертедегі орта ғасырда талай ғұламалар жазып қалдырған.

30 жылдың ішінде Баласағұннан табылған өте бай археологиялық заттардың негізінде тарих факультетінде «Археология мұражайы» 1983 жылы ашылды. Ондағы қойылған

деректер Қазақстандағы тас, қола, темір және орта ғасыр дәуірлерін сәулелендіретін заттар. Музейдегі заттар оқу процесінде көрсетілген құрал ретінде пайдаланылады. Осы музейдің ашылуына Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы, Политбюроның мүшесі Д.А. Қонаев қатысты. Бұл тарихи оқиғаны да ұйымдастырушы ректор Ө.А. Жолдасбеков екені белгілі. Сол кезде факультетте 5 оқу кабинеті ашылды: Жалпы тарих, КСРО халықтарының тарихы, Қазақстан тарихы, Археология, Этнология кабинеті және музей. Аттары аталған оқу орындары қазіргі дейін жұмыс жасауда.

Мен бұл шағын мақалада өзім жұмыс істеп келе жатқан университеттің тарих факультетінің өмірінде біршама орындалған істерден мысалдар келтірдім. Университет бойынша Ө.А. Жолдасбековтің атқарған жұмыстары туралы том-том еңбектер жазуға болады. Осындай азаматты 1986 жылдың Желтоқсан оқиғасына байланысты орнынан алып қана қоймай, оның адамгершілігіне шек келтіріп, әртүрлі жалалар жауып, екі жүзді азаматтардың істемегені жок. Қазақ халқында «құлан құдыққа түссе, құлағында құрбақа ойнайды» деген мақал бар. Осы кезде Өмірбек Арсланұлының төңірегінде құрбақалар шулап, ән салысты. Олар Өмірбек Арсланұлына «мамандығы бойынша жұмысқа жарамсыз» деген айдар тағып, педагогикалық, ғылыми жұмыстан шығару үшін көп әрекеттер жасады. Бірақ халқымыз, қасиетті азаматтарымыз Өмірбек Арсланұлын сақтай алды және құрметтеп, оның ғылыми-педагогикалық жұмысын жалғастыруға мүмкіншілік берді. Өмірбек Арсланұлы барлық өмірін сүйікті қазақ халқына арнаған ғұлама, оны халқы есінде мәңгі сақтайды.

Егеменді еліміздің ірі ғылыми, білім ордасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өзінің 75 жылдық мерейтойын қарсы алуда. Барлық факультеттер, кафедралар және басқару жүйелері осы Ұлы тойды ұйымдасқан дәрежеде атап өту үшін атсалысуда. Егемен Қазақстан Республикасының талабына сай, оқу жүйелерін реформалауда, сапалы кадрлар дайындауда және ғылымның көптеген салаларын дамытуда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қыруар жұмыстар жасалуда. Ол егемен еліміздің білім, ғылым ордасы болып қала береді және алға өрлей беруіне сенім мол!

ҚОРЫТЫНДЫ

Орталық Азия түгелімен, Шығыс Еуропаның оңтүстігі (Қара теңіздің солтүстік жағалауына) және Кавказдың солтүстігі ежелгі түрік әлемінің кіндік кесіп, кір жуған Отаны. Осынша ұлан-ғайыр географиялық кеңістікті жайлап, оның табиғи байлығын үнемді пайдаланып, заттай және рухани мәдениеттің іргетасын қалап, адам баласының ішіндегі ерте өркениетке жеткен халықтардың бірі - түріктер. Олардың ертедегі бабалары скиф, сақ, савромат, ғұн (хун) сияқты атамалармен шартарапқа антикалық дәуірдің өзінде-ақ белгілі болған. Шығыс көршісі Қытай және Батыс көршілері Грекия, Рим түріктердің бабаларын жағымсыз атамалармен атаған: «жабайы», «көшпелі», «мәдениетті киратушы» және т.б. Ертеде қытайлықтар өздерінен басқа халықтарды «жабайылар» деп атаса, Батыс еуропалықтар скифтерге «басқыншылар» - деген айдар таққан. Себебі, ғұндар Қытайға шабуыл жасап, тынышын алған соң, олардан қорғану үшін б.з.б. IV ғ. Ұлы Қытай қорғанын соққаны әлемге әйгілі. Скифтер Қара теңіз арқылы Балқан елдеріне, Византияға, Жерорта теңізінің аймақтарына, Алдыңғы Азияға дейін шабуыл жасағаны туралы тарихи жазбаларда сақталған. Олай болса, ертедегі түріктердің бабалары мәдени өркениетке ерте жетіп, олардың даму дәрежесі көршілерінен жоғары болғандығы көрінеді. Өздерінің жасаған тарихи кезеңінде ертедегі бабаларымыз экономикалық, саяси және мәдени жақтан алда болып, антикалық дәуірде ұлы күшке айналып, Азия және Еуропа елдеріне шабуыл жасаған. Олардың арасына тереңдеп еніп, Жерорта теңізінің төңірегінде және Солтүстік Африка елдеріне үстемдік жүргізген.

Скифтер, сақтар мен ғұндардың өркениетке ерте жеткенін дәлелдейтін жазба және археологиялық деректерді осы еңбегіміздің тиісті жерлерінде келтіргенбіз. Скиф, сақ және ғұн этникалық құрамалардың шаруашылығы кешенді болған. Олар кең-байтақ жерді меңгеріп, Орталық Азияны түсті металдың орталығына айналдырып, өздерінің жақын және алыс көрші-

леріне таратқанына тоқталдық. Қола және темір дәуірлеріне жататын кен орындары Қазақстан жерінде кең көлемде геологтар мен археологтардың ашқанына қазіргі көпшілік оқырмандардың хабары бар. Қазіргі заманда ертедегі кен орындарында үлкен металлургиялық ірі өндіріс орындары шоғырланған. Атап айтсақ, Орталық, Шығыс, Батыс Қазақстан да өздерінің өнімдерін әлемдік шартарапқа шығарған. Осындай өндіріс орындарының іргетасын антикалық дәуірде қалаған бабаларымызды «көшпелі», «ертедегі көшпелі» деп жазып жүрген тарихшылар қателеседі. Олар еуроцентристердің айтып, жазып кеткендерінен шыға алмай жүрген зерттеушілер. Әлемге белгілі көшпелі тайпалар, халықтар кен орындарын ашып, игере алмайды және металдардан бұйымдар жасалмайды. Сөйтіп, қола және темір дәуірлерінде бабаларымыздың көпшілігі алғашқы өндіріс орындарын ашып, өздеріне қажетті құрал-жабдықтарды, шаруашылық аспаптарды жасайтын. Олар кешенді шаруашылықты заманына сәйкес дамытқан.

Орталық Азия түріктері бастарынан барлық тарихи формацияларды өткерген. Б.з.б. 4 мыңыншы жылдардың соңында, 3 мыңыншы жылдардың басында, Мысырда, Алдыңғы Азияда, Қытайда, Үндістанда алғашқы құлиеленушілік мемлекеттер келіп шыққан болса, сол антикалық дәуірде Орталық Азияда да сондай мемлекеттер, керек десең империялар болған.

Б.з.б. VIII-VI ғғ. Орталық Азияның оңтүстік-оңтүстік батыс аймақтарындағы тұрғындардың арасында экономикалық дамуға қол жеткеріп, олар қосымша күшті қажет ететін, құлшылық қоғамға өткен. Әсіресе Орталық Азияның оңтүстік батысында диханшылық қолдан суару арқылы қарқынды дамыған. Сол дәуірдегі Орталық Азиядағы мемлекеттер мен империяларға жоғарыда тоқталдық. Осындай мемлекеттер мен империяны дүниеге келтірген түріктер әлем халықтарының төрінен орын алуы тиіс. Олардың бабалары жабайы болмаған. Керісінше адам баласының өркениеттеріне ерте жетіп, жақын және алыс көршілеріне үстемдік еткен. Солардың бір айғағы, Қытайлықтардың салдырған Ұлы қорғаны.

Орталық Азия түріктері антикалық заманнан бастап заттай және рухани мәдениетін пайда етіп, оларды үздіксіз дамытып отырған. Сол дәуірде олардың шаруашылығы кешенді болған: егіншілік, кеншілік, қолөнер кәсібі, мал өсіру, балық және ан

аулау. Қазақстан археологтары тас, қола, темір және орта ғасыр дәуірлерінде өмір сүрген бабаларымыздың қонысын кең көлемде ашты. Солардан бай жәдігерлер ежелгі автохтондық тұрғындардың өмірлерін сәулелендіреді.

Антикалық құрылыс Мысырда, Алдыңғы Азияда пайда болса, сондай құрылыс орында Орталық Азияның көп жерлерінен археологтар кейінгі ғасырларда ашты. Сол кездегі үлкенді-кішілі тұрақты мекендер мен бір қатарда, көптеген сарайларды, бекіністерді, қалаларды археологтар тауып, оларды кешенді зерттеді. Олар өзендердің, бұлақтардың, көлдердің, теңіздердің алқаптарына шоғырланған. Антикалық авторлардан Страбон мен Юстин Бактерияның аржағында «мыңдаған қала бар» -деп жазған болса, сол қалалардың көпшілігі Орталық Азиядан археологтар тапты. Осындай өркениеттің орталығы болған қалаларды дүниеге келтірген түріктерді «жабайы», «көшпелі» -деп евроцентристер қалай жалықпай жазып келе жатқанына таң қаласың.

Сүйтіп, б.з.б. II ғасырда «Ұлы Жібек» жолы Орталық Азия арқылы Шығыс пен Батыс елдердің мәдениетін жоғалттырған күре тамыр болған. Осы байланыс арқылы түріктер өздерінің жетіскендіктерін шет ел көршілеріне таратып, олардың пайдалы жақтарын қабылдап, өздерінің кешенді шаруашылығы мен мәдениетін үздіксіз дамытып, ертеден өркениеттер негізін салған арийлықтардың ұрпақтары болса керек. Соңғы ғасырлардағы Орталық Азияда кең көлемде жүргізіліп келе жатырған археологиялық зерттеушілермен бір қатарда, қолдағы бар жазба деректерге қарағанда, арийлықтар туралы бірден-бір жазба дерек «Авеста», осы Орталық Азияда пайда болғанын дәлелдейтін деректер жиналды.

Қазақ тарихындағы ақтаңдақтардың бірі - Орталық Азия түріктерінің тарихына үстірт көзқарастың болуы. Жарық көрген тарихымызда және көп санды тарихи шығармаларда түріктер алғашқы қоғамнан бірден феодализмге, одан социализмге өткен деп әлі күнге дейін жазып келе жатқан гуманитарлық ғылым өкілдері аз емес. Жиналған кешенді деректерге негізделіп, тұрақтанып қалған осы тұжырымдамалардың ғылыми пікір еместігін жаздық. Біздің пайымдауымыз бойынша, Орталық Азияны түгелімен мекендеген түріктер - жер шарындағы ежелгі дәуірлерден дамып, өркениетке жеткен халықтардың бір үлкен

бөлігі. Алғашқы қоғамның ыдырауымен түріктер құлшылық қоғамға өтіп, таптық басқару жүйелері арқылы елін дамытқан. Кейінгі ғасырлардағы Азияның осы бөлігінде кең көлемде археологиялық зерттеулер жүргізілді. Антикалық дәуірде Орталық Азия түріктерінің көп санды үлкенді-кішілі мемлекеттері болғанын, олардың империялық басқару жүйелеріне дейін көтерілгенін анықтайтын жаңа деректерге қол жеткіздік. Осы еңбекте оларға, яғни Хун (гун), Көктүрік және Монғол-түрік империяларына қысқаша тоқталдық. Құлшылық дәуірде дүниеге келген мемлекеттер мен империяларды құруға, дамытуға барлық түріктер қатысқан. Олардың ішіндегі осы күнгі қазақ халқының бабалары да болған. Сондықтан біздің халқымыздың, мемлекетіміздің негізі сол дәуірлерден басталатынына осы кітапта айрықша көңіл бөлінді. «Қазақтардың ертеде мемлекеті болмаған, бұндай басқарушылыққа үйренбеген көшпелі халықтың» дегеннің ғылыми негізі жоқ, жалған сөз екенін түсінуіміз қажет.

Біздің қолымызға түскен археологиялық және этнологиялық жазба деректерге қарағанда, Орталық Азия түріктері, өздерінің ежелгі көршілері болған Алдыңғы Азия, Үнді және Қытай халықтары сияқты өркениетке антикалық дәуірден жеткенін толық аңғаруға болады. Өркениеттің негізгі белгілері – қалалық мәдениет. Әмудария мен Сырдарияның алқаптарынан археологтар антикалық дәуірге жататын қалалар мен бекіністер, егінді қолмен суару шаруашылығының іздерін, үлкенді-кішілі қоныс орындарын ашты. Бұл құрылыс орындары Қазақстан Республикасының барлық аймақтарынан табылып жатқанының ғылыми мәні зор.

Антикалық және орта ғасырларда пайда болған қалалар саяси, экономикалық және мәдени орталықтар болып, түрік өркениетінің дамуында үлкен қызмет атқарған. Әсіресе, Ұлы Жібек жолының осы құрлық арқылы өтуі оның ұзақ уақыт бір елдің екінші елмен қарым-қатынасының күшеюі, түрік қалаларының қарқынды өсуіне зор ықпал еткен. Ұлы жібек жолының Солтүстік және Оңтүстік жерлерінде орналасқан қалалар өсіп, көркейіп, олардың аттары әлемге әйгілі болған. Мысал ретінде осы жолдың солтүстік тармағы Қазақстанның шығыс-оңтүстігін басып өткен. Соның бойында орналасқан қалаларға қысқаша тоқталдық. Олардың ішіндегі Отырар мен Баласағұн қалаларына айрықша көңіл бөлдiк. Өйткені осы

қалаларды кейінгі жылдары археологтар ұзақ жылдар зерттеп келе жатыр. Жалпы алғанда, Орталық Азиядағы көне қалалардың жасы 2700 жылдан астам. Бұндай көне қалалар Батыс Еуропа жерлерінен осы күнге дейін табылған жоқ.

Бұрын әлем халықтарының тарихында алғашқы «адам баласының өркениеті Шығыстан Батысқа тараған» деген тұжырымдама болатын. Ұлы географиялық ашудан кейін шапшаң дамыған Еуропа елдерінің идеологтары жоғары тұжырымдаманы естен шығарып, еуроцентристер Батыс елдерінің тарихтағы ролін асырып асырып бағалап келе жатыр. Қазіргі кезде әлем халықтарының тарихына тиісті анда – санда, кешенді антикалық, орта ғасырлық деректер жинады. Олардың ішінде археологиялық жәдігерлер айрықша мәнге ие. Осы жиналған деректердің деңгейінде, әлем халықтары тарихының кейбір тұжырымдарын қайта қарау керек деген пікірдеміз.

Барлық өмірін түріктердің тарихын зерттеуге жұмсаған белгілі шығыстанушы ғұлама ғалым Л.Н. Гумилевтің: «Хош, сонымен көне түріктердің адамзат тарихындағы маңызы орасын зор, бірақ бұл халықтың тарихы әлі күнге дейін жазылмаған. Ол жол – жөнекей, үстірт баяндалып келген, бұл бастауану, ономастикалық, этнонимдік, топонимикалық сипаттағы қиындықтарды айналып өтуге жағдай жасады. Бұл қиындықтардың көптігі сондай, осынау жұмыс оған тіл ғылымы тұрғысынан түсінік беруден именеді» (Көне түріктер, Алматы. 1994.Б.5) – деген сөзімен қорытындымызды тиянақтағмыз келеді.

Ғұламаның осы ғылыми тұжырымын түгел қолдаймыз. Ол түріктердің тарихын өте терең білгендіктен осындай пікірге келген. Оның ғылыми жұмысына еуроцентристер қарсылық көрсетті. Солай болса да, түріктердің тарихын зерттеуде елеулі еңбек етіп, құнды туындыларды қалдырды. Ғұлама айтқандай, біздің шынайы тарихымыз әлі жазылған жоқ. Енді, Егемендікке қолымыз жеткеннен кейін, деректерге негізделген шынайы «Қазақ тарихын» жазуға кең жол ашылды. Жиналған кешенді деректердің деңгейінде Отан тарихын таяу жылдарда жарыққа шығаруға тиіспіз. Оқрымандарға ұсынып отырған осы еңбегіміз аталған ұлы мақсатты іске асыруда жәрдемдеді деген үміттеміз.

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

1. АЭУ – Археологическая экспедиция университета.
2. ГИМК – Государственный Институт Материальной Культуры.
3. ИМНР – История Монгольской Народной Республики.
4. ҚСЭ – Қазақ Совет энциклопедиясы.
5. СИЭ – Советская историческая энциклопедия.
6. СПб – Санкт-Петербург.
7. ТИИАЭ – Труды Института истории, археологии и этнографии.
8. ШМУ – Шаруашылық мәдени үлгі.
9. ЭЭМ- Этникалық әлеуметтік мәселелер.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	5
Кіріспе	8

1-бөлім

ҚАЗАҚТЫҢ КЕШЕНДІ ШАРУАШЫЛЫҒЫ	15
1.1. Қола дәуірі.....	18
1.2. Темір мәдениеті.....	24
1.3. Орта ғасыр.....	26
1.4. Қызыл саясат.....	32

2-бөлім

ҚАЗАҚ ЭТНОНИМИ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ	38
2.1. Қазақ атауының шығу тегі.....	38
2.2. Қазақ атауының этимологиясы.....	57

3-бөлім

ҚАЗАҚТЫҢ ЖҮЗДЕРГЕ БӨЛІНУІ	69
3.1. Әдебиеттерге шолу.....	69
3.2. Жүз атауы.....	83
3.3. Ұлы жүз.....	88
3.4. Орта жүз.....	92
3.5. Кіші жүз.....	98

4-бөлім

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫНАН	101
4.1. Антикалық дәуір.....	101
4.2. Құлшылық қоғам.....	111
4.3. Қаңлы мемлекеті.....	112
4.4. Ферғана (Дайуан) мемлекеті.....	118
4.5. Тохаристан.....	121
4.6. Кушан империясы.....	121
4.7. Эфталит мемлекеті.....	122
4.8. Ұлы хун империясы.....	124
4.9. Үйсін мемлекеті.....	127
4.10. Аттила мемлекеті.....	131
4.11. Көктүрік империясы.....	133

Қазақ өркениеті

4.12. 704-766 жж. Түркеш (Түргеш) қағандығы.....	135
4.13. Қарлұқ мемлекеті.....	135
4.14. Қарахан мемлекеті.....	136

5-бөлім

ТҮРІК-ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІ	140
5.1. Антикалық мәдениет.....	141
5.2. Орта ғасыр өркениеті.....	144
5.3. Ислам өркениеті.....	145
5.4. Түрік-қазақ өркениеті.....	158
5.5. Егеменді қазақ өркениеті.....	162

6-бөлім

МОҢҒОЛ-ТҮРІК ИМПЕРИЯСЫ	173
6.1. Монғол мемлекетінің құрылуы.....	173
6.2. Бұл империяны құрудағы түріктердің атқарған қызметі.....	175

7-бөлім

ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІНДЕГІ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ Орта ғасыр қалалары	187
7.1. Қалалардың пайда болу тарихынан.....	187
7.2. Исбиджаб (Сайрам).....	199
7.3. Тараз (Талас).....	202
7.4. Мерке, Құлан.....	205
7.5. Отырар.....	207
7.6. Түркістан.....	209
7.7. Жент (Дженд).....	211
7.8. Сауран.....	211
7.9. Алматы.....	215

8-бөлім

БАЛАСАҒҰН	222
8.1. Баласағұн жазба деректерде.....	222
8.2. Баласағұндағы археологиялық зерттеулер.....	247
8.3. Баласағұн ономастикасы.....	273
8.4. Баласағұннан табылған соғда жазуы.....	284
8.4. Баласағұн ақшасы.....	291
8.5. Әбу Насыр әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі археологтар.....	301
Қорытынды.....	309
Қысқарталр тізімі.....	314

Ғылыми басылым

Шәлекенов Уахит Хамзаұлы

ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІ

Редакторы Керимие Сәбит
Компьютерде беттеген Тураш Сапарова
Мұқабасын көркемдеген Әлімжан Қожихов

ИБ № 4614

Басуға 07.10.2009 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16. Көлемі 19,75 б.т.
Офсетті қағаз. RISO басылыс. Тапсырыс № 603. Таралымы 1000 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды